



М. ҚОЗЫБАЕВ АТЫНДАҒЫ
СОЛТУСТИК ҚАЗАҚСТАН
МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ



РУХАНИ
ЖАҢГЫРУ

Г. Б. АХМЕТЖАНОВА
С. З. МӘЛІКОВА
З. С. ТАЙШЫБАЙ

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН
және
ОРЫС ӘКІМШІЛІГІ

1730-1752 жылдар

оқу-әдістемелік құралы

Петропавл
2019

94:929(574) 17/18" 28 VII 22 Corporeale A.
A 94
R

10030

63.3/5 бж
А 94

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

М. Қозыбаев атындағы
Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті

Г. Б. АХМЕТЖАНОВА
С. З. МӘЛІКОВА
З. С. ТАЙШЫБАЙ

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН
және
ОРЫС ӘКІМШІЛІГІ
1730-1752 жылдар

оку-әдістемелік құралы

Петропавл
2019

УДК 94(574)
ББК 63.3(5 қаз)
А 94

М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік
университетінің оқу-әдістемелік кеңесі мақұлдаған
(хаттама №7, 26 ақпан 2019 ж.)

Пікір жазғандар:

М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік
университеті журналистика кафедрасының оқытушысы,
журналистика магистрі *Г. Рахметова*;

«Қазақстан» телеарнасы облыстық филиалының директоры,
журналистика магистрі *Е. Тоқышылық*

Ахметжанова Г. Б.

А 94 Әбілқайыр хан және орыс әкімшілігі. 1730-1752 жылдар: оқу-
әдістемелік құралы / Г.Б. Ахметжанова, С.З. Мәлікова,
З.С. Тайшыбай. - Петропавл: М. Қозыбаев атындағы СҚМУ,
2019. - 200 б.

ISBN 978-601-223-101-4

Қазақ халқының тарихында езіндік орны бар ХІҮ ғасырдағы аса көрнекті
тұлға, колбасшы және саясаткер Әбілқайыр ханның өмірі мен қызметіне қатысты
архив құжаттары 1730-1751 жылдар аралығындағы оқиғаларды камтиды.

Қазақстан Президентінің 2018 жылғы 17 сәуірде «Рұхани жаңғыру» макаласы
қағидаларының жалғасы ретінде «Ұлы даланың жеті қыры» деген макаласында
жариялаган «Архив-2025» бағдарламасы бойынша дайындалған. Қомекші оқу құралы
ХVIII ғасырдағы Қазақ хандығының тарихына ынта койған студенттер мен
магистранттарға арналған.

Архив корларынан тауып, орыс тіліндегі түпнұсқасынан қазакшалаган
3. Тайшыбай. Түсініктерін жазған Г. Ахметжанова мен С. Мәлікова.

567145

УДК 94(574)
ББК 63.3(5 қаз)

© Ахметжанова, Мәлікова тайшыбай З.С., 2019
© М. Қозыбаев ат

ISBN 978-601-223-101-4

М. Қозыбаев атындағы СҚМУ-нің сапа менеджменті жүйесі
Северо-Казахстанский областной университет
областная библиотека
им. С. МУКАНОВА
г. Петропавловск

ӘБІЛҚАЙЫР ХАН (1693-1748)

Әбілқайыр Мұхаммед Қазы Баһадүр хан 1693 жылы Түркістан қаласында туған. Ол - Әз-Жәнібектің бесінші ұрпағы. Шыңғыс ханнан бастап, хан әулеғінің он сегізінші ұрпағы. Яғни, Әз Жәнібектен тараған тоғыз ұлдың бірі - Өсеке сұлтан одан Бөлекей ноян, одан Ырыс сұлтан, одан Қожа сұлтан, одан Абдолла сұлтан туған, Әбілқайыр осы Абдолла сұлтанның баласы.^[1]

1710 жылы Қаракүмдагы халық жиынында жас Әбілқайыр Кіші жүз ескерінің қолбасшысы және хан болып сайланды, ал түмен басы - Кіші жүз батыры қарт Бөгөнбай батыр тағайындалды.

Ол 1723 жылға дейін Түркістан қаласында тұрып, одан жоңғар басқыншылары қызы шыққан соң, Бұқар мен Хиуа хандықтарының шекарасындағы өзіне қарайтын тайпалардың арасына кетеді. 1726 жылы үш жүздің қазактары бас қосқан құрылтайда билер мен батырлар бірауыздан Әбілқайырды Қазак хандығы ескерінің бас қолбасшысы етіп сайлады. Ұлытау аймағында, Карасыыр жері мен Бұланты өзенінің бойындағы 1728 жылғы шайқастарда қазақ қолдары үлкен жеңістерге жетті. 1730 жылы көктемде Балқаштың оңтүстік-шығысындағы Итішпес көлінде Әбілқайыр бастаған қазақ ескері жаудың басым құштерін тағы да ларды тағы талқандады.^[2]

Осы кезенде казактың ханы Болат Тәуке ұлы қаза табады. Тәуке ханның кезінде билікке не болған билер таққа лайықты хан сайламақ болғанда, Болат ханның жас ұлы Әбілмәмбет тандалып, бұған Әбілқайыр мен Сәмеке батырлар наразы болғандықтан, қазақ хандығы үшке бөлініп Орта жүзге Сәмеке, Кіші жүзге Әбілқайыр сайланады. Еділ қалмактары, башқұрттар, Жайық казактары да қазақ жерлерін шабуышып, жоңғарлармен бірге каяіп төндіреді. Осындай жағдайда, Әбілқайыр көрші Ресей патшалығына тату көршілік ынтымақ қолын ұсынады. Императрицағы хат жазып, елшілік жібереді.

1731 жылы күзде Тевкелев бастаған орыс елшілері Әбілқайыр және Кіші жүз бен Орта жүздің бір бөлігінің ел ағаларымен келіссөз жүргізіп, адад көршілік сергіне қол қояды. Ресей жағының талабы бойынша аманатқа кезегімен ұлдарын беріп тұрмақ болады.

1748 жылы Орынбордан шағын жасағымен қайтып келе жатқан жолда Орта жүздің Барак сұлтанағына кездесіп, жанжалға ұласқан дау үстінде қаза болады.

Әбілқайыр ханның зираты Қабырға өзенінің Өлкейекке құятын тұсында, Торғай қаласынан 80 шақырым жерде. Кейін бұл жер «Хан моласы» аталды.

-
1. Аныз адам. № 2 (38) Қантар 2012 жыл
 2. “Казакстан”: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев - Алматы “Казак энциклопедиясы” Бас редакциясы, 1998. – 123-9.

ҚҰРАСТЫРУШЫЛАРДАН

Әбілқайыр ханның өмірі мен қызметі туралы түрлі окулықтарда, жекелеген зерттеулерде бірқатар мағлұматтар берілген. Бірақ, ғылыми зерттеулерде архив құжаттарынан такырыпта байланысты үзінді немесе сілтеме түріндегі деректер ғана беріледі. Мәселе екі-үш жұз жыл бұрынғы оқиғалар және соларға байланысты архив құжаттары туралы болғандыктан, сол құжаттардың өзін толық оқып-тансқанда ғана дәүір, заман бейнесі туралы мағлұмат толыға түседі. Осы қажеттілікті ескерген зерттеушілер тобы Әбілқайыр ханның тарихи бейнесін толықтыра түседі-ау деген тілекпен осы жинақты ұсынып отыр. Ескерте кететін жағдай, мұндағы тарихи құжаттар орысша түпнұсқасынан толық қазақшаланып, тұңғыш ретжарияланып отыр.

Жинаққа байланысты сын-пікірлер мен ұсыныстарды күтеміз. Қызылжар қаласы, М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің «Рухани жаңғыру» институты. Этномәдений ғылыми зерттеулер орталығы.

1731 жылғы 2 қаңтар

**Әбілқайыр ханның [1]
императрица Аннаға жазған хатынан**

Ұлы мәртебелі патшамыз, сізге мынаны хабарлаймын:

1. Ұлы мәртебелі патшамызға және сіздің үрім-бұтағыныңға әрқашан адал қызмет етуге үағда беремін.

2. Патша ағзам, қашан да сіздің бүйрығыныңға бас ұрып, қарауыныңдағы башқұрттар мен қалмақтар [2] сияқты, олармен бірге айтқан жерінгі баруга құлмыз.

3. Қазак халқы жайық казактарына, башқұрттар мен қалмақтарға, сондай-ақ, Ресейдің қарауындағы басқа да жүрттарға шабуыл жасамайды, зиян келтірмейді, олармен тату тұрады.

4. Астрахан қаласы арқылы және біздің басқа да жерлеріміз арқылы Ресейліктердің сауда керуені өтетін болса, немесе қазак даласына келетін болса, біз оларға тиіспейміз, ұры-қарыдан қорғаймыз, қажет жерінде өзіміз бастап апарамыз.

5. Қазақ даласында тұтқында отырған Ресей адамдарын қайтарамыз, Ресей башқұрттарын тұтқынға алмаймыз, алғандарымыздың шоқынбағандарынан басқасын сіздің құзырыныңға қайтарамыз, алым-салық ретінде сізге 4 мың тұлкі терісін жіберіп тұрамыз. Куәландырып қол қоюшы мен, Әбілқайыр хан, мөрімді бастым, Бақа батырды [3] арнайы аттандырдым.

1143 жылғы ережептің 17-жүлдезы [4].

Ресей империясы сыртқы саясатының мұрагаты. Қазақ істері қоры, 122/1-тізбе, 1731 жыл, 5-іс, 1-5 пар.; Казахско-русские отношения в XYI-XVIII веках (Сборник документов и материалов). А. 1961 г. док. №27. С. 37-38

[1] Әбілқайырдың хаты – «Ұлы мәртебелі әрі марқабаты биік, дәулеті артық, жер жүзін билеген ақ әрі ұлы патша қазіретінің құзырына пенделік етеміз. Құннен-күнге, айдан-айға, жылдан-жылға дәулет-сәлематының өсіп, тасысын. Сіздің қазіретіңізге айттар арызымыз: Сіздің ұлы қазіретіңіздің Орал естегі башқұрт халқыменен арамызда елдігіміз жоқ еді. Енді хал-қадерімізше сіздей құдіретті ұлы патшаның саясын пана қылып тыныш-жайлы болмақ үшін Ноғай жолының Орал естегі пенденіз Алдарбайға елшімді қосып жібердім. Осы Алдарбай, ұлы патша сіздің қазіретіңізге елші сұрағаны үшін, біз,

Әбілқайыр хан қарамағымдағы қырық сан Орта жұз бен Кіші жүздің қарашаларымменен басымды идім.

Жарлық (тілек): Сіздің құлдарыңыз Орал естегімен бірдей ел қылуыңызды тілеймін. Сіздің тілегіңізге сай ел боламыз. Сейітқұл елшіге бастатып Құттымбетті серіктерімен жібердім».

[2] қалмақтар – Еділ қалмақтары туралы айтылып отыр. Ресей патшасы IY-Иванның жарлығында қалмақтар туралы алғаш айтылып, 1574 жылғы 30 мамырда Строгановтарға берілген нұсқауда олармен сауда жасап, бауырға тарға беру жөнінде айтылады. Жонғар ойраттарының өзарғысында белгілі болған бірнеше тайпа батыс Сібірге қарай ауып, Ресей аумағына кіре бастайды. 1608 жылғы 14 ақпанды Далай батыр, Изеней деген қалмақ билеушілері атынан келген елшілікті Ресей патшасы В.И. Шуйский қабылдап, олардан серт (құжаттарда «шерть» деп жазылған) алады. Орыстар оларды «қалмақтар», ал, қалмақтар патшаны «Цаган хан» немесе Ақ патша деп атайды. (Кейін қазактар да осы жобамен Ресей императорын «ак патша» атаган.) Тарихи әдебиеттерде олардың «хуби» деп аталғаны мәлім. Сондықтан, қазактар Еділ қалмақтарын құба қалмақ, ал, олардан айырып-жіктеу үшін Жонғар қалмақтарын қара қалмақ деп атауды жөн көрген... Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде қалмақтар Еділдің жоғарғы бойынан ішкере Элстэйге көшірілді. Қазір Ресей Федерациясы құрамында Қалмақ Республикасы бар. Халқының 50 пайызға жуығын қалмақтар құрайды. Олар будда дінін ұстанады. Монгол-тунгус тіліндегі сейлейді, мал, егін және балық шаруашылығымен айналысады. Әдеб.: Казахско-русские отношения в 17-19 вв., А.-А., 1961; Златкин Н.Я., Джунгарское ханство, М., 1983. Киянатұлы З. «Қазақстан». Ұлттық Энциклопедия.. А, 2001. 347-бет.

[3] Бақа батыр - Әбілқайыр ханның елшісі Әбілқайыр ханның маңызды жұмыстарға жұмсайтын елші-жасауылы болған. 1731 ж. 2 қаңтарда Ресей патшасы Аннаға Әбілқайыр ханның бес балтан тұратын бодандық шарттарын толық қабылдаганы жөніндегі хатын апарып тапсыруышы.

[4] 1143 жылғы ережептің 17 жүлдізы – мұсылман жыл санауы Мұхаммед пайғамбардың Мекке қаласынан Медине қаласына көшіп келген жылынан басталып, арабша хижра деп аталады. Мұсылман елдерінде жаңа дәуірдің басы ретінде, жыл санау мұсылман күнтізбесі

бойынша осыдан басталады. Ережеп, арабша раджаб (кантар айы) – 1731 жылғы 2 қаңтар дегенді білдіреді.

ӘБІЛҚАЙЫРДЫҢ ХАТЫН ҚАЛАЙ ОҚЫҒАН ДҮРІС?

Ел басына күн туған сәтте тарих аренасына жарқырап шығып, қазақ халқын құрып кетуден сақтап қалған даңқты қолбасшы, баһадүр хан Әбілқайырдың ақ патшаға жазған хаты бертінгө дейін теріс оқылып келгені мәлім. Патшалық Ресейдің идеологтары «түзеген» хаттың кесірінен асыл ерді құстәнаушылар көп болды. Тіпті ұлы хан жазған хаттың түпнұсқасы табылып, жарияланғаннан бері де «ескі сүрлеумен» кетіп қалып жүргендер көп. Сондықтан да біз ғалым Амантай Исаұлының 2001 жылды «Абай» журналының №2 санында жарық көрген мақаласын қайыра ұсынғанды жөн көрдік.

Қазақ халқының тағдырлы таңдау алдында тұрган 1730-1731 жылдары Ресей империясы жиі-жіе далалықтардың назарын өзіне аударып отырды.

I Петрдің сонау 1722 жылды уағыздап кеткен амалы — қазактарды қайткен күнде, қағазға түскен сөз жүзінде болса да империя үстемдігін мойындату, сол арқылы болашакта қазақ даласы арқылы Орталық Азияда орнығып, Бадақшан мен Үндістанға шығу жоспарын бастаудың оңтайлы сәті түскендей. Ұлы Далага қысым жасау құралының біріне империяның қол астында тұрган халық — башқұрттар қолданылды. Оларды қазактарға қарсы игермелеп, мазалатқызып, тіл табысуға мәжбүрледіп отырды. Бір жағы Ресейдің өзі мүдделі болса, тыныштықты қажетсінген башқұрттар одан бетер мүдделі болғаны айқын.

Бытыранқы жағдайдағы казактарға тағдырлы таңдау жылды солай төніп-ақ келді. Ұлы мемлекетке ұлыстарымен ұрымтал отырған Әбілқайыр ханға жаңа әнгімені бастауға кезек келгендей. Хандық жағдайын да, өз билік-мәртебесін сақтап-өрістету шараларын да іздестіріп жүрген кезі болатын.

Рубиконнан өтумен парапар болған хан шешімі де туды: Ресейді арқаланбаса, жойқын мемлекеттің ығына тұрмаса болмас, ығы мен күшін қажеттімізге жаратсақ хандыққа иті болар-ау деген ой ыңғайына салды. Кімнің құзырын кім мойындармай откен? Кейінгісін құдай көрсетер. Төнген күштен шегіну, кері серпілу деген қашан да болды емес пе?

Хан шешімінің жүзеге асуын тездеткен жағдай: 1730 жылдың маусым айында Кіші жұз ордасына башқұрттың әйгілі рубасы, тархан Алдардың келуі еді. Ол Әбілқайыр ханның жеке қабылдауында болады. Ресей алдында ерекше қызмет деп кейін бағаланған Алдар амалы да империя үстемдігін мойынданту арқылы қазактар мен башқұрттар арасында бейбіт орнату мүмкіндігіне жету болатын.

Оқиғаға қатысты үш жақтың да діттеген бір мұдделері дөп келіп жатқан сол 1730 жылдың жазында ойластырылған жоспарлардың бір парасы қағазға да түсіп, империя астанасына жөнелтілді.

Әбілқайыр ханның 1730 жылғы хатының зер салар мазмұны да сол: Кіші жұз бен Орта жұз қазактарының башқұрттарға байланысты сөз қозғауы. Оқиғаларда башқұрт факторының қаншама ірі болғандығы айқындалады.

* * *

XVIII ғасырдағы қазақ хандары Әбілқайыр, Сәмеке, Әбілмәмбет, Абылай болсын Ресеймен хат алмасқанда белгілі бір шектен шықпаған, ұлы Абай айтпақшы, «әсіре арланбаған». Дала билеушілерінің түпнұсқада сакталған хаттарынан осыны анық байқауға болады. Керісінше, империяда далалықтар атынан жасалған құжаттарда немесе сол үлгілерге сәйкес хан хаттарының ресми аудармаларында Ресейге артық жалбарыну, төменшіктеу, құлдану сияқты белгілер бар. Сонымен, бұл ел тәуелсіздікті жоғалтса — билеушінің ғана көрген қорлығы емес. Зорайту мен кемсітуді таңбалап тарихқа тану. Шынында, зерттеушілердің қанша буыны сол ресми аудармаларға сүйеніп қорытынды жасаған. Дала билеушілері саясатының кейбір қырлары көрінбей қалу себептері де сол.

Қазақстан мен Ресейдің XVIII ғасырдағы қарым-қатынастары кеңес заманында қарастырылғанда Қазақстанның ашық жаулап алудан Қазақстанның Ресейге өз еркімен қосылды дегенге дейін бірнеше ресми концепциялар ауыстырылды. XX ғ. 50-60 жылдары құжаттарды талдап, жарыққа шығаратын мезгіл туғанда бір кезде жасалған ресми аудармаларды дұрыстап, далалықтардың дербес идеясын, өз саяси жолдарын көрсетуді тарихты қолына ұстап қысып отырған идеология қажетсінген жок.

Енді жағдай өзгерді дегенмен, мәселенің әлі буылған қалпында қалып жатқанын аңғару қыын емес. Ертеректегінін атамағаннның өзінде, соңғы жылдардағы кейбір тиянақты зерттеулерде сол баяғы, немесе

кеңес заманында аз жаңғыртылған аудармаларға арқа сүйеу басым¹. Тұпнұсқа мәтіні тіпті қолданылмай келеді десе де болады.

Әбілқайыр ханның 1730 жылы Ресей патшасына жіберген хатының тұпнұсқадағы мәтінінің 1960 жылы жарық көріп², кейін қайталана басылғаны бар. Жинақ құрастыруышы М.Г. Масевичтің кіріспе мақаласында қазак кеңсе тілінде жазылған құжаттарды аударған Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл және әдебиет институтының ғылыми қызметкері Р.М. Пейгумбари деп көрсетілген³.

Зерттеушілер қолданып жүрген осы аударманы тұпнұсқа мәтінімен салыстырсақ, кәте аударылған, аударылмай қалған, мазмұны өзгерген және косып жіберілген сөздер тізбегі шығады.

Кіші жұз ханы алдына келген Алдарбайдың «елші тілегені» — «требовал посланника». «Орал ештегі башқұрт халайықы» деген тіркестегі «естек» сөзі мүлде ұғылмай, «башкирский народ, который находится за Уралом» деп кәте аударылған. Қызығылшықты, жазба құжаттарда сирек кездесетін қазақ тарихи ұғым «қырық сан қазак» атауы «многочисленный казахский народ» деген долбарлы қолданыспен өзгерілген⁴.

Кәте аударылған, өзгерілген немесе аударылмаған сөздерден тыс ресми аударма салқынын тигізген, хаттың өзінде жоқ, белгілі саяси мақсат үшін косып жіберген сөздерді табуға да болады.

Әбілқайыр, естек Алдарбайдың колқа салуын сылтауға алып, «ол Алдарбай Сіз ұлғұ падшаның хазыретіге елші тілегені үшін» «біз ...барша рағайат қарашаларым бірле баш салдым» деп қысқа қайырса, аудармада «преклоняемся перед Вами» дегеннен кейін: «являемся Вашими слугами и все вместе с простым народом желаем Вашего покровительства и ожидаем Вашей помощи...» деген жалбарыныш сөздер мәтінде мүлде жоқ! Бұл сөздердің мәтінде болуы-болмауы талдау, корытынды жасауға қаншалықты әсері барын аңғару қын емес.

* * *

Сонымен, Әбілқайырдың Ресей патшалығына, империя астанасына елшілөрі арқылы 1730 жылы жіберілген хаты қандай?

Хан Ресей империясына женіл түрде мойынсұну есебін қазак пен башқұрттың арасында Ресей құзырымен бейбіт орнату мүддесімен шебер байланыстырған. Өйткені, естек-башқұрттар — Ресей қол астындағы ел. Бұрынғылардың саяси дәстүрімен хат жүзінде

Әбілқайыр «баш салады» («бас иеді»), «Ұлұғ падша хазыретінен» «панна» іздейді.

Хан сөздері ұстамды, белгілі бір тұстарында асқақ. Кішіреюі де, өзге мемлекет иесімен тең сезінуі де, құрмет көрсетуі, сыпайы сөз саптауы, мұдделі ісі де үйлесімді, салмақты өлшеммен жеткізілген. Бұл хаттан артық жалбарыну, Ресей патшалығына ашық мойынсұну, құлдана сейлеу деген байқалмайды.

Мәтін:

Ұлұғларың ауя⁵ марғаматы⁶ биік, дәулеті артық, йер йүзіне билеген ақна⁷ ұлұғ падша хазыретлерің ҳұзырына бенделік етеміз. Күнден құн, айдан айға, йылдан йылға дәулет сәлемет зияда⁸ олар анша тасығай.

Біз ғарызбанде хазыретіңзге бұл дәрге. Сіз ұлұғ хазыретнің Орал ештегі башқұрт халайықы бірле арада еллігіміз йоқ ерді.

Емді ел-хал, Сіз дәулеті ұлұғ падша хазыретіңе саясыда панаһ олып, сатиғ⁹ мунқаз¹⁰ олмақ үчін тоғай¹¹ йолы Орал ештегі бенденіз Алдарбайға елші қосып йібердім. Ол Алдарбай Сіз ұлұғ падшаның хазіретіге елші тілегені үчін біз, Әбілхайыр хан, қырық сан қазак¹² Орта йұз, Кіші йұз барша рағайат¹³ қараашаларым бірле баш салдым.

Йарлық: Сізнің-дүр ол қулларыңыз Орал ештегі бірле ел қылып Ірішу[i]ңні¹⁴ тілейміз. Сізнің йарлығыңыз бірле ел болғаймыз.

Сейітқұл йіберген елші баш Құттымет йолдашлары бірле.

¹ Қараныз: Ерофеева И.В. Хан Абулхаир: полководец, правитель и политик. - Алматы, 1999. 186-б.

² Материалы по истории политического строя Казахстана. Т.1. - Алма-Ата, 1960. 9-б.

³ Сонда. 5-б.

⁴ Сонда. 9-б.

⁵ «Ay[уа]».

⁶ Марғамат (арабша, парсыша) - мейірім.

⁷ Сөздің екінші бөлігі тұсініксіздеу.

⁸ Зияда (арабша) - көбею, өсу, молаю

⁹ Сатиғ (арабша) - жазық, ой.

¹⁰ «Мунқад» сөзі емес пе екен? Мунқад (арабша) - бағынышты, тынышты, кіріптар. «Сатиғ мунқад» - «ықтану», «тыныштық» деген ұғым білдірсе керек. Европалық «протекторат» ұғымына жақын.

¹¹ Осылай жазылған. Тарихта «Ногай жолы» деген жол (бағыт) бар. Бірақ бұл жерде «ногай жолы» деп қабылдау үшін анық жазылған «тоғай жолы» деген ұғымды жокқа шығару керек.

¹² Қырық сан казак, ягни төрт жұз мын. Бейнелі атау. «Қырық рұлы казақ» деген ұғымға да жақын.

¹³ Рагайат (арабша) - қарамақтағы, қол астындағы.

¹⁴ Ірішу (татарша, түрікше) - жету.

ӘБІЛҚАЙЫР ХАННЫҢ 1730 ЖЫЛҒЫ ХАТЫ (ТҮПНҰСҚА)

Хаттың ресми аудармаса арқа сүйеген, 1960 жылғы басылымдағы орыс мәтіні:

8 сентября 1730 г.

Послание в Петербург ее величеству

Величайшей, благородной, богатой и умной обладательнице многих земель, ее величеству государыне императрице ежедневно, ежемесячно и ежегодно желаем **божией милостью** благополучного государствования. Наше заявление Вашему величеству состоит в том, что с подданным Вам башкирским народом, который **находится за Уралом**, у нас близких отношенийне было. Желая быть совершенно подвластным Вашему величеству, я посылаю своего посланника вместе с Вашим подданным Алдарбаем. Этот Алдарбай требовал посланника от нас к Вашему величеству, и поэтому мы, Абулхаир-хан с подвластным мне **многочисленным** казахским народом Среднего и Малого жузов, все преклоняемся перед Вами, **являемся Вашими слугами** и все вместе в простым народом желаем Вашего покровительства и ожидаем Вашей помощи, чтобы с подданным Вам башкирским народом, находящимся за Уралом, жить в согласии.

Желаем Вам всякого благополучия и будем Вашими подданными.

(Передали): Сеиткул. Главный посланник Куттумбет с товарищами.

Мәтіндегі асты сыйылған сөздер түпнұсқада жоқ немесе мағынасы өзгертіліп берілген.

Бұл хаттың мынандай жаңа аудармасын ұсынамыз:

Величия и милости высокой, государства превыше, правящей [всеми] землями ее величеству белой великой императрице обращаемся с обыденным намерением. Изо дня в день, из месяца в месяц, из года в год государство [Ваше] да пребывает в здравии и приумножается.

Наше заявление Вашему величеству следующее. С народом Вашего величества уральскими ештек-башортами меж нами нет согласия.

Теперь, желая получить под покровом Вашего императорского величества защиту и спокойствие, посылаю, присоединив к лесной дороги уральскому ештеку подданному Вашему Алдарбаю, своего посла. Поскольку этот Алдарбай просил посла к Вашему императорскому величию, мы, Абулхаирхан, сорок санов казахов, Средний и Младший жузы со всеми подвластными мне караша склоняем голову.

Ярлык: с Вашиими слугами уральскими ештеками хотим достичь согласия. С Вашим ярлыком да будем в согласии.

Посланный посол Сенткул во главе с Куттыметом с товарищи.

Өткен замандардан жеткен деректемелерге тарихшылардың мұқият, қажет десеңіз, зор құрметпен қарап, оларды жоққа шығаруға (егер баяндау, әрине, фальсификация болмаса) асығыстық білдірмейтіні аян. Орыс деректемелері де аса құнды. Оларсыз, бертін түгіл, XVI-XVIII ғасырлардағы қазақ тарихын тану мүмкін емес.

Алайда жалған намыс қысып, дала билеушілері жазған хаттардың ресми аудармаларында қол жүгіртіп, басы артық, бағынышты сөздерді қосып жіберу — Мәскеу мемлекеті кенсе қызметі қалыптастырып, Ресей империясы үдетіп жіберген әдет. Оған кейбір жылдардағы кенес заманындағы ұлы халықты аға тұтқан құлшыныстың қосылғаны бар.

Тарихтың жаунар тамшылары арасында ескін тірлікке қырышық тастай бататын бөгде бөлшектердің ұшырайтыны өкінішті.

Әйтсе де олар бусанған, құлпырған мәңгі жас даланың мұнтаздай таза жарқыраған келбетіне көлеңке-дақ түсіре алмайтыны тағы да шындық.

Амантай ИСАҰЛЫ, тарихшы.

1731 жылғы 19 ақпан Ресей императрицасы Аннаның [1]

Әбілқайыр ханға жолдаған грамотасы

(Құжаттың қазақша түпнұсқасынан Ресейдің шегара кеңесесінің аудармашылары сол кезде орышага аударған нұсқасынан қазақша ықшам түсірілген мәтіні)

Қазақ халқының ханы Әбілқайырға, ел ағалары мен барлық қазактарға біздің мейірім-шапағатымыз бағышталады.

Сен, Әбілқайыр хан, елшілерің Құттымбет Қоштаев пен Сейітқұл Құдайқұлов арқылы жіберген хатыңдан бүкіл иелігімен Ресей бодандығына кіретінінді, башқұрттармен тату тұратыныңды оқып білдім, елшілерің оған қоса ауызша сенің мына тілектерінді жеткізді:

Бірінші, біздің кұзырымызға башқұрттар сияқты адаптың және салық төлеп тұрмақсың.

Екінші, Ресей халықтары тарапынан сендерге зәбір-жапа, талаптонау болмасын депсің.

Үшінші, қазаққа сырттан жау шабатын болса, Ресей патшасы тарапынан қорғау көрсек және бізді Ресей боданы санаңыз, депсің.

Төртінші, сендер тұтқынға алған Ресейдің башқұрттары мен басқа адамдарын қайтармақсың, башқұрттармен және қалмақтармен тату тұрмак екенсің.

Осыған байланысты біз сені, Әбілхайыр хан, қазақтың барлық ел ағалары мен халқын, сендердің тілектерің бойынша, жоғарыдағы уағдаларыңа сәйкес, бодандыққа қабылдадық [2]. Сондықтан, қазақтың ханы мен бүкіл халқы патша ағзамға және оны мұрагеріне адап болуы керек. Ресей патшасының жарлығына қарай, қажет болса, бодан башқұрттар мен қалмақтар сияқты айтқан жерге екі айтқызбай баруға; башқұрттарға, Жайық қазактарына, қалмақтарға, Ресей қарауындағы басқа да жүрттарға шабуыл жасамай, зәбір-жапа көрсетпей, олармен тату-тәтті тұруға; Астрахан арқылы және қазақтың басқа да жерлері арқылы Ресейдің сауда керуендері қазақ даласы арқылы өтетін болса, оларға тиіспей, жолына бөгет жасамай, қайта қауіп төнсе, құтқарып, қорғап, барынша көмек жасауға тиіссіндер...

Ресей империясы сыртқы саясатының мұрагаты. Қазақ істері коры, 122-тізбе, 1731 жыл,-іс, 26-пар.; Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках (Сборник документов и материалов). А. 1961 г. док. №28. С. 40-41

(Осы мәтін Телжан Шонановтың [3] 1926 жылғы мына аудармасында да беріліп отыр.)

«Ресейдің қол астына алу туралы бастығы Әбілқайыр ханға һәм барлық қыргыз-қайсақтың аламанына берілген жарлық хат.

Құдайдың жарылқасыны арқасында біз, ең нұрлы, ең ұлық ханы Анна Иванкызы барлық Ресейдің патшасымын һәм жеке-жалғыз билеушісімін және тағы басқа дәрежелер иесімін. Қыргыз-қайсақ [4] ордасының бастығы Әбілхайыр ханға, барлық қайсақ аламанына патша қазіретіміздің жарылқасыны жаусын. Сен, Әбілқайыр ханның елшілері Қоштайұлы Құттымбет пен Қойданқұлұлы Сейітқұл арқылы барлық жерін, елінмен бірге біздің қол астымызға кіріп, Ресейдің қарашаларымен һәм башқұрттармен тату тұрамын деп жазған тілегінізді біз көрдік. Әбілқайыр ханның елшілері, сені қайсақ аламанымен бірге біздің қол астымызға мына шарттармен кіргін келеді деп баяндады: әуелі, сіз біздің патша қазіретімізге шын көнілмен қызмет қылып, башқұрттарша салық төлегініз келеді. Екінші, Ресейдің қарашалары тараپынан сізге ешбір соккы һәм таламтараж болмаса еken дейсіз. Үшінші, сіз қайсақтарға бір жау тиे қалса, біздің патша қазіретіміз, сіздерді Ресейдің басқа қарашаларымен тең көріп, корғаса еken дейсіз. Төртінші, башқұрттар һәм Ресейдің басқа қарашалары алып кеткен жесірлеріміз қайтарылса еken дейсіз. Және біз де тұтқынға алған орыстарды қайтарып, башқұрт һәм қалмақтармен тату тұрамыз деп уәде бересіз. Біз, ұлық ханым қазіретіміз, бастығы Әбілқайыр ханға һәм барлық қыргыз-қайсақ аламанына жарылқасынызды тигізіп, жогарыда жазылған шарттарынызды тілегініз бойынша қабыл алып, сіздерді қол астымызға кіргізуге бүйірік еттік. Соның үшін сіз, Әбілқайыр хан һәм барлық қайсақ аламаны, біздің патша қазіретімізге һәм біздің орынбасарларымызға шын көнілмен қызмет етуге тиіссіндер. Бір жерге қызметке бар деген патша қазіретімізден жарлық бола қалса, Ресейдің барлық қарашалары мен башқұрт һәм қалмақтармен қатар тартынбай, көрсеткен жерге барасындар. Жайыктың атты казактарына, башқұрттарға, қалмақтарға һәм басқа қарашаларымызға тимей, оларға қарсы жорыққа аттанбай, зәбірлемей, тыныш тату тұрасындар. Сіздің ордаңызға арнап шыкқан, болмаса, сіздің ордаңыз арқылы өтіп бара жатқан саудагерлердің керуеніне жол тоқтату қылмай, зәбірлемей, қауіпті жерлерден өтерде корғап, жәрдем бересіндер.

Сен, Әбілқайыр ханың елшілері дидар шартымызды көрді, Мәскеуде тұрганда оларға нәпака беріліп тұрып, қайтарында біздің ғарапымыздан алапа берілді. Енді олар, сен Әбілқайыр ханға қайтарылды һәм олардың жолына көлік һәм нәпака берілді және сен Әбілхайыр хан, біздің патша қазіретіміздің жарылқасынынан дәмелен. 1731 жылы [5], ақпанның 19-күні, біздің патша болғанымыздың екінші жылы Мәскеуде берілді. Қазақшалаған: Шонанұлы Телжан. Жер тағдыры – ел тағдыры, А. 1995. 15-16 пар.

[1] Анна (Иоанқызы) – Ресейдің императрицасы. Кейбір авторлар әйел патшаны патшайым деп жазып жүр. Бірақ, қазақ түсінік бойынша патшайым, ханшайым – патшаның, ханың әйелі деген мағына береді. Сондықтан, Ресей мемлекетінің жеке-дара билеушісін лауазымды қызметі бойынша императрица деп жазғанды дұрыс санаймыз.

[2] Бодандық – подданство дегенге толық балама бола алмайды. Бодан – халық, тату, көрші жұрт дегенді білдіреді, азаматтық дегенді білдірмейді. «Бодан» және «подданство» деген сөздер сырттай ғана үндес.

[3] Телжан Шонанов – (1885 – 1938), қазақ оқымыстысы, білікті тіл маманы, тарихшы, педагог, шебер аудармашы, білім беру ісін үйлемдастырушы. Қазақ тілі мен әдебиеті, тарихы және оқыту әдістемесі саласында 32 кітап жазды, жүзге жуық ғылыми- зерттеу мақалаларын жариялады. Шонанов Телжан «Қазақ жері мәселесінің тарихы» деген зерттеу кітабын 1923 жылы Орынбор қаласында жазып, сол жылдары «Қызыл Қазақстан» журналының бірнеше санында бастырды. 1926 жылы кітап араб әлібімен Қызылорда қаласында 224 бет болып басылып шықты да, араға 69 жыл салып, 1995 жылы «Жер тағдыры –ел тағдыры» деген атаумен Алматыда, «Санат» баспасынан екінші рет жарық көрді. Зерттеуші З. Ижановтың байқағанындей, бұл басылықда біраз жаңсақтықтар орын алған. Сондықтан, шығарма «Тән-Шолпан» журналының 2006 жылғы 4,5-сандарында З. Ижановтың дайындауымен қайта жарияланды. «Қазақ жері мәселесінің тарихы» деген кітабында Шонанов Телжан Абылай заманындағы қазақ жерлерінің тағдыры туралы бірқатар құнды мағлұматтар келтіреді. «Зорлықпен казақты Ертістен кетіре алмасына көзі жеткен үкімет (Ресей үкіметі. – З.Т.) еп жұмсауға кіріседі. Ол ебі

мынау ойдан шыққан: Қазақ күші мал, қазактың малына қоныс керек, қазақ малдан айырылса, үкіметпен қарсыласуға, Ертісті алуға әлі келмейді. Және жарлыланған қазаққа жер де аз керек. Міне, осы ойды әуелі қозғаган Сібір шебіндегі әскерлі бастығы генерал-майор Вейнмарн деген. Сыртқы істер коллегиясына берген баяндамасында (1762 жыл, 21 март, №0318 указ. К.И.Д. заң жинағының 1762 жылғы 43-54 беттері): «Қазақты тыншайтып, тұрғызу үшін, білдіртпей бірте-бірте қазақтың күші мен байлығының көзі – малы мен жылқысын азайту, кеміту керек, қазақтың малы кеміп, жарлы болса, бізге қауіпсіз болады, қазақ амалсыз тынышталады», - дейді. Қазақтың тыншашауы деп ерине, Ертістен және басқа орыннан жер талап етпес калғе жеткенін айтады. Қазақты кедейлікке айналдыруға ұста деген жолы мынау: Қазақ малы пішенге үйренбеген, аяғынан жайылуға дағдылаған. Соның үшін қазақты отырықши болуға, пішен шабуға қызықтыру керек. Пішенді алдыңғы кезде малы тамақсынбайды және барлық малына бәрібір қазақ пішен жеткізе алмайды. Пішен жетпесе қазақ жұтайды, жұтаған қазақты ашуландырмай, қытығына тимей тату тұру керек. Неге десеніз, бәрібір соғысқанмен әскерімізі аз, күшіміз жетпес, - дейді генерал. Аз әскердің қазаққа әлі келмейді. Осы ойды сенат макұлдап бекіткен. Абылайға, Құлсарыға, Шашарға, Уәлиге, Ералыға, Жәңгірге үй, мешіт салып отыруға ақша беремін деп үкіметтің мейрімді болатыны сенаттың осы бекіткен ойымен сабактас болатын. Абылай мен Құлсарыға үй салуына қанша ақша керек деп смета жасауға бұйрық осы Веймарн ойы бекітілсін деген қауымен бірге шыққан. 1764 жылы Абылай мен Құлсары батыр «айналамыздығы елімізбен шектің ішіне кіріп, қоныс алуға, үй салуға халқымызды егіншілікке айналдыруға рұқсат ет, 10 үй егінші жібер, бізге жер жырту жайын үйретсін» деп үкіметтен сұраған. Үкімет Құлсары мен Абылай маңындағы үкіметке ықласты елімен Құлшанбай (Қылشاқты. – З.Т.) өзенінің жағасынан үй салуға ықтияр, Веймарн ойы да осы. Бірақ, «шеп ішіне кірмендер, кірсендер күш жұмсаймыз», - деп жауап қайырган. «Сұлтан Мәмекті де үй салуға құлағын бұрау керек деген». Сонымен, үкімет қазақ шептің (линия) ішіне кірмесе, сырты қазақ билігінде деп мойындаған болады. Әдеб.: Шонанұлы Телжан. Қазақ жері мәселеісінің тарихы // Таң-Шолпан 2006 жылғы №5. 199, 200 беттер; Указ К.И.Д. 9.11.1764 г. №130. Архив Оренбург управ. вып. 1., Изд. Оренбург. арх. учен. ком. 1889 г. стр. 9-14. Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005. 21 бет. Ижанов Зияда. Құнды кітап кемшіліктен арылуы керек. // Таң-Шолпан, 2006, 5-саны, 77-83-беттер.

[4] Қыргыз-кайсақ – Ресей саяхатшылары мен тарихшылары қазақтар мен қыргыздардың тұрмыс-тіршілігіндегі, тіліндегі ұқсастықтарға қарап, бұл екеуі «киргиз» деген бір ұлт болып табылады деп есептеген. Қытайлар қазақтарды «хасак» деп ресми түрде атаған. XIX ғасырдың басына дейін Ресей жазбаларында «киргиз-кайсақ» деп көрсетіліп келіп, кейінірек тек «киргиз» деп жазыла бастаған. Қазақ халқы өзінің тарихи атауын 1925 жылғы сәуір айында ғана қайтарып алды. Бұл еңбекте біз де тек қана «қазак» деп жазуды жөн көрдік.

[5] 1731 жылы – патша болғанымызды екінші жылы – Ресей патшасы Анна Иоанқызы 1730 жылы таққа отырған.

№ 12 1731 жылғы акпан Әбілқайыр ханнан ант алуға жіберілген елшіліктің жетекшісі

М. Тевкелевке Ресей сыртқы істер алқасының нұсқауы

1. Әбілқайыр ханнан елшілікке келген Құтлымбет Қоштаев пен Сейітқұл Құдайқұловты ертіп, жаңына қосшылық берілген адамдармен қазақ даласына, олардың ханы Әбілқайырға барадасын. Бара жатқан жолында да, барған соң да, жан-жағынды бағдарлап, тыңтындал, сұрастырып біліп, бұл қазақ халқының бізге бодан болуга не себептен құштар екенін, бұл халыққа сырттан қандай кауіп төніп тұрғанын, Әбілқайыр мұндан шешімге келгенде басқа билеушілермен кеңесіп, келіскең бе? – осы жағдайларды мұқият біліп алуың керек.

2. Сен Әбілқайыр ханга барып, сөз бастағанда мынаны айтасың:

«Сіз, Әбілқайыр хан, ұлық мәртебелі патша ағзам Анна Иоанқызына өз атыннан Құтлымбет Қоштаев пен Сейітқұл Құдайқұловты хатпен арнайы жіберген екенсін. Оnda өзінді бүкіл иелігіңмен бірге [1] Ресей бодандығына қабылдауды сұрапсың. Сондықтан, патшамыз сені бүкіл иелігіңмен Ресей бодандығына қабылдауға бұйырды», деп айтасың. Сенің жіберген өкілдеріңе айрықша грамота [2] берді. Сол өкілдеріңмен бірге патшаның арнайы екінші грамотасын алдып, мен, Тевкелев алдыңа келіп тұрмын.

Патшамыз сендердің тілектеріндегі қабылдан қана қойған жок, сонымен бірге Әбілқайырды, бүкіл қазақ халқын Ресей тарағынан ерекше қамкорлық көріп отыратынына сендерді және сіздерге де сондай сенім артады. Ханның өз басы және бүкіл халқы Ресей

айнымайды деп сенеді. Міне, осы уағдаларды рәсімдеп, құжат түрінде берітушін келдім.

3. Біріншіден, Әбілқайыр хан, басқа да хандар мен ел ағаларының және бүкіл қазақ халқының атынан патша ағзамға адал берілгендігін сендеріп, құран көтеріп [3], келісім-шартқа қол қоюы қажет [4], ол қағазды Тевкелевке береді.

Ал, егер Әбілқайыр хан түрлі себептер айтып, ант бергісі келмейтін болса, оның қайтсе де көндіру керек. Бұрыннан, бодандыққа кіргендердің бәрі бұл рәсімді орындағанын, мысалы, қалмақтың Аюке ханы бодан болғанда, башқұрттар Ресей қол астына қиргенде осылай рәсім жасаганы түсіндірілсін.

Хан патша ағзамға адалдық атын беретін болса, онда оған патша ағзамның атынан сый-сияпат тапсырылсын. Атап айтқанда: қылыш, бұлғын ішік, қара тұлқіден тігілген бас киім, шұға т.б.

Әбілқайыр ханның қасында басқа хандар болса, оларға да патша ағзам атынан тарту-таралғы бұйыратынын айтып, дәмелендіріп қоясың. Осыларды орындағаннан кейін ғана, сұрастыра отырып, әрқайсының ел билігінде алғын орнына қарай, сыйлық үlestіресін.

Әлбетте, мұның бәрін олар ант беріп болған соң ғана жасайсын.

4. Енді, қазақтардан ант алып болғаннан кейін істейтін жұмыстарың мынау:

Әбілқайыр ханның патшамызға жолдаған хатында оның өзі, бүкіл иелігімен Ресей бодан болатыны жазылыпты. Ал, елшілерінің ауызша жеткізгеніне қарағанда, Әбілқайыр Ресей патшасына, башқұрттар сияқты қызмет етемін, салық төлеп тұрамың, депті. Сол елшілерден: «Әбілқайыр аманаг ретінде Ресей жағына балаларын немесе жақын туыстарын бергісі келе ме?» деп сұрағанда олар: «Хан иігі-жақсылардың балаларын Уфаға аманатқа беруге тиіс, егер оларға жеткілікті қаражат бөлінетін болса», депті.

Сондықтан, сен, Тевкелев, ант беру рәсімі аяқталған соң, келесі күні Әбілқайыр ханға барып жолығасың да: «Хан, өзің, бүкіл халқың башқұрттар сияқты Ресей империясына бодан болдың, құран көтеріп ант бердің», деп бізден жіберілген грамоталардың әрбір пунктіне қол қойдырып аласың. Оған қоса: «Башқұрттар сияқты шын адалдығынды бекітіп, салық төлеп тұрасың. Уфа қаласына аманатқа кісі өткізесін» дейсің. Бұған Әбілқайыр ханды сыпайылатп отырып, еппен иіп көндіресің, сұрап қалса, себебі мен салдарын байыптап түсіндіресің.

5. Егер, Әбілқайыр хан, Тевкелевтің айтқандарын қабылдамай, салық төлегісі келмесе, Уфаға аманат бергісі келмесе - өз еркінде,

шілгімені басқа жакқа бұрасын, бұдан кейін мәселе қозғалмасын. Тек, айтеуір, Әбілқайыр қағаздағы тармактарға қол қойып, адалдығын білдірсе де, жеткілікті.

6. Егер, Әбілқайыр хан, өзі қолы қоюға тиіс тармактарға Тевкелев те қатар қол қойсын, деп талап ететін болса, онда бұл тармактарда көрсетілген шарттар патшаның Әбілқайыр ханға жолдаған арнайы грамотасында жазылған, сондықтан, мына құжатқа Тевкелевтің қол қоюы міндепті емес, алайда, ханның өзі сұрап түрған соң, еркісіз қойдым деп, Тевкелев қол қойып береді, осыдан кейін грамоталар айыrbасталады.

7. Ал, Әбілқайыр хан, Тевкелев нұсқаған тармактарға қол қойғысы келмесе, оны қол қоюға көндіру керек. Және де ханға бұл тармактарды өзінде қалатын қағазға енгізгенінді, сол шарттарды орындауға ханның өзі келіскенін айтып, түсіндіресің. Егер, оған да көнбесе, ең болмаса, мейлі, ол келісім-шарттың өзінде қалатын данасына: «патша ағзам жіберген қағазда жазылғандарды мойындеймын,» деп жазып берсін.

Сондай-ақ, ханға мынадай ұсыныс жасалсын: Әбілқайыр Мәскеуге елшілер жіберсін. Елшілер Мәскеуде ханның және бүкіл қазақ халқының атынан тиісті шаруаларды реттеп отырады, шешіп отырады, еш нәрсеге аланадамайды. Оларға баспана, өздеріне тамақ, көліктеріне азық беріледі.

8. Егер, Әбілқайыр хан, Мәскеуге елші жібере қалатын болса, солар арқылы ханның елінде тұтқында отырган Ресей адамдарын да босатып, қайтарсын. Яғни, Әбілқайыр хан патшага шын берілгендігін бірден дәлелдеймін десе, сол жақтағы тұтқындарды Тевкелевтің көзінше жинап, қолына тапсыратын болсын. Хан осылай істейтін болса, патша ағзам оған алғыс айтады және Ресей жағында қолға түсіп қалған қазақтарды еш бөгетсіз қайтарады. Кажет болса, Тевкелев бұл жөнінде қолынан қағаз жазып, кепілдік беруіне де болады.

9. Тевкелев бара жатқан жолда да, қайтып келе жатқанда да, күн сайын журнал жүргізіп, көрген-білгенін қағазға түсіріп отырсын. Әсіресе, Уфадан әрі қарай жүргенде мұқият жазып отырганың жөн.

Әуелі башқұрттардың: тұрғын жайлары, жайлауы, қалалары, ауылдары мен деревнялары қандай, қалай баскарылады, кәсіпптері мен мал-мұліктері қандай? Сол елдің ішінде басқа бөтен, шегаралас халықтар жоқ па? олардың жерін тольқы сипаттап жазу керек.

Екіншіден: башқұрттар мен қазактардың ара-байланысы қандай? қай жерлерде тұрады, өзендерінің, басқа да суларының көлемі қандай,

олар қалай аталады? Өткелдерін, далаларын, бірінен-бірінің қашықтығын хаттап ал, тоспалар, бекіністер, басқа да корғандары бар ма? Осыларды тіркеп отыр.

Үшіншіден: қазактардың сыр-сипатын білу керек, Әбілқайырдың қарауындағы қалалар мен жерлер, тұндік есебі, адам есебі қандай және канша? Сол ханнан басқа хандар бар ма? Қыстаулары, жайлаулары қалай аталады? Қыстау манында егістіктер, бау-бақшалар, басқа да қандай кәсіпорындар бар ма?

Хандары, билеушілері, көшпелі және отырықшы ҳалқы Әбілқайырды мойында ма? Билеушілері мұрагерлік жолымен тағайындала ма, әлде сайланып қойыла ма? Хан өз бағыныштыларынан бағалы аң терісі түрінде, немесе басқаша алым-салық ала ма, алса Әбілқайыр ханға қаншасы, басқа билеушілеріне қаншасы тиеді?

Әбілқайыр бізге елшілерін өзі ғана жіберген бе, әлде басқа хандардың немесе ҳалықтың атынан жіберген бе екен? Олар Әбілқайырдың бодандық жөніндегі ынта-қадамын құптай ма?

Сауда жағы қалай, басқа қандай ҳалықпен сауда жасайды, одан қанша пайда түсіреді? Өнеркәсібінің жайы қандай, әсіресе кару-жарақ пен оқ-дәрі зауыттары бар ма, өздері зенбірек немесе басқа да мылтықтар жасай ала ма? Ал, кару-жарапты өздері жасай алмаса - қайдан алады, қайдан сатып алады, ақшаға ма? әлде қандай тауарларға айырбастап алады?

Қазактардың тұрғын жерлері мен жайлаулары кімдермен шектеседі? Олар кіммен тату, кіммен қырги-қабак?

Өзің барып-қайтқан жолда Ресей қалаларына апаратын басқа жолдар бар ма? Ол жолдардың жағдайы қандай? Қазақ елінің өз ішінде қандай қалалар, елді-мекендер, өзендер бар?

Осылардың бәрін сипаттап жазып қана қоймай, сыйбасын жасап отыру керек, сол үшін жанына арнайы геодезист маман косып бердік.

10. Осының бәрін Тевкелев байқап, біліп, жақсылап қағазға түсіріп отырады және ешкімге білдірмейді, қазақтар түгілі, өзімен еріп бара жатқандарға да сездірмейді, сырт көзге арнайы тапсырма емес, әншайін өзі үшін ғана, ерігіп жазып отырған адам сияқты көрінуі керек.

11. Егер, Әбілқайыр хан Тевкелевке ертіп аманат жіберетін болса, оларды Уфада қалдыру керек, олардың жағдайы туралы келісім грамотасының пункттерінде арнайы шарттар жазылған. Қазактардың колынан босаған тұтқындар Уфа воеводына тапсырылсын, олар

бұрынғы коньс-мекендеріне қайтарылсын. Ал, мұндағы бізге, тұтқындардың тізімін, әсіресе, Ресей азаматтарының атағын, шенін, кай қаладан екендігін, қашан, қай жерде және кім тұтқынға алғанын жаздырып, кол қойдырып экелесін.

12. Жоғарыдағы аталғандарды орындалап, Мәскеуге қайтқаннан кейін, сыртқы істер алқасына мемлекет қазынасынан бөлінген қаржы туралы толық баяндама жазу керек.

Ресей империясы сыртқы саясатының мұрагаты. Қазақ істері қоры, 122-тізбе, 1731 жыл, 1-іс, 71сырт-77 сырт пар.; Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках (Сборник документов и материалов). А. 1961 г. док. №30. С. 42-44.

[1] Бүкіл иелігімен бірге - Әбілқайыр ханға қарайтын Кіші жұз қазақтары туралы айтылып отыр.

[2] Грамота – қазакта құзырхат деңен мағына береді, әрі жарлықтық, әрі ақпараттық ресми мәні бар құжат.

[3] Құран көтеру – мұсылман дініндегі халықтардың ант беру рәсімін көрсетеді.

[4] Келісім шартқа қол қоюы қажет – 1722 жылы I-Петрдің Тевкелевке айтқаны: ... «Қазақ даласын отарлау ниеті Ресей империясына қалай келгендігі туралы Т. былай деп жазды: 1722 жылы үшпақты билік данқка лайықты патша ағзам Ұлы Петр хазыретлері жанында мен Персия жорығы кезінде құпия аға тілмәш болып едім. Сол жорықтан қайтып келген соң, патша ағзам хазыреті Ұлы Петр өзінің отаны орыс империясы үшін пайдалы бір тілек тіледі. Бұл тілегі көптен естіліп келе жатқан, бірақ бұл күнге дейін ешкім анық білмеген, қыргыз-қайсақ ордаларын Ресей қол астына қарата еді. Бұл тілекті орындау жұмысына мені коспақ болды – бұл ордалардың Ресейге бағынуына бар ижданатынды сал, миллионға дейін шығын болса да, тек бір жапырақ қағазбен Ресей империясына бағынатынын білдірсін, - деп маған тапсырды». Эдеб.: Разные бумаги генерал-майора Тевкелева ол Оренбургском крае и киргиз-кайсацких ордах // Временник Императорского Московского общества истории и древности Российских, Кн. 13. М., 1852;

1731 жылғы 26 тамыз

Әбілқайыр ханға барып қайтқан

**М. Тевкелевтің сыртқы істер алқасына жазған
баяннамасынан**

1731 жылы 30 сәуір күні мен сыртқы істер алқасының тапсырмасымен қазақ даласына, Әбілқайыр ханға патша ағзамның хатын алып жүріп кеттім. Қасымдағы қазақ елшілерімен бірге 4 шілде күні Уфа қаласына аман-есен жеттім.

Сол күні Уфа воеводасы Бутурлинге өз сапарым туралы патша жарлығын тапсырдым. Сол жарлық бойынша Бутурлин Уфа кенесінен 14 тамыз күні маған құзетке 10 солдат жіберді, құзетші-қорғаушы ретінде дворяндардан 10 адам, 10 казак, 30 башқұрт, көлік қажетіне екі жұз ат пен 10 түйе берді...

7 шілде күні маған башқұрт Алдарбай мен Әбілқайырдың адамы Мұхаммет қожа деген қазақ келіп жолықты. Мұхаммет қожаның немерес ағасы қазақ арасында аса беделді дінбасы болса керек, оны қазақтың барлық хандары мен ел ағалары ерекше құрмет тұтады деседі.

Сол қожаның айтуынша: қазақтың Әбілқайыр ханының ордасы Торғай және Ыргыз өзендерінің бойында, Уфадан салт атпен 5-6 апталық жерде көрінеді. Әбілқайырдың өзі Ресейдің қоластына енуге құштар болса керек. «Оның жанында көшіп жүрген басқа да хандар бар», деді.

8 шілде күні маған башқұрт Алдарбай келіп кетті. Сөз арасында мен одан: «Әбілқайырга бара жатқанымды біліп қойса, қазактар, басқа да халықтар мені жазым қылмай ма?», деп сыр тарттыйм.

Алдарбай: «Әрине, төзірек аттанған дұрыс, жолда бірдене болып қалса, Әбілқайыр хан «білмей қалдым» деп жүррер», деді.

Сондыктан, 9 шілде күні Алдарбай өзінің ұлын бізben бірге келе жатқан елшілердің бірі Рысбай деген қазаққа ертіп, Әбілқайырга жөнелтіп жіберді. Мен өз тарапымнан оларға өзіме сенімді башқұрт Қыдырас Моллақаевты [1] қостым. Ол Мәскеуде қазақ елшілерінің жанында бірге болған еді.

Мен Қыдырасқа: «Әбілқайырдың, басқа да қазақтың ел ағаларының сырын біл. Олар Құттымбет Қоштаевты жіберген кездегі ииетінен айнып қалған жоқ па, қазіргі ойы қандай?» деп тапсырма бердім. .

Бұл Қыдырас дегеніңіз Ресейге өте сенімді, сұнғыла жан.

14 шілде күні Әбілқайырдың елшісі Құттымбет Қоштаев маган: ол Мәскеуге жүріп кеткенен кейін, башқұрттар қазактарды бірнеше мэрте шауып, көп адамын тұтқындаپ, жылқысы мен түйесін қуып кеткенін айтты. Ал, қазактар башқұрттарға қарсы қарымта шабуыл жасамапты. «Сондықтан, башқұрттар жауап кеткен қазактар мен олардың малын босатып, алып қайтуым керек. Соған көмек бер», деді.

Мен оған: «Башқұрттар қолындағы тұтқын қазактар мен малды саған қайтарып бере қоймас, оның көп себебі бар», дедім.

«Біріншіден, оларды түгел жинап алуға кемінде 3-4 ай кетеді, жер шалғай. Екеуіміз Уфада едәүір бөгеліп қаламыз. Екіншіден, қазактар да башқұрттардың адамдары мен малын бермей отырған шығар. Демек, екі жақтың дауына біз арапаса алмаймыз. Сондықтан, Әбілқайыр хан мен басқа да хандар, қазактың ел агалары Ресейдің қоластына кіріп, ант берсін, содан кейін барлық дау-шар оңай шешіледі. Ресейге бодандыққа кіргенен кейін башқұрттар да қазаққа қарсы соғыс ашпайды, шаппайды, таламайды. Бұл жөнінде патша ағзам барлық башқұрттарға тиісті жарлық жіберетін болады», дедім.

22 тамыз күні қазақ даласына мен жіберген Қыдырас Моллақаев қайтып қелді. Қасында Әбілқайыр хан мен Батыр сұлтан [2] жіберген торт адам бар. Оларды бастап келген қазактың аты – Сүйіндік [3].

Қыдырастың айтуыша, қазақ елшілерінің менімен бірге Уфаға келіп жеткеніне Әбілқайыр хан қатты куаныпты. Өйткені, ол: «Ресей патшасы Әбілқайырды бодандыққа қабылдамай, жіберген елшілерін ұстап қалады», деп ойлаған екен. Оның үстіне башқұрттар қайта-қайта шабуылдан, елді талап кетіп отырған. Әбілқайыр, тіпті, башқұрттардың бұл қылығын «Ресей патшасының қазактарға қысым жасау үшін жасап отырған айласы емес пе?» деп те күдікtenetін көрінеді.

Қыдырас мұндай ойдың жалған екенін, Мәскеуде қазақ елшілерін жақсы қабылдап, сый-сияпатпен аттандырғанын, жолда ешқандай калада ұстамағанын, Қазанда бөгелген себебі – Тевкелевті күткенін, қаржыдан тапшылық көрмегенін айткан. Және де мұның бәрін Әблілқайырдың кісісі Рысбай да айтып жеткізетінін түсіндірген.

Оған қоса Қыдырас мынаны айтЫПТЫ: «Ресей патшасының Әбілқайыр ханға деген пейілі тұзу. Сондықтан, оны бодандыққа қабылдау үшін Тевкелевті арнайы жіберіп отыр. Осыған байланысты Әбілқайырдың елі қайтадан Ырғыз езені бойына көшуі керек». Әбілқайырға: «Ұлың Ңұралы сұлтан [4] мен күйеу балаң Батыр сұлтанды дайындал, Тевкелевті күрметпен қарсы алуға мың кісімен аттандыр», деп тапсырыпты.

Әбілқайыр хан өзінің Сүйіндік деген кісісі арқылы маган (Тевкелевке) өзінің мөрі басылып, қолы қойылған екі парак ақ қағаз беріп жіберіпті. Ол қағазға Тевкелев Әбілқайыр ханның атынан патша ағзамға адалдық сертін жазсын, сыртымнан не жазса да, келісемін, делті.

Оған коса, Сүйіндік маган Әбілқайыр ханның ауызша мына сәлемін де жеткізді: «Қазіргі кезде менің жиенім [5] Хиуда хандық құрып отыр. Ол да патша ағзамның қанатының астына кіргісі келеді. Сондай-ақ, Әбілқайырдың хатында жазылғандай, басқа да ел ағаларының осында үміті бар екен». Шынында Әбілқайырдың жазып жібергені мен ауызша сәлемі рас болса, Бұхараның ханы да, Хиуаның ханы да, басқа ел билеушілері де Ресейге бодан болуға дайын. Олар Әбілқайырға өздері келмейді екен де, өз аттарынан келісім жасауға және ант беруге елшілер жібермек, әрі мені Бұхара мен Хиуаға шақырғысы келетін көрінеді.

Мұндай жағдайда мен оларға баруым керек пе? әлде қол қойып, мөр басылған қағаздарымен арнайы елшілері маган келсін бе? Сөйтіп, оларға қол қойдырып, ант бергізіп, Әбілқайыр ханға растатып алайын ба?

Менің ойымша: Әбілқайыр ханға мен барған соң, Бұхара мен Хиуда хандарының Ресей қоластына кірмек ниетіне анық көзім жеткенше, Бұхараның Мәскеуге барған елшілерін еліне қайтармай тұра-тұру керек. Егер, ол елшілік Мәскеуден қайта аттанып кеткен болса, оны Астраханда ұстап калу керек. Өйткені, елші өз еліне келген соң, басқадай теріс әнгіме шығарып, Ресей бодандығына өту мәселесінің берекесін кетіріп, кедергі жасауы мүмкін.

Ал, мен (Тевкелев) Әбілқайыр ханға барғаннан кейін, жағдайды толық біліп, сыртқы істер мемлекеттік алқасына жедел жазбаша хабар беремін.

Ресейге қаншалыкты тиімді болатын-болмайтынына көзім жеткенше, басқа билеушілерді бодандыққа қабылдамаймын, ант алмаймын.

Бұқара мен Хиуда Әбілқайыр ханнан салт атпен 2-3 айтада баратын жерде. Сондықтан, жоғарыда қойған сұраптарыма тезірек жауап беріп, жарлық етсеңіздер екен. Сол үшін осындағы Уфа воеводы полковник Кошелевке сенімді екі башқұртты қалдырамын. Олар мемлекеттік алқаның жарлығын маган бұлжытпай, жедел жеткізетін болады.

Міне, мен, 26 тамыз күні Уфадан қазақ даласына аттанып барамын.

Мәмет Тевкелев.

Ресей империясы сыртқы саясатының мұрағаты. Қазақ істері қоры, 122-тізбе, 1731 жыл, д. б/н, 116-119 сырт пар.; Казахско-руssкие отношения в XYI-XVIII веках (Сборник документов и материалов). А. 1961 г. док. №32. С. 45-48.

[1] Қыдырас Моллақаев – Уфа уезі, Карагабын бولысының башқұрты, Ногай даругасының басшысы, тархан. 1731-32 ж.ж. А. И. Тевкелев елшілігінің құрамында болған. 1735-1740 жылдары башқұрт көтерілісін ұйымдастырушылар қатарынан, 1773 жылы Пугачев көтерілісін жактаушы ретінде көрінеді. Кейін, райынан кайтып, Ресейге қызмет еткен, марапатқа ие болған. 1740-ж.ж. Орынбор өлкесінің зерттеушісі Г. И. Рычковқа қазақ тарихы, оның ішінде, Хақназар ханның билігі кезіндегі оқиғалар жөнінде көптеген мағлұматтар берген. Қ. Моллақаев башқұрт халқында оқымысты, көрнекті тарихшы, этнограф-ғалым ретінде белгілі.

[2] Батыр сұлтан (т.ж.б. – 1771 ж.) Баһадүр сұлтан, Қайып ханың (1718 ж.е.) ұлы, Шыңғыс ханың ұлы Жошыдан тараған Жәдік сұлтанның ұрпағы. Бұхарада оқып, тәрбие алған. 1728 жылы біраз уақыт Хиуада хан болған. 1723-1729 ж. қазақ-жонғар соғыстарында шекті руының жасағын бастап, көзге түсken. Әбілқайырдың жиен қызын алған, күйеу баласы. Кіші жүздін шекті руын, кейін шөмекей руының біраз бөлігін билеген. Кейін Әбілқайырға саяси бақталас болып, құдасы Барақ сұлтанға қосылған. Әбілқайыр ханың қазасынан кейін, Нұралы ханды мойындағысы келмей, Кіші жұз тағынан үміттенген, тіпті әлімұлы руларының кейір тармағына өзін хан сайлатқан, бірақ Ресей әкімшілігі оны қолдамаған. 1771 жылы Сыр бойында қайтыс болды. Батыр сұлтанның ұлы Қайып 1747-1758 жылдары Хиуада хан болған. Әдеb.: Ерофеева И. Абулхаир – хан, полководец, политик. Алматы, 1999; Мәшімбаев С. Әбілқайыр хан. Астана, 2007; Казахско-руssкие отношения в XYI-XVIII веках: Сборник документов и материалов. А.-А., 1961; Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005. 31, 52-55, 57, 59, 60, 66, 347 беттер.. Ерофеева И. // «Қазақстан». Ұлттық энциклопедия., 1999 ж., 184 бет.; Қазақстан

тариҳы. Энциклопедиялық анықтамалық. «Аруна» баспасы, Алматы, 2006. 124-бет.

[3] Сүйіндік - батыр, қазақ елшісі, ұлты қарақалпак, Әбілқайыр ханның жауышы, жасауылы ретінде оның жауапты тапсырмаларын орындаған.

[4] Нұралы сұлтан - (... – 1790). Әбілқайырдың ұлken ұлы, Кіші жүздің ханы (1748-1786). Әкесі кайтыс болғаннан кейін Кіші жүздің билігін қолына алғып, хандықты нығайтуға күш салды. Еділ мен Жайық өз. аралығындағы жайылымдарды қазақтардың пайдалануына Ресей үкіметінен рұқсат алды. 1755 ж. башқұрт көтерілісін қүшпен басуға, 1771 ж. ата қонысына ауған Еділ қалмақтарының бетін кайтаруға қарулы жасақ шығарды. Ресей үкіметімен келіспей, отаршылдық нұсқауларды орындаған дербестікке ұмтылды. Патшалық тарапынан өзінің ішкі істеріне дәрекі араласуына байланысты 1770 ж. ол хан атағында қалдыратын екінші «патент» сұрады. Сырым Датов басқарған көтерілістің дүмпүімен Орынборға кетуге мәжбүр болды. 1786 ж. басында Екатерина II Нұралыны Тақтан тайдыру туралы жарлық шығарды. Өмірінің соңғы кезін Уфада өткізіп, сонда қайтыс болды. Абылаймен сыйласқан, жасы жағынан тұрғылас. Әдеб.: Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках: Сборник документов и материалов. А.-А., 1961; Қасымбаев Ж. Нұралы хан (1704-1790) // Отечественная история, 1998, №1.; Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005. 34, 53-56, 59, 65, 67, 80-83, 105, 164, 165, 168-174, 178, 177, 181, 183-186, 188, 191, 193-196, 198, 200, 225, 252, 258, 259, 260, 266, 271, 276, 279, 298, 299, 305, 306, 316, 317, 319, 331, 333, 334, 340, 347, 348, 351, 358, 381, 384, 401, 407, 412, 414, 415, 417, 420, 426, 427-429, 432 беттер.; Қазақстан тарихы. Энциклопедиялық анықтамалық. «Аруна» баспасы, Алматы, 2006. 606-бет.

[5] Жиенім - Батыр сұлтанның Әбілқайыр ханға жиен болып келетін ұлы Қайып (Қайыпжан) 1747-1758 жылдары Хиуада хан болған.

№ 15 1731 жылғы 3 қазан – 1733 жылғы 14 қантар аралығы

М. Тевкелевтің күнделік жазбаларынан

1731 жылғы 3 қазан күні тұсқи сағат екіде Ресей сыртқы істер мемлекеттік алқасынан жіберілген тілмәш Мәмет Тевкелев қасындағы қосшыларымен қазақ даласының Ыргыз өзені бойында отырған Әбілқайыр ханға аман-есен келіп жетті.

Одан бұрын Тевкелевтің алдынан Әбілқайыр ханның ұлы Нұралы сұлтан, арасында 29 ел ағасы бар, 200 кісімен шықкан болатын.

Тевкелев мінген көлікке 20 қадамдай калғанда Нұралы сұлтан, қосшыларымен аттан тұсіп, Тевкелевке жаяу келді. Мұны көрген Тевкелев те арбадан тұсіп, 5 қадам басып барып, Нұралыны қарсы алды, қазақ салтымен сәлемдесті, Нұралының экесінің, ел ағаларының, былайғы жұрттың амандық-саулығын сұрады.

Нұралы сұлтан тиісінше: «Қазақ елі аман-саяу, тыныштықта», деп жауап берді және Тевкелевті келуімен құттықтап, сапарының жайын білді. Экесі арнап жібергенін, жолдагы ұры-қарыдан сақтап, бастап апаратынын айтты.

Тевкелев оған разызық білдірді, Әбілқайыр ханға дейін енді қанша жол бар екенін сұрады. Нұралы үш күн жүріп келгенін айтты.

5 қазанда Ыргыз өзеніне жетіп, Мантөбе деген жерге келіп тоқтады.

Тевкелевтің келіп қалғанын естіген Әбілқайыр хан оны екі шақырымнан қарсы алуға бұйырған екен.

Ханның үйіне таяу жерде Тевкелевке арнап киіз үй тіктіріпті.

Тевкелевтің көліктерін - 200 ат пен 12 түйені малыштарға тапсырып бақтыруға бұйырды.

6 қазанда тұн ортасында Әбілқайыр хан Тевкелевке кісі жіберіп: «Тевкелев жасырын келе ме, әлде өзім барайын ба», деп хабар айтты.

Сөйтсе, қазактың елағалары алдын-ала Тевкелев жатқан үрге де, Әбілқайыр ханның сыртынан да жасырын күзет қойып, патша ағзамның грамотасы жарияланбай тұрып, екеуін жолықтырмадың амалын жасапты. Патшаның хатында не жазылғанын әуелі өздері біліп алмақ екен.

Тевкелевке екі башқұрт - Таймас батыр [1] мен Қыдырас жасырын келді.

Әбілқайыр Қыдырас арқылы Тевкелевке: «қазақша жұпның киініп, Әбілқайырга далада жолықсын», депті. Әйтпесе, үде оңаша жолығуымыз қыын болады, депті.

Мұны естіген Тевкелев Қыдырас пен Таймасқа еріп шығады. Хан оны жылы жұзбен қарсы алады. Амандық-саулықтан кейін, Әбілқайыр хан Тевкелевке сөз бастап: «Ресей карауына кіру туралы тілекті жеке өзім ғана білдіріп едім, басқа хандар мен ел ағаларының келісімі жоқ, сондықтан, бұл істің нәтижелі аяқталарына күдігім де бар», депті.

Тевкелев: «Басқа хандар мен сұлтандардың, қазақтың ел ағаларының келісімінсіз мұндай шаруаны бастауыңыздың себебі неде?» деп сұрапты.

Әбілқайыр: «Мен өз бетіммен, басқалардың келісімінсіз Ресей бодандығын сұрағаным рас, оның мынадай себептері бар», депті:

1. Ерте заманнан Әбілқайыр ханның ата-балалары және өзі де Ташкент, Түркістан және Сайрам қалаларын, сол айналады қалашықтар мен елді мекендерді билеп тұрган. Көп жылдан бері қоңтайшымен соғыс болды. «Бара-бара қоңтайшыға төтеп бере алмадым, әйелім мен өгей шешемді де [2] қоңтайшы тұтқындалап алып кетті. Міне, сондықтан, жогарыда атаптап қалаларды тасталап, көшипелі қазактар арасына кетуге мәжбүр болдым».

2. «Еділ қалмақтарымен, башқұрттармен және бұқаралыктармен соғысып келемін. Жан-жақтан жау қамап алды. Осы уақытқа дейін бұрынғы қалаларымды, өгей шешем мен әйелімді қоңтайшыдан құтқарып ала алмай келемін; Бұқара және Хиуа хандықтарымен тіл табысып едік, енді Еділ қалмақтары мен Орал башқұрттары тыныштық бермейді. Ал, қалмақтармен бүтін тату болсақ, ертең қақтығысып қаламыз. Башқұрттар патша ағзамнан пәрмен түспесе, бізben татуласатын емес».

Міне, сондықтан, ол (Әбілқайыр хан) арнайы елші жіберіп, патша ағзамның қамқорлығын (протекция) сұраған. Ондағы ойы -- Еділ қалмақтарымен және Орал башқұрттарымен тыныш көрішлікте тұрмак, сондай-ақ жонғар ханынан кек алуға қол созбақ.

3. Ресей патшасының қамқорлығында болмаса қалмақтың ханы Аюке де, башқұрттар да сыртқы жауларынан корғана алмас еді. Сондықтан, Әбілқайыр ханға да сондай қорған керек болып отыр.

Және де Әбілқайыр Тевкелевтен: «Бірден, аяқ астынан ант берсе қой», деп күштемеуді сұрады. «Бұлайша тізеге салу халыққа ұнамай қалуы мүмкін» екендігін ескертті. «Алдымен, көрнекті ел ағаларына

сый-сияпат жасап, жұмсартып алу керек. Сөйтіп, ел ағаларының беті бері қарайтын болса, басқа қазақ ешкайда кетпейді», деді.

Әбілқайыр Тевкелевке мына жайды қайта-қайта айтып ескертті: «Әрине, ел ағаларына сыйлық бересін-ау, бірақ бұл қазақ деген тентек халықты бірден қолға түсіру мүмкін емес, тұз тағысын ұстағандай, еппен ғана әрекет жасау керек».

Тевкелев: «Мәскеуге жіберген елшілеріңіз «Әбілқайыр хан бүкіл халқымен бірге Ресей қоластына кіргісі келіп отыр», деп өтірік айтқан еken ғой, мұндағы жағдай мынадай, сіз өз атыңыдан жалғыз ғана сұрапсызыз», деді.

Әбілқайыр хан: «Иә, бүкіл казақтың ел ағалары мен халқы сондай тілек білдіріп отыр», деп ауызша айтуды елшілерге тапсырған мен едім. Өйтпесем, Мәскеуге елшілерді тек мен ғана жібердім десем, патша ағзам сені, Тевкелевті маған жұмсамас еді ғой. Ал, енді қазір барлық күшті салып, қазақтарды патша ағзамның қоластына кіргізуге, сөйтіп Ресейге адал қызмет етуге тырысамыз. Мен елімнің салт-дәстүрін жақсы білемін және де мен, Әбілқайыр хан, басқа хандар мен сұлтандардан артықпын».

Тевкелев: «Егер басқалар бұған көнбесе, Ресейдің қоластына кіруден бас тартса, менің өміріме қауіп төнбей мे?»

Әбілқайыр хан: «Көрнекті ел ағаларына сый-сияпат жасап, ырза қылсан, ешқандай қауіп жоқ, оларды Ресей бодандығына енгізу оңай болады».

Тевкелев: «Патша ағзамның грамотасын қашан қабылдап аласыз», деп сұрады.

Әбілқайыр хан: «Өз жағының белгілі ел ағаларымен ақылдасып алдып, тиісті хабарын беретінін айтты.

Тұн ортасы ауғаннан кейін, сағат 5-ке кеткенде Тевкелев ханмен қоштасып, Таймасты ертіп жатын орнына келді, ал Қыдырас Моллақаев Әбілқайыр ханды үйіне алдып кетті.

Қыдырас Әбілқайырды киіз үйіне шығарып салып, қайтып келе жатқанда, оны жасырын күзетте тұрган қазактар ұстап алышты да, «Тевкелевті Әбілқайыр ханға жолықтырып келесің бе?» деп сұрапты.

Қыдырас: «Ханның ас үйіне барып, ет жеп келе жатырмын, ханды да, Тевкелевті де көргемін жоқ», деп шынын айтпай қойған еken, күзетшілер Қыдырастың қол аяғын байлап тастапты. Таңертең Қыдырасты ел ағаларының алдына сүйреп әкеліп, өлтіреміз деп коркытып, шынын айтқызыбақ болыпты.

Қыдырас: «ет жеуғе ғана бардым, ешкімді көргемін жоқ, ештене білмеймін», дегенінен танбапты.

Содан кейін Қыдырасты босатып, Тевкелевке жіберіпті:

Ертеңінде, 7 қазан күні, Әбілқайыр хан Тевкелевке жасырын кісі жұмсағ: «Тевкелев әкелген маталарды, тагы басқа бұйымдарды түгелдей тезірек беріп жіберсін, ел ағаларына таратамын», деп хабар айттыпты.

Тевкелев ханның жіберген кісісіне: «Әзірше, хан ант бермей тұрып сыйлықтарды да, басқа белгілерді де бермеймін», деп қайтарыпты.

Әбілқайыр хан кісісін Тевкелевке қайта жіберіпті: «Егер Тевкелев ханға тауарларды тез жібермесе, ханға да, Тевкелевке де үлкен қауіп төніп тұр», деп хабар айттыпты.

Мұны естіген Тевкелев: «Патшаның грамотасы мен сыйлықтарын бірге беріп жіберемін», деп еріксіз уәде беруге мәжбүр болыпты.

Ханның кісісі қайтып кеткен соң, Тевкелевке қазақтың ел ағаларынан өкіл келіп, Тевкелевті патшаның грамотасымен, Әбілқайыр ханға шақыра келгенін айттыпты.

Сол 7 қазан күні, тұнгі сағат 10-да Тевкелев сыйлықтар мен грамотаны алғып, Әбілқайыр ханға қарай жүреді. Хан үйіне таяп қалғанда, оны төрт жасауыл қарсы алғып, хан үйінің есігінде екі ел ағасы күтіп алғып, Әбілқайыр ханның киіз үйіне алғып кіреді.

Тевкелев ханға патшаның грамотасын ұсынады.

Әбілқайыр хан да, жанындағы ел ағалары да орнынан тұрады, хан грамотаны қолына алады.

Хан Тевкелевті өзінің сол жақ қапталына қарай алдына отырғызды.

Тевкелев сөйлей бастайды: «Біздің ұлы мәртебелі патшамыз Анна Иоанқызына Сіз, Әбілқайыр хан, өз елшілеріңіз Құттымбет Коштаев пен Сейіткүл Құдайқұловты хатпен жіберіп, өзінді бүкіл иелігіңмен Ресей қоластына бодандыққа қабылдауды сұраған екенсіз, біздің патшамыз тілегіңізді қабыл алды», - дейді.

Ал, ханның елшілері арқылы жіберілген екінші грамота туралы Тевкелев айтқан жоқ, себебі онда жазылғандарды естісе, қазақтарға ұнамай қалып, олар екі ойлы болып толқып кетуі мүмкін еди.

Сол үшін Тевкелев, өзін патша ағзам арнайы жібергенін айтты. Және де патшаның ауызша айтқанын жеткізді: «Қазақтар біздің қарауымызда болса, барлық жақсылықты жасаймыз», деп сендерді. «Сендер де өз уағдаларында тұрып, адалдық танытуларың керек», деді.

Отыргандар ләм-мим деген жоқ, тек Тевкелевтің өз үйіне бара тұруын, кейінірек келуі керектігін айтты.

Тевкелев кетіп қалғаннан кейін, ханның үйінде қалған қазактардың ел ағалары сыйлықтарды ортага жайып, бөле бастайды. Содан кейін Тевкелевті өлтіріп, заттарын тонап, адамдарын таратып алмақ болады.

Осы айтай-шудың арасында: «осында келген башқұрттарды қырып тастайық», деген сөз шығады. Мұны естіген бір башқұрт Тевкелевке хабарлайды. Тевкелев Алдарбай Исеекеев, Таймас Шайымов, Құсеміс Бекхожин, Оразай Обозинов, Қыдырас, Шима батыр Қалтышаков және Әтжан Разманқұлов сиякты керекті башқұрттарды өзіне шақырып алып, жағдайды айтады. Қазақ елбасыларының қастық ниетінен қалай аман қалудың жолын қарастырады. Ақылдаса келіп: «Осы жақта Бөкенбай батыр [3] деген бар, оның күйеу баласы Есет батыр [4], немере інісі Құдайназар [5] мырза мұндагы барлық ел ағаларынан ерек, күш-куаты мол, бай, беделді адамдар. Соларды шақыртып сый-құрмет көрсету керек. Тевкелевті бір сактаса, солар сактайды. Ал, егер олар көнбесе, өлгеннен басқамыз жоқ», деседі.

Тевкелев Әблілқайыр ханға кісі жіберіп, қазақ ел ағаларының қастық ниетін хабарлайды, оларға тыйым салуды сұрайды.

Әблілқайыр хан Тевкелевтің жіберген кісісіне: «Тевкелев өз тарапынан Бөкенбай батырды іздетіп жіберіпті ғой, эрине, Бөкенбай батырдың сөзі қазактың барлық ел ағаларына жүреді, бірақ хан өзі құдікке ұшырап қалам ба деп, батыл сөйлесе алмады», дейді. Тевкелев өз көмекшілерінің бірі Таймасты Бөкенбайға жібереді, өйткені, ол екеуі бұрыннан таныс болатын. Таймас Бөкенбайды Тевкелевке ертіп келеді.

Тевкелев Бөкенбайға барлық жағдайды баяндайды. «Патша ағзамның атынан келіп отырган адамға қастық жасап, жазықсыз жанын қиятын болса, Ресей империясының ештеңесі де кетпейді, бірақ қазақ халқы патша ағзамның кәріне қалары сөзсіз. Қазактар орыстың әскері түгілі, Ресей қарамағындағы қалмақтар мен башқұрттардың шағын әскерінің өзінен қашып құтыла алмайды. Тевкелев жазым болса, патша ағзам кешірмейді. Қазактар Ресейдің камкорлығында болғысы келсе, Тевкелевке тиіспей, сый-сияппен аттандыруы керек», дейді.

Бөкенбай батыр: «Хиуа ханы князь Черкасскийді өлтіріп тастап еді, күнін жоқтаған ешкім болмады ғой», деді.

Тевкелев: «Хиуалықтар Бековичке де зұлымдық көрсетті, дүнне жүзінде елшілерді, елшілікке келген адамдарды өлтіру деген жок, бұл адамшылыққа жатпайды. Ал, енді олар үшін Ресейдің кек алмай отырған себебі, Ұлы Петр Швециямен соғыс бастап кеткен еді, одан кейін Персияға жорық басталды, міне осы жорықтан ораған соң, патша ағзам жазықтылардың сазайын тартқызады,- деді. -1726 жылы Хиуа ханы кешірім өтініп, Ресейге өкілдік жіберген. Тіпті осындаі қылмысы болса да Хиуа елшілерін Ресей үкіметі жақсы қабылдап, ешқандай зиян келтірмей, аман қайтарған. Ал, Ресей империясы кек аламын десе, соғыс ашып жіберуі де киын емес. «Елшілерді шаптайтын да, қамамайды» деген сөз ертеден мәлім. Яғни, ізгі ниетті адамдар елшілерге жаулық жасамайды, арам пиғыл адамдарға наға зәбір көрсетеді».

Тевкелев өзін қалай да корғауды сұрап, Бекенбай батырға жалынды. Қазақтар Ресейге қараган соң, оның адап қызметі лайықты бағаланатынын, оның өзін, қүйеу баласы мен немере інісін патша әкімшілігі арқылы маратпаттауға уағда берді. «Жақсылыққа - жақсылық, жамандыққа – жамандық», деді.

Бекенбай батыр Тевкелевтің айтқандарына көнді. Оны қазактардың қастандығынан қорғауга, қазақтарды тыныштандырып, Ресей қоластына енгізуге көмек беретінін айтты. Дәл осы тұста Тевкелев Бекенбай батыр, қүйеу баласы және немере інісі Ресей қарауына кіруі керектігін, сонда оларға деген сенім де артатынын, сол үшін Бекенбай батырға 500 руб. тауарын беретінін айтты.

Бекенбай батыр тауарды алмайтынын, онсыз да қызмет көрсететінін сездірді. «Егер мен сенен тауар алсам, патша үшін емес, ақша үшін қызмет еткен боламын, бұлайша алған жақсы аттың маған керегі жок», деп Тевкелевті сендірді де, Бекенбай батыр аттанып кетті.

Тілмәш Тевкелев Бекенбайдың бұл қылышына да, тым сендеріп айтқан уағдасына да құдіктеніп қалды. «Басқа қазақтар көзіне көрінгенді тойымсыздықпен талап алып жатқанда, бұл неге жалғыз өзі сыйлықтан бас тарта қалды? Белгісіз бір саясатпен, Тевкелевті алдарқатып кеткен жоқ па?» деген ой келді.

9 қазан күні Тевкелев, қазақтардың дүрлігуінен және өзіне тәнген қауіптен сескеніп, бәрін қырып тастамасын деген оймен: конвойдың 5 адамын, 5 қазақ пен 100 башқұртты, оларға осындағы тұтқыннан босаған жайық казагы Яков Болдырьді қосып, Уфа воеводына хат жазып, қайтарып жіберді.

Олар аттанып кеткен соң кешінде, Тевкелевке Бекенбай батыр келіп, ертең таңтерең казактар кеңеске жиналады, оған Тевкелев те шақырылады, сол жыныда Тевкелев батылырақ сейлеп, сұрактарға бекем жауап беруге тиіс, ал, Бекенбай батыр, өз тараапынан Тевкелевті ешқандай зәбір-жапаға бермейтінін айтты.

Тевкелев әлі де ішкі құдігінен арылмай, Бекенбай батырға: «Осы жерде жасырын ант берсөн, патша ағзамға адалдығың жөнінде сенімім бекі түсер еді», деп ұсыныс жасады. Бекенбай батыр ант берді, Ресей патшасына әрқашан адал болатынына сендірді.

10 қазан күні Әблілқайыр ханның алдында қазактың ел ағалары бас қосқан жынын болды. Онда ел ағалары қатты ашу-ызамен Тевкелевтің қазақ даласына неге келген себебін зекіп сұрады.

Тевкелев патшаның арнайы тапсырмасымен, Әблілқайыр ханның сұрауымен келгенін, өзіне жүктелген міндеттерді айтты (жоғарыдағылар қайталанады.—3.Т.).

Мұны естіген қазақ ел ағаларының біреуі Әблілқайыр ханға қарап: «Сен, біздің, ел ағаларының келісімімсіз Ресейге бодан болуды неге сұрадың, не себептен алдымызды орап, бізді бетеннің қанжығасына байлаң бердің. Багзы замандардан бері хан ел ағаларымен кенеспей ештеңе іstemеген, біз сенің көзінді жоямыз», деді.

Әблілқайыр: «Бұлай істеген себебім, менің хан деген атымғана, қарауымдағы жұртқа билігім жоқ, өңшең малдың арасында жүргендеймін; атына иелігі бар адам, астындағы атын сактайды, күтеді. Ал, далада иесіз жүрген атты әркім бір қорлап, ұрады, акыры ит-құсқа жем болады. Мына жағдайда мен сондаймын, корғанышым жоқ, сондыктан, құдіреті құшті Ресей патшасының қарауына кіргім келді, көрінгенге колжаулық болғанша, орыстардың қолынан өлгенім жақсы», деді.

Бұдан кейін жаңағы ел ағасы, катуланып Тевкелевке былай деді: «Біз ханға мұндай кеңес бергеніміз жоқ. Ал, елші жіберсек, Ресеймен бейбіт қатар көрші болайық, деген ұсыныспен жібергенібіз. Бірақ, Ресейдің қарауына кіріп, бодан болмаймыз. Ал, сен Тевкелев, мұнда қазактың әскер қуатының жайын көріп-біліп аласың, еліңе барған соң, Ресей бізге қарсы соғыс ашпақ, біз сені тірі жібермейміз», деді.

Тевкелев: «Ресей дегеніміз алып күшті мемлекет, сендер сиякты жабайы халықпен тату тұруға мұқтаж да емес. Ресей империясы қазактардан ешқандай қауіп күтіп отырған жоқ. Және қазактарды

қажетсінбейді де. Ал, сендерге, қазақтарға Ресейдің қол астындағы халықтардан қауіп көп. Атап айтқанда:

Біріншіден, қалмақтардан;
Екінші, башқұрттардан;
Үшінші, Сібірдегі қалмақтардан;
Төртінші, Жайық казактарынан.

Қазақтар, сендер солардан күнде таяқ жеп, талауға ұшырап отырындар.

Егер, Ресей қоластына кіргілерің келмесе, мен бейбіт көршілік шарт жасамаймын, сейтіп, Ресейдің абырайына дақ түсіре алмаймын және будан кейін «Ресейге бодан болындар», деп ұсыныс жасамаймын. Сендерге қарап отырсам, үміт күтуге болмайды еken, Ресейге сендер жақсылық әкелмейсіндер. Сендер түгілі, Ресейдің қарауына талай-талай патшалар мен хандар, княздар бодан болып отыр: бірінші - грузин патшасы, екінші - қалмақтың ханы, үшінші - мұғал ханы Әлиқұл, төртінші - қалмақтың Усмей ханы, сондай-ақ кабарда, кұмық, тер, барагун, ақсай княздары. Ал, кімде-кім бодандықты қабылдамаса өз еркі».

Кенеске қатысуышылар арасынан бірінші болып Бекенбай батыр сөз бастады:

«Мен Әблқайыр хан екеуіміз Ресейге бодан боламыз, ант береміз. Жанағана мен де ант бердім», деді Әблқайыр ханға қарап.

Әблқайыр колына құран ұстап ант берді. Одан кейін Бекенбай батыр, одан кейін оның қүйеу баласы Есет батыр, інісі Құдайназар мырза. Олардан кейін көрнекті ел ағаларынан 27 адам ант берді. Тевкелев оларға 110 руб 60 тыынның тауарын үлестірді.

Ел ағаларының басым көпшілігі ант берген жок, сес көрсетіп, карсылық билдірді. Тевкелев өз үйіне кетті.

10 қазанда бодандыққа қарсы жақ көбейе бастады, күн сайын Тевкелевті өлтіреміз деп, корқыта берді...

15 қазан күні Әблқайыр хан тілмәш Тевкелевке кісі жіберіп, одан: қарсы жақтың ел ағаларын тыныштандырып, ашу-ызызының бетін қайтару үшін мына тауарларды: 60 аршын әртүсті шұға, 50 аршын кармазин шұға [6], 20 құндыз, 40 ақ тиін, 20 кесек қызыл құрым былғары, 5 бума жеті ландық қамқа [7], 5 қаратулкі, үш бума қытай матасын жіберуді сұрапты.

Тевкелев: «Мұндай мөлшерде тауарым жоқ, сондықтан бере алмаймын», деді.

17 қазан. Тевкелевке Бөкенбай батыр келіп: «Қазақтардың өлтіремін дегенінен қорықпа, ештене де болмайды», деп жұбатты. Оларды сабасына түсіретінін айтты. Тілмәш Тевкелев оған алғысын үйіп-төгіп, амандық болса ақтайтынын, бұдан былай да патша ағзамға қызмет етуін сұрады. «Қазақтардың өлтіреміз дегенінен қорықпаймын, бір құдайдың жазғаны болады,- деді. - Егер жазықсыз мерт қылатын болса, Ресей патшасы Тевкелевтің басын жоқтаусыз қалдырымайды, қарсы жақтың қазақтарын патшаның бүйріғымен қалмақтар мен башқұрттардың өзі-ақ талқандайды», деді.

18 қазан. Бөкенбай Тевкелевті қалдырып, өз ауылына қайтып кетті. Ресей қоластына кіруге қарсы болған қазақтардың саны күн сайын көбейе берді. Күндіз-түні айқай-шу шығарып, Тевкелевтің жатқан жеріне ұмтылды. Оның бірнеше атын да күп әкетті. Тевкелевтің тіккізген үйі ханның үйіне таяу еді. Сондықтан, Тевкелевке қауіп төнгенде, ханның адамдары дереу келіп, араша түсіп отырды. Әбілқайыр хан өзі де келді. Бірақ, халықтың Тевкелевке деген өшпенділігі қүшейіп бара жатканы көрініп тұрды. Күн сайын Тевкелевтің аттары мен түйелерін тартып әкетіп, әйтеур, оған көп зиян келтіріп-ақ бақты.

20 қазан күні Әбілқайыр хан Тевкелевтен 15 қазан күні айтылған тауарларды беріп жіберсін, деп хабар айттыпты. «Егер тауарларды бермесе, Тевкелевке қауіпті болады», депті. Тіпті, Әбілқайыр: «Тевкелев тауарларды өз еркімен бермейтін болса, жасақ жіберіп қүшпен тартып аламын. Оныма патша ағзам ренжімейді. Осының бәрін Ресей патшасының мұддесі үшін істеп отырмын», депті.

Тевкелев ханның айтқанына еріксіз көнді: «Әбілқайыр ханды бұрынғы уағдасынан айнытып алармын» деп те сескенді. Аталған тауарларды Таймас арқылы жіберді. Шынында, егер хан бұрынғы ниетінен айнып қалса, Тевкелев аман болmas еді. Қазақтар әрбір тұн сайын Тевкелевтің 5-6 атын тартып әкетіп отырды. Әбілқайыр хан мұндай ұрылардың екеуін қолға түсіріп, сабатып жазалап, кісендетіп тастанды.

22[°] қазан. Түстен кейін, сағат 6 шамасында Әбілқайыр ханың бір қызметшісі келіп, «жаппас Баймұрат [8] деген ел ағасы Тевкелевті шапқалы отыр, мал-мұлқін талап, өзін өлтірмек» деген хабар әкелді. Себебі, Әбілқайыр олардың екі кісісін кісендеп, жібермей отыр және де мұны Тевкелев үшін істеді, деп өшіккен. Сол сәтінде Әбілқайыр хан Тевкелевке келіп акылдасты.

Әбілқайыр хан: «Бөкенбай батырды шақыртуға жер шалғай. Кемінде үш күн кетеді. Мен оны шақыртуға кісі жіберермін-ау, бірақ ол тез келе алмайды», деді де Бөкенбай батырга кісі шаптырды.

Кешке қарай, сағат 9 шамасында бодандыққа қарсы топтың басшысы Баймұрат көп кісімен келіп, Әбілқайыр ханға және Тевкелевке шабуыл бастады. Тевкелев өз адамдарынан бөлініп қалған еді. Баймұрат, әсіресе, Тевкелевке қаһар төкті.

Тевкелев өзіне анық қауіп тәнгенін сезіп, еріп келген Ресей адамдарын қасына шақырып, оларды жігерлендірді: «Патша ағзам үшін, Ресей үшін өлеміз, бірақ тірідей қорлыққа берілмейміз», деп шоқынып алып, қорғаныс үйымдастырыды.

Баймұраттың түн ортасына дейін ханға толассыз қысым жасағаны соңшалық, Әбілқайыр хан олардың екі кісісін кісенін босатып, кайтаруға мәжбүр болды. Өзінің екі кісісін аман алған соң, Баймұрат қайтып кетті, Тевкелевтің 15 атын тартып әкетті.

Осыдан кейін Тевкелев қатты сақтанды. Ханың жанынан шыққан жоқ. Тевкелевтің қасында Уфа көпесі Иван Кормщиков болған еді. Осы Кормщиков жағдайдың қындағанын көріп, қалған тауарларын жинап, бірнеше башқұртты ертіп, жасырын Уфага жүріп кетті. Тевкелев қазактардың тұтқынында болып, босаған Осип Дорофеевті оған қосып жіберді, ешқандай құпия хат жазған жоқ.

3 қараша күні Тевкелевтің адамдарына бодандыққа қарсы топтың қазақтары тағы шабуыл жасады. Таң атқанша киян-кескі ұрыс болды. Башқұрттар қазақтың бір ел ағасын өлтірді. Қазақтар Тевкелевтің жеке басына онша ештеңе істей алмады, 17 аты мен 3 түйесін тартып әкетті.

5 қарашада Бөкенбай батыр жасағымен Тевкелевке көмекке келді. Жанында інісі Құдайназар мырза бар. Батыр Тевкелевке: «Қасық қаным қалғанша соғыссам да, сені бермеймін, антымнан таймаймын, патша ағзамға адалмын», деді. Бөкенбай мен Құдайназарға Тевкелев осынау қызметі үшін риза болып, 90 руб. түрлі тауарлар беріп, разы етті.

8 қарашада Әбілқайыр хан, Бөкенбай батыр інісімен, Қара батыр [9] інілерімен Тевкелевтің үйінде тұскі аста дастархандас болды. Әбілқайыр хан мен батырлар Тевкелевті жұбатты. «Патша ағзам үшін бәрін де істейміз, саған ешкім тимейді, қарсы жакты тыныштандырамыз», деді.

Тевкелев: «Мен патша ағзамның еркімен, Әбілқайыр ханының шақыруымен келгендін. Ресей патшасы сендерді бодан бол, деп өзі сұраған жоқ. Тілектерін адал болса, қабылдайды. Бір сөзben айтқанда

- патша ағзам өзі тіленіп келгендерді қанатының астына алады, келмегендеріне жалынбайды», деді.

Әблілқайыр хан: «Бүкіл қазак ордасы бодандыққа карсы болып, мені өлтіремін десе де, алған бетімнен қайтпаймын», деді.

10 қараша. Бөкенбай батыр Тевкелевке келді. «Қарсы жақ көнетін емес, соғысып, ештеңе тындыра алмаймыз. Осынау тентек халықтың китығына тимей, жұмсақ сөзбен жылы сейлемесе, болмайды», деді. Тевкелев: «солай істеңіз», деді. Бөкенбай батыр қайтып кетті.

11 қараша күні түстен кейін, сағат екілер шамасында, Әблілқайыр хан Тевкелевке келіп, сағат сегізге дейін көп әңгімелесті. Сөз арасында Әблілқайыр хан: «Егер мен қазақтарды тыныштандыра алмасам, қазақтар маған өшігеді. Соңда патша ағзам мені аман сақтап қала ала ма, немесе қазақтарды қүшпен Ресейдің қоластына қарату үшін патша ағзам маган көмекке әскер бере ме?» деп сұрады.

Оған Тевкелев жауап берді: «Қазақ даласы Ресейдің кол астына кіrmесе де, Ресейге жаулық ойласа да, Әблілқайыр хан патша ағзамының қарауында, қамқорлығында болады. Яғни, хан Ресей патшасына шын ниетімен қызмет еткісі келетінін дәлелдесе, Ресей императрицасы оны жауаларынан корғап кана қоймайды, ханның өзі де, балалары да патша ағзамының мейіріне бөлөнеді».

Әблілқайыр хан Тевкелевтің бұл сөздеріне қатты қуанды және «Ұлы мәртебелі патша ағзамының еркі үшін жаңымды беремін, өйткені өзім өліп кетсем де, балаларым далада қалмайтын болса, мұндай қайырымды патшага адал қызмет етпей, не көрініпті...» дегенді айтты.

13 қарашада хан ордасы Арап тенізінің жағасына көшіп барды, Тевкелевтің көш-керуені де хан ордасымен бірге болды. Әблілқайыр хан құс салып, аң аулауга шықты, қасына Тевкелевті өртіп алды. Әблілқайыр хан саятшылық қызығымен тенізге қарай 5 шақырымдай шауып, Тевкелевтен алысталп кеткен еді. Осы мезетте ханға карсы топтың ел ағасы Сырлыбай, жанындағы көп адамымен Тевкелевтің көзін жоюға немесе тірідей қолға түсіруге ұмтылды. Тевкелев, бұлардың өзіне қарай шауып келе жатқанын байқап, өзіне қастық жасалуы мүмкін екендігін жанындағы башқұрттарға айтты. Тевкелевтің қасында садақты он башқұрт, Бөкенбай батырдың мылтыкты алты адамы және Уфаның екі казагы бар еді. Башқұрттар Тевкелевке өз керуеніне қарай қашуға кеңес берді. Өйткені, олардың ойынша, «Тевкелев тірі болса, башқұрттар да аман қалады, ал Тевкелев сиякты басшы командирі жазым болса, башқұрттар тірі болмайды. Мына шағын қүшпен Тевкелев қазақтарға карсы тұра

алмайды». Бұл ақылды тыңдаған Тевкелев, қасына екі Уфа казагын және бір башқұртты алып, алты шақырым жердегі керуеніне қарай шауып кетті.

Мұны көріп қалған қазактар Тевкелевтің сонына түсті. Тевкелевтің башқұрттары құғынға қарсы шауып, қазактарды тоқтатпак болды. Осы екі ортада Тевкелев өз керуеніне таяп қалды. Башқұрттар мен қазақтар айқаса соғысты. Енді болмаса, қазақтар башқұрттарды жеңетін еді, керуеніне барып жеткен Тевкелев көмекке өз башқұрттарын жұмсады. Олар келіп жеткенше, қазақтар башқұрт ел ағаларының ішінде беделдісі Таймас Шайымовты ұстап қалып, басқа башқұрттарды босатты. Тевкелевтің көмекке жұмсаған башқұрттары қазақтардан Таймасты құтқарып ала алмады. Қазақтар оны өзімен бірге алып кетті.

14 қараша күні Тевкелев Ресей бодандығына наразы қазақтарға жансыз ретінде Нияз сұлтанды [10] жасырын жіберіп, олардың катары көбейген-көбеймегенін, Таймасқа не істегенін білуді тапсырды. Нияз сұлтан тапсырманы орындал, Таймасқа жолығып, дұрыс хабар әкелетін болса деп, Тевкелев оған 12 руб. тауарын берді және тағы да сыйлық бере алатынын айтты.

15 қараша күні Бекенбай батыр, күйеу баласымен және інісімен, сондай-ақ, Тевкелевке ниеттес басқа да ел ағалары келіп, ханды ортага алып, Ресей қоластына қарауға қарсы шығып жатқан қазақтарға не шара жасауға болатынын ақылдасты. Бекенбай батыр: «Оларға жайымен барып, түсіндіру керек, башқұрт Таймасты босатсын, Тевкелевтің елшілігіне қастық пигылдан тартынысын», деген пікір айтты.

16 қараша күні Бекенбай батыр өзінің інісі Құдайназар мырзаны наразы қазақтарға келіссөзге жіберіп, «башқұрт Таймасты босатсын, теріс пигылдан тартынысын», деп сәлем айтты.

18 қараша күні Тевкелевтің жіберген жансызы Нияз сұлтан қайтып келді. Ол Таймастың тірі екендігін, бірақ қатты таяқ жегенін, тірі қалар-қалмасы белгісіз екенін айттып келді. Қарсы жақтың қазақтары ұстемелеп көбеюде, алған пікірінен қайтқысы жоқ. Олардың ойы – Тевкелевті өлтіріп, адамдарын тұтқынға алу, мал-мұлкін талау. Сонымен бірге, Уфа уезінің башқұрттарына қарулы қол жіберіп шапкызбақ, жылқыларын айдал алдырмақ. Нияз сұлтанның аузынан мұндай қаһарлы хабарды естіген Тевкелев басына тәнген қауілтеп қатты сескенді, бір құдайға ғана сенди.

19 қараша күні Әбілқайыр хан тілмәш Тевкелевке кісі жұмсап, оған: «Қалған барлық мұлікті беріп жіберсін, ештеңе қалдырmasын», деп сәлем айтыпты. Мұны естіген Тевкелев бұрынғыдан бетер үрейленді. Яғни, «Әбілқайыр хан Тевкелевтің дүшпандарымен косылып, құлық жасап отыр, енді өлгеннен басқам қалған жоқ», деп ойлады.

Осыдан кейін Тевкелев өзіне башқұрттың тәуір кісілері: Алдарбайды, Шиманы, батыр Қожаш Рахманқұловты, Қыдырас Моллақаевты шақырып, ақылдасты. «Ханның да пиғылы теріс екен, мені тонап алмақ», деді. Бұған башқұрттар: «Тауарларды бермейік, тартып аламын десе, өле-өлгенше соғысайық», десті. Бірақ, Тевкелев: «Әзірше ханмен жауласпайық, оның не ойы бар екенін анық білмейміз. Сылтау айтып, уақытты созайық, Бекенбай батырдың келуін қүтейік. Ал, жанжалға барсақ, кісі өлімі болады, оның аяғы тіпті асқынып кетеді», деді. Бәрі осы мәмлеке келді де, ханның жіберген адамдарына Тевкелев: «Менің ықтиярымсыз мұлкімді сұратуы дұрыс емес, мені алдағысы келеді. Сондықтан, ханға мұліктерді бере алмаймын», деді.

Мұны естіген ханның адамдары қайтып кетті. Хан өз кісілерін Тевкелевке екінші рет жіберді. Қарсы жақтың ойы: ханды да, Тевкелевті де өлтіріп, кісілерін тұтқындал, мал-мұлқін талап алмақ. Ал, ханның өзі Тевкелевтің мұлкіне қызығып отырған жоқ, бағалы заттарды шамасы келгенінше қарсы жақты тыныштандыруға жұмсамак. «Дүниe-мұлік табылар, кісі өлсе – қайта тірілмейді», деп сәлем айтыпты.

Тевкелев бұдан әрі қарсылық қылмастан, екі сандық пен екі тай матаны, барлық күны 867 руб. 15 тиынның тауарын ханға беріп жіберді.

20 қараша күні таңертен Әбілқайыр хан кісі жіберіп, Тевкелевті шақыртыпты. Башқұрттар жиналып Тевкелевке кенес берді: «Ханға баруың қауілті, кеше мұліктерінді алды, бүгін өзіңнің көзінді жоймақ», деді. Осылайша, башқұрттар Тевкелевті ханға жібергісі келмеді.*

Тевкелев мынадай пікір білдірді: «Егер хан менің көзімді жоямын десе, жасырын да, ел алдында да өлтіреді, менің тағдырым оның қолында. Ал, бармай қалсам, ол күдік алып, ренжиді, Тевкелев тауарлар үшін кейіп отыр, деп ойлады. Сондықтан, мұлік-маталар үшін ешбір реніш білдірмеген болып, ханның алдына баруым керек» деді де, ханға келді.

Әбілқайыр хан Тевкелевті алдына отырғызып қойып, әңгіме бастады. Тевкелев ханға сандықтағы мұлік жөнінде ештеңе айтқан жоқ. Хан өзі айтады деп күтсе керек, керісінше, Тевкелев ренішін жасырып, ақжарқын отырды. Хан сөз бастады: «Мұлікті алдырган себебім – оларды қарсы жақтың тәуір адамдарына сыйламақ едім, сондықтан ренжіменіз», деді. Тевкелев: «Патша ағзамның мүддесі үшін жұмсалған мұлікке өкінбеймін, тек хан өзі ақ патшага берген антына адап болса екен. Ал, хан сөзінде тұрмаса, аяғы жақсы болмайды», деді. Тевкелевтің мұлік үшін ренжіменегін көріп, ханың қенілі орнына түсті. Осылайша, Тевкелев пен Әбілқайыр хан түсінісп тарады. Біраздан кейін, хан Тевкелевке оның иеміс киімін ғана қайтарып, қалған тауарлар мен татар киімдерін бермей қалды.

21 қараша күні Тевкелевке Құдайназар мырза келді. Ол өзімен бірге қарсы жақтың бұрынғы райынан қайтқан 30 адам ел ағасын, атап айтқанда Дауымбай бекті серіктерімен, тізімге тіркеп әкеліпті. Оларды сыйлықпен қанағаттандырып, бодандыққа ант бергізу керектігін айтты. Тевкелев еріксізден, әрбір ел ағасына 100 рубльден сыйлық беріп, ант алды. Әбілқайыр хан да Тевкелевтен алған тауарларды сыйлыққа таратты, қазактар сыйлықты разылықпен қарсы алды.

22 қараша күні Тевкелев Әбілқайыр хан мен Бекенбай батырды және жаңадан ант берген 30 адамды дастарханға шақырып, мәжілістес болды. Сөз арасында жаңадан ант берген ел ағасы қарсы жақтың басшысы Сырлыбайды көндіріп, Таймасты одан босатып беретінін айтты. Тевкелевті осылай үміттендіріп, олар қайтып кетті, ал Бекенбай батыр Тевкелевтің жаңында қонып қалды.

23 қараша күні таңертен Бекенбай батыр да еліне қайтты, күйеу баласы Есет батырды Тевкелевтің қасына, құзетуге қалдырды. Есет батыр Тевкелевтің киіз үйінің маңында өз үйімен болды.

24 қараша күні Әбілқайыр хан Тевкелевті дәмге шакырды. Сол күні Тевкелевтің серігі башқұрт Қожаш Рахманқұлов Батыр сұлтанға барады, онда Хиуадан келген елшіні көреді. Бұл елші қазактарды орыстарға қарсы қойып, бодандыққа енбеуге, Тевкелевті өлтіруге үгіттеп жүрсө керек.

25 қараша күні Еділ қалмақтарының билеушісі Серен Дондуктің [11] Орта жүздің ханы Сәмекеге жіберген елшісі келіп, Тевкелевке жолықты. Тевкелев оны киіз үйіне кіргізіп алышп, неге келгенін сұрады. Елші қалмақтардың Сәмеке ханмен бейбіт көрші өмір сүргісі келетінін және тұтқындағы кісілерін не айырбастап, не сатып алу ниеті бар екенін айтты. Қазақтың ел агаларының көзінше қалмақ елшісі өз

елінің Ресей қоластында болғанынан көп пайда тауып отырғанын, жаудан қорғанып отырғанын байыптап айтып бергенде, Тевкелевтің де көңілі жайланаңып, өзіне үлкен қолдау тапқандай сезінді.

24 қараша күні Дауымбай бек Құдайназар мырзаның сұрауы бойынша қарсы топтың көсемі Сырлыбайды қоңдіріп, Тевкелевке алғып келді. Сырлыбай өзімен бірге тұтқыны башқұрт Таймасты, тағы басқа он кісіні ертіп әкелді. Таймасты Тевкелевке тапсырды. Тевкелев оған 50 руб. тауарын сыйлады. Сырлыбай бұл сыйлыққа разы болмақ түгілі, балағат сездер айтты: «Тевкелевтің жаңындағы башқұрттар 3 қарашада туған інісін өлтірді, сондықтан оның өтеуіне Таймасты өлтіруім керек еді, оны тірі экеліп бергендеңін мынау ғана», деп азсынды. Тевкелев оған қарсы ештеңе демеді, Сырлыбайға тағы 50 руб. тауарын, барлығы 100 руб. сыйлық берді. Сырлыбай бұған да разы болмай, Тевкелевтен көйлек, жасыл кармазин шұға татар шапанын, үстіндегі бешпетін де сұрап алды. Тіпті. Тевкелев киіп отырған күміс оқалы сары жібек күртесін шешкізіп алды да, кетіп қалды.

30 қараша күні Бекенбай батыр Тевкелевке келіп, Әбліқайыр ханның жиен қызын алған күйеу баласы Батыр сұлтанға ант бергізу керектігін айтты. Себебі, Батыр сұлтан Ресей жағына онша бейілді емес, бірақ, оны бодандыққа қарсы қазактардың қатарында қалдырмау қажет. Солай ғана, қара халықты басшысынан айырса, Тевкелевтің міндеті оңайырақ орындалмақ.

З желтоқсан күні Тевкелевтің шақыруымен Әбліқайыр ханның күйеу баласы саналатын Батыр сұлтан, ханның ұлы Нұралы сұлтан және Бекенбай батыр келді. Әуелі Батыр сұлтан сез бастап: «Тевкелев мені қаперіне де алмады, басқалардың бәріне сыйлық бергенде, Қайып ханның ұлы болсам да маған ештеңе бермедін», деді. Тевкелев оған: «Мен алыстан келген адаммын, өзіммен бірге көп нәрсе алғып жүре алмаймын, әкелгенімді тараттым», деді. «Қонақтың бергеніне риза болу керек, барлық халықтарда осындай салт-сана бар», деді.

Сонда Батыр сұлтан: «Барлық халықтарда сондай рәсім бар болса бар шығар, бізде ондай жоқ. Келген әрбір адам өзі сыйлы болу үшін ел мен жердің кожасына сыйлық тартады», деді. Тевкелев оған 50 руб. сыйлығын ұсынуға мәжбүр болды. Бірақ, Батыр сұлтан оны қабылдамады, сейтіп Тевкелев тағы 50 руб. тауарын, барлығы 100 руб. сыйлық берді. Батыр сұлтан бұларға қоса, әйеліне деп тағы жеті ландық бір кесек камқа сұрап алды. Тевкелев ханның ұлы Нұралы сұлтанға да 50 руб. сыйлық пен бір кесек камқа ұсынды. Сейтіп, олар

патша ағзамға адал боламыз деп, ант берді. Жыл сайын Ресейге Батыр сұлтан өз елінен 1000 тұлкі мен 1000 қарсак, ханның ұлы 1000 тұлкі салық төлеп тұратын болды.

4 желтоқсан күні Тевкелевті ииеттес ел агаларының бірі Қара батыр қонаққа шақырды. Онымен коса, Әбілқайыр хан қүйеу баласымен, ұлымен, Бекенбай батыр және де ханды жақтайтын ел ағасы дәмдес болды.

9 желтоқсан күні қарақалпақтың Қайып ханынан [12] және бас мұфтии Мұрат шейхтан және бүкіл қарақалпақ халқының атынан Тевкелевке арнайы өкілдік келді: олар – дінбасылар Сәйід кожа, Халаут шейх, Сүлеймен шейх – үшеуі; бес ел ағасы: Оразак батыр, Төлеш батыр, Өтеген батыр, Бозамбай, Моллақара деген кіслер Тевкелевке хат тапсырды. Хатта қарақалпақ халқының Ресей патшасының қоластында болғысы келетіні жөнінде тілек бар.

10 желтоқсан күні қарақалпақ елшілері Тевкелевке келіп, орыс патшасына бодандық антын берді.

15 желтоқсан күні Әбілқайыр хан мен Бекенбай батыр Орта Жүздің ханы Сәмекеге елші аттандырып, сәлем айтты: «Әбілқайыр хан және қазақтың ел ағалары Ресейге бодан болды, салық төлеп тұрады, осы жөнінде ант берді. Соңдықтан, Сәмеке хан да өзінің ел ағаларымен Ресей бодандығын қабылдасын. Сейтіп, бүкіл қазақ даласы патша ағзамның қанатының астында қауіпсіз болып, тыныштық табады». Тевкелев ханның елшісіне қоса, өзінің сенімді башқұрты Таймасты жанына екі кісі қосып аттандырды. Сәмеке ханға бағасы 2 руб. 50 тиыннан төрт аршын қызыл, жасыл, күрен кармазин шүға, жеті ландық қызыл қамқаның бір кесегін, тігілген қызыл шүға шапан... 6 кесек қызыл былғары, 5 ақкіс, 2 құндыз, 2 қара тұлкі; атақты ел ағасы Қазыбек биге [13] 4 аршын қызыл кармазин шүға, 1 құндыз, 1 ақкіс, 1 бұзау терісі қызыл былғары беріп жіберді.

16 желтоқсан күні Тевкелев Бекенбай батырмен әңгімелесіп, қазақ даласының жай-жапсарын, хандары мен билеушілерін сұрады. Бекенбай батырдың айтуыша: қазақтар Ұлы жұз, Орта жұз, Кіші жұз деген бөліктерден тұрады. Ұлы жұз алыста, Бұхара жақта жайлапқыстап жүреді және Орта жүзбен, Кіші жүзбен көп байланысы жоқ. Олардың Жолбарыс деген өз ханы бар. Орта жүзде екі хан: Сәмеке хан мен Күшік хан және екі сұлтан – Барак сұлтан мен Әбілмәмбет сұлтан. Ал, Кіші жүзде хан біреу, ол Әбілқайыр. Сұлтандар екеу: Батыр сұлтан Әбілқайыр ханның жиенін алып отырған қүйеу баласы, екіншісі Әбілқайырдың ұлы Нұралы сұлтан.

Бұрын қазактардың Ташкент, Түркістан, Сайрам деген ірі қалалары, оларға қоса шағын қалашықтар мен елді-мекендер болатын, олардың бәрі қазақ хандары мен билерінің қарауында еді. Бұл қалаларда сарт дең аталатын отырықшы халық тұрады, олар қазактарға салық төлейді. Міне, 15 жыл бұрын қоңтайшы қазактарды осы қалалардан күшті жіберді. Қазір бұл қалаларды ешкім билемейді, олар салық төлемейді, өз бетінше жүріп жатыр. Олардан көшпелі қазактардың хандары салық алмайды және де қаладағылар тартып алмаса, өз бетімен салық төлемейді. Мұндағы қазактардың саны 80 мың. Тәуке [14] ханнан кейін Әбілқайыр аға хан болып сайланып, шексіз билік жүргізіп еді, қазір қазактар, белгілі себептермен, оған онша іш тарта қоймайды.

17 желтоқсан күні Әбілқайыр хан Тевкелевке келіп, өзінің ұлы Нұралы сұлтанды Хиуаның ханы Жолбарысқа жіберіп, оларды Ресей бодандығына көндіруге ақылдасты. Бұған қоса сауда мәселесін де қарастырды. Өйткені, Ресей саудагерлері Бұхарияға, бұхаралықтар Ресейге қазак даласы арқылы бөгетсіз өтіп жүруі керек қой. Бұған Тевкелев мынадай пікір білдірді: «Қазақ жері арқылы сауда керуендері еркін жүре алмайды, қазактар тұрақсыз халық, хандарынан қорықпайды, саудагерлерді талап, хандарының бетіне шіркеу түсіреді, ал, хандары оларды тәртіпке сала алмайды. Міне, сондыктan Әбілқайыр хан патша ағзамнан Ор өзенінің Жайыққа құйылысында бекініс салып беруді сұраса, хан өзінін ордасын сонда әкелсе, дұрыс болар еді. Қазак мәселелерін шешіп отыру үшін әрбір рудың ел ағаларынан бір адамнан аманат сайлап, оларды жыл сайын ауыстырып отырса, қазактарды тәртіпке салуға болар еді. Сонда қазактар сескенер еді».

Осындай шаруалармен 19 желтоқсан күні Нұралы сұлтан Хиуаға аттанып кетті.

20 желтоқсан күні Бекенбай батыр тілмәш Тевкелевке жасырын келіп мыналарды айтты: «Қазақ арасында мазасыз тірлік кешил жүрмін. Қандай да соғыс жағдайында от пен оққа карсы шығамын, сөйтіп жүріп қаза табуым да мүмкін. Төрт аға-інім қоңтайшы қолынан қаза тапты. Осындай қолайсыз жағдайда қазақ арасынан кеткім де келеді. Тіпті бұдан былай да қазактар тыныш жайлы өмір сүреді деп ойламаймын. Қазактар бұрын да патша ағзамның кол астындағы халықтарға тыныштық бермен еді, енді міне, Әбілқайыр Ресейге бет бұрганнан бері тіпті асқынып кетті. Егер қазактар Ресейге берген

антына берік болмаса, жалғыз өзім бөлініп кетіп, патша ағзамның қоластына кіремін».

«Ондай жағдай бола қалса, оған Жайық бойынан жер беріле ме, Бекенбайды орыс үкіметі қазактардың қастығынан қорғай ма? Бекенбай біліп отыр, қазақ ордасына төнетін қауіп әлі жойылған жоқ».

Бекенбайдың бұл сөздеріне Тевкелев: мұның бәрін патша ағзамның сарайына жеткіземін және сіздің тілегіңізді патша қарсы алуға тиіс, деген жауап берді...

22 желтоқсан күні Әбліқайыр өзінің жиенін Батыр сұлтанның ұлы Қайып ханға ұзатты. Неке тойына Тевкелевті шақыртты. Ел агалары той үстінде Тевкелевке жылы қарады. Тойда қымыз ішіліп, ет желінді. Тевкелев үш сағаттай болып, өз киіз үйіне кетті.

25 желтоқсан күні Орта жүздің ханы Сәмекеге жіберілген Құдайназар мырза мен башқұрт Таймас Шайымов қайтып келді. Олар Тевкелевке мынадай хабар жеткізді: «Елшілер 19 желтоқсан күні Сәмеке ханға барған, Тевкелевтің атынан жіберілген сыйлықтарды тапсырып, сәлемін айтқан. Тевкелев өзі алыста болғандықтан және ат-көлігі арып-тозып, қыс ішінде келе алмады», деген.

Бұған жауап ретінде Сәмеке былай деді: «Тевкелевтің өзі келмегеніне ренжімейді, Ресей сиякты ұлы империядан елші келгеніне де разы. Тевкелевке ханның өзі барып жолығатын жөні бар еді, бармаған себебі Әбліқайыр ханға өкпесі бар. Өйткені, Әбліқайыр қазақ хандары мен ел агаларының келісімінсіз Ресейге бодан болған. Ал, Тевкелевтің ат-көлігі болмағандықтан Сәмеке ханға өзі келе алмады, дегеніне сенеді, өйткені оның аттары мен түйелерін бодандыққа қарсы қазақтар шауып алыпты дегенді естіп отыр. Әрине, Тевкелев қазақ арасына қазақтардың шакыруы бойынша келгені рас болса, оны өлтіруге ниеттенбек түгілі, барынша қорғауға болар еді. Сәмеке хан Ресейдің ұлы патшасына қарсы шықпақ түгілі, Әбліқайырдың ақылдынсыз-ақ, өзі де бодан болғысы келеді».

Осыны айтқаннан кейін Сәмеке хан Ресейдің қоластына [15] кіргуте айт берді. Хат жазып, мерін басты. Өзіне қарайтын Орта жүзден Мәскеуге елшілер жіберіп, жыл сайын 2000 тұлкі және 1000 қарсак терісі түрінде салық беріп тұруға міндеттенді. «Бірақ Уфага аманатқа кісі бермеймін», деді.

Келесі күні Сәмеке Тевкелевтің елшілеріне екі кісі қосып беріп, өзінің хатын тапсырып, қайтарып жіберді. «Қазақтың қалған хандары мен сұлтандарына Тевкелев көктемде, мамыр айында жолығатын болсын, өз адамдарыммен өзім келісемін», деді. Сәмеке сонымен бірге, қазақтың Орта жүзінің хандары мен сұлтандарын, басқа ел

агаларын Ресейге бодан болуга үгіттеп көндіруді мойнына алмайтынын айтты.

Бұларға қоса, башқұрт Таймас Тевкелевке мынаны хабарлады: «Сәмеке хан жоңғар қонтайшысына соғыспен бару үшін 6 мың кол жинап отыр, оны Барақ сұлтан мен Әбілмәмбет сұлтан және Жәнібек батыр [16] қолдайды. Жонғардан қайтып келгеннен кейін, Сәмеке хан мамыр айында Тевкелевке жолықпак. Бұл кездесуге қазактың барлық хандары мен сұлтандары және ел агалары қатысуы мүмкін».

26 желтоқсан күні Тевкелевті Әбілқайыр хан шақырып алды. Қазақтың ел агалары түгел жиналған еken. Олар Тевкелевке мынаны айтты: «Былтыргы 1729 жылы Тобыл қаласына Әбілқайыр ханның атынан елшілікке жіберілген Бекболат [17], касында төрт жолдасы бар, осы уақытқа дейін Тобылда ұсталып қалды. Ресей жағы: «Қазақтар өздеріне барған елшілерді тонап, тұтқындайды еken, біз де соны істедік деп, қазақтарға жала жауып отыр».

Бұған Тевкелев былай жауап берді: «Ресей империясы елшілер мен бітімгерлерді тонамайды да, тұтқынға алмайды. Мұндай әдет жок, ешқашан болған емес және болмайды да. Ал, мына жағдайда Әбілқайырдың елшісі Бекболаттың Тобылда қалай ұсталып қалғанын мен білмеймін. Тек қана бұрыннан естітінім, қазақтар алдымен елші жіберіп, артынан шапқыншылық жасайды, мал әкетеді, адамдарды тұтқынға алады. Бәлкім, осындаі бір жағдай шығар. Бірақ, Ресей жағы тұтқынға ешқандай қиянат жасамайды, құлдыққа салмайды, жеткілікті тамақ беріп асырайды. Тевкелев өзі Ресейге қайтқаннан кейін Бекболаттың босатылатынына кепілдік берді.

Тевкелевке тағы да: «Тобылда тұтқында жатқан Шахмәмет мырзаның ұлы Шах мырзаны босату» туралы да айттылды.

Тевкелев: қазақтардың Ресейге бодандығы тиянақталып, бекітілгеннен кейін, барлық мәселе шешіледі. Алдымен патша ағзамға адал қызмет ететіндерінді дәлелдендер, Ресейден әкеткен тұтқындарды босатындар.

Қазақтар жағы бұған қанағаттана қоймады. Ресейден қолға түскен тұтқындарды айырбастайтынын немесе күн өтеуіне ғана келісетінін айтты.

1732 жылғы 5 қаңтар күні Тевкелев сыртқы істер мемлекеттік алқасына хат жазып, Уфа дворяны Кирилл Барабанщиков пен башқұрт Қыдырас Моллақаевты Арап теңізінен аттандырды. Оларға Әбілқайыр ханның, Сәмеке ханның, Батыр сұлтанның, Нұралы сұлтанның,

Әбілқайырдың бәйбішесінің және қарақалпак ханы мен ел ағаларының, дінбасыларының ант берген қағаздарын тапсырып, жөнелтті.

15 қантар күні тілмәш Тевкелевке ниетес ел ағасы Балтабек батыр келіп, Баба би [18] мен Жантұма би [19]деген ел ағаларының көп қол жинап Әбілқайыр хан мен Тевкелевті шауып алмақ ниеті бар екенін хабарлады. Оның бұл қызметі үшін Тевкелев оған әрбір кезі 1 руб. 80 тиңіндиқ төргт кез қызыл шұға берді.

16 қантар күні таңтертең Тевкелев аса қажет жағдаймен Әбілқайыр ханды көргісі келетінін хабарлады. Хан, сол сәтте-ак, Тевкелевке келді. Тевкелев Баба би бастаған қазактардың қастық ойлап отырғанын және бұл хабарды өзіне жаны ашитын Балтабек батыр жеткізгенін айтты. Әбілқайыр хан Балтабектің айтқанын тыңдаپ алып, шұғыл түрде Бөкенбай батырға, «тез келсін» деп, екі жігіт аттандырды. Олар кеткен соң Тевкелев ағаш кесіп, үйдің сыртын коршап, бекітіп алып, Бөкенбай батырдың келуін күтті.

17 қантарда Әбілқайыр хан мен тілмәш Тевкелев қарсы жақтың қазактарының арасына жансыз ретінде, жағдайды біліп келуге Мойнақ батырды жасырын жіберді. Ол жақта Мойнақ батырдың ағайындары бар еді.

18 қантарда Әбілқайыр хан Тевкелевтің жатқан жерге келіп, Бөкенбай батыр келгеніше, қарсы қазактардан қалай корғанудың жағдайын ақылдасты. Өйткені, қазактар әне-міне дегеніше, Тевкелевке шабуыл жасауы мүмкін еді.

19 қантар күні Әбілқайыр ханға бір қазақ келіп: «Ресей бодандығына қарсы қазактар тобының ханға және тілмәш Тевкелевке қарсы көтерілгенін, олардың көзін құртпақ екенін және Әбілқайыр ханның бәйбішесін шашынан ат құйрығына байлап, сүйреп өлтірмек екендігін хабарлады. Оның айтуынша қарсы жақ 20 қантар күні таңтертең шабуыл бастамақ».

20 қантарда қарақалпақ елінен Бөкенбай батыр өзінің күйеу баласы Есет батырды ертіп келді. Інісі Құдайназар мырзаны қарақалпақтың қолындағы башқұрттарды босатып алуға қалдырыпты. Қарақалпақтың ханы Бөкенбайга үағда беріпті. Тевкелевтен келген шұғыл хабарды естіп Бөкенбай, інісін тастап, жедел жеткен. Қарсы жақтың қазактары Бөкенбай батырдың қарақалпақтан қайтып келгенін естіп, райынан қайтып, байыз тауыпты.

21 қантар күні Батыр сұлтан 1500 қолмен Үлкен борсық құмындағы Қараған түркімендерін шабуға аттанып кетті...

27 қантар күні Әбілқайыр ханның бәйбішесі келіп, Тевкелевтің қолынан дәм татқысы келетінін айтты. Сейтіп, Тевкелевтің үйіне Әбілқайыр хан, ханым және балалары, сондай-ақ Бөкенбай батыр, Тевкелевке ниеті дұрыс ел ағалары келіп тамақ ішті.

28 қантар күні Тевкелевке ниеттес масқар Төлебай батыр бастаған ел ағалары келіп, қарсы жақтың қазактары қастық ойлап отырганын, Тевкелев Арас тенізінің бұғазынан өткен кезде оған шабуыл жасап, көзін құртпақ екенін, адамдарын тұтқынға алатынын, ал қарақалпақтан босаған башқұрттарды Тевкелевке жеткізбей талқандап, тұтқындайтынын хабарлады. Төлебай батырдан естіген бұл сөздерді Тевкелев Әбілқайыр ханға жеткізді. Мұны естіген Әбілқайыр хан, сол сәтінде Тевкелевке келді, Бөкенбай батырға жедел кісі жіберіп шақыртты.

29 қантар күні Әбілқайыр хан мен Бөкенбай батыр кешкі сағат 7-де Тевкелевке келді. Төлебай батырды шақыртып алғып, жағдайды сұрады. Бөкенбай батыр айтты: «Қарсы жақтың қастық ниеті басылуудың орнына, күшейіп барады. Сондықтан, шығанақ арқылы өткенде аса сақтық керек, күзет мықты болсын. Қарақалпақтан шыққан башқұрттарға хабар беріліп, олар жолда қолайсыз жағдайларға ұшырап қалмай, Тевкелевке тезірек жолығатын болсын».

31 қантарда Әбілқайыр хан қарсы жаққа масқар Төлебайды қайта жіберіп, олардың не ойлап жатқанын білгізді...

4 акпан күні Әбілқайырдың 31 қантарда қарсы жақтың қазактарына жіберген кісі - Төлебай батыр қайтып келді. Оның айтуынша, қарсы жақтың ел ағалары бас қосып, Тевкелевтің тағдиди туралы ақылдастыпты. Олардың көбі Тевкелевті өлтіруді жақтапты, Өйткені, Тевкелев бұларға өшігіп, мамыр айындағы жынында бұл қазактарды талқандауы мүмкін. Сондай-ақ, Тевкелев қазақ даласына жақсылық ойлай ма, Ресейге қараған күннің өзінде тыныштық беретініне кепілдік бар ма? бар болса, оған тиіспеу керек. Бірақ, қарсы жақтың біраз адамдары бұрынғы пікірінен қайтпай, Тевкелевті Арас тенізінен өткізбеуді, сейтіп, қазақ даласынан аман жібермеуді, тіпті амал-айламен қолға түсіріп, көзін жоғалтуды ойлап отыр.

6 акпан күні хан және ханымы мен балалары, Бөкенбай батыр бәрі, тілмәш Тевкелевтің дастарханынан дәм татып, түн ортасына дейін отырды.

7 акпан күні қарсы жақтың ел ағасы Баба бидің баласы Ақша алты кісі ертіп Әбілқайыр хан мен тілмәш Тевкелевке келді: өздерін Баба бидің жібергенін, би бұрынғы теріс пиғылдан қайтканын,

жинаған әскерін таратқанын хабарлады; хан мен тілмәш Тевкелев қарсы жақтың ауылдарымен қосылып, еш алансыз көшіп жүре беруіне болады деген сәлем әкелді. Мұны естіген Әбілқайыр хан мен тілмәш Тевкелев, Бекенбай батыр мен басқа да ииеттес ел ағаларына кісі жіберіп, кенеске тез келсін, деп шақырды.

8 акпан күні Бекенбай батыр, басқа да ел ағалары Әбілқайыр ханға келіп, қарсы жақтың адамдарымен жүздесті. Сөз арасында Бекенбай батыр: «Егер Әбілқайыр хан қарсы жақтың қазактарына өзі баратын болса, оған қарсылығым жоқ, бірақ Тевкелевті оларға жібермеймін. Тевкелевке қастық жасалып, ұятқа қалатын жағдайым жоқ, оны менен тартып әкетемін дейтіндер болса, қасық қаным қалғанша соғысамын», деп елшілерді қайтарып жіберді.

9 акпан күні Бекенбай батырдың көмегімен қарақалпақ жерінен босап шыққан 160 тұндік башқұрттар келіп, Тевкелевтің көшіне қосылды. Тевкелев оларды көштің алдына салды. Әрине, оған тыңнан қосылған қарулы, атты 300 адам едәүір көмек болған еді.

10 акпан күні қарақалпактың белгілі ел ағасы Оразак батыр Тевкелевке келіп мынаны айтты: «Арал теңізінде Орал аралы бар. Одан Хиуаға дейін салт атпен екі күндік жер, кала да сонда. Сәтемір хан сол аралдан Хиуа ханымен соғысып жатыр. Егер Тевкелев кірісіп, Орал ханы мен халқын Ресейдің қоластына кіргізе алса, жақсы болар еді». Бұған Тевкелев: «Патша ағзамға адал қызмет еткеннің бәрі мәртебелі патшаның рақымынан макұрым калмайды», деді. Оразак батыр Тевкелевке кол ұшын беруге уағдаласты. Тевкелев оған әрбір кезі 2 руб. төрт кез шұға мен бір қара тұлкі сыйға тартты...

11 акпан күні қарақалпактың ең білікті деген ел ағасы Сүйіндік батыр жаңына 9 аксақал ертіп, Тевкелевке келді. Олар Ресей қоластында болғысы келетінін, сол үшін ант бермектігін жеткізді. Бұл сөздерге Тевкелев сенбеді, өйткені олардың ниеті ант беру емес, сыйлық алу болуы мүмкін. Соған қарамастан, Тевкелев оларды жылы қабылдап, сыйлық та берді. Сөйтіп, мұның алдындағы оқиғаларға байланысты бұлардың да көнілін қалдырмай, жағдайды асқындырып алмауды ойлады. Келген қарақалпактар өтініш қағаздарға қол қойып, ру таңбаларын басты...

12 акпан күні Орта жүзден Алшак батыр жаңына бір кісі ертіп келіп, Ресей патшасына адалдыққа ант берді. Оларға Тевкелев бір-бір қызыл былғарыдан, бір құндыздан және екі кездеме қытай матасын сыйлады.

13 ақпан күні Бөкенбай батырдың інісі Құдайназар мырза Тевкелевке келіп, өзін Бөкенбай батыр мен Есет батыр жібергенін және олардың естуі бойынша бодандыққа қарсы жақтың қазактары Тевкелевке 100 түйемен 300 адам жұмсағанын хабарлады. Осылайша, олар Әбліқайыр хан мен Тевкелевті алдап қолға түсіріп, өлтіріп тастамақ болса керек. Сондықтан, сақ болуды ескертті.

14 ақпан күні Әбліқайыр хан Қаратұп аралынан Арал теңізінің Ресей жағындағы шығанағына көшіп кетті. Бөкенбай батыр тілмеш Тевкелевті көшіруге көлік және қорғаушы жасақтар жіберіпті. Өйткені, Тевкелевтің түйелері мен аттары қолды болған. Бөкенбай жіберген көлікпен Тевкелевтің керуені шығанаққа аман-есен көшіп барды. Сол жерге Бөкенбай батырдың өзі де келді...

Тевкелевтің казак арасына тыңшылыққа жіберген Раҳманқұлов деген адамы сол жақта бір бүлікші қазактың үгіт жүргізіп, «Тевкелев қазак даласына бұл елдің жері мен сүйн, орманын барлап, Ресей әскері соғыс аша қалса, қажет болатын жағдайларды білуге келіпті», деген сөз таратқанын жеткізді. Сондықтан, Тевкелевті Ресейге аман қайтаруға болмайды, оны өлтіріп, малы мен мұлқін, адамдарын талап алып, алыс жерлерге сатып жіберу керек, бір сөзben айтқанда Тевкелевтің тобынан бірде-бір адамды шығармау керек депті-міс. «Ал, Тевкелев Ресейге аман қайтатын болса, қазактар алысқа, тіпті Бадахшан сыртына көшіп кетуі керек. Өйткені, Тевкелев біздің барлық қонысымыз бер жайлауымызды біліп қойды. Сондықтан қазактарды аман қалдырмайды».

Сол бүлікші қазак айтады екен: «Тевкелевті шақырып келтірген Әбліқайыр ханның да көзін жою керек; Ресейге қараймын деген Бөкенбай батырдың сезін тыңдамау қажет. Хиуада Ресей елшісі князь Бековичті өлтіріп тастаса да, Ресей ештеңе істей алған жок. Тевкелевтің көзі жоғалса да, ештеңе болмайды. Қазак жерлерін Тевкелевтей жақсы білетін кісі жок. Демек, ол өлсе, Ресей қазак даласына шабуыл жасай алмайды». Бүлікші қазак, осылайша, қазак арасына іріткі салып жүрген көрінеді. Осы сөздерді башқұрт Қожаш Раҳманқұловтан естіген Тевкелев сол күні Әбліқайыр ханға, Бөкенбай батырға жолығып, мұндай бүлікшілердің сезінене қазактардың елігуіне жол бермеу керектігін айтты.

2 наурыз күні Хиудан Әбліқайыр ханның ұлы Нұралы сұлтан және оның уәзірлерінің бірі Байбек-агалық [20] келді. Байбектің айтуынша, Нұралы сұлтан Хиуда ханына айттыпты: оның экесі Әбліқайыр хан бүкіл Кіші жүзімен Ресей қоластына кірді, хиуалықтар да бодан болуы керек, деп.

Мұны естіген Хиуаның ел ағалары қатты шамданып: «Әбілқайырдың билігі қазактарға жүрсе де, бізге жүрмейді. Біздің жакта Әбілқайырды ешкім тыңдамайды, ол барша дүниені бұлдіріп отыр», дегі.

Осылайша, Әбілқайырдың ұлы Нұралы Хиуадан ренішпен, абырайсыз қайтыпты.

3 наурыз күні Тевкелевке Әбілқайыр хан келіп, өзінің ұлының қалай кайтқанын, жогарыдағы Байбек жеткізген жағдайларды айтты. Әбілқайыр Хиуаға қарсы соғыс ашатынын айтты.

4 наурыз күні Арап қазақтарын [21] Ресей бодандығына қоңдіруге Тевкелев жіберген қарақалпақтың Оразақ батыры кайтып келіп, «Аралдың ханы Сәтемірді [22] және халқын Ресей бодандығына қоңдірдім, олардан елшілер келеді», деп хабарлады.

Оразақ батырдың айтуынша: «Аралдың Сәтемір ханы хиуалықтармен соғысада. Әйткені, Сәтемірдің әкесі Мұса хан [23] осыдан 20 жыл бұрын Хиуа мен Аралдың ханы болып, билік жүргізген екен. 1712 жылы Сәтемірдің әкесі Мұса ханды хиуалықтар өлтірген, ол кезде Сәтемір жас қалып, оны немере ағасы Сердәлі мен Оразалы аталақ деген ел ағасы жасырын асырап есіріпті. Мұса хан қаза болғаннан кейін орнына Серғазы хан [24] болады. Князь Черкасскийді [25] өлтірген осы Серғазы хан. Сәтемір ержеткен соң, 1720 жылды немере ағасы Сердәлі мен Оразалы аталақ оны Аралға хан етіп қояды. Содан бері Сәтемір Хиуа ханымен соғысып келетін».

1728 жылы Хиуаның Серғазы ханы өз уәзірлерінің қолынан каза тапқаннан кейін, хиуалықтар оның орнына Әбілқайыр ханың немере інісі Мамай сұлтанды [26] хандыққа көтерді. Ол Хиуада бір жұмағана тұрды да, Аргымактың қолынан қаза тапты. Мамай өлгеннен кейін Батыр сұлтанды Серғазы ханың қызына үйлендіріп, елді алдап хан көтерді. Батыр сұлтан Хиуада алты алтадай хан болып, қазақ даласына қайтып кетті. Батыр сұлтанның орнына хиуалықтар Әбілқайыр ханнан Жолбарысты [27] сұрап алыш, хандыққа отырғызды. Жолбарыс хан Әбілқайыр ханға туыс емес, құда болып келеді.

6 наурыз күні Тевкелевке ниеттес ағайынды Қара батыр мен Бейімбет батыр келіп мынаны хабарлады: бодандыққа қарсы көп қазақты Баба би, ... Жантұма би, Исмамбет би, Өтеғұл би, Байжан би, Майлы би, Өтеп батыр, Ақша батыр, Сартай батыр бастап осында келе жатыр. Олардың не пифылмен келе жатқанын білмейміз.

Тевкелев оларға хабар бергені үшін раҳмет айтты.

7 наурыз күні Тевкелевке келген Бекенбай батыр мен Есет батырға Тевкелев өзіне көп қазактың келе жатқанын айтты. Бекенбай мен Есет Әбілқайыр ханға кетті. Әбілқайыр хан, Бекенбай батыр және Есет батыр үшеуі Тевкелевке келіп, не істеге керек екендігін көнесті. Келе жатқан қарсы жақтың қазактарының ниетін білуге күні Мойнақ батырды қарсы аттандырды.

9 наурыз. Қарсы жақтың ел ағалары Баба би мен Жантұма би көп адаммен Әбілқайыр ханының ордасына, Тевкелевтің керуеніне таяу көшіп келді. Олар Тевкелевке екі кісі жіберіп: «Баба бидің інісі Байқараны атып өлтірген башқұртты қолымызға берсін, әйтпесе, құнына бір тәуір адамын берсін, қарымтасына, шауып өлтіреміз депті. «Әйтпесе Тевкелев Байқараның құнын қазактың ежелгі әдет заңы бойынша өтесін. Атап айтқанда, Байқараның құны: 100 жылқы, 1 сауыт, 1 құл, 1 қаршиға, 1 жақсы мылтық, 1 түйе. Біздің талабымыз осы. Егер талапкер жағы бұған да қанағаттанбаса, кісі өлтірген адам өлімге бұйырылады».

Мұны айтып келген ел ағасы Тевкелевке осынау екі талаптың бірін таңдауын ұсынды. Оны орындамаса, Тевкелевтің аман кетпейтіндігін ескертті. Тевкелев: «Қазақ заңы бойынша ұры үшін адад адамның жаңы қылмайды және өлген ұрыға өтеу жоқ. Ал, мына Байқара түн ішінде көп бүлік жасады, адамдарымызды соққыға жықты, былтыр 1731 жылы 3 қарашада Тевкелевке шабуыл жасап, 17 жылқысы мен 3 түйесін қуып әкетті. Дұрыс адам мұндай шаруа жасамайды. Қандай мемлекетте болса да, ұрының өліміне құн төлемек түгілі, қайта оның серіктерін ұстап алып, жазалайды. Ал, Байқара өз жазасын өзі тартты», деп салды. Мұны естіген қазактар, қарсы сез айта алмай, аттарына мініп, қайта шауып кетті.

21 наурыздың түнінде қарсы жақтың қазактары топталып, қарақалпақ жерінен шыққан башқұрттарға шабуыл жасады. Олар түнімен соғысты, Бекенбай багырдың адамдары бүлікші қазактарды әрі қуып тастады...

19 сәуір күні Әбілқайыр хан Хиуага екі кісімен хат жіберді. Ол хатта байлай делінген: «Қазақтың Әбілқайыр ханынан Хиуа ханына. Былтырғы 1731 жылы желтоқсан айында мен өзімнің ұлым Нұралы сұлтанды сендерге жұмсап едім. Онда: өзімнің халқыммен Ресей бодандығын қабылдағанымды, Хиуа ханы да Ресейдің қоластына кіруі керектігін білдірдім, Ресей патшасы менің тілегім бойынша сендерлің бұрынғы құнеларынды кешірді, сауда жасауға да рұқсат береді. Сендер, Хиуа хандығы, менің хатыма дұрыс жауап бермек түгілі,

ұлымға мейліншіе қарсылық көрсетіпсіндер. Ұлымның жанына ертіп жіберген екі адамды камап қойыпсындар. Сендер Ресейдің қоластына әлі кіргемен болсаңдар да, менің ұлымға зәбір көрсетуге тиіс емес едіндер. Мен сендерге көп жақсылық жасагам. Арап ханы сендерге қауіп төндіргенде, көмектесіп аман алып қалғанмын. Соңда, сендер маған үағда беріп, менің кезі тірімде айтқандарымды бұлжыттай орындауға, сендерге тағайындаған билеушіме ешқандай қарсылық көрсетпеуге ант бергенсіндер. Енді міне, соның бәрін ұмытып, маған қыр көрсетіп отырысндар. Соңдықтан, міне, ұлымды Арап ханымен қосылып сендерді талқандап, шауып алуға жібердім. Биылғы 1732 жылғы қыркүйекте елдеріңе өзім де соғыспен басып кіремін, тосып алындар!». Осындағы хатпен Әбілқайыр хан Хиуга екі жауши аттандырды.

11 мамырда Қазақтың Әбілқайыр ханына қалмақ жағынан, атап айтқанда, Доржы Назаровтан [28] Мерген Қашқа [29] және Доржының ұлы Лобжыдан Мөңке деген елшілер келіпті. «Еділ қалмақтарының кейбір билеушілері Әбілқайыр хан мен бүкіл казак халқын қалмақтармен тұзе қосып, орыс калаларына соғыс ашуға үгіттеді, жаман-жаман сөздер айттысты», деп ханың уәзірі Байбек ағалық Тевкелевке жасырын хабар жеткізді.

12 мамырда Әбілқайыр хан Тевкелевке «шұғыл келсін, манызды әңгіме бар», деп хабар жіберді. Тевкелев сол сәтінде ханға келді. Әбілқайыр қалмақ хандары Доржы Назаров пен оның ұлы Лобжыдан хат келгенін айттып, хатты Тевкелевке тапсырды. Елшілер Әбілқайырға Доржы Назаров пен Лобжының ауызша сәлемін де жеткізді: «Доржы мен Лобжы Аюке ханың ұлы Серен Дондукпен араздасып, соғысып қалыпты. Серен Дондуктың 20 мың шаңырақ қалмақтарын өзіне қаратыпты. Серен Дондукке көмекке Ресейдің 20 мың әскері келген екен, Доржы Назаровтың ұлы Лобжы орыс әскерлерін қырып тастапты. Қырғынның көптігі сондай, Лобжы әскерінің аяғы жер баспай, орыс жасақтарының өлігін таптап жүріпті. Доржы Әбілқайыр ханмен дос болғысы келеді, Ресей қалаларын бірігіп шабайық депті. Орыстар жауынгер емес, оларды женіп алу оңай», депті.

Тевкелев Әбілқайырға: «Қалмақтың Доржы Назаров және оның ұлы Лобжы сиякты әкімдерінің теріс пиғылды хаттарына да, жіберген елшілерінің айтқандарына да сенбеніз», деді. «Әбілқайыр хан өзі де білуге тиіс, қалмақ хандығының әлуеуі Ресей империясымен салыстырғанда, теңіздің жанындағы жалғыз тамшы судай ғана.

Қалмақтар Ресейдің 20 мың жауынгерін өлтірмек түгілі, бетіне тіке қарай алмайды. 20 мың сапты әскерге 100 мың қалмак та түк те істемейді. Ресей империясы – мыйзымас құз-жартас, ал қалмақ хандығы оның жанында жай ғана жел сияқты. Қалмақтар Ресей патшасының еркінен тыс бір қадам баса алмайды, тіпті шағын деген Жайық қалашиғына да соктыға алмайды. Қалмақ хандығының иелігі Еділ мен Жайық арасы, бар болғаны 10 күнде айналып шығуға болады. Ал, Ресейдің жерін айналып шығу үшін 6 жыл керек. Доржы Назаров пен оның ұлы Лобжы сияқты шектен шығып, серт бұзғандар Ресей патшасының қаһарына іліксе, қайда барып жан сақтайды? Құрып кетеді. Аюке ханның ұлы Серен Дондук патша ағзамға адалдығынан танбайды. Доржы Назаров та патшага шын беріліп, көп жыл қызмет еткен, жасы келіп қалған кісі, одан оғаш мінез шықпайды. Мынадай сатқындық жасап отырған оны ұлы Лобжы болса керек».

Әңгіменің барысында Әбілқайыр хан Тевкелевтің айтқандарын құп көрді. Шыбын жаны шыққанша Ресей империясынан кол үзбейтінін, қасық қаны қалғанша патша ағзамға адал қызмет етіп, хак жолынан таймайтынын, Тевкелевке ертіп өзінің ортанышы ұлы Ералы сұлтанды Мәскеуге жіберетінін айтты.

Тевкелев Әбілқайыр ханға: қазақтардың арасына ірткі салмас үшін қалмақтың екі елшісін Уфаға қайтарып жіберіңіз, деп кеңес берді. Әбілқайыр хан: «Қазақтар олардың айтқанына елікпейді, қажет болса, Доржы мен Лобжыға қарсы жорық бастауға өзім де дайынмын», деді.

21 мамыр күні Орта жұздін белгілі ел ағасы Шақшак Бекенбай [30] батыр келіп, Орта жұзде халық жиналышы (хан кеңесі.- З. Т.) болмайды, жонғарлардың шабуыл жасап келе жатқаны туралы хабар алғанын, сондықтан, Тевкелевті ертіп қайтуға келгенін айтты. Тевкелев: «Орта жұз шалғай жатыр, 2-3 апталық жерде, көлігім жок, бара алмаймын, қажет болса, Орта жұздін ел ағалары өздері келіп жолықсын» деді.

[Шақшак] Бекенбай батырдың айтудына қарғанда, құба қалмақтың ханы Лобжыдан Кіші жүзге келгені сияқты, Орта жүзге де өкілдер жүріп кетіпти.

Тевкелев [Шақшак] Бекенбай батырға: «Ондай ірткі сөздерге сенбендер», деді. [Шақшак] Бекенбай батыр Ресей империясы мен қалмақтарды салыстырмайтынын, олардың сөздеріне сенбейтінін айтып, Орта жүзге кеткен қалмақ елшілерінің арандатуынан алдын-ала ескерту үшін өз еліне бір казакты сұыт аттандырып жіберді.

25 маусымда жоғарғы Қарақалпақ хандығынан Ұлан Қожа деген дінбасы келді. Ол Хиуа ханының қайын атасы екен, қарақалпактардың Ресейге қарағысы келетінін, сол үшін Ұлан Қожаның өзі Мәскеуге баратының Тевкелевке жеткізді. Сырдария бойындағы қарақалпактардың ұзын саны 30 мың тұндік.

24 шілде. Сәмеке ханнан Әбілқайыр ханға бір қазак келіп: «Жоңғар контайшысының 30 мың қолы қазакты шабуга келе жатыр, Әбілқайыр хан сақтанып отырын және қалмақтарға қарсы әскер шығарсын», деген хабар әкелді. Әбілқайыр хан өз ауылдарына хабар таратып, ел ағаларына қол жасақтау жөнінде тапсырма берді.

26 шілде күні Әбілқайыр хан Орта жүзге Ақжігіт деген қазакты аттандырып, контайшының әскері қайда, қанша, басқарушысы кім, қазактарды шауып-тонап жатқан жоқ па екен... біліп келуге жіберді.

15 тамызда Тевкелев капитан Дубровиннен хат алды. Онда полковник Гарбер бастап келе жатқан керуенді қазактар шапқан және капитан Тевкелев қазақ тұтқынында жатыр, басын босатып алуға ақша сұратыпты, дегенді ұзынқұлақтан естігени жазылыпты.

16 тамызда Әбілқайыр ханың Орта жүзге жұмсаған жаушысы Ақжігіт кайтып келді. Оның айтуынша: «Қазақтар қалмақтармен соғысып жатыр, қалмақ әскерінің басшысы Чакбо, қарулы қолының саны 7 мыңнан асады. Естуінше, қалмақтар 20-дан аса киіз үй мен біраз жылқы-көй әкетіпті». Ал, Тевкелевтің башқұрттарының естуінше, «қонтайшы қалмақтары 200 тұндікті шауып, 6 мыңнан аса жылқы мен 10 мың қой әкетіпті».

1 қазан. Қалмақ хандары Доржы Назаров пен оның ұлы Лобжының атынан Бөлек деген қалмақ келіп, қазақ әскерлері қалмақтармен тізе қосып, Серен Дондук пен Лекбей қалмақтарына қарсы соғыссын деген тілек жеткізген. Қазақтарды «орыстың қарауына кірмендер» деп үгіттеген. «Қазақтың ел ағаларына сый-сияпат береміз, қалмақ тұтқындағы қазактарды босатамыз», деген. Ресейге қарсы ниеттегі қазақтар қалмақтың айтқанына елігіп, қалың қазакты қөтерді. Олар Әбілқайыр ханға, Бөкенбай батырға, Есет батырға және басқа да Ресейге жақтас ел ағаларына қарсы шығып, қысым көрсете бастады. Әбілқайыр хан қатты сескенді. Ресейге қарсы ниеттегі қазақтар: «Тевкелевті қолымызға бермесен, өлтіреміз!», деп Әбілқайырға шарт қойды. Бөкенбай батыр мен Есет батыр, басқа да жақтас ел ағалары қарсы қазактардың сөзіне ерген жок. Олардың Лобжы қалмақтарымен қосылуына барынша бөгет жасады.

Қарсы қазақтар Тевкелевті мықтап күзетіп, оның сыртқа хат жазып жібермеуін қатты қадағалаады. Тевкелев, шынында, хат жаза

алмай қалды. Қарсы қазактар Орта жұз бен Кіші жүзге жауши шаптырып, хабар айтқызып, 20 мың кол жиып, қалмақтың Лобжысымен қосылып, өздеріне қарсы шыққандармен соғыспақ бөлды...

19 қазан күні кешке қарай, Әбілқайыр хан Тевкелевке келіп, Лобжыдан тағы да елші хат әкелгенін айтып, хатты Тевкелевке тапсырды. Қалмақ елшісі Әбілқайыр ханға: «Тевкелевтің алдаған сөзіне сенбендер!» депті. Әбілқайыр хан Тевкелевке: «[Табын] Бекенбай батыр Лобжының елшісіне айтыпты, казак жеріне аяқ басуши болмандар, аман-есенінде Лобжы Жайықтан өтіп, өз жеріне көшсін, әйтпесе шауып аламын, депті» деген хабар жеткізді.

24 қараша күні ертемен тілмәш Тевкелев Найзакескен деген жерден Ресейге аттанып кетті. Онымен бірге: Әбілқайырдың ұлы Ералы сұltан мен оның немере ағасы Нияз сұltган. Ел ағаларынан: Чадинбей, Құдайназар мырза, Бекенбай батырдың жиені Мырзагелді батыр, Түгелбай мырза, қыпшак Құрди мен Байгүншек қызметшілерімен, бірге кетті.

Әбілқайыр хан, Бекенбай батыр және Ресейге ниеттес көптеген ел ағалары Тевкелевпен кешке дейін бірге жүріп отырып, шығарып салды. Әбілқайыр хан мен Бекенбай батыр Тевкелевке: сақтық жасап, 3-4 күн қазак даласынан шығып кеткеніше, тек түнделете жүріп отыруды тапсырды. Артынан құғыншы келіп қалса, кісі шаптырып хабар беретінін айтты... Бекенбай Уфаға жеткен соң інісі Құдайназар мырзаны қайтаруды тапсырды.

1733 жыл. 2 қаңтар күні Тевкелев Уфаға келіп жетті.

4 қаңтар күні Санкт-Петербургтен қайтқан қазақ елшісі Құлеке [31] Әбілқайыр ханың ұлы Ералы сұltанға [32] айтыпты: «Ресей керуені тоналғаны үшін патша ағзам қазактарға ызалы. Бұл жақтан барған қазактарды ұстап қалуы мүмкін». Мұны естіген ханың ұлы, Бекенбай батырдың інісі Құдайназар мырза және басқа қазактар қатты қорыкты.

9 қаңтар күні қазактардың бұлайша қауіптеніп, толқып жатқанын көрген Тевкелев оларға басу айттып: «Елші Құлеке өтірік айтады. Ресей қазактар сияқты жеңіл мінезді емес. Ресей керуенінің тоналғанына патша ағзам ренжіп, қаһарын басқаларға төкпейді. Ол жаққа барған адад ниетті адамдар жақсы қабылданып сый-сияпатпен қайтады», деді. Алайда, Құдайназар мырза бұл айтқанға да сенбей, өзін Уфадан қайтарып жіберуді сұрап жалынды.

...Қазак даласында жүргенде тілмәш Тевкелевтің байқағандары: қазактар зеңбірек жасамайды еken, олар соғыста зеңбірек қолданбайды. Сондай-ақ, мылтық та жасамайды. Олар мылтыкты Хиуа мен Бұқарадан қойға, жылқыға айырбастап алады. Ал, оқ-дәріні әркім өзіне керегінше жасап алады. Басқадай зауыттары жоқ. Соғыста садақты аз қолданады, көбінесе шүріппесі жоқ білтелі мылтықтар қолданады. Ал, башқұрттар соғыста тек садақ қана ұстайды, дәрімен атылатын мылтықтары жоқ.

Ресей империясы сыртқы саясатының мұрағаты. Қазақ істері қоры, 122-тізбе, 1733 жыл, 1-ic, 8-137-пар.; Казахско-руssкие отношения в XVI-XVIII веках (Сборник документов и материалов). А. 1961 г. док. № 33. С. 48-86.

[1] Таймас батыр – Таймас Шайымов, башқұрт тарханы, Сібір даруғасы Қаратабын болысының елағасы. А.И. Тевкелевтің жақын көмекшісі әрі кеңесшісі ретінде қазактарды Ресей бодандығына бейімдеуге едауір үлес қосқан. Ресей билігін жан сала жақтап, башқұрт көтерілістерін басуға жәрдемдескені үшін тархан атағын алған. Қазіргі башқұрт тарихында башқұрт халқының мұддесін «satқан Таймас» аталады.

[2] Эйелім мен өгей шешемді - Миллердің күнделігіне қараңыз.

[3] Бекенбай батыр – тарихта табын Бекенбай Қараұлы деген атпен мәлім, 1741 жылы қаза болған, шамамен 1680-85 жылдары туған деп шамалауға болады. Кіші жүздің табын руынан. Жастайынан жонғар шапқыншылығына қарсы күреске шығып, ерлігімен көзге түсті, осы соғыстарда төрт ағасынан айырылды. 18 ғ-дың бас кезінде табын руының ел ағасы, батыр қолбасы. 1710 ж. Каракүмдағы халық құрылтайына қатысып, онда жауға тегеурінді соққы беру үшін бытыраңқы қазак жасақтарын біріктіру жөнінде ұсьыныс білдірді. Жонғарлармен күресте Әбілқайыр ханмен бірге болып, қазак жасақтарының үлкен бір тобына қолбасылық жасады. 1726 ж. Әбілқайыр мен Сәмеке хандардың Еділ қалмақтарына жасаған жорығына қатысып, тұтқынға түсті, қалмақ ханы Цэрэн Дондуктың колында бір жылдай «аманат» ретінде отырды. Кіші жүз қазактарының Ресей империясы қол астына өтуінде аса беделді ел ағасы ретінде Әбілқайыр ханға ерекше қолдау көрсетті. 1731 ж.

қазанда Ресей бодандығын мойындастындығы жөнінде ант берді. Ол мұндай антты 1740 ж. тамызда Ор бекінісінде екінші рет қайталады. Ресей патшайымы Анна Иоановна Бекенбай батырға құміспен өрнектелген қылышты арнайы сый ретінде жіберген. Бекенбай батыр 1741 ж. 500 адамнан тұратын жасақпен түрікмендерге жорық ұйымдастырыды. Ол осы жорық кезінде түрікмендермен болған шайқаста қаза тапқан. Қазіргі Ақтөбе облысының Үргызы ауданындағы қыраттың бірін халық Бекенбай батырдың құрметіне «Бекенбай шоқысы» деп атап кеткен. Әдеб.: Казахского-русские отношения в XVI –XVIII вв. Сб. документов и материалов, А.-А., 1961; Бакунин В.М., Описание калмыцких народов, а особливо из них торглутского и поступков их ханов и владельцев. Сочинение 1761 года, Элиста, 1995; Кэстль Дж., 1736 жылы Әбілқайырға барып қайтқан сапары туралы, А., 1996; Левшин А.И., Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей, А., 1996; Ерофеева И.В., Хан Абулхаир: полководец, правитель и политик, А., 1999. Ерофеева И.В., «Казакстан» ұлттық Энциклопедия., 2-том, 1999 ж. 405-бет.; Қазақстан тарихы. Энциклопедиялық анықтамалық. «Аруна» баспасы, Алматы, 2006. 163-бет.

[4] Есет батыр - Кекіұлы, (1667-1757), Кіші жұз, Тама руынан Бекенбай батырдың күйеу баласы әрі қарулас, ақылдас серігі. Әбілқайыр ханының Тевкелев баставан орыс елшілігімен келіссөзінде Бекенбай батырмен бірге белсене көрінеді, ханының жағында болады. М.Тевкелевтің күнделігінде Есет батыр есімі Бекенбай батырмен бірге 1931 жылғы 7 казаннан бастап аталады. Орынбор губернаторы И.Неплюев өзінің үкімет Сенатына 1743 жылғы 8 шілдеде жазған хатында Есет батыр «Кіші жүздің жеті руының бірден-бір басшысы», деп көрсетеді. Есет батыр 1667 жылы туғандығы жөнінде тарихшылар арасында тиянақты пікір қалыптасқан. Ал, қайтыс болған жылы туралы әр түрлі деректер келтіріледі. Мыс., М.Вяткин Есеттің өлген жылын анықтай алмаған, шамамен 1746-1751 жылдар деп топшылаған. Зерттеуші Дәүлетов Есет батыр 1749 жылы десе, З.Байдосов 1750 жылы қайтыс болды деп біледі. «Актөбе» энциклопедиясында Есет батыр 1667-1749 жылдары өмір сүрген деп көрсетілген. Тарихши Ә.Мұхтардың «Азаттық таңы жолында» деген зерттеуінде Есет тарханының аты аталған 1756 жылғы тамыз айындағы құжат келтірілген. Ө.Есенов (Исенов) жазба деректер мен ел аузындағы әңгімелерді салыстыра отырып, Есет Кекіұлы 1667 жылы туyp, 1757 жылы 90 жасында опат болды деген қорытындыға келген.

Әдеб.: Вяткин М.П. Батыр Сырым. Алматы, 2002, 344-бет. Мұхтар Ә.Қ. Азаттық таңы жолында (Қазақстанның батыс өңірі: XVIII ғасырдың екінші жартысы және XIX ғасырдың бірінші ширегі аралығындағы тарихи жағдайлар) Алматы, 2001, 528-бет, Исенов Ә.И. Есет Көкіңілінің қоғамдық-сақси қызметі. (1667- 1749 жылдар)// Мир на рубеже тысячелетий: Материалы региональной научно-практической конференции. Костанай. Издательство Костанайского университета. 2001. 51-57-беттер. Есенов Әтеген (Исенов) Тама Есет батыр. //Қазақ тарихы, 2008 жыл, 5-6-сандар, 27-29 беттер. Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005. 39, 43, 52, 56, 60, 63, 66, 71, 82, 134, 151, 157, 159- беттер.

[5] Құдайназар - мырза, Бекенбай (Қараұлы) батырдың немере інісі, Әбліқайырдың жақтасы және Ресейге бодан болу жөнінде ханмен, Бекенбай және Есет батырлармен бірге алғаш ант бергендердің бірі. М. Тевкелев бастиған елшіліктің сәтті аяқталуына жан сала көмектескен.

[6] Кармазин – шапандық шұға мата, қызыл түсті.

[7] Жеті ландық – қытай матасы, лан – бағасы.

[8] Баймұрат батыр, Кіші жұздің Жаппас (Байұлы, Есенбайұлы) руының елағасы, би. 1931 жылы Әбліқайыр ханның Ресей бодандығын қабылдау саясатына табанды қарсылық көрсетті. 1731 жылы 22 қазанда А.И.Тевкелев елшілігінің қосынына қарулы шабуыл жасады. Кейін Әбліқайырмен бітісті. Кіші жұз, алаша-алшын, Нұралы ханның арқа сүйер билерінің бірі, хан кеңесінің мүшесі, 1748 ж. 21 қыркүйекте «Нұралы сұлтан қасына 400-дей адам, ертіп келді. Олардың арасында алшын-алтай Ақкісі би, алаша-алтай Б.б., Жаппас Б., шекті Бақтыбай, байұлы-алшын, шехлар, Бәйтерек аталақ, Көбек мырза, Керейт руынан Көшімқожа, Машқар руынан Жәдік би бар» деген дерек сакталған. Әдеб.: Апполова Н.Г. Көрсетілген еңбек. 229-бет; Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках: Сборник документов и материалов. А.-А., 1961 Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005. 45, 46- беттер. Қазақстан тарихы. Энциклопедиялық анықтамалық. «Аруна» баспасы, Алматы, 2006. 110-бет.

[9] Қара батыр - Кіші жұздің ықпалды ел агаларының бірі.

[10] Нияз сұлтан - Әбілқайыр ханның немере ағасы. Санкт-Петербургке, Орынборға жіберілген елшіліктерді басқарды. 1742 жылы Әбілқайыр орыс патшасы Елизаветаға жазған хатында Нияз сұлтанды өз балалары Нұралы, Ералы, Айшуақ, Әділ және басқа да ең сенімді әрі жақын адамдарының қатарында атайды.

[11] Серен Дондук – Еділ қалмақтарының ханы Аюке опат болғаннан кейін, Ресей империясы Еділ қалмақтарына байланысты хандық билік жүйесін жойды да, әкімшілік билігі ретінде орталықтан тағайындалатын «наместник» лауазымын енгізді.

[12] Қарақалпақтың Қайып ханы – сұлтан, хан, (Қайып Мұхаммед Баһадұр хан, Қайыпжан) Кіші жүздің ханы Әбілқайырдың елшісі, Батыр сұлтандың үлкен ұлы, 1747-1762 жылдары Хиуа ханы, Абылайдың күйеу баласы Бөрі сұлтандың ағасы. Ресей үкіметі Әбілқайыр мен Батыр ұрпактарының арасын шиеленіструді көздел, Қайып сұлтандың беделін түсіруге, сол арқылы Хиуа хандығында өз билігін жүргізу үшін, оның орынына Ерәлі сұлтанды қоюға әрекеттенді. Қарақалпак ханы Бөрі сұлтандың қаза табуына байланысты елде бүліншілік басталып, Қайып хандықты тастанап Кіші жүзге қайтып кетті. 1786 ж. Қайыпты Арап қазақтары өздеріне хан сайлагап алды, 1791 ж. қайтыс болған. Әдееб.: Есмурzin Ж. Қайып хан және Хиуа хандығы // Қазақ тарихы. 2006. №4. 28-34 беттер; Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках: Сборник документов и материалов. А.-А., 1961; Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005. 54, 57, 168, 170, 174, 178, 347-беттер.

[13] Қазыбек би (Қаз дауысты) қазактың Ұлы билерінің бірі (1666-1763), Сыр өнірі, Қаратая алқабында (Сырдан әрі Мейрам арық) туып, қазіргі Қарғанды облысы, Бұқар жырау ауданының аймағында, Семізбұғы, Далба таулары ішіндегі Мұрынтал ағашы деген жерде дүниеден өткен. Сүйегі Түркістандағы Қожа Ахмет Иассаун мазарында. Арғын ішіндегі Мейрам сопыдан тарайтын қарекесек руынан, экесі Келдібек би, атасы Шаншар би. Қазыбек би жасынан билікке араласып, Тәуке хан тұсында көрші мемлекеттерге әлде неше рет елші болып барған. Халық аузында атадан балаға беріліп жатқан әңгімелерге қарғанда: Тәуке хан үш жүзден шакыртқан Төле, Қазыбек және Сасық би көмегімен, екінші деректе Ұлы жүзден Үйсін

Төле би, Орта жүзден Қаракесек Қазыбек би, Кіші жүзден Алшын Әйтке би, қара қырғыз Қоқым би, карақалпак Сасық би және құрама Мұхаммед би қатарлы ел агаларының қатарында «Жеті жарғы» құжатын жасауга қатысқан. Әдеб.: Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. в пяти томах. 1-том, Алма-Ата, 1981. 385-бет. Адамбаев Балтабай. Шешендік сөздер, Алматы, 1967; Сол автор. Шешендік сөздер, Алматы, 1992; Қойгелдиев М. Қаз дауысты Қазыбек бидін екі хаты // Қазак әдебиеті. 1990, 1-қантар; Қазақ хандығы дәүріндегі әдебиет. Алматы, 1993; Төреқұлов Н., Қазбеков М. Қазақтың би шешендері. 1,2-кітап. Алматы, 1993; Қазақ тарихи жырларының мәселелері. Алматы, 1979; Байболұлы Қ. Төле бидін тарихы. Дастандар, Алматы, 1991; Цинская империя и казахские ханства. Вторая половина XYIII в – первая треть XIX в. Алма-Ата, 1989. Ч.1. С. 136,141-142; Төле – великий бий. Алматы, 1993; Зиманов С.З. Үш зангер – үш аныз., Т.Кәкішев. Қаз дауысты Қазыбек., Сматай С. Қаз дауысты Қазыбек мұраларынан,, Артықбаев Ж. Қаз дауысты Қазыбек би қашан туған?, Адамбаев Б. Қазыбек би мен Төле би / Қазақтың ата зандары. Құжаттар, деректер және зерттеулер. 10 томдық, 1-том. Алматы. «Жеті жарғы», 2001. 72-321 беттер; Казахско-русские отношения в XYI-XYIII веках: Сборник документов и материалов. А.-А., 1961; Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005. 55, 103, 141, 152, 162, 169, 175, 176, 342, 348-354, 356, 357-беттер.

[14] **Тәуке, Мұхаммед батыр, хан, – 1715 ж. ө.** Орта жүздің ханы және қазақтардың аға ханы (1680-1715) Жәдік сұлтаннан тарайтын Жәнгір ханның ұлы. Асқан батыр, көреген басшы, ақылы мен білімі толысқан билеуші ретінде тарихта қалған. Бүкіл өмірін қазақ жерін жонғарлардан қорғауға арнаған, бірнеше рет қырғыздар мен қарақалпақты өзіне қосып, жауға қарсы күрес ұйымдастырған. Қазақ хандығының ішкі тұрақтылығын қамтамасыз етуде Тәуке хан кезінде айтулы қазақ билерінің ақыл-ойынан туған «Жеті жарғы» зандарының тарихи маңызы ерекше. 1686-1693 ж.ж. арасында Тәуке Ресейге бес елшілік жіберіп, мәмілегерлік қатынастарды нығайта түскен. Тәуке хан тұсында хандық билікке негізделген, саяси құрылымы берік қазақ хандығы орталықтандырылған кемел мемлекет болды. Әдеб.: Спасский Г. Киргиз-кайсаки Большой Орды. / Сибирский вестник. №7,9 Спб, 1820; Тынышбаев М. История казахского народа. А. 1993; Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005 97, 125, беттер; Қазақстан тарихы.

Энциклопедиялық анықтамалық. «Аруна» баспасы, Алматы, 2006. 689-бет.

[15] Сәмеке хан Ресейдің коластына... Осы уақытқа дейін Қазақстан тарихында «Кіші жұз Ресей империясының бодандығын 1731 жылы, Әбілқайыр ханның сұрауы бойынша, ал, Орта жұз 1740 жылы Әбілмәмбет хан мен Абылай құлтанның ынтасымен қабылдады» деген түсінік қалыптасқан. Шын мәнінде, Орта жұз де 1731 жылы Ресей бодандығын қабылдағаны ақиқат. Оған дәлел ретінде, А. И. Тевкелевтің күнделігіндегі мына жазбалардан табамыз: «[1731 жылғы] 15 желтоқсан күні Әбілқайыр хан мен Бекенбай батыр Орта Жүздің ханы Сәмекеге елші аттандырып, сәлем айтты: «Әбілқайыр хан және қазақтың ел ағалары Ресейге бодан болды, салық төлеп тұрады, осы жөнінде ант берді. Сондыктан, Сәмеке хан да өзінің ел ағаларымен Ресей бодандығын қабылдасын. Сейтіп, бүкіл қазақ даласы патша ағзамның канатының астында қауіпсіз болып, тыныштық табады». Тевкелев ханның елшісіне қоса, өзінің сенімді башқұрты Таймасты жанына екі кісі қосып аттандырды. Сәмеке ханға бағасы 2 руб. 50 тиыннан төрт аршын қызыл, жасыл, күрен кармазин шұға, жеті ландық қызыл қамқаның бір кесегін, тігілген қызыл шұға шапан... 6 кесек қызыл былғары, 5 ақкіс, 2 құндыз, 2 қара тұлқи; атақты ел ағасы Қазыбек биге 4 аршын қызыл кармазин шұға, 1 құндыз, 1 ақкіс, 1 бұзау терісі қызыл былғары беріп жіберді...»

«[1731 жылғы] 25 желтоқсан күні Орта жүздің ханы Сәмекеге жіберілген Құдайназар мырза мен башқұрт Таймас Шайымов қайтып келді. Олар Тевкелевке мынадай хабар жеткізді: «Елшілер 19 желтоқсан күні Сәмеке ханға барған, Тевкелевтің атынан жіберілген сыйлықтарды тапсырып, сәлемін айтқан. Тевкелев өзі алыста болғандықтан және ат-көлігі арып-тозып, қыс ішінде келе алмады», деген.

Бұған жауап ретінде Сәмеке былай депті: «Тевкелевтің өзі келмегеніне ренжімейді, Ресей сияқты ұлы империядан елші келгеніне де разы. Тевкелевке ханның өзі барып жолығатын жөні бар еді, бармаған себебі Әбілқайыр ханға өкпесі бар. Өйткені, Әбілқайыр қазақ хандары мен ел ағаларының келісімінсіз Ресейге бодан болған. Ал, Тевкелевтің ат-көлігі болмағандықтан Сәмеке ханға өзі келе алмады, дегеніне сенеді... Сәмеке хан Ресейдің ұлы патшасына қарсы шықпак түгілі, Әбілқайырдың ақылынсыз-ак, өзі де бодан болғысы келеді».

Осыны айтканнан кейін Сәмеке хан Ресейдің қоластына кіруге ант берді. Хат жазып, мөрін басты. Өзіне қарайтын Орта жүзден Мәскеуге елшілер жіберіп, жыл сайын 2000 тұлкі және 1000 карсак терісі түрінде салық беріп тұруға міндеттенді. «Бірақ Уфаға аманатқа кісі бермеймін», деді.

Келесі күні Сәмеке Тевкелевтің елшілеріне екі кісі косып беріп, өзінің хатын тапсырып, кайтарып жіберді. «Қазактың қалған хандары мен сұлтандарына Тевкелев көктемде, мамыр айында жолығатын болсын, өз адамдарыммен өзім келісемін», деді. Сәмеке сонымен бірге, қазактың Орта жүзінің хандары мен сұлтандарын, басқа ел ағаларын Ресейге бодан болуга үгіттеп көндіруді мойнына алмайтынын айтты». Ресей империясы сыртқы саясатының мұрагаты. 122-қор, 1733 жыл, I-ic, 8-137-пар.

[16] Жәнібек батыр – батыр, тархан (1693-1751). Орта жүздің биі, әкесінің аты – Қошқар, шақшақ Жәнібек деген атпен белгілі. Заманында Орта жүз бен Кіші жүздің саяси және әскери өміріне белсene араласты, Қазақ хандығына көрші елдермен келіссөз жүргізген елші. 1736 жылы өзіне қарайтын қауымымен Ресей бодандығына өту жөнінде ант берді. И.И.Неплюев 1742 жылы Ресей патшасына жазған хатында Жәнібек батыр «Кіші жүз бен Орта жүзге де бірдей қадірлі, беделі хандардан да артық, екі жүзде де тыныштық пен тәртіпті қамтамасыз ете алатын бірден-бір тұлға» деп бағалады. Осы себепті Жәнібек Қошқарұлының ұлысына Жайық қалашығы маңындағы Қарақөл деген жерді жайлап-қыстауга рұқсат берілген. Жәнібек батыр Кіші жүзде қайын атасы Әбілқайыр ханмен, Бөкенбай, Есет батырлармен, Түркістандағы арғын Нияз батырмен тығыз байланыста болып, Қазақ хандығына қатысты көптеген маңызды оқиғаларда белсенділік танытқан. Ресей патшасы Елизаветаң җарлығымен 1743 жылы 11 шілдеде Жәнібек тархан атағы берілді. 1745 жылы Жәнібек ұлы Дәүітке де тархан атағы берілген. Қыр халықтарында тархандық дегеніміз князь дәрежесін білдіреді. Кезінде беделді тарихшы Н.П.Рычков атап көрсеткендей, «ХVIII ғасырда тархандық атақ хан мен сұлтандардан кейінгі, билер мен батырлардан жоғары дәреже ретінде бағаланған» Орта жүз хандығының билігі Абылайдың қолына көшкеннен кейін Жәнібек тарханның өкілдігі де жоғарылады. Ш.Уәлихановтың пікірінше, Жәнібек тархан көп тыңдал, аз сейлейтін, ердің құнын екі ауыз сөзбен шеше алатын әділ де шешен адам болған. И.И.Неплюев 1742 жылы Ресей патшасына жазған

хатында Жәнібекті «Кіші жұз бен Орта жұзге де бірдей қадірлі, беделі хандардан да артық, екі Жұзде де тыныштық пен тәртіпті камтамасыз ете алатын бірден-бір тұлға» деп бағалады. Осы себепті Жәнібек Қошқарұлының ұлсынына Жайық қалашығы маңындағы Қаракөл деген жерді жайлап-қыстауға рұксат берілген. Жәнібек Кіші жұзде қайын агасы Эбілқайыр ханмен, Бекенбай, Есет батырлармен, Түркістандағы Нияз батырмен тығыз байланыста болып, Қазақ хандығына қатысты көптеген маңызды оқиғаларда белсенділік танытқан. Халық арасында шақшак Жәнібек есіміне байланысты кисса-дастандар, аңыз-әңгімелер кең тараған. Әдетте, ол Абылай ханның кеңесшісі, қолбасшысы ретінде айтылады. Ел ішіндегі, жұздер мен тайпалар арасындағы кесек дауларды шешіп, бітістірген. Қебінесе, Кіші жұз бен Орта жұзді байланыстыруши дәнекер, салиқалы елші деңгейінде көрінеді. Халық ақыны Иманжан Жылқайдаровтың жырылауында бізге жеткен «Шақшак Жәнібек батыр» жырында, Қекбайдың «Абылай» дастанында Жәнібек тарханың ер тұлғасы нанымды сомдалған. 1993 ж. Арқалық қаласында батырга ескерткіш орнатылды. Әдеб.: Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках: Сборник документов и материалов. А.-А., 1961; Н.П.Рычков, Дневные записки путешествия капитана Николая Рычкова в киргиз-кайсацкие степи в 1771 году. СПб., 1772. С.18-19; Сабырханов А. Қазақстан мен Россияның XVIII ғасырдағы қарым-қатынастары. А., 1970: Левшин А.И. көрсетілген енбек; Оразбаева А., Дәстүрлі қазақ қоғамына тән билер институты, Алматы, 2004; Абылай хан, Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005. 58, 78, 80-83, 94, 95, 99, 101, 102, 108, 112, 114, 115, 118, 119, 120, 123, 128, 134, 135, 137, 143, 149, 150, 152, 168, 170-172, 174, 184, 190, 200, 332, 333 беттер.; Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. в пяти томах. 1-том, Алма-Ата, 1981. 384 бет.; Рсаев Т.«Қазақстан» ұлттық энциклопедия. А, 2001 619 бет.; Қазақстан тарихы. Энциклопедиялық анықтамалық. «Аруна» баспасы, Алматы, 2006. 261-262-беттер.

[17] Бекболат, Екешұлы, Кіші жұздің биі, батыры. 1716 жылы Қайып ханның Сібір губернаторы М.П.Гагаринге, 1731 жылы Эбілқайыр ханның елшілігін бастап, Ресей үкіметімен келіссөз жүргізген. Қазақ хандығының шет елдермен ресми байланыстарында белсенді қызмет көрсеткен алғашқы дипломаттардың бірі. Әдеб.: Басин В.Я., Русско-казахские отношения в XVI-XVII веках. А.-А., 1974. Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен

материалдар. Астана, 2005. 58-59-беттер. Махаева А. 253 бет. // «Қазақстан» ұлттық Энциклопедия., 2-том, 1999 ж., 228-бет.

[18] Баба би, Кіші жұз, Әбілқайыр ханның Ресей бодандығын қабылдауына наразы топтардың бірінің көсемі. 1732 ж. Баба би, Жантұма би екеуі күш қосып, қол жинап Әбілқайыр хан мен Тевкелевті шауып алуға дайындалады. Бір айдан кейін бұл райынан қайтады. Бидін бұл шешімі жөнінде үш аптадан кейін ұла Ақша келіп хабарлаған. Әдеб.: Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005 59, 61, 62, 66-беттер.

[19] Жантұма би, Кіші жұз Әбілқайыр ханың Ресей бодандығын қабылдауына наразы топтардың бірінің көсемі. 1732 ж. Баба би екеуі күш қосып, қол жинап Әбілқайыр хан мен Тевкелевті шауып алуға дайындалады. Бір айдан кейін бұл райынан қайтады.

[20] Байбек ағалық (Байпак) Кіші жұз, шөмекей-балқының биі, аманат ретінде орыстың қолында болған Айшуақ сұлтанның аталығы, Әбілқайыр ханың Ресеймен, башқұрт, қалмақ, жоңғар билеушілерімен келіссөздеріндегі беделді де сенімді елшісі, ол қайтыс болған соң Нұралы ханның уәзірі. 1748 ж. күзде Әбілқайыр хан қаза болғанда Орынбор губернаторы И. Неплюев Байбек аталақты ханың қаралы жесірі Бопай ханымға Ресей үкіметі атынан көніл айтуда жібереді: Сакталған құжаттарда «Байбек көзі тірісінде ханға да, оның артында қалған ханымы мен балаларына да жақын, жұғымды адам, есті кісі... Байбек ел ішіндегі беделі күшті» деген сипаттамалар кездестіреміз. Әдеб.: Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках: Сборник документов и материалов. А.-А., 1961; Апполова Н.Г. Қорсетілген еңбек, 141-бет; Левшин А.И. Қорсетілген еңбек. 188-бет; Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005. 65, 68, 76, 174, 185, 186, 188-беттер.

[21] Арап қазактары – жеке хандық болған, кейбір оорыс зерттеушілері «Арап өзбектері» деген сөз тіркесін қолданады.

[22] Сәтемір (Шах-Темір) - Арапдың ханы. Сәтемірдің жасындағы тағдыры Абылай ханының бала кезіндегі жағдайы туралы ел аузында сакталған әңгімелерге ұксас. Сәтемірдің экесі Мұса 1710 жылдары Арап мен Хиуага хан болып тұрғанда, бақталастарының қолынан қаза табады да, орнына Серғазы хан болады. Аталағы, яғни

Мұса ханның құлы Оразалы жас Сәтемірді күтқарып, жасырын асырайды. Ер жеткен соң, немере ағасы Сердәлі мен Оразалы аталақ Сәтемірді Арал ұлысының хан тағына отырғызады. 1731 ж. Кіші жүзде болған кезінде А.И. Тевкелев Сәтемірді Ресей бодандығына қабылдаған.

[23] Мұса хан - Сәтемір ханның әкесі.

[24] Серғазы (Шерғазы) Хиуа ханы Ширғазы, Арапдың ханы, (Қараныз: Сәтемір хан, 20-бет).

[25] Князь Черкасский (Черкасский-Бекович) – Кабарда князі, 1717 жылы 1 Петрдін тапсырмасымен бес мың адамдық әскер қолымен Хиуа хандығына жасырын барлау мақсатымен аттанған. Сол жолы құпия сырғы ашылып қалып, Серғазы ханның бұйрығымен оның басы алынады, апарған әскері талқандалады.

[26] Мамай сұлтан - Әбілқайырдың немере інісі, 1728 ж. Хиуада Серғазы хан өлгеннен кейін таққа отырды да, бір жұманың ішінде хиуалық Арғымак деген ел ағасының қолынан қаза тапты.

[27] Жолбарыс – (Елбарыс, Чолбарс, Юлбарс, Юлбарис) (1690 ж.ш. – 5.04.1740). Кіші жүздін Әбілқайыр ханының Қажы сұлтан деген інісінен туған, немере туысы. Хиуада 1728-1739 жылдары хан болып, Әбілқайыр ханмен тығыз байланыста болған.

[28] Доржы Назаров, Еділ қалмақтарының бір бөлігіне Ресей патшасы тағайындаған наместник.

[29] Мерген Қашқа, Қашқа, Қасқа мерген 1732 ж. Еділ қалмақтарының зайсаны Доржы Назаровтың елшісі, 1740 жылы Жоғарияға келген, 1742 ж. жонғарлар жағынан бас елші дәрежесінде көрінеді, Қалдын Серенниң елшісі (Бараң екеуі) Абылай ханды тұтқыннан босатудың шарттарын келісіп, пісірге келген. Жонғар хандығы күйрекеннен кейін қазақ арасына келген. 1757 ж. Нұралы ханның сарайынан көрінеді, мұнда манызды елшілік міндеттер атқарады, тіпті М. Тевкелев Нұралыға жазған бір хатында: «Сіздің қызметкеріңіз Мерген Қашқа ...» деп жазады. Әдеб: Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005. 68, 108, 113, 114, 116, 117, 122, 131-бет.

[30] Шақшак Бөгөнбай – Орта жұздің батыры, шақшақ Жәнібек тарханиның атлас туысы әрі ізбасар серігі.

[31] Құлеке - Тәнірбердіұлы батыр, (т.ж.б.-1767-68) Орта жұз, атығай руының ел ағасы. Абылай ханға жақын кеңесші, маңызды тапсырмаларға жұмсайтын сенімді елші болған. 1732 жылы Орта жұздің ханы Сәмекенің елшісі ретінде Санкт-Петербургке барып, императрица Аннаның қабылдауында болған. Мұрағат қорларында Құлеке батырдың есімі, көбінесе, ішкі саясат мәселелерінде Абылайдың тапсырмаларын орындаушы әрі солтүстіктегі Керей тайпасының ел ағасы ретінде көрінеді. Тіпті кей жағдайларда Құлеке Абылай сұлтанның атынан, әсіресе, қазак шаруашылығының мәселелері бойынша әрекеттер жасап, Ресей үкіметінің шегара бастықтарымен байланысып тұрады. 1755-56 жылдарға дейін Құлеке батыр солтүстік Қазақстандағы Преснов қамалының маңайын жайлаған, 1756 жылы Қожаберген, Қарбағай (Бабақай) батырлармен бірге, әрқайсысы қол бастап, үш мындаш шаныракты алып, Ертістің жоғары ағысына қарай көшкен. Кейінгі тарихи оқиғалардың өрбүіне қарағанда, бұлай үдерे көшудің мәнісі Қыттайлық манчжур-шүршіт әскерінің қазак жерлеріне басып кіруінің алдын алу, басқыншылыққа қарсы Абылай басқарған казак хандығы әскерінің стратегиялық жоспары еді. Құлекенің қайтыс болуы туралы нақты жазба деректер табылмады. Құжаттардағы жағдайларды салыстыра отырып, Құлеке батыр 1767-1768 жылдар шамасында, 75-80 жаста қайтыс болды деп жорамалдауға болады. Әдеб,: Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005. 72, 73, 202, 207, 211, 233, 234, 236, 238, 240, 241, 255, 257, 265, 277, 289, 297-299, 301, 302, 305, 306, 316, 317, 320, 321, 326, 331, 332, 342, 344, 349, 350, 353, 361, 368, 369-беттер;

[32] Ерәлі - Ермұхамедәлі, Ералы сұлтан (т.ж.б. – 26.6.1794) – Кіші жұз ханы (1791-94), Әблқайыр ханының баласы. Е. жастайынан әкесімен бірге хан кеңестеріне қатысып, әкімш. істерге ерте араласады. 1733 ж. қантар айында Әблқайыр ханының Ресей империясына жіберген елшілігін басқарған. Бұл елшіліктің құрамында ағасы Нияз сұлтан да болды. 10 акпаңда Уфа арқылы Ресей астанасына жеткен елшілікті Ресей патшайымы Анна Иоанновна салтанатты түрде қабылдайды. Ералы сұлтан әкесі Әблқайыр ханының ерік-қалауын білдіре отырып, Ресей патшасынан Кіші жұз

қазактарына «бійк мәртебелі патша ағзамның қолдау көрсетуін» өтінеді. Ералы Әбілқайырдың аманаты ретінде Нияз сұltанмен бірге Санкт-Петербургте қалады. Олар бірте-бірте Ресей империясының отарлау саясатының шынысын таниды. Елге қайтуға асырып, Ералы әкесінен аманаттыққа басқа бір баласын жіберуді өтінеді. Әбілқайыр 1738 ж. Санкт-Петербургке үшінші ұлы Қожахметті жібереді. Ералы жездесі Нияз сұltанмен бірге Орынборға жетіп, сол жерде біраз кідіріп, әкесіне хабарламай, жасырын жағдайда өзі басқаратын керей, уақ, тарақты руларынан қарулы күш жасақтап, Сырдың аргы бетіне, Қызылқұм жағына билік жүргізіп жатқан хиуалықтарға шабуыл жасайды. Оларды қаракалпақтар қонысына дейін ығыстырады. Әбілқайыр ханды өлтірген Барақ сұltан жансыз жіберіп, Ералыны да мерт етпек болғанда, бұл қагерден Абылай сұltан алып қалған. 1755 жылы башқұрт көтерлісін басу және 1771 жылы Еділ бойы қалмақтарының қазақ даласы арқылы жонғарияға үдерे көшүі кезінде Ресей үкіметіне қарулы көмек көрсетті. Ералы Абылаймен дос, қарулас болған. Қалдың Серен өлгеннен кейін жонғарларға Абылаймен бірге қол бастап барып, кек қайтарған, мал-мұлік экелген. Ресей үкіметі Ералыны Абылайдың орнына хан коймақ та болған. Ол 1787 ж. ағасы Нұралы ханның Уфаға жер аударылуына және туысы Айшуақ сұltанды патша әкімшілігінің Орал қаласында ұстап, Кіші жузге қайтармауына байланысты Ресей империясының саясатына қарсы наразы топтардың қозғалысына басшылық етеді. Алайда, Ералы елдің жағдайына қатысты мәселелерді дипломатиялық жолмен шешуге тырысты. Ол бастаған халық қозғалысын оңай баса алмайтындығын түсінген Орынбор губернаторы А.А.Пеутлинг 1790 ж. қайтыс болған Нұралының орнына Кіші жуз ханы етіп Ералыны сайлауды үйіғарады. 1791 ж. 4-қыркүйекте Орск қ. түбінде зенбіректерден салют беріліп, Е. Кіші жуз ханы болып сайланады. Хан болып сайланғаннан кейін де ол өз ордасын Сыр бойындағы бұрынғы орнынан көшірген жок. Әдеб.: Левшин А.И., Описание киргиз-казацких или киргиз-кайсацких орд и степей, СПб., 1832; Касымбаев Ж., Государственные деятели казахских ханств (18 в), А., 1999. Шамшатұлы И. «Қазақстан» ұлттық Энциклопедия.. А, 2001. 386 бет. Материалы по истории Казахской ССР Т.4. Л. 1940; Казахско-русские отношения в XVI-XVIII вв. Алматы, 1961; Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005. 69, 72, 80, 82, 83, 253, 258, 261, 266, 333, 340, 108, 114, 115, 120-122, 131, 134-136, 165, 168, 171, 172, 174, 175, 178, 183, 358, 384, 401, 407-беттер.

№ 22 1735 жылғы 15 наурыз

**Ташкенттік сарт Нұрмұхамед Әлімовтің
қазақ хандары ... туралы айтқандарынан**

1735 жылғы наурыздың 15 жүлдөзында Ташкент қаласынан Уфаға келген сарт көпесі Нұрмұхамед молла Әлімов өзінің бұл сапары туралы былай деді:

Кіші жүздің ханы Әбілқайырга Ресей патшасының елшісі Тевкелев мырза Әбілқайыр ханнан Ресейге бодан болу туралы ант қабылдауға келуіне байланысты, Ұлы жүздің Ташкенттегі Жолбарыс [1] ханы Әбілқайыр арқылы Ресей патшасына табыстауга арнайы хат жолдап, өз атынан Қонай мырза Балықов пен Сырымбетті жанына қосшы беріп аттандырыды. Оларға қоса қала билеушілері атынан Әшіrbай, Хангелді батыр, Мехет Бақы, Әбес Батижан, Тұрсынбай Шамғара қатарлы таңдаулы бес кісіні жіберді. Бұлардың арасында Әшіrbай – осы сөздерді айтып отырған Нұрмұхамедтің немере інісі; Тұрсынбай – Наурыз Бақының ұлы.

Тұрсынбай Юрматы болысындағы Құлшық деген башқұрттың ауылында қалды. Ондағысы - Ресейге бодан болу мәселесінің қалай шешілетініне көз жеткізу.

Бұлар Ташкенттен 1734 жылғы наурыз айында шықкан. Өздерімен бірге біраз қарсақ терісін ала келген. Жолай Ыргыз бойын жайлап отырған Әбілқайыр ханының ордасына тоқтаған. Сол елде күзге дейін бөгелген. Себебі, башқұрт жұрты мен қазақтың Орта жүзі арасында соғыс болып жатқан. Ресейге қарай күзде ғана жүріп кеткен де, Уфаға бет алған жолында Юрматы болысының башқұрты Құлшықтың ауылына тоқтал, Жолбарыс ханының жіберген адамдарынан хабар күткен. Міне, сонымен Уфаға да жеткен...

...Әңгіме барысында Нұрмұхамедтің айтқандары мынау:

Қазақ хандары туралы: Экесінен естігені бойынша қазакта екі хан болыпты. Біреуі Ұлы жүзді, екіншісі Орта жүз бен Кіші жүзді билепті. Ұлы жүздің ханына Ташкент және оның маңындағы қалалар қараган. Орта жүз бен Кіші жүздің ханына Тұркістан мен сол маңдағы қалалар қараган. Ұлы жүздің хандары – Иман хан, оның ұлы Рұстем хан, онымен қатар Абдолла хан деген болыпты; бұл Абдолла хан осы Әбілқайыр ханының экесі Рұстемнен кейін, оның ұлы Асфендияр қоңырат руын билеген. Бұдан кейін үш хан болған: біріншісі – шымыр руының Тұрсын ханы, құли руын билеген Орыс хан. Бұл Орыс ханды өз қазақтары қалмақ қоңтайшысына құлдыққа

байлап берген. Үшіншісі – құба руын билеп отырган Жиһангер хан, қазір жасы келген адам.

Қазіргі Жолбарыс хан 15 жасында таққа отырган, жасы осы күнде қырық бестер шамасында. Оның әкесі Абдолла хан мен Рұстем ханның бірінші сұлтаны Қарабек есімді немере ағасы болған.

Жолбарыс ханың екі ұлы бар. Біреуі – Орта жұздін Жәнгір ханы, одан кейін Батыр хан, Батырдан – Тәуке, Тәукеден соң Қайып хан, Қайыптан кейін қазіргі Сәмеке хан, ол Тәуkenің кіндігінен. Сәмекенің екі ұлы бар.

Әблікайыр бұрын сұлтан болған, қонтаішы билеген қалмақтармен соғыстағы жеңісіне байланысты Кіші жұз тағына отырды. Башқұрттар Ресейге қарсы соңғы рет бас көтергенде башқұрттың Алдар бастаған иғі жақсылары Әблікайырды хандыққа шақырып, хан ретінде мойындаған. Әблікайыр, осылайша, өзін Кіші жұзге де айрықша хан деп жариялад, Арап теңізіне қарай көтеріле көшіп кеткен.

Хандардың тұрағы туралы: Хандардың астана қалаларда ерекше сарайлары, бекіністері болады. Мысалы, Ұлы жұз ханы – Ташкентте, Орта жұз ханы – Түркістанда. Хандардың өз еркі өзінде. Қаласа, елімен бірге көше жайлап, қыстап жүреді, олар көшіп кеткенде, балалары билік жүргізеді.

Қалмақтар басып алғаннан кейін де Жолбарыс хан өз орнында, ал Сәмеке Түркістанда бар ма, жоқ па, білмеймін.

Ресей мемлекеттік көне құжаттар мұрагаты. 248-кор. 1131-тігінді. 167-172-пар.; Жарияланған: Добросмыслов А.И. Материалы по истории России. Т. 2. Оренбург, 1900. С 55-64; История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков. VI-том. А. 2007. С. 24-31.

[1] Жолбарыс (Елбарыс) Абдоллаұлы (1690 ж. шамамен – 1740) - Ұлы жұз ханы (1720-40). «Ақтабан щұбырынды, Алқакөл сұламадан» соң Жолбарыс хан өзі билеген қазақ рулары мен Ташкент тұрғындары атынан Жонғар хандығына тәуелділігін мойындаған, жонғардың әскер басына алым-салық төлеп тұрған. 1733 ж. Ұлы жұз ханының елшілері Арапбай мен Оразкелді Кіші жұздегі Ерәлі сұлтанмен бірге Ресейге барып, патшайым Анна Иоановнаға Ұлы жұздің Төле би, Кодар, Сатай, Хангелді, Бөлек батырларының атынан жазылған хатын тапсырды. 1738 ж. Жолбарыс хан Ресей бодандығын қабылдау ниетін білдіріп, Ресей үкіметіне хат жазады. 1738 ж. 19 қыркүйекте Анна

Жолбарыстын атынан арнайы грамота жолдац, оның тілегін қабылдаганын мәлімдеді. Бірақ, жонғар билеушілерінің қарсылығы және Ресей мен Ұлы жұз хандығы арасындағы саяси қарым-қатынастардың қалыптаспауы себепті Жолбарыс ханның саясаты жүзеге аспады. Жолбарыс 1739 жылы Абылай ханмен тізе қоса отырып, жонғар басқыншыларына қарсы құрес ұйымдастырды. Соның нәтижесінде Ташкент, Сайрам қалалары азат етілді. Жолбарыс Ташкент мешітінде жергілікті қожалардың қолынан қаза тапты, шыққан тегі белгісіз, кейбір авторлар оны Әбілқайыр ханның туған інісі деп атайды. Зерттеушілер бұл мағлұматтың теріс екендігін айт110,ады. Оның орнына Ташкенттің ұлымсебегі болып, Төле би тағайындалды. Жолбарыс хан мен Төле бидің арақатынасы туралы орыс елшісі Миллердің осы кітапқа қосылып, қазақша жарияланған жазбаларында бірқатар мағлұмат бар. Әдеб.: Сабырханов А., Казақстан мен Россияның XVIII ғасырдағы қарым-қатынастары, А.,1970; Добросмыслов А.И., Материалы по истории России, т.2, Оренбург, 1910; Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках. Сб. документов и материалов, А.-А... 1961; Труды общества изучения Казахстана. т. 7, в. 2, К.-О., 1926. «Қазақстан». Ұлттық Энциклопедия.. А, 2002. 22-б.; Қазақстан тарихы. Энциклопедиялық анықтамалық. «Аруна» баспасы, Алматы, 2006. 278-бет.; Атырау энциклопедиясы, Алматы: Атамұра, 2000. 318-бет.; Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005. 7, 13, 55, 66-беттер.

1736 жылғы 23 желтоқсан

Иван Кириловтың хатынан

Бұл жакта, Орынборда және басқа әскери бекіністерде жағдай бірқалыпты жақсы... Әбілқайыр хан және басқа қазақ хандары, сұлтандар мен ел ағалары хат жазып жатыр, Ресей империясына бодандығын нақтылап, адамдарын да жіберіп қояды. Қазақтың Орта жүзінің кіші керей [1] деп аталатын руы, Әбілмәмбет хан және Абылай сұлтан Тобыл [2] мен Есіл [3] өзендерін жайлайды, кейде Ертіске [4] таяп барады.

Әбілқайыр ханның шақыруымен Ор өзенінің жоғары ағысын жайлайтын барлығы он мың шаңырақтай қазақтар, патша ағзамға жақадан келіп ант бермек. Мен олардың ханы мен сұлтанын, иғі

жақсы ел агаларын көктемге қарай Орынборға [5] шақырып отырмын. Қыр қазақтарының заңы бойынша Құран сүйгізіп, ант алмақпын. Бұл Әбілмәмбет ханның айтуы бойынша, оның атасы Тәуке хан бұрын Ресейге бодан болыпты. Менің білуімше, бұл бодандық ұзаққа созылмаған сияқты.

Иван Кирилов.

Ресей мемлекеті қоңе құжаттар мұрағаты. 284-қор, 1164-тігінді, 350-парап.

[1] кіші керей руы – Орта жұздегі Керей, Үак тайпаларының тарихын түсінбегендіктен, уақ-керей және керей руларын шатыстыру жи қездеседі. Тәуке ханның тұсында, шашырап жүрген рулардың басы біріктіріліп, «уақ-керей руы» деген атаумен Аргын тайпасына қосылған бұл дербес ру Солтүстік Қазақстандағы Преснов бекінісінен батыска қарай, Обаган-Тобыл төнірегін мекендерген. Кезінде орыс авторлары бұл ерекшеліктерді түсінбегендіктен, уақ-керейдің бір тармағын «кіші керей» деп бөліп атаған сияқты. 1755-56 жылдары осы «кіші керейлер» Қожаберген батырдың бастауымен шығыс Қазақстанга қарай көшіп, Керей тайпасына қосылған, Тарбағатай, Алтай тауларын мекен еткен.

[2] Тобыл - өзен, Ертістің сол жақ тармағы. Қазіргі Қостанай облысы мен Ресей Федерациясының Қорған, Түмен облысы, Қостанай облысы қалашық және ғемір жол стансасы да бар. Ұзындығы 1591 м., қазак жерінде 800 км., Жоғарғы жағы Торғай жыралары арқылы ақса, орта және төменгі ағыстары Батыс Сібір жазығы арқылы өтеді. Негізгі тармақтары: Есет, Тура. Абылай сұлтанның Тобыл бойын жайлағаны туралы дерек бар. 1752 жылы күзде Орта жүзге арнайы тапсырмамен келген капитан Яковлев Абылайды Обаган өзенінің бойынан қездестірген.

[3] Есіл - Ертіс өзенінің сол жақ саласы. Қазақстанның Караганды, Ақмола, Солтүстік Қазақстан облыстары және Ресейдің Түмен, Омбы облыстары жерінен өтеді. Жалпы ұзындығы 2450 км, су жиналатын алабы 177 мың шаршы шақырым. Қазақстан жеріндегі ұзындығы 1607 км. Сарыарқаның солтүстік бөлігіндегі Нияз тауының батыс беткейінен басталып, Омбы облысындағы Усть-Ишим селосының тұсында Ертіс өзеніне құяды. Көкшетау қыратын батыс жағынан айнала ағып, үлкен иін жасайды, осы тұста өзеннің арнасында шоңғалдар қездеседі. Одан әрі өзен Батыс Сібір жазығына шығып, Есіл жазығындағы көң жайылмамен (ені 5-8 км), төменгі

ағысында батпакты жерлермен ағады. Басты салалары: оң жағынан – Қалқұтан, Жабай, Ақканбұрлық, Иманбұрлық, сол жағынан Терісаккан. Есіл өзені және оның анғары Абылайдың өмірі мен қызметіне байланысты тарихи оқиғаларға күэ болған. Есіл өзені тікелей оңтүстікten бастау алады да солтүстікте Ертіске барып құяды. Есілдің көптеген тұстарда кілт шұғыл бұрылып, бағытын жіңіз езгергіп ағатын ерекшелігін толық зерттеп, түсінбегендіктен, Қекшетау сыртындағы Қылشاқты өзені бойындағы Абылай коныстарын орыс чиновниктері жағрапиялышқа бағдармен осы үлкен өзенге теліп, «Есілдің жағасында», немесе «Петропавл бекінісінің қарсысында» деп қате түсінік қалыптастырыған. Әдеб.: Әбдірахманов С. // «Қазақстан». Ұлттық энциклопедия.. А, 2001. 434-35 беттер; Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005. 143, 145, 146, 236, 317, 343, 344, 356, 367, 390-беттер.

[4] Ертіс – Солтүстік Мұзды мұхит алабында жатқан өзен, Обь өзенінің сол саласы. Қазақстан жерінде Шығ. Қазақстан, Павлодар облыстары арқылы ағады. Жалпы ұзындығы 4248 км, оның 1698 км. Қазақстан жерінде. Су жиналатын алабы 1643 мың км кв. Бастауын Алтай (Қытай) сілемдерінен (Найрамдалы тауынан) алады. Зайсан көліне дейінгі белігі – Қара Ертіс, көлден төмен қарай Ақ Ертіс немесе Ертіс деп аталады. Арнасы бастау жағында, негізінен, қар, мұз суымен, орта және төменгі ағыстарында қар, жаңбыр және жер асты суымен толығады. Алабы Алтай тауларының оңт.-батысын, Тарбағатайдың солт.-батыс баурайын, Сарыарқаның солт.-шығысын, Ресей жерінде Бат. Сібір жазығы мен шығ. Орал етегін қамтиды және өзеннің анғары мен арна жайылмасының сипаты осы орографиялышқа аймақтар ерекшеліктерінен туындайды. Қазақ жерінде Ертіс өзінің ағынын Қатын, Қалба, Нарын, Тарбағатай және Сауыр жоталарынан, Құлынды даласынан жинаиды. Көп жерінде тау сілімдерін тіле терен шатқалдар қалыптастан. Абылайдың өмірбаянында Ертіс өзеніне қатысты көптеген деректер баршылық. Әдеб.: Карпеков Қ. «Қазақстан». Ұлттық Энциклопедия. А, 2001. 408 бет; Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана. 2005. 153, 154, 201, 204, 211, 228, 233, 234, 236, 237, 256, 288, 289, 305, 307, 308, 311, 316, 318, 330, 343, 344, 362, 393, 394-беттер.; Қазақстан. ҮІқшам энциклопедиялышқа сөздік. Алматы, 2005. 190-бет.

[5] Орынбор – Ресей Федерациясындағы қала, облыс орталығы. Кіші жүздің Ресей құрамына енуіне байланысты қазак даласын отарлауды жеделдеті мақсатында 1734 ж. Орынбор экспедициясы құрылып, Қазақстан, Башқұртстан, Каракалпақстанның шығыс ауд.

игеру, табиғат қорларын пайдалану қамына кірісті. А.И. Тевкелевтің ой тастауымен Әбілқайыр хан Ресейден өзіне таяу жерден бекініс салып беруді сұрады. Дәлірек айтқанда, «сұрауға мәжбүр етті». 1734 ж. 10 маусымда Ресей патшасы Анна Әбілқайырга грамота жіберіп, қала салуға рұқсат жарлық берді. Ор өзенінің Жайыққа құйылсызында бекініс-қамал ретінде іргесі қаланды. 1735 ж. 15 тамызда И. Кирилов бастаған экспед. Жайықтың сол жақ жағалауына құяр сағасына қала (қазіргі Орск) сала бастады. 1740 ж. қызметке келген жаңа бастық В.Татищев сауда керуендері түнегітін, үлкен әскери күштер орналасуы керек деп жоспарланған қамалдың орынын қолайсыз деп тауып, «Орынборды» 200 шакырым Жайық ағысымен төмөнірек жерден салуға рұқсат сұрады. Сөйтіп, қазіргі Қызылтау стансасының іргесі қаланды. 1742 ж. жаңадан тағайындалған губернатор И.И. Неплюевке бұл жер ұнамай, 1736 ж. Кирилов іргесін қалаған Берді бекінісі қала орны болу керек деп, сенатқа ұсыныс жасайды. Сөйтіп, 1743 ж. Орынбордың іргесі Берді қамалының орнына түпкілікті қаланды. Жаз айларында арадағы сауда қатынасы Жайық өзенінің сол жағалауында жүргізілді. Осы жерде ірі сауда алаңы ашылып, керуен сарайы салынды. Сауда алаңының Орынборга және казак даласына қараған екі үлкен қақпасы болды. 1920 ж. 4 қазанда Орынборда Қазак әлкесі кеңестерінің құрылтай съезі өтіп, Қазак АКСР-і құрылды. Орынбор 1920-25 жылдары Қазак автономиялы республикасының тұнғыш астанасы болды. Қазір Ресей Федерациясына қарайды, ірі экономикалық және мәдени аймактың орталығы. Әдеб.: Борисов А.Я., Оренбург, Челябинск, 1968, Ескебаев Д., Орынбор қазактары. Тарихи-этнографиялық зерттеу. А. 2001. Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005. 73, 77-80, 91-94, 96-98, 99, 102, 103, 106, 107-109, 112, 114, 122, 124, 132, 133, 137, 140, 143, 145, 146, 148-151, 156-158, 160-164, 173, 176, 177, 182, 193, 195, 197-202, 211, 225, 246, 257, 260, 261, 265, 269, 271, 274, 280, 295, 297, 299, 406, 410-412, 414, 416, 422, 424, 428, 430-433, 435, 437, 438, 442, 446, 452, 455-беттер; Д. Ескебаев. «Қазақстан». Ұлттық энциклопедия.. А., 1998 ж. 203-б.; Қазақстан тарихы. Энциклопедиялық анықтамалық. «Аруна» баспасы, Алматы, 2006. 621-бет.

Қалмақ тыңшысы Харканың айтқандарынан

Ол Жәнібек батырмен сөйлескен еken, Кіші жұздің бірталай қазактары Кубанға [1] барып қайтыпты. Кубандықтар мен қазактар қосылып, Еділ қалмақтарына бір мезгілде екі жақтан шабуыл жасамақ болып келісіпті. Алайда, кубандықтар 6 күнге кешігіп қалыпты. Кубаннан келген хатқа қарағанда, олар қантар айының басында қалмақтарға шабуыл жасамақ, бұл жақтан қазактар да бармақ.

Қазактың бірқатар билеушілері Ресей бодандығында болғысы келмейді. Әбілқайыр ханды балағаттап, бізді башқұрттар мен қалмақтар сияқты Ресейге байлап берді дейді-міс. Кіші жұздің ханы Әбілқайырға жонғар қалмақтарынан кайта-кайта елшілер келіп, орысқа қарамаңдар, бізге келіп бағыныңдар дейтін көрінеді. Коркытып, үркітеді еken. Был көктемде тағы келмек.

Башқұрттар қазактар алып кеткен туыстарын қайтарып алмақ болып Орта жүзге барса, тобықты руының адамдары оларды да сабап, тонап, тұтқындалған тастапты. Мұны естіген Жәнібек батыр: «Ресейге қарайтын башқұрттарды босатындар», деп жайлап айтса да, қазактар көнбепті. Жәнібек батыр 500 адаммен барып, бұл қазактарға құш көрсетіпті, әйел-еркектерін үйінен суырып алып, сабапты. «Егер менің айтқаным, Әбілқайыр ханың айтқанына көнбесендер, орыстан әскер шақыртамын», деп коркытыпты.

Сәмеке ханнан Балтабай батыр бастатып елшілер келіп: «Жонғар қалмақтары мазамызды алады, Ресейден корған іздел, қарауына кіргіміз келеді», депті.

Майор Останковтан келген хатқа қарағанда, башқұрттар Әбілқайыр ханға қарайтын елден әуелі 100 жылқы, кейін одан да көп мал айдал әкетіпті. Башқұрт қарақшылары ханға тыңштық бермейді еken. Қазактар башқұрттардың көсемі Рысай батырдың ауылын шауып, 10 адамын тұтқындалған алыпты.

Ресей империясының көне құжаттар мұрағаты 248-қор, 1187-тігінді, 27-28 пар.

[1] Кубанға - қазақша Құбан, ногайлар мен татарлар Қобон деп атайтын өзенге байланысты қазір Кубань деп аталғын, Ресей Федерациясының өлкесі. Ол кезде Құбан түріктер мен ногай-татарлардың ата-мекені болған, Түркис мемлекетінің ықпалын құшті

сезінген. Ресей әкімшілігі казақтар Құбан өлкесімен танысып-білісіп, басқа да мұсылман діндес халықтарымен қосылып, күшейіп кетеді, деп қатты сақтанған.

№ 26 1737 жылғы 30 сәуір – 20 шілде

Орта жүзге барып қайтқан тыңшы, геодезист

Иван Шишковтың айтқандарынан*

1737 жылғы 30 сәуірде қазақтың Әбілмәмбет сұлтанына қарасты Орта жүздің Әлібек деген бйнің ауылына бардық. Әлібек би бізге көп қорлық көрсетті. Еріп барған Жайықтың саудагер казактарының тауарларын талап алды.

Әлібек бидің айтуынша, Әбілмәмбет сұлтанның иелігіндегі ауылдарда Ресейдің жиырма бес адамы тұтқында отыр.

Әбілмәмбет сұлтанға қырық шакты башқұрт келіпті. Олар Ресейдің зорлық-зомбылығын айтып, шағыныпты. «...Кәрімізді қыльштап, шауып тастанады. Жастарымызды солдатқа алды. Балаларымызды боярлар тартып әкетіп, зорлап шоқындырып жатыр. Сондықтан, қазактарды нааналап, бірге тұргымыз келеді», депті. Әбілмәмбет оларға аяушылық көрсетіп, «жиырма күннің ішінде 2 мың үй көшіп келіндер», деп мұрсат беріпті.

Мамырдың 4-жүлдэзында Әбілқайыр ханға келдік. 5-і күні кешке хан бізді шақыртып алды. Батыр-білерімен отыр екен. Біз ханға Кирилов мырзаның хатын тапсырдық. Әбілқайыр хан бізге Ресейдің 21 тұтқын адамын шығарып берді.

25-і күні ханнан өзіміз көрген Ресейлік жиырма тұтқынды босатып беруін сұрадық. Хан: «Көріп қойған екенсіндер, қайтеміз, береміз де, - деді де, - менің хатымды Тевкелев мырзаның қолына тигізіндер, оған жолыққым келеді. Тұтқындарды тауып, Орынборға өзім жеткізіп беремін. Айта барындар, Ресейге адалдығым бұлжымайды, сертім берік, сөзім-сөз», деді.

Шынында, казақтардан бізге деген бәлендей бөтендік байқалған жоқ.

«Егер, патша ағзам бізге теріс қарайтын болса, Кубань өлкесіне қарай көшеміз, сонда кубандыктармен бірге көшіп-қонамыз», - деді Әбілқайыр хан.

Қазақ жерінде тұтқында Ресейден де, қалмақтан да көп адам бар.

Барык сұлтан мен Әбілмәмбет сұлтаннынан өзіміз апарған хатқа жауап беруді сұрағанымда, олар: «Әбілқайыр ханмен ақылдасамыз. Хан не десе, сол болады, біз ханның еркінен шықпаймыз», - деді.

Орынбордан Бұхарага бет алған жолда, кездейсоқ Әбілмәмбет сұлтанға қарайтын Орман батырдың ауылының үстінен шықтық. Жолығып, тілдескенімізде, Орман батырдан естігендік мынау: Олар осының алдында башқұрттарды шаппақ болып аттанып бара жатқанда, жолда екі башқұртты ұстап алады. «Олар бізге алдымында 300 көлік сауда керуені кетіп бара жатқанын, күзеткен эскері бар екенін айтқан соң, кері кайттық», - деді Орман батыр.

Әбілмәмбет сұлтанға башқұрт елшілігі келген екен, сұлтан оларға Дәулетбай батырды [1] қосшы қызып, қайтарып жіберіпті.

Қайтар жолымында Әбілмәмбет сұлтан бізді бір шақырымдай шығарып салып тұрып, былай деді: «Мен патша ағзамға жақпай, оның қарауында болуға лайық болмасам, бүкіл елімізben Ресей шебінен қыыр шетке көшіп кетеміз».

Орта жүзге Қырым ханынан [2] да, Кубань жактан да былтыр немесе биыл көктемде ешкім келмеген. Қалмақ ханы Дундук Омбыдан [3] да келгендер жоқ. Ал, жонғар қалмактары мен қазақтар арасында қақтығыстар тылмаған.

Қара қалмақ [4] елшілері былай деді: «Жем өзенінің жоғарғы ағысынан Хиуага дейін отыз күндік жер, ал кара қалмактарға қай жерлермен, қанша жүріп баруға болатынын біле алмадық. Ол жакқа бірінші рет қана бардық қой».

Орман батырдың айтуы бойынша Жемнен Ташкентке дейін отыз күн жүреді.

Арал теңізі маңындағы Құланда, Тұбек, Қасқарау деген жерлерге бармақ едік, хан жібермеді. «Олар бізге жауығып отыр, мен сендерді апара алмаймын», - деді.

Қазақтар жалпы басқа Азия елдерімен тату емес.

Қол қойған Иван Шишков.

1737 жылғы 27 шілде.

Ресей империясының көне құжаттар мұрагаты. 248-кор, 1164-тігінді, 751-парат.

[1] Дәулетбай батыр – найман, Әбілмәмбет ханның жақын серіктерінің бірі, Қытай мемлекетімен байланыста елші ретінде ерекше көзге түсіп, сол үшін Цянлунь императордың жарлығымен

1765 ж. 25 ақпандың оған «Төртінші дәрежелі ұлықтық жыға, тауыс айдарлы бөрік» берілген.

[2] Қырым ханынан, Кубань өлкесі (Қобан) – қазактардың түріктермен, қырым татарларымен, басқа да түрік тектес халықтармен жақындастырынан қауіптенген Ресей әкімшілігі мұндай қадамдарды жіті қадағалап отырған.

[3] Дундук Омбы (Омбо) - Еділ қалмақтарының наместник дәрежесіндегі билеушісі.

[4] **Қара қалмақтар** – ғылыми әдебиетте «дэрвэн ойрат», «ойрат одағы» немесе «4 ойраттың (дербет, чорос, торғауыт және хошауыт. – З.Т.) одағы» деген атпен белгілі болған Жонғар хандығы мен Батыс Монголиядағы ойрат жерлерін мекендеушілер. Ойраттар туралы алғашкы мәліметтер XIII ғасырдың басында мәлім бола бастаған. (қараныз: Рашид-ад-Дин. Сборник летописей, Т.1. М. – Л., 1952, стр.118-121) ол кезде ойраттар Монголияның қызы солтустік батысы мен Енесейдің жоғарғы ағысын жайлап-қыстаған. 1204 жылы олар наймандармен күш қосып, Шыңғыс ханға қарсы шықты, кейін 1208 жылы оған бағынды. XIY-XVII ғасырларда ойраттар Алтай тауларынан батыска қарай көсілген кең далада мал бақты. Мин заманындағы Қыттай жазбаларында ойраттар о-ла, в-ла немесе өлеуеттер, елеуіттер, олюттер деп қағазға түскен. Дәл осы осы құжаттарда ойраттардың дербет, чорос, торғауыт және хошауыт болып төртке бөлінетіндігі айтылған. Тек, қана чоростың орнына жонғар атауы енгізілген. Орыс құжаттарында жонғар ұлыстарын жаппай «қара қалмақтар» деп атау үрдісі бар. Қазактар да бұларды Еділ қалмақтарынан ажырату үшін «қара қалмақтар» деп атаған. Осы жіктелуді толық түсінбегендіктен, қазак тарихына байланысты әдебиеттерде екеуін шатыстырып алу да кездеседі. Әдеб.: Рашид-ад-Дин. Сборник летописей, Т.1. М. – Л., 1952, стр.118-121; Златкин И.Я.. История Джунгарского ханства (1635-1758), М., 1964; Очерки истории Калмыцкой АССР, М., 1967.

№27 1737 жылғы мамыр

Қазактарға қару-жарап сатқызбау туралы
Татищевтің Үкімет сенатына хатынан

Қазақ елшілері Мәскеуге барғанда көптеген қару-жарап сатып алыпты. Атап айтқанда: 28 мылтық, екі пистолет, 15 қылыш, 5 садак, 3

кіреккө сауда. Бұл жонінде статский советник Кириловка сыртқы істер алқасынан хабар түсken.

Бұл қаруларды ұстап қаламыз ба, әлде қазақтарды өткізе береміз бе? Біздің ойымызша, бұл қару-жарақты қазақтардан тартып алмай-ақ қойсақ та болады, өйткені олар қажет қылса, мұндай мылтықтарды Бұхара жақтан да табады ғой. Оның үстіне санаулы ғана қару-жарағымен бізге қазақтардан келе қоятын қауіп жоқ деп ойлаймын және де оларды үлкен өкпе-ренішке қалдырмайык.

Ал, келешекте Мәскеу мен басқа да қалалардан қазақтар мен тәшкенттіктерге мылтық сатқызыбау қажет шығар. Бұл мәселе жөнінде нұсқау шығарып, тиісті орындарға хабарлап қойған жөн болар еді. Отты-окты қарулар сатып алуда оларға тиім салу артық болmas.

Ресей империясының көне құжаттар мұрағаты. 248-қор, 1164-тігінді, 570-парақ.

№28 1737 жылғы 2 мамыр

Тыңшы Көбік Байназаров пен басқа тыңшылардың айтқандарынан

Қазақ ортасынан сақмар казагы Көбік Байназаровка [1] еріп келген екі казақ Орынбор экспедициясының [2] кеңессіне мына жайларды мәлім етті.

Олардың біреуі Орта жұз, аргын-қаракесек руынан, аты-жөні Құдайшүкір Хангелдин, екіншісі де сол жақтан. Есдөulet Байзақов деген қазақтар. Оларды Орта жүздің [Қаз дауысты] Қазыбек біі мен Дүйсенбай деген биі Кіші жүздің Әбілқайыр ханына жұмсал, Ресеймен сауда жасау мүмкіндігін қарастыруды тапсырған. Орта жүзге сауда керуендерін жіберуді сұрайды. Орта жұз патша ағзамның қарауында [1737 жылғы], патшаның қандай да бүйрек-жарлығын орындауга дайын. Осы талаптарды жеткізіп, жауабын Қазыбек биге тез баяндауга тиіс екен.

Әбілқайыр хан бұл елшілерді статский советник Кирилов пен полковник Тевкелевке жіберіпті, солар арқылы патшаның рұқсатын алуға болады, деп. Және бөгелмей елдеріне қайтындар, депті.

Егер Ресейдің сауда керуендері Ташкентке, Түркістанга және Бұхарага баратын ниеті болса, Әбілқайыр хан, Қазыбек пен Дүйсенбай княздар керуендерді өз адамдарымен аман-есен бастап

жеткізуге дайын. Патшаның бұл жөніндегі жарлығы сөзсіз орындалады. Әбілқайыр хан бұдан өзге ештене айтпапты.

Аты аталған князь Қазыбек бұл күнде [1737 жылы] Әбілқайыр ханмен іргелес, Ор және Елек өзендерінің жоғарғы ағысын жайлап отыр. Екеуі тату көрші.

Ал, Ташкент саудагерлері де, рұқсат алғатын болса, Орынборға келуге дайын отыр. Саудага салуға жорға, сәйгүлік жылқылар мен кой, тұлқи және қарсақ терілерін, тағы басқаларын әкелмек.

1737 жылғы 3 мамыр. Әбілқайыр хан жайлауда, Орынбордан салып атпен үш күндей Үй деген жерде. Таюда Қобдаға қарай көшпек, ол да онша қашық емес, екі күн жүріп, үшінші күні жетуге болады.

Орта жұзге башқұрт жағынан әуелі төрт, артынан алты кісі келіп кайтыпты. Біреуі Зәйіт дегеннің інісі Әлмет, басқасын білмедім. Олар Әбілмәмбет сұлтанға қарайтын кіші керей болысына [3] көшіп келуге қоныс сұрапты.

Әбілмәмбет ел ағаларымен ақылдасып қана жауабын беретінін айтыпты. «Олар қалай ұйғарса, солай болады», депті.

Бұл башқұрттар қайтарда Әбілқайыр ханға соқпай кетіпті.

Әбілқайыр хан өзіне келген хатқа байланысты еліндегі тұтқын орыстарды іздестіріп, 25 тұтқынды тауып, Қебікке қосып қайтарыпты. Қазір олар Жайық бекінісінде, бес күндер шамасында Самараға да келіп қалар.

Қебік Әбілқайыр ханға еріп, Кіші жұзді аралапты. Биыл көктемде Әбілқайыр хан көршілес хиуалықтарды шауып қайтқан көрінеді. Қазактар тағы да Хиуага бармақ екен, Әбілқайыр: «Ол жақтан елші келгенше, бармандар», деп жібермепті.

Қебік сонда жүргенде Хиуадан елшілер келіп, Әбілқайырға тарту-таралғы сыйлапты, тұтқындарын босатуды сұрапты, бұрынғысынша сауда жасап тұрайық десіпті. Бұл келіссөздің нәтижесі қандай екенін Қебік білмейді.

Әбілқайыр хан патша ағзамға арқа сүйейді, тірек көреді. Сондықтан да қарақалпақтарды шауып алыпты, қыргызға барып қайтыпты. Ал, ханның бүлікшіл (көтеріліс жасаған, - З.Т.) башқұрттармен қандай бір байланысы байқалмаған.

Қебік Әбілмәмбет сұлтаннан естіпті: «Статский советниктің (Кирилов) хаты бойынша ол інісі Абылай сұлтанмен башқұрттарға барып, 1500 адам тұтқын алып қайтыпты».

Солдат атын жамылған тыңшы Шишков Қебіктен кейін Әбілқайыр ханға, Орта жұздің Жәнібек батырына хат апарған болып

Барынғы Орта жүзден де; Кіші жүзден де Ресейге деген теріс пигыл
баптаманты.

Ол жақтардан жорға аттар алып, қой айдал Орынборға саудамен
келуге ниет білдірушілер көп. Және де Ресей қөпестері келеді деп
ұміттеніп отыр.

Көбікке еріп барған жайық казагы Михаил Андреев мыналарды
хабарлады:

Қазақ жерінде болғанда, ол жаққа башқұрт өкілдерінің келгенін
көрген. Накты аты-жөндерін білмейді. Башқұрттар қазактардан
өздеріне қабышдауды сұрапты. Қазактар Шишков деген солдаттан:
«Башқұрттарды қабылдасақ, арты қалай болар екен?» деп сұрапты.
Шишков: «Патша ағзамға жаулық жасағандармен ымыраға келу жөн
емес», депті. Сонда қазактар: «Башқұрттарды өз арамызға алсақ та,
олардың еркектерін түгел қырып тастап, әйелдері мен мал-мұлқін
олжалаймыз», депті.

Әбілқайыр хан Орынборға жақын көшіп келе жатыр. Қазір Үй
өзені жағасын жайлауда. Орынбор іргесінде хан кеңесін өткізбек.
Кеңесте қандай мәселе сөз болатынын Андреев білмейді (Андреев қол
қойған. – З.Т.).

Андреев, бұған қоса мынаны айтты: «Онымен бірге Жайыктың
саудагер қазактары қазак ішіне барған екен, қазактар саудагерлердің
тағам дайындайтын ыдыс-қазандары мен аттарын, мұлқін тартып
алып, өздерін сабап-сабап қоя беріпті» (Андреев қол қойған. – З.Т.).

1737 жылғы 5 мамырда Орынбор экспедициясының кеңесінен
келген жайық казагы Никифор Акутиннің айтқандары: Ол өз
шаруасымен Жайық бекінісінен Самараға карай барғанда, казақ
даласынан қайтқан Ресей тұтқындарын көрген. Оларды қазактар алып
келіпті, қанша адам екенін біле қоймалты. Тұтқындардың айтуынша,
оларды Әбілқайыр хан өзі іздеп тауып, жинап еліне қайтарса керек.

1737 жылғы 6 мамырда қазактардың үлкен жиыны болды.
Оларға Жайық бекінісіне, Қаражарға (Черный яр. – З.Т.) үрлікпен
барған қазактар жөнінде хат апардық. Бұл хатқа олар жауап берген
жоқ. Әбілқайыр хан Орта жүздің және Кіші жүздің барлық
сұлтандары, билері мен батырлары, ел ағалары және Құлсары батыр
[4] жиналсын, ақылдасамыз деген бұйрық берді.

7 мамырда хан ордасына көп адам жиналды. Бізге Бекенбай
батыр келіп кетті, қалмақтарға барып қайтқанын айтты. Хан
аманаттағы ұлы Нұралыға бармақ екен, мен тоқтапасам, Орынборға
басып кіrmек деді.

12 мамыр күні хан бәрімізді шақырып алды. Хиуадан келген елшілер де отырды. Хан Ресейді мактады, оның әскері жеңімпаз екенін айтты. Хиуа елшілеріне қарап: «Сендер не артықшылықтарыңмен мактана аласыңдар», деді. Хиуа елшісі жауап берді: «Мұсылмандардың ынтымағы берік, күші мығым. Ресейдің князі [5] бастаған төрт мың әскерінің екі мыңын қырып тастандық. Қалған екі мыңын жұмысқа жегіп, жер қаздырып қойдық, қауын-карбыз арқалап жүр», деді.

Оған жауап ретінде хан айтты: «Керек қылсандар, біз өз жеріміз арқылы Ресей әскерлерін сендерге карай өткізіп жіберейік, Қарасуды көрсетейік. Суга кеме салып, Каспий теңізімен барып, қала салуға рұқсат берейін, өзім көмектесейін. Сонда көресіндер, бәрінді құл қылғанын».

Әбілқайыр хан Орынборга, баласын көріп келуге тоғыз адам жөнелтті.

Қазыбек би өзінің ұлын [6] бас қылышп, бірнеше адамды Кабанбай батырдың еліне аттандырды.

16 мамыр күні, өткен жолы қазақ арасында менімен бірге болып қайтқан Жайық казактары мен татарларды, ногай Қебікті және Әлібек би ұстап қалған тұтқындарды кезіктірді.

18 мамырда ханға Жайық казактары Александр Иванов пен татар Мансұрды жіберіп, тұтқындарды босатсын деп сәлем айттым.

Абызбай келді: «Биың бәріміз не Ресейдің қарауына өтеміз, не болмаса, Ресеймен соғысамыз, екінің бірі болады», деді.

20 мамырда хан маған кісі жіберіп, ұсталған қазактар мен тұтқын орыстарды босату жөнінде бұйрық бергенін хабарлады.

[1737 жылғы] 23 мамырда Орта жүзге, Әбілмәмбет сұлтанға келіп, хат тапсырдық. Оның еліне бұрын қалмақ ордасында тұрған 150 тұтін қырғыздар [7] келіп қосылыпты. Олар бір кезде қалмақтың ханын өлтіріп, қазақ арасына көшсе керек. Жайық бекінісі атаманың қарауында бекіністе біраз болышты. Одан кейін башқұрттармен тұрыпты, башқұрттармен бірге көтеріліске қатысыпты. Өздерінде солдат киімдері мен кару-жарақ көп екен. Бұл қырғыздар, қазактарға ірткі салып, Ресейге бодан болғанша, башқұрттарға қол ұшын бермедіңдер ме, дейтін көрінеді.

31 мамыр күні Әбілмәмбет сұлтанға башқұрттар келді. Бұлардың көшіп келуіне сұлтан 20 күн мұрсат берген екен. Башқұрттар Әбілмәмбеттен қарулы қол сұрап, Орынборды және сол мандағы басқа қалаларды шабуылдайық, дейді. Ресейліктер

башқұрттарды аяусыз талап-тонады, тігерге тұяқ калдырмады, деп шағынды.

10 маусым. Қазактардың айтудың шартынша, құба қалмақтар Жем өзені бойын жайлаған қазак ауылдарын шауып, 150 шаңырақты талқандап, адамдарын тұтқындалап, малын айдап кетіпті.

13 маусым. Орман батырдан естігенім: «Башқұрт арасынан келген қыргыздар Сақмар жаққа аттанып, ел шауып, мал әкелмек екен, Әбілмәмбет сұлтан оларды тыйып тастапты. Яғни, бұл қыргыздар Жайық бекінісіне де, Сақмарға да қауіп төндіреді».

15 маусым. Әбілмәмбет сұлтанға тағы да башқұрттар келді. Орынборды шауып, Әбілқайыр ханының баласын күшпен босатып алуға үгіттеді. Тевкелев туралы сөз болғанда, Тевкелевті башқұрттардың елтіріп тастағанын айтты. Қазактарды Ресей бодандығына кірмеуге үгіттеді. «Ресейліктер қалмақтармен бірігіп бізді құртуға таяу, сондықтан, башқұрттар мен қазақтар құш қосып, Ресейді де, қалмақтарды да талқандауымыз керек. Ресей патшасының әскері аз. Әскері көп болса, біздің тұкымымызды бағыда-ақ құртар еді. Башқұрттар түтел қырылатын болса да, енді жеті жыл соғысуға жараймыз», дегенді айтты.

[1737 жылғы] 19 маусым. Орман батырдан естігенім: «Барак, Әбілмәмбет және Абылай сұлтандар өзара келісіп, Ресей патшасына бағынбак. Сол үшін Орынборға таяп көшіп келмек».

Сол күні Әбілмәмбет сұлтанға башқұрт елшісі келді. Ол: «Біз патшага барып келген башқұрттарды [8] өзімізге бағындырып алдық. Бірталайын қылыштал тастадық. Мал-мұлкін талап алдық. Қазір біздің жасағымызды сегіз мың қол бар, қазақтардан көмек сұрамаймыз, Ресеймен өзіміз-ақ соғысамыз», деп айттып кетті.

[1737 жылғы] 24 маусым күні қазактардың үлкен жиыны болды. (Хан кенесі туралы сөз болып отыр. – З.Т.). Әбілқайыр хан, Барак батыр [9], Орта жүздің көптеген билері мен батырлары қатысты. Жинальстары біткен соң, киіз үйге хан және Құлсары би кірді де, бізді шақыртып алды. Әбілқайыр хан бізге қарал: «Сұлтандар, билер мен батырлар, барлық қазақтар ақылдаса келіп, мені өздеріне хан сайлады, иіліп тағым етті. Дұға оқып, кол жайды. Бұдан былай ханының әмірі болмаса, ешкім ешкіммен соғыспайды. Ресей патшасына менің берген антымды сактап, адап қызмет етеміз, деді. Ал, башқұрттар да Ресей патшасы алдындағы айыбын мойындаады. Патша рақымы түсіп, оларға кешірім жасайтын болса, бұрынғысынша қанатының астында ұстайды. Мен башқұрттарды билеуғе сұлтан беремін» [10] деді.

Өткен 2 мамырда Әбілқайыр ханның ұлы Нұралы сұлтан, Есет батыр, Құдайназар батыр, Орта жұздің Абылай сұлтаны, Кабердин би (осылай жазылған. – З.Т.), басқа да билер мен батырлар Қарақарға барып, жаулап қайтты.

Абыз бидің қарауында тұтқындағы қалмақ әйел айтты: «Қазақтар сендерді Еділдің қыр жак бетіндегі қалмақтарды шауып кайтуға жібереді. Әлде, патша ағзамға қарайтын башқұрттарды ма екен? Сондай-ақ, хиуалықтарды, бұхаралықтарды, түрікмендерді, аралдықтарды және қара қалмақтарды, оларға іргелес, бірақ көшпенді емес халықтарды шауып бағындыруға».

Қазақтар қара қалмақтардан аса сактанып отыр. Олар биыл [1737 жылғы] жазда Жем өзені жағасындағы 160 тұндік қазақтарға шабуыл жасап, талап кетіпти, көп адамды тұтқындалап, малдарын айдал әкеткен көрінеді.

Ресей империясының көне құжаттар мұрағаты. 248-қор, 1164-тігінді, 575-парақ.

[1] Көбік Байназаров – башқұрт, Орынбордағы әкімшіліктің қазақ арасына жұмысайтын елшісі, тыңшысы.

[2] Орынбор экспедициясы - И. К. Кириловтың «Қырғыз-қайсақ және қарақалпақ ордалары туралы түсіндірме» деген жобасында көрсетілген шараларды жүзеге асыруға бағытталып, 1737 жылғы патша жарлығы бойынша құрылған. Құрамында екі жүздей адам болды. Геодезиялық, картографиялық және топографиялық жұмыстар жүргізуге Джон Кэстль, Джон Эльтон сияқты шетелдік мамандар қатыстырылды. Экспедицияның алдына Ор өзенінің Жайыққа құйылатын сағасында әскери бекініс салу, сол арқылы Ресейдің Кіші жүз берін Орта жүзге ықпалын күшайте түсу, жалпы қазақ халқын біржолата «сауыздықтап» (Кириловтың айттуынша), мәнгі бодандықта ұстау, Орта Азия хандықтарымен сауда қатынасын өркендету міндеттері қойылды. И. К. Кирилов 1737 жылы өлгеннен кейін Орынбор экспедициясының аты өзгеріп, Орынбор комиссиясы деп аталды. Оны В. Н. Татищев, В. А. Урусов, Н. И. Неплюев сияқты орыстың биік лауазымды қайраткерлері басқарды. Әуелі зерттеу, барлау тұрғысында міндет атқарған бұл мекеме кейін, түгелдей әкімшілік сипат алып, 1744 жылы Орынбор губерниясының құрылуына жоралғы болды.

[3] болысына – XIX ғасырда Ресей патшалығы енгізген билік жүйесіне байланысты әкімшілік бөліністің атауымен шатыстыруға болмайды. Ру атауына байланысты шартты ұғым ғана.

[4] Құлсары батыр – Орта жұз, арғын-атығайдың атакты билерінің бірі, Абылай ханның кеңесшісі әрі жауапты жұмыстарға жұмсақтын елшісі. 1737 жылғы 24 маусым күні Әбілқайыр хан, Барак батыр, Орта жүздің көптеген билері мен батырлары катысқан Хан кеңесінде Құлсары батыр басты тұлғалардың бірі ретінде көрінді. Осы оқиғаны көзімен көрген Ресей барлаушылары, Хан кеңесінің жиыны аяқталған соң «...киіз үйге Әбілқайыр хан мен Құлсары би кірді де, бізді шақыртып алды», деп жазды. «Әбілқайыр хан бізге қарап: «Сұлтандар, билер мен батырлар, барлық қазактар ақылдаса келіп, мені өздеріне хан сайлады, иліп тағзым етті. Дұға оқып, қол жайды. Бұдан былай ханның әмірі болмаса, ешкім ешкіммен соғыспайды, - деді». Ақылы мен парасатына сай ел ішінде зор беделге ие болған, «Құлсары әулие» атанған тарихи тұлға. Мына айтылғандай, Әбілқайырды, Әбілмәмбетті, Абылайды хан көтеруге катысқан. Саяси көзқарасы жағынан Қазақ хандығының Ресеймен жақын болуын қолдаган. Тіпті, жергілікті әкімшілікке өзінің ұлы Құлыбекті аманатқа өткізген. Сақталған құжаттарда «Ресей әкімшілігінің сеніміне кірген және патшаға шын берілген ел ағасы» деп айрықша аталағы. Ресейдің шегара әкімшілігі Құлсары батырды Абылайдың және басқа да ықпалды қазақ билеушілерінің ізін бағуға пайдаланғысы келгені бүкпесіз айқын танылады. Осы кітаптағы материалдар да оқырманды сондай ойға жетелеуі мүмкін. Жан-жақты зерттеп, теренцірек үніліп қарағанда, Құлсары батырдың кісілік қасиеттері мен мінез-құлқы өз еліне қалтқысыз берілген, алысты болжап, кең ойлайтын сұнғыла қайраткер екендігіне көз жетеді. Құлсары бейнесі, оның іс-әрекеттері, Абылайдың қырық қатпарлы терең саясатының тағы бір көрінісі. Патша әкімшілігі Абылайдың ой-жоспарлары, сыры мен пікірлері тұралы Құлсары батырдың берген ақпараттарына қалтқысыз сенеді, міне, дәл осы сенімді Абылай Ресей әкімшілігінің Құлсарыға деген сенімін пайдалана білген, өз ойын жүзеге асыруға мүмкіндік алған. Реті келген жерде Абылай ханды сабырға шақырып, кажет болса, тежек, ақылға жендеріп отырады. Сондығы үшін де Абылай Құлсары батырды сыйлап, құрмет көрсеткен. Құлсары батыр арқылы патша әкімшілігіне кегіп жатқан хабарларды Абылай үнемі біліп отырған және сол Құлсары арқылы өзіне қолайлы ақпарат таратып, отарлаушы әкімшіліктің тамырын басып, ниет-жоспарларын біліп отырған. Элбette, «шын берілген», «адал қызметшіміз», «сізге ғана сенеміз»

деп көпшік қоя отырып, орыс әкімшілігі Құлсарының соңына тыңшы салып, аса беделді қазақтың әр қадамын аңдыған. Құпия құжаттарда Құлсары берген мәліметтерді тексеру керектігі де айтылады. Ұзақ жыл өзіне серік болған Құлсары батырдың қазасынан кейін Абылай хан оның орнына үлкен ұлы Құзыбекті қызметке ұсынып жазған хатында марқұмның қасиеттерін көрсетеді. Құлсары батыр 1777 жылы 80 жастан асып, қайтыс болды. Бейіті қазіргі Ақмола облысы мен Солтүстік Қазақстан облыстарының шегарасына таяу, Бұлак деп аталатын елді мекенниң маңында.

[5] Ресейдің князін – Бекович Черкасский туралы сөз болып отыр.

[6] Қаз дауысты Қазыбектің ұлы – Қазыбек бидің үлкен ұлы Бекболат би.

[7] қырғыздар – бұл арада қазак арасына башқұрт ішінен қайтып, Орта жүзге сіңген «естекі қырғыздар» туралы айтылған. Осы бір тарихи құбылысты түсінбегендіктен, қазір арғын-қаракесек ішінде жеке ру болып саналатын қырғыздарды Абылай хан 1770 жылғы жорықта Шу-Талас бойынан алып келіп, Қекшетау өніріне кондырған қырғыздармен шатыстырады. Бұл естекі қырғыздардың ұрпақтары осы күнгі Қарағанды облысының Ақтогай ауданында сақталған.

[8] патшаға барып келген башқұрттарды – башқұрттар ез жерінде екіге жарылып, өзара қактығыса берген. Бір бөлігі Ресей билігін қалтқысыз мойындаса, екінші жартысы бірнеше мәрте көтеріліс жасап, ауыр шығынға ұшыраған. Ресейге бағынғысы келмеген башқұрттар Орта жүздің карамағына енбек болып әрекет жасағаны туралы жазба деректер баршылық.

[9] Барақ батыр – жаңылыс жазылған, Барақ сұлтан болға тиіс.

[10] ...башқұрттарды билеуге сұлтан беремін -1737 жылы Орта жүздің ханы Сәмеке қайтыс болды. Қаз дауысты Қазыбек жаз шыға Кіші жүздің хан тағында отырған Әбілқайырға хат жазып, кісі жіберді. Тәуек хан бакылық болғаннан кейін, сыртқы жаулардың басқыншылық соғыстарынан берекесі кетіп, бөлшектенген Қазақ хандығының ішкі қоғамдық-саяси жағдайы да асқынды. Әр жүз, тіпті ербір тайпа өзіне хан сайлап, ыдырай бастады. Ұлы жүзді жонғарлар басып алып, баса көктеп биледі. Осы жағдайда, Орта жүз бен Кіші жүзді бір шаңырақтың астына жиып, тізгінді бір ғана ханға ұстарату керектігі табигат заңындей бұлжымас қажеттілік еді. Қазыбек би осындей тарихи мәселені ақылдастып, шешу үшін Әбілқайыр ханға Хан кеңесін шақыру жөнінде ұсыныс айтқан. Қазыбек би езі

Әбілқайыр ханның ордасына таяп, Ор және Елек өзендерінің жоғарғы ағысына көшіп келді. Мамыр айынан бастап, Хан кенесіне дайындық жасалды. Шығыстағы наймандарға, Барак сұltан мен Қабанбай батырға, Түркістандағы Әбілмәмбет сұltан мен Нияз батырға, солтүстіктегі Құлсары батырға, Ұлы жұздегі Төле биге хабаршылар жіберілді. Қазактардың бұл әрекетінен құлактанып отырған Ресейдің шегара әкімшілігі жиынға дайындықтың мән-жайын, казақ арасындағы Ресейге деген пікірлерді тың тыңдалап, біліп келуге Қазақстанның аймақтарына барлауышылар жіберді, олар өз шаруаларын тындырып келіп, өздері де Хан кенесіне хатысты. Кеңесте айтылған сөздерді тыңдалап, арнайы есеп дайындалды. Мына құжат сол есептің көшірмесі. Мемлекеттік құпия саналатын деректердің енбеуі мүмкін.

«1737 жылғы 24 маусым күні қазактардың үлкен жиыны болды (Хан кенесі туралы сөз болып отыр. – З.Т.), деп жазады сол оқиғалардың күесі. Кеңеске Әбілқайыр ханнан басқа Әбілмәмбет сұltан, Барак сұltан, Керей сұltан, Батыр сұltан, Барактың ұлы Әділ сұltан, Нұралы сұltан, Абылай-батыр сұltан, «алты алаштың үлкенді-кішілі билері мен батырлары», орыс, башқұрт өкілдері катысты. Күн тәртібіне, шамалап айтқанда, кемінде мына мәселелер койылды және сол мәселелер түгел шешімін тауып, жиналғандар мәмілеге келді: 1) Қазақ хандығының келешегі – жүзге бөлінбейді, бір орталықтан, бір ханға бағынады; 2) Ол хан - Әбілқайыр; 3) Орыстармен қарым-қатынастың келешегі – 1731 жыны Әбілқайыр берген антқа сәйкес, Ресеймен тату-көршілік дәстүрі сакталады; 4) Қорғаныс, көрші елдермен арадағы жағдайлар - дау-шарлар келіссөзбен ғана шешіледі, қандай да бір тайпа немесе ру өз бетімен соғыс ашпайды, бұл тек ортадан сайланған Әбілқайыр ханның құзырына беріледі; 5) Қазақ-башқұрт қатынастары – қазактар орыс-башқұрт даулатына араласпайды; 6) Қазақтар мен Еділ қалмақтарының қатынастары – осыдан бір ай бұрын Әбілмәмбет пен Абылай сұltандар Кіші жұз қолымен қосылып, Еділ қалмақтарынан кек алуға барған және жазығы жок орыстар мен башқұрттарды да шапқан. «Қазақтар сол жолы екі жұз елу қалмақ пен 36 орысты тұтқындал әкетіпті де, казақ арасына өткізіп жіберіпті». Әбілқайыр хан бұл жорықтан бейхабар қалған, өйткені, ол кезде Орта жұз оны әлі тыңдамайтын. Демек, бұдан былай мұндай жорықтарға жол берілмейді.

Башқұрттар араша сұрап, қазактарға келмейді, қажет болса, башқұрттар өз алдына хандық құрады.

Сол кеңесте Әбілқайыр хан жүзге бөлінбейтін тұтас қазактың ханы болып сайланғаны хақ. Лауазымына қарай, оған елді толық билеу құқы мен тиісті өкілеттіліктер берілді. Жиын соңында қалып қауым алдына шыққан Әбілқайыр хан Кеңестің нәтижесін жария етті: «Сұлтандар, билер мен батырлар, барлық қазақтар ақылдаса келіп, мені өздеріне хан сайдады (жүз деген сөз жок! – З.Т.), иіліп тағзым етті. Дұға оқып, қол жайды», деді. Осылайша. Орта жүз бен Кіші жүз косылып, лайықты тұлға ретінде халыққа ежелден-ақ жақсы таныс, ержүрек батыр, білікті қолбасы Әбілқайыр аға хан болып сайланғаны – тарихи ақиқат. Әрине, Орда ішінде, Хан кеңесінің мүшелері арасында басқа біреудің хан сайлау жөнінде қандай пікір айтылғанын, талқылау үдерісі қандай болғанын біз білмейміз, сакталған және әзірше табылған жазба деректердің кемдігінен, бәлкім, ешқашан да біле алмаспаз. Әрине, бұған өкінудің де жөні жоқ. Ен маңыздысы – Қазақ хандығының тұтастыру мәселесі күн тәртібіне қойылды және сол сағаттарда шешімін тауып, көпшілік дауыспен заңдастырылды. Мұнын тағы бір дәлелі – екі жүздің жаңадан сайланған ханы Әбілқайырдың аузымен хабарланған: «Бұдан былай ханның әмірі болмаса, ешкім ешкіммен соғыспайды. Ресей патшасына менің берген антымды сақтап, адал қызмет етеміз», деген кесімді мәлімдеме.

Башқұрт мәселесіне келгенде, олардың өкілі жеке хандық құргысы келетінін мәлімдеп, қазактардан Барак, Әбілмәмбет, Абылай сұлтандардың біреуін беруді сұрады. Әбілқайыр хан: «Мен башқұрттарды билеуге сұлтан беремін», деді. Бұл мәселе кейін шешілгетін болды.

Алайда, қазак даласында нақты жағдайлар басқаша өрбіді. Біріншіден, отарлық тізгінің қолынан шығармайтын Ресей әкімшілігі үшін Қазак хандығының тұтасқаны керек емес, бөлшектеніп, бірімен-бірі ұстасып жатқаны керек. Демек, қазақтардың бұл кесіміне Ресей араласып, басқа бағытқа бұрып жіберуі де мүмкін. Екіншіден, марқұм Сәмеке ханның тағынан бұрын дәмелі болып, Шыңғысхан әuletіне жатпайтын Нияз батырдан билікті қалай аламын деп жүрген Әбілмәмбет сұлтан мен Барак сұлтан, Хан кенесі үстінде өңшең азулы билер мен батырлардың шешіміне көнсе де, былай шыға өз ойын күйттеп кетпесіне кім кепіл. Мәселе, тек осы екі сұлтанданған емес те шығар...

Қалай десек те, Орта жүз бен Кіші жүздің біріккен Хан кенесінде қабылданған шешім, ықшам түрінде «Қазақтың ханы Әбілқайыр және мына аты аталған сұлтандар, билер мен батырлар: Әбілмәмбет сұлтан, Барак сұлтан, Керей сұлтан, Батыр сұлтан,

Барактың ұлы Әділ сұлтан, Нұралы сұлтан, Абылай-батыр сұлтан, алты алаштың үлкенді-кішілі билері мен батырлары Ұлығ мәртебелі патша ағзамға қызмет ететінімізді мәлімдейміз...» деп басталып, 1737 жылғы 28 шілдеде Орынбордагы Ресей шегара әкімшілігіне занды құжат ретінде тапсырылды. Қайталап көрсетеміз мұнда, қандай да бір жұз туралы сөз жоқ, «Қазақтың ханы Әбілқайыр» екендігі анық жазылған. Өкінішке қарай, бұл шешім, қазіргіше айтқанда, қағаз жүзінде қалды. Сөуегейлік жасау артық болар, дегенмен, кейін: Әбілқайыр хан мен Әбілмәмбет, Барак сұлтандардың арасы сұнынуна, Әбілмәмбет сұлтан хан болып алғаннан кейін саясат өрісінен Қазыбек биді шеттетуіне, Жәнібек тарханның, көбінесе, Әбілқайыр ханның маңынан көрінуіне себеп болған осы оқиға емес пе? деп жорамалдауға негіз жеткілікті. Осы кітапқа арқау болған басқа да құжаттар мен материалдарды салыстыра қарап, індете зерттеу барысында осындаі тұжырым жасауға тұра келді.

Осынау аса маңызды оқиғаның казақ тарихында көрініс таппай, осы уақытқа дейін лайықты бағаланбауын бұл деректердің бұрын ашылмай, ғылыми айналысқа тұнғыш рет еніп отырғанымен түсіндіреміз. Зарқын Тайшыбай.

№ 29 1737 жылғы 3 мамыр

К. Соймоновтың Әбілқайыр ханға хатынан

Башқұрттардың көтерілісіне байланысты маған патша ағзамнан жарлық түсіп, бүлікшілерді ұстап жазалату жөнінде шаралар жасауға бұйрық берілді. Осылардың арасында ұры-башқұрт Сұлтаниңұрат езі сияқты бүлікшілермен бірге, қасында 13 адамы бар, қазақ даласында қашып жүр. Ол қайда қашса да, патша ағзамның құдіретті құрығынан құтыла алмайды.

Мен Сізге, аса құрметті хан, патшамызға шын берілгенінді зерттеу үшін анықтауда қаралады. Оның анықтауда үшінші деңгээлдердің тілшілерінде 1 арнаулы жіберіп отырмын. Ол тиісті тапсырмамен бүлікшіл башқұрттардың қайда жүргенін білуге аттанады. Сіздің тарапыңыздан көмек күтемін.

К.Соймонов

Ресей империясының көне құжаттар мұрағаты. 248-кор, 1164-тігінді, 488-489-пар.

[1] Оразлин - Уразлин, Роман, Орынбор губерниялық кенесінің тілмәші, губернатор И.И. Неплюевтің маңызды тапсырмаларымен Әбілқайыр, Әбілмәмбет хандарға, Абылай, Барақ сұлтандарға жіберіп отыратын мәмлекеге елшісі, әрі кәсіби тыңшы-барлаушысы.

№ 30

1737 жылғы 3 мамыр

Тыңшы Оразлиниң Кіші жүз бен Орта жүзге барып қайтқан саларынан жазғандары*

Кіші жүзге барғанымда көптеген қазактардан естігенім:

1. Бүлікшіл, ұры башқұрт Сұлтанмұрат Орта жүздің Әбілмәмбет, Барақ сұлтандарына барыпты. Шахмәмет [1] мырзадан көмекке әскер сұрапты, Абылай сұлтанның да көмек сұрапты. Башқұрттар қайтқанда, аталған қазак сұлтандары оларға Дәүлетбай атальқты серіктерімен қоса ертіп жіберіпті. Олар сол жолы башқұрт жеріндегі жағдайды көріп қайтыпты.

Естіумше Сібір, Ноғай, Қазан, Өсен даруғаларының башқұрттары тұтаса бірікпек көрінеді. Олар патша ағзамға шын берілген башқұрттарға қастық ойлады. Бұл бүлікшілерді аталған ұры Сұлтанмұрат бастамақ.

Қазактар башқұрт жерінен қайтқанда Сібір даруғасының Аққозы батыры мен Қарашай байынан мына бес адам: Қарашай батырдың інісі Қалимашы мен Ноғай жолының Иманқұл, Ырысайдың ұлы Қайболат Ырысаев, Юрматы болысының Бурағұл абыз Шанкин... Ишахмет мырзаға еріп Әбілмәмбет, Барақ сұлтандарға келіпті. Олар аталған сұлтандар мен батырларға сыйлыққа бірнеше башқұрт, татар құлдарының, кіреуке сауыт сияқты бағалы заттар әкеліп тапсырыпты. Және қазактардан өздеріне хандыққа сұлтан сұрапты.

2. Биылғы 1737 жылдың қаңтар айында Орга жүз бен Кіші жүздің екі мындық қазак жасақтары қалмақтарды шауып қайтыпты. Сол жолы олар патша ағзамға қарайтын және қарамайтын қалашықтарды ажыратпай талқандаған. Бұл қазактарды бастаушы Орта жүздің Әбілмәмбет сұлтаны, Абылай сұлтаны, Бекболатовтар, Ңұралы сұлтан Әбілқайыр хан ұлы, Кіші жүздің Есет батыры. Жасақ құрамында Орта жүздің керей, қыпшақ, атығай, найман руларының, Кіші жүздің жетіру, жағалбайлы, тама, табын руларының адамдары болды.

Қазактардың бұл жорығын Әбілқайыр хан білмейді. Ол өзі бұл кезде қарақалпақтар мен түркмендерді шабуға кеткен болатын. Әбілқайыр езінің үлкен ұлы Нұралы сұлтанының мұндай бассыздығына қатты қалаланып, жазаламақ болған екен, Нұралы бой тасалап, әкесіне жоламай қойыпты.

Казақтар сол жолы екі жұз елу қалмақ пен 36 орысты тұтқындаған әкетіпті де, казақ арасына өткізіп жіберіпті.

Еділді кешіп өтіп соғыс салған қазақтар өздері бірге қоныстап, біріне-бірі бір шақырымдай, жарты шақырымдай ғана қанаттас қөшіп-қонып жүреді екен.

Кіші жүздің жетіру, жағалбайлы, тама, габын рулары Орынбордан үш күндік жерде. Ал, наймандар олардан қашық, Елек, Ойыл, Берді өзендерінің бойында, Сакмар қалашығынан онша алыс емес.

Орыс тұтқындары жөнінде естігенім: «Олар қазақ жеріне апарғанда бытырап қашпақ болыпты, қашып бара жатқан жолда қазақтар оларды қырып тастапты».

3. Түркістандық Жанахмет молла Әбілқайырдың қолында екен, одан естігенім мынау: «1736 жылы Хиуа ханы Жолбарысқа Кубанның 16 елшісі келіп қайтыпты. Олар Жолбарыс ханды кубандықтармен бірігүе шақырыпты; дәл осындаі тілекпен Әбілқайыр ханға ноғай хандығынан 5 адам келген екен, Әбілқайыр олардың тілегін қабыл алмапты. Биыл, 1737 жылы Әбілқайыр ханға Хиуа елшілеріне еріп Кубань елшілігі келген. Соңдай-ақ, Үәкіл есімді түркмен елшісі келіп, қырым ханының сәлемін жеткізген. Хиуалықтар, түркмендер қарақалпақтар, аугандықтар т.б. діндес мұсылман болғандықтан, құш қосып Ресейге қарсы соғыс ашайық деп Әбілқайыр ханға сөз салған. Бір жақтан түрктер, екінші жақтан біз болып, Ресеймен соғысайық деген. Әбілқайыр хан езінің ұлы Ералы сұлтанды орыстарға аманатқа бекер берген, Ресеймен емес, мұсылмандармен бірге болғаны жөн емес пе», деген. «Ресейдің түрктерден тартып алған қалаларын түрктер қайтарып алды және орыстардың бірнеше қаласын алды», деген. «Парсының Таймасқұлы хан деген ат алған Нәдірғұл ханы Ресей патшасына елші жіберіп, ертеде тартып алған қалаларымызды қайтар, деп талап қойған, бермесен - түрктермен тізе қосып, соғысып тартып аламыз», деген. Нәтижесінде сол Таймасқұлы хан қалаларын қайтарып алыпты.

Елшінің бұл сөздеріне Әбілқайыр хан былай деп жауап беріпті: «Мен Ресей патшасынан хабар алып отырмын. Олар Қырым мен

Азауды (Азов теңізі) басып алыпты. Бәлендей бір қаланы орыстар парсыға қайтарыпты, деген сөз естімедім. Тіпті, орыстардың Петербургін, Мәскеуін, Қазанын басып алдым десендер де, сендермен ымыраға келе алмаймын. Дініміз бір болса да, түріктерден көрген жақсылығымыз жоқ. Ал, қазір, құдайға шүкір, Ресей патшалығына арқа сүйедім. Бізге ешбір жаудың тісі батпайды, оған сенімдіміз», депті.

Бұл әңгімені, аттанғалы тұрғанымда тұрғанымда, маган Әбілқайыр хан өзі айтты. «Мұндай елшіліктер бұрын да болған, бітімге шақырган хаттарын сақтап койғанмын», деп Әбілқайыр маган сол құжаттарды ұстасып жіберді. «Үлкен бастықтарына табыста», деді.

4. Түрікменнің Мәмбет деген саудагерінен және Орта жүздің Узен деген батырынан естігенім мынау: «Әбілмәмбет сұлтан, оның қарауындағы қазактар кубандықтармен жақындасуға ынталы, бірақ екі арадағы қалмақтардан тайсақтайды. Сонда да осы күзде әскер қолымен қалмақтардың шебін бұзып өтіп, Кубанга өтуге, сөйтіп кубандықтармен косылуға пейілді екенін білдім. Ал, басқа қазактар, өздерінің байырғы әдетіне басып, башқұрттар мен қалмақтарды тағы да шауып алмақшы».

5. Салих ахун 13 шанырақ башқұрттарымен қазақ хандығына, Әбілмәмбет сұлтанның еліне келіп сінді. Керей руының қазактары оларды таратып алып, қара жұмысқа салып қойды.

6. Қазақ арасынан шығып, Орынборға қарай бет алғанымда, Орта жүз керейдің Бораш деген адамынан мынадай сыйбыс білдім: «Абылай сұлтан, аталған башқұрттармен бірге, жанында көп адамы бар, Әбілқайыр ханмен акылдасуға, ұры-башқұрттармен келісімге келуге рұқсат сұрау үшін барған екен, ханға жолыға алмапты. Ол кезде Әбілқайыр хан Орынборға кеткен».

Ресей империясының көне құжаттар мұрафаты. 248-қор, 1164-тігінді, 770-771-пар.

[1] Шахмәмет –Орта жүздің Сәмеке ханы, «мырза» деп қате жазылған.

Тыңшы Қебіктің айтқандарынан

Маган берілген нұсқау-тапсырма бойынша қазақтың Орта жүзіне, Әбілмәмбет сұлтанның иелігіндегі елдерге барып, 30 сәуірде Әлікей бидің ауылынан аман-есен кеттім. Әлікей би бізді бір тұс жібермей қойды. Қиянат жасап, көп мүлкімізді тартып алып қалды. Одан құтылғанымызға куандық, жолсерік берген жоқ. Содан ешбір ауылға соқпай, тұн қатып, жаяулы-жалпылы жүріп отырдық.

3 мамыр күні Әбілқайыр ханға қарайтын елдерге ілігіп, Құдайберді дегеннің ауылына кондық. Сол күні екі атымыздан айрылдық.

4 мамырда тұс ауа Әбілқайыр ханның Ордасын таптық.

5 мамыр күні намаздігер шамасында хан бізді өзіне шақыртты. Жанында қазақтың бірнеше ел ағалары бар еken. Солардың көзінше Сіз берген хатты ханға тапсырдым.

6-7 мамыр күндері қазақтар көп жиналып, кенес құрды. Олардың не жайлыштық қылғаны маган беймәлім. Эйтегеір, жақсы сөздер айттылағанға ұксайды. Ханның өз аузынан естігенім: «патша ағзамның қарауына кіргенім үшін қазақтар маган қарсы көтеріліп жатыр», деді. – Қебік деген казак пен жайық әскерінен келген Александр Ивановты Қаражарға, Жайық қаласына қайтарып жіберуге мәжбүрлеуде.

Әбілқайыр ханның ұлы мен Дәulet батыр да жүрді, қастарында бірнеше қазақ жігіттері бар.

6 мамыр күні Есет батырдың ұлы кен тасын әкеліп көрсепті, мұндай тастардың Жем өзенінің арғы жағасында көп еkenін айтты. Біз оған жаяуга үш күндік, ал Жем өзенінің өзіне екі күн жүріп баратын жерде тұрганбыз. Кен тасын көріп келуге Есет батырдың ұлына ілесіп, Саратов казагы Малофей Летошин барып қайтты. Летошиннің айтуына қарағанда, мұндай тастар Жемнің бер жағында, Арап теңізінен қарай көп кездеседі еken. Бұл барысымызды ханға айтуга жүрексіндік.

Әбілқайыр хан қазақ тұтқынына түсken 21 орыс адамын іздестіріп тауып, жайық казагы Александр Иванов пен Борис Ларшинге тапсырды. Борис Ларшиннің сойқандығы байқалып қалып, оның орнына казак Игнатий Гульченко қалдырылды. Қебік деген ногайды Михаил Чербанихин алып кетті.

...Біз келгеннен, кеткенше қазақ даласында тыныштық жоқ. Ұрыс-керіс. Әбілқайыр хан өткен көктемде Орынборда аманатта

отырган ұлын айламен босатып алмаққа, қаланы шауып кетпек болыпты.

Казір де бізді қуып жіберді. Өз қазактарына Елек өзенінің жоғарғы ағысында бас қосу туралы бұйрық беріпті, қазактардың көпшілігі: «не патша ағзаммен тату тұрамыз, не осы жазда Ресейге соғыс ашамыз», дейтін көрінеді. Біз сияқты жүргіншілерді де, сауда керуендерін де торап, таламак.

Ойыл өзенінің тармағы. Абызбай, Қосшығұл ауылы.

Басқа әңгімені Көбік жеткізіп барады. Хан Орынборға 4 адам жіберді, біздің адамдарды босатпай қойды.

Ресей империясының көне құжаттар мұрагаты. 248-кор, 1164-тігінді, 571-пар.

№ 32 1737 жылғы 28 шілде

Әбілқайыр ханының елшісі Байбек батыр экелген хат (Хан кеңесінің шешімі)

«Қазақтың ханы Әбілқайыр және мына аты аталған сұлтандар, билер мен батырлар: Әбілмәмбет сұлтан, Барак сұлтан, Керей сұлтан, Батыр сұлтан, Барактың ұлы Әділ сұлтан, Нұралы сұлтан, Абылай-батыр сұлтан, алты алаштың үлкенді-кішілі билері мен батырлары Ұлығ мәртебелі патша ағзамға қызмет ететінімізді мәлімдейміз.

Біз Қарақалпақ хандығын, Хиуа мен түркімендерді талқандадық.

Патша ағзамның мейірі түссе, осы жазда, Орынборда генералмен және полковник Тевкелевпен жүздесіп, патша ағзамға ант бермеген сұлтандар, билер мен батырлар, Ұлығ мәртебелі патшага ант берсек [1], деп едік.

Әбілқайыр ханға қыстау есебінде Орынбордан үй-жай, мешіт пен мектеп салып, қазактарға сауда орнын ашуды сұраймыз. Патша ағзамның сауда керуендерін өзіміз қорғап-сақтаймыз.

Бізге жіберген Иван Михайлович Шишков арқылы жиырма екі адам орыстарды тұтқыннан босатып отырмыз.

Әбілқайыр хан генерал мен мырзага жүздессе, солардың айтқаны болатынына сендіреміз.

Аударған Жайық бекінісінің казагы Сайын молла Азиков. Растан қол қойған Татищев».

Ресей империясының көне құжаттар мұрағаты. 248-кор, 1164-тігінді, 751-пар.

[1] мәртебелі патшаға ант берсек... - Хан кенесінің бұл үйғарымы белгілеңген мерзімде орындалмады, Ресейге ант беру рәсімі 1740 жылғы құзде ғана етті және, атап айтуда керек, бұл рәсімге 1737 жылы жалпы қазаққа хан болып сайланған Әбілқайыр келген жоқ, ұлдары Нұралы мен Ералы сұлтандарды жіберді. Орта жүздің ігі жақсыларын Әбілмәмбет хан мен Абылай сұлтан, Нияз батыр бастап барды. Яғни, бұрын келіскендегідей емес, Кіші жұз бен Орта жұз жеке-жеке ант қабылдады, қазактардың басы, бұрынғысынша, бірікпегенін көрсетті.

№33 1737 жылғы 2 тамыз

**Ахун Мансұр Әбдірахмановтың
полковник Тевкелевке жолдаған хаты**

Мәргебелі тақсыр, Тевкелев мырзаға тағзым.

Мәметбай саудагер келгеннен бері Орынборда қазактар көбейе бастады, олар сауда ісімен жиі келіп-кетуде. Орынбордың айналасы толған қазак. Орта жүздің Төле батыры, Әжіғұл князі жарты күндік жерде. Әбілқайыр ханның ордасы бір күндік жерде. Қазактар Жайық өзенінен әрі өтеміз, өзеннің екі жағасын да жайлаймыз дейтін көрінеді. Аманат ретінде Ресей қолында отырған Ералы сұлтанға күн құрғатпай қымыз әкеледі. Төле батыр мен Әжіғұл князь келіп тұрады, қазактардың байы да, кедейі де базарда. Арты не боларын бір құдай біледі, жаз шыға халық көбейіп кетті. Қырдың да, қаланың да адамдары сізді қашан келеді деп, тағатсыз күтуде. Әркім, әртүрлі айтады.

Халық арасында да альшқашпа сөз көп. Қазактардан, сатқын башқұрттардан Ырысай мен Әлқожага елшілер келіп кетті. Шілденің соңғы күндерінде Әбілмәмбет сұлтаннын Абылай аталақ [1] келіп кетті, қасындағылардың аты-жөнін білмеймін.

Ырысай мен Әлқожага келген қазактар сізді мұсылмандардың басын қосуши дегенді айтты. Мұсылмандар біріксе, көп күш болады дегенді Ырысайдың аузынан естідім. Тама, қыпшак, тәңгеуір, бұржен, юрматы башқұрттары тұтас елміз дейді.

Ырысай елші қазактарға қосып, өзінің Қосай деген ұлын, Алдарбайдың ұлы Мұсаны, басқа да мен танымайтын біраз башқұртты жіберді.

6 тамыз күні қазактың [Орта жұзінің] Төле батыры мен Әжіғұл биі келді. Мен олардан башқұрт елшілерінің барған-бармаганын сұрадым. Олар келгенін айтты және екі жактың да мұсылман халықтары бас қосып, орыстарға карсы шығатын ниетін жасырмады. Қазактар башқұрттарды қабылдағы алуға дайын екен, бірақ ел ағалары мұрсат бермей тұрган көрінеді. Мен башқұрттар жоқ кезде, қазактардан жасырын сыр тартып көрдім: «Құдаш Қебеев деген башқұрт айтыпты-мыс: «Қазактар әзір орыстарды алдаусыратып жүр, Әбілқайыр ханның ұлы Ералы сұлтанды қайтарып алғанша. Тевкелев мырза, сіздің келетін-келмейтініңді қазактар білмейді. Олар өзінше жоспар құрып: Ералы сұлтанды өзенге шомылған кезде, немесе шешесіне жолықкан кезде ұрлап әкетпек, ұры-башқұрттармен күш кослақ. Демек, сіз тезірек келмесеніз, жағдай нашар. Келгеніңіз бек жақсы болар еді, мырзам».

Татаршадан аударған тілмаш Арыслан Бекметев.

Қазақ арасынан қайтқан тілмаш Оразлинге башқұрт ұрылары Сұлтанмұрат және басқаларын ұстап беру турасындағы нұсқауынызды Әбілқайыр ханның қолына тигіздім.

Аталған Сұлтанмұрат, қасында отыз шақты башқұрт жасағы бар, қазактың Әбілмәмбет және Барак сұлтандарына барған, олардан келісім сұрап, қазактардың қызыметінде болғысы келеді. Башқұрттар казак арасына симайтын болсақ, [жонғар] қалмактарына, контәжіге барып пана сұрамақпыш, деп отыр. Бұл қарақышлар қазір Жайық пен Сақмардың [2] екі арасында, Иректі [3] тауында. Сұлтанмұрат, серіктерімен Оразлин келгенше кері қайтіп кетіпти.

Биылғы қантарда қазактар Әбілқайырға білдірмей, Еділден рүқсатсыз отіп барып, мал жайыпты. Бұл кезде Әбілқайыр хан түрікмендермен соғыста болған.

Хиуа елшілеріне еріп, Уәкіл деген түрік елшісі, түрікменнен тұсken тұтқындарды ізделп келгенін сылтау етіп, Әбілқайыр хан мен Жолбарысқа жолығыпты. Ханның ордасында үш ай жатыпты, Оразлин келерден он күн ғана бұрын аттанып кетіпти. Түрік елшісі Әбілқайыр ханнан көмекке әскер сұраса керек, ханның не деп жауап бергенін біле алмадым.

Таяуда ғана ұры-башқұрттардың басшысы Ырысайдың атынан Тайлақ, Ақберді дегендер, отыз адам қосшы ертіп, Орта жүздің

Әбілмәмбет сұлтанымен жұздесіп, оның інісі Абылайды сұлтандыққа қалап, сұрай келіпті. Сұлтан мен батырларға кіреуке сауыт бастаған сыйлық және 20 башқұрт тұтқынын сыйға тартыпты. Басқа әңгімені Оразлин білмейді.

Әбілқайыр хан патша азғамға адал, қашан келеді, деп Тевкелевті сұрап қояды, онсыз шаруасы тиянакталмаға тиіс. Жұрттың айтуынша, Тевкелев жоқ болса, Әбілқайыр ханның берекесі кетеді.

Татищев.

Ресей империясының көне құжаттар мұрағаты 284-кор, 1164-тігінді, 909-910-пар.

[1] Абылай атальық - жаңылыс жазылған, сірә, атальық деген сөздің мәнісін түсінбеген болса керек. Абылай сұлтан деп оқылғаны дұрыс. Осы сөйлемдегі «...Әбілмәмбет сұлтаннан» деген сөздер де назар аударуға тұрарлық.

[2] Сақмар - өзен.

[3] Иректі тауы - Жайық пен Сақмардың арасындағы тау.

№ 34 1737 жылғы 20 тамыз

Әбілқайыр ханның

А. Тевкелевке жазған хатынан

Құрметті мырза! Амандық-саулықтан соң, сұрайтыным: мүмкін болғанынша, Орынборға тезірек жетініз. Ұрылардың жел беруімен біздің халқымыз еліріп алды, бұзық ойлары бар. Сіз болмасаңыз, менің қолымнан ештеңе келмейді. Мүмкін болғанша, тезірек кел. Кеткенше менімен көрісп қалғаның дұрыс болар еді. Өйткені, халқым мені тыңдай қоймайды және сенің де тірі екендігіне сенбей отыр.

Орда өзенінен көшіп кеткенімше, не қылса да тезірек келуінді тілеп, [табын] Бекенбай батырдың інісі Арыстанды және өз хатшым Кәренді жіберіп отырмын.

Әбілқайыр хан, мәр басылған. Бұдан тәменірек: Табинского рода Букенбай батыр подпись приложил, деп орысша қосып жазылған.

Ресей империясының көне құжаттар мұрағаты 284-кор, 1164-тігінді, 908-пар.

№35 1737 жылғы 1 қыркүйек

Полковник Останковтың мәлімхатынан

Тамыздың 12 жүлдізында Орынборға Кіші жұздің ханы Әбілқайыр келді, қасында отыз адамы бар. «Барлық нөкерлеріммен қалаға кіремін, осылайша қалаға казактардың етін үйрете беруім керек», дейді.

Ал, марқұм статский советник Кириловтан подполковник Чемодуров мырзага келген бұйрықтың 12-бабы бойынша Әбілқайыр хан ұлын көргісі келсе ғана бекініске кіруге хақылы, оның өзінде статский советник пен полковник Тевкелев рұқсат берсе ғана жіберіледі. Әзірге менің қолымда бұйрық жоқ...

Сондықтан, Әбілқайыр ханға бекініс сыртында, 200 қадам алыста, үлкен бастықтар келгенше күте тұруы керек екенін айттым.

Содан 20 тамызға дейін Әбілқайыр ханды Орынбор бекінісіне кіргізбей қояды. Себебін, Әбілқайыр ханмен бірге бүлікшіл башқұрттар да қалаға кіріп, бұзақылық жасауы мүмкін деген сактық шара деп түсіндіреді.

Сол кезде қала сыртында Әбілмәмбет, Абылай сұлтан бастаған қазақ елшіліктері де келген, олар генерал мен полковник Тевкелевтің Самарадан оралуын күтіп жатады.

Башқұрт өкілдері казак билеушілерімен келіссөз жүргізіп, Ресейге қарсы көтерілісті қолдауға шақырды. Мұндай жағдайдың салдарынан қауіптенген бекініс басшылары Әбілмәмбетке Мансұр ахунды жіберіп: «Ұры башқұрттармен [1] жақындаспандар, олардың айтқанына елікпеңдер», деп сәлем айтады.

Ресей империясының көне құжаттар мұрағаты. 248-қор, 1164-тігінді, 769-772-пар.

[1] Ұры башқұрттар – башқұрт көтерілісін бастаушылар, Орыс әкімшілігіне ұстаптай, башқұрттарды бөліп әкетеміз деп әрекеттенушілер.

руынан. Батырлар әuletінен шықкан. Атасы Әлдеуін батыр Есім хан әскерінің қолбасшысы, экесі Ақша батыр Тәуке ханның қолын басқарған сардар болған. 1710 ж. Қарақұмда өткен үш жүз қазактарының құрылтайында бүкілқазактық жасақ құрып, жонғар шапқыншылығына тойтарыс беру жоспары талқыланды. Осы құрылтайда Бөгенбай батыр үш жүздің бас сардары болып сайланды. 1726 ж. Бөгенбай бастиған қазақ қолы Құланты өзені бойында қалмақтарға қарсы құйрете соққы береді. 1727 ж. Орталық Қазақстандағы Нияз, Аюлы тауларының етегінде жонғарлармен болған шайқаста ірі жеңіске жетті. «Аңырақай шайқасында» Орта жүз қолын басқарған Бөгенбай батыр қаракерей Қабанбай, шақшақ Жәнібек, керей Жәнібек, тағы басқаларымен тізе қоса отырып, қазак елінің тұтастығын сақтап қалуда ерекше ерлік көрсетті. Бөгенбай Жайық, Ойыл, Жем ө-дері бойы мен Ерейментау, Қарқаралы, Аягөз, Түркістан, Шу бойы, Жетісу өңірі, Қыргыз жерлеріндегі т.б. шайқастарда қол бастиған. 1756-жылы күзде шұршіт-қытай әскерлері Әмірсананы қуып келдік деген желеумен, Ертістің Ақсу тұсынан өтіп, қазак жеріне басып кіргенде Абылайдың бастауымен Баянаула, Ку, Қарқаралы өңірінде қарсы шыққандардың арасында Бөгенбай қолы да бар. 1758 ж. Шығыс Түркістанға келген Қытай әскеріне қатты соққы беріп, оларды Үрімжіден асыра құды. Батыр жасы ұлғайған шағында ауырып қайтыс болған. Бөгенбай есімі Қаз дауысты Қазыбек, Қаракерей Қабанбай, Шақшақ Жәнібек қатарлы қазақ хандығының тәуелсіздігі үшін құрескен ардакты адамдардың есімімен бірге аталағы. Бұқар жыраудың Абылай ханға «Батырың өлді Бөгенбай» деп басталатын толғауында Бөгенбай бейнесі былай суреттелген: Киядан кику төгілсе, / Аттың басын тартпаған. /Кисапсыз қол көрінсе, /Қорқып жаудан қайтпаған... 1991 ж. Астана-Павлодар, Ерейментау-Павлодар тоғысқан жол торабында Бөгенбай батырға арнап ескерткіш орнатылды. Әдеб.: «Қарағанды облысы». Энциклопедия. Алматы 2006 жыл. 192-бет; М.Қозыбаев // Шәкәрім. Энциклопедия.. Семей. «Тенгри» баспасы. 2008. 246-бет; Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. в пяти томах. 1-том, Алма-Ата, 1981. 308-309- бет; Сүйіншәлиев Х. // Қазақ әдебиетінің тарихы. А., 1997; Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005. 223, 237-беттер; Сыздықов Х. // Қазақстан. Ықшам энциклопедиялық сөздік. Алматы, 2005. 125-бет.

№37 1737 жылғы 24 желтоқсан

Қазак арасынан келген хаттар туралы

Әбілқайыр хан, [шакшақ] Жәнібек батыр, [табын] Бөкенбай батыр және Кіші жұздің басқа да иғі жақсылары Үрысай бай бастаған бүлікшіл және қарақшы башқұрттардың ел-жұртын талқандауға [1] 30 мың әскермен Орынбордан шығып, Қазан даруғасына қарай беттеп барады.

Қазақтың атақты адамдарына арналған ас-су, сыйбағасы және қазан-ошақтар да жеткізілді.

Әбілмәмбет және Абылай сұлтандардың жіберген адамдары, қазактар тұтқындал алып кеткен башқұрттарды қайтаратын болды.

Ресей империясының көне құжаттар мұрағаты 248-кор, 1187-тігінді, 4-5-пар.

[1] башқұрттарды ел-жұртын талқандауға... барады - бұл құжаттың мазмұны Ресей отаршылдығына карсы шыққан башқұрттарды қазақтардың қолымен жазалағанын көрсетеді. Башқұрттардың 1738 жылғы ұлы көтерілісін аяусыз жаншып-басқаннан кейін оларды жазалаудың тағы бір жолы ретінде Ресейдің жергілікті билігі Кіші жұз бер Орта жұздің қазактарын башқұрттарға қарсы айdap салып, «барып шабындар және колға түсірген олжаларың түтег өздеріндікі болады» деп хабар берген. Башқұрттарда ежелден кегі бар қазақтар осыны пайдаланып, онсыз да Ресейден көп жаза тартып, қансыраған башқұрттарды бірнеше рет шапқынға ұшыратқан. Айцы болса да, шындық осындай. Келесі бір жағдайда казак ауылдарын шапқан қазақтарға башқұрттарды айdap салып, бірін-біріне қырғызғанын көреміз.

№38 1738 жылғы 10 тамыз

Құlyмбет Текеевтің айтқандарынан

Мен Кіші жұздің адамымын. Әбілқайыр ханның қарауында болғымыз келмей, осыдан үш жыл бұрын 200 тұндік жеке бөлініп кетіп, Барақ сұлтанның қол астына қараймыз. Жайлауымыз Торғай өзенінің бойында. Бұл аймаққа былтыр, Сұлтанмұрат батыр, Мекес батыр бастаған 600 шаңырап башқұрттар көшіп келіп, қоныстанды.

Әбілмәмбет Ұлы жүзге кетті. Былтыр олардың Сәмеке деген ханы қайтыс болған соң, казактардың сұрауы бойынша сонда хан тағына отырды. Биыл Абылай сұltан, Болат сұltан [1] және Әбілмәмбет үшеуі қосылып, 2500 қолмен барып башқұрттарды шауып, үлкен олжамен оралды.

Әбілмәмбет пен Абылай хан үшеуі Барак сұltанмен келісіп, өздерінің бүкіл елімен, әскерімен патша ағзамның қол астына кірді. Ресей жағына тиіспеуге уағдаласты. Тек былтыр, 1737 жылы жазда Жолбарыс ханға қарайтын Ұлы жүздің Ер Қонырат батыры әскер бастап келіп, Уфа уезіндегі орыстарды, Ресейге берілген бұратаналардың ауылын талқандап, малын айдал әкетіпті. Ұзынқұлақ хабар бойынша, оларды [бүлікшіл] башқұрттардың өздері шақырыпты-мыс. Қанша мал алғанын білмейміз. Осылайша Уфа уезінің Күсәш батыр бастаған 100 шаңырақ башқұрттары қалмақ ордасына Серен ханың [2] қарауына кетпек болған екен, Барак сұltан өзінің Қараман деген батырын 500 әскермен жіберіп, Күсәш батырды қалмақтарға көшпеуге [3] үгіттепті.

Ресей империясының көне құжаттар мұрагаты 248-қор, 1187-тігінді, 350-354-пар.

[1] Болат сұltан - Әбілмәмбет ханың үлкен ұлы, Болат ханың немересі. Әкесінің тапсырысымен елшілік міндеттерін аткарган. Қытай деректерінде Болат хан деп те айтылады. Болат сұltан алтай-арғынды, ал 1771 ж. Орта жүздің аргын және қонырат руларының бір бөлігін, Ұлы жүздің сарыгүйсін тайпасын билеген. Әкесі қайтыс болғаннан кейін аргын және қонырат тайпаларының бір топ ел ағалары оны хан көтерген. Сәмеке ханың кіші ұлы Есім хан екеуі Түркістан төңірегін бөліп басқарды. Таşkent билеушісі Жұніс қожа Болат сұltаның Түркістанға және сол мәндағы диқандарға билігін тоқтатты. Әдеб.: Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005. 296, 301, 335, 367, 386, 387-беттер.

[2] Серен хан, Серен Дондук – Еділ қалмақтарының ханы (1724-35), Аюке ханың кенже ұлы, жонғар қоңтайшысы Себен Раптанның немере қарындасынан туған жиені. Әкесі қайтыс болғаннан кейін мұрагерлік жолмен қалмақ хандығының бір бөлігіне наместник болып тағайындалды. 1726 ж. Әбілқайыр мен Сәмеке

бастаған қазак әскері қалмақтардың Серен Дондук бастаған әскерлерімен шайқасты. Серен Дондуктен кейін тақ мұрагері болып Дундук Омбо жарияланды.

[3] қалмақтарға көшпеуге - башқұрттар екіге жарылған. Жартысы Ресей билігін мойындаған, жартысы мойындаған. Бұл жерде сол Ресей отаршылығына бағынған башқұрттардың өз елінде мазасы кетіп, құба қалмақтарға қосылмақ ниеті туралы сөз болып отыр, сондай-ақ башқұрттардың кара қалмақтарға – жонгарларға да кегпек ойы болған.

№ 39 1738 жылғы 13 тамыз

Әбілқайыр ханның Ресей патшасы Аннаға жазған хатынан

...Орта жүздің сұлтандары Әбілмәмбет пен Абылай бұл күнде қазақ даласында көшіп жүр. Жер шалғай болған соң, ант беру рәсімінен өткен жоқ. Бірақ мен куәлік етемін: олар сіздің құзырыңызға адағ берілген, әрбір бүйірғыңызды бұлжытпай орындалды. Келесі жылды тайный советник Орынборға келгенде олар да ант береді [1].

1738 жылғы 13 тамыз. Әбілқайыр баһадүр хан Қажысұлтанұлы.

Ресей империясы сыртқы саясатының мұрағаты. Қазақ істері қоры, 122-тізбе, 1738 жыл, 3-іс 1-2-пар.; Казахско-руssкие отношения в XVI-XVIII веках (Сборник документов и материалов). А. 1961 г. док. № 65. С. 127-128.

[1] ант береді - күжатта сөз болып отырган ант беру рәсімі 1740 жылғы тамыз-күркүекте орындалды.

№ 40 1941 жылғы наурыздың басы

Әбілқайыр ханның Орынбор комиссиясының бастығы В. Урусовқа жазған хатынан

Өзіңіз жіберген поручик Дмитрий Гладышев маган сіздің хатыңызды тапсырды. Онда сіз:

қазақ даласында тұтқында жүрген орыс, татар және қалмақ адамдарын ізделеп, тауып, қайтаруымды; Қарасақал деген ұрыны үстап

берауді; тоналған керуенің қолды болған дүние-мұліктерін тауып, қайтаруымды сұраған екенсіз.

Мен таяу арада Ордадан ешқайда шығып кете алмаймын. Біздің ақымақ қазақтар тұтқындарды өз еркімен босата қоймайды, мені тындармайды. Сондықтан, сізден қарулы көмек керек. Мен қазақтар мен қарақалпақтардың ортасында отырмын. Сіздерге қарай аттап шығуға мүмкіндігім жоқ. Жан-жақтан жау қаптады. Жоғарғы қалмақтар (жонғарлар – З. Т.) барлық жағымнан қоршады. Мен кетіп қалсам, жонғарлар біздің қазақтарды өздеріне икемдеп, басыбайлы көндіріп алуы мүмкін. Сіздерден көп әскер келмесе, біздің ессіз қазақтарды ұстап тұру қыын, қай жауға беріліп кетері белгісіз.

Өз басым, Ресейге адаптацияның құдай күэ. Әскер жіберіп, қорғамасаныздар, сіздерден де үмітіміз үзіле бастайтын түрі бар. Патша ағзамның құзырхатында: «Сізге генерал-лейтенант, князь Василий Алексеевич Урусовқа, бізді жаудан қорғау» тапсырылған. Ал, біз Ресейге қауіп төнсе, хабарлауға міндеттіміз. Міне, сол жау іргемізде тұр, сіздерге хабарлап, көмекке шакырып отырмын. Келініздер, қандай қызметінізге де құлдықпыз.

Ал, енді, Астрахан түбінде колға түскен [1] татарлар мен қалмақтар жөнінде Әбілмәмбет пен Абылай сұлтандар, Жәнібек батыр: «оларды хан өзі де біледі», деп сізге хабар жіберілгі той. Ол қазақтар шапқыншылыққа менің бұйрығыммен барған емес. «Тұтқындарды босатындар», деп хат жазғанмын. Орындаған жоқ. Енді маған өкпе артпаныздар. Өзініз шара қолданып, мәжбүр етпесеңіз, жабайы қазақтар мен қарақалпақтар мені тындармайды. Сізге жалғыз өз басым гана бағынамын. Құдай жазып, келе қалсаңыздар, бәрінің сазайын тартқызыар едік. Бұзықтардың қылығына бола, патша ағзамнан іргемді бөлек салмаймын...

Мұсылманша 1154 жылғы амал айының алғашкы күндері, орысша 1741 жылғы наурыздың басы.

Қол қойған және орысшалаған тілмәш Арыслан Бекметев.

Ресей империясы сыртқы саясатының мұрағаты. Қазақ істері қоры. 122-тізбе, 1741 жыл, 3-ic, 5-б-сырт. пар.; Казахско-руssские отношения в XVI-XVIII веках (Сборник документов и материалов). А. 1961 г. док. № 75. С. 175-176.

[1] Астрахан түбінде колға түскен...1739 жылы көктемде жонғар әскерлері Қазақстанға 24 мың адамдық қолмен екіге басып кіріп, «қанжығалы, қарауыл, ашамайлыш-керей, уақ, керей аталатын бес

рудың ауылдарын шапты... елу мың койын тартып әкетті» (Ресей империясы сыртқы саясатының мұрағаты. Қазақ істері қоры. 22-кор, 1740 жыл, 3-іс, 15-15-сырт. пар.). Қазақтар бұл жолы басқыншыларға айтарлықтай қарсылық көрсете алмады. Ұлы жүз жонғарларға тәуелді болатын, Кіші жүздің ханы Хиуа майданында жорықта болды. Әуелде бұл шабуылды тосян бастағанда да Қалдың Серен мына жағдайда қазақтардың қарсылық көрсетуге қауқары жетпесін білген деуге де негіз бар. Осы оқиғаларға байланысты тарихшы Н. Я. Бичурин былай деп жазған болатын: «Қалдың Серен Қытай империясымен бітімге келгеннен кейін, ат басын қазақ даласына бұрып, қазақтардың сазайын тартқызыбак болды. Себебі, соның алдындағана казақ әскерлері Жонғар хандығының батыс шегарасына бірнеше мэрте шабуыл жасаған.» (Историческое обозрение ойратов или калмыков с XY столетия до настоящего времени. Спб. 1834. С. 102). 1739-1740 жылдың қысында жонғар әскерлері Қазақстанға екі жактан соктықты. Септен бастаған армия Есіл мен Тобыл бойындағы Орта жүз ауылдарын шапты. Сары Манжының колы онтүстіктегі, Сырдария бойында соғыс жүргізді. (Ресей империясы сыртқы саясатының мұрағаты. Ресей-қытай қатынастары қоры. 62/1-кор, 1741 жыл, 3-іс, 32- пар.). Әлбетте, бұл ұрыстардан казақ шаруашылығы қатты күйзелді. Демек, басқыншылар аларын алып кеткеннен кейін, сол қыста қарымта қайтару мақсатымен, Орта жүздің жасактары Еділ бойындағы құба қалмақтарды шауыш. көп мал мен тұтқын әкелді. (Ресей мемлекеттік көне құжаттар мұрағаты. Сенаттың 1-департаменті қоры. 1740-1746 жылдар. 72-іс, 1-1 сырт. пар.) Осы құжаттағы, Әбілқайыр хан айтыпты деген: «Ал, енді. Астрахан түбінде қолға түскен татарлар мен қалмақтар жөнінде Әбілмәмбет пен Абылай сұлтандар. Жәнібек батыр: «оларды хан өзі де біледі», деп сізге хабар жіберіпті ғой. Ол қазақтар шапқыншылыққа менің бүйірығыммен барған емес...» сөздер осы оқиғаларға байланысты жазылған. Бұдан кейінгі жағдайлар кандай болды, десек, мынадай мағлұмат беруге болады. Башқұрт қолбасшысы Қарасақал бастаған қазақ әскері сол 1740 жылы жонғар шегарасына барып шапқыншылық жасады, деген дерек бар. Зерттеуші В. А. Моисеев «ойраттардың осынау кең ауқымды шабуыл бастауына Барақ пен Қарасақалдың жонғар елін шабуы тікелей себеп болды» деп санайды. (Моисеев В.А., Джунгарское ханство и казахи XVII-XVIII вв., Алма-Ата, 1991, 118-бет).

Ресейдің шегара әкімшілігіне жеткізген хабарында Қалдың Серен «қазақтарды сол шабуылы үшін жазаладым» деген. 1740

жылдын күзінде жонғар әскерлері қазақтарды шабуға қайта келмек деген үрейлі хабар алған орыс үкіметі Орынбор комиссиясының бастығы В. Урусовқа жонғар қалмақтарынан сактану жөнінде арнайы бұйрық түсірді. Құжатта: «казақтардың Барак сұлтан, Жәнібек батыр қатарлы көсемдері сұраса, оқ-дәрі сияқты зағтар беру, ал, мылтық пен зенбірек бермеу» жөнінде нұсқау болды. (Орынбор облыстық мемлекеттік мұрағаты. Орынбор комиссиясы коры. 1-тізбе, 1739 жыл. 7-іс, 16, 18, 21-парапттар). Жонғарлардың бұл шабуылы туралы осы кітапта ақпарат берілген. (Әдеб.: Моисеев В. А., Джунгарское ханство и казахи XYII-XVIII вв., Алма-Ата, 1991, 114-116-беттер).

№41 1741 жылғы мамыр айы

**Әбілқайыр ханға барып қайтқан
Д. Гладышевтің айтып келгендерінен**

Орынбордан 1740 жылғы 5 қыркүйекте шығып, 33 күн дегендеге Әбілқайыр ханның жайлайуна бардым...

Әбілқайыр хан Қарасақалды ұстап беруге ықыласты, бұл жөнінде Кіші жұз бен Орта жүздің ел ағаларына арнайы хат жазып тапсырып қойған. Қарасақал Орта жүзде, Барак сұлтанның елінде. Былтырығы 1740 жылы қыркүйек айында қазақ қолын бастап, жонғар қоныстарын шауып қайтыпты. Қалдын Сереннің туған інісі Сына батырмын деп жар салып, қазактарды жонғарларға қарсы бастап жүр. Мұны естіген қоңтайшы 30 мың әскермен Орта жүзге басып кіріп [1], сонда қыстап шығыпты.

Әбілқайыр хан: «Сырдария бойында бекініс салу үшін әскер сұрадым, орыстар мені алдап, көмек бермей отыр. Міне, жонғар қалмақтары қоршап, қол астындағы халықты қырып-жоюда, өздеріне қаратып алмақ. Генералға айта бар, енді төзімім таусылды. Амал жоқ, жонғарларға берілеміз», деді. Сол үшін жонғар жағына елшілікке Құттымбет жасауылды жіберіп алғанын айтты.

Мен Құттымбетпен жасырын жүздестім. Ханның тапсырмасымен жонғарларға барып келгені рас екен. Ташкент пен Түркістанға әскермен келген Сары Манжыға Қалдын Серен былай деп тапсырыпты: «Әбілқайыр ханмен соғыспа, өз еркімен бізге қарасын. Түркістанға хан болсын», депті.

Әбілқайыр хан осыдан дәмеленіп, ұлы Айшуақты Қалдын Серенге аманатқа бергелі отыр.

Ресей империясы сыртқы саясатының мұрагаты. Қазақ істері қоры, 122-тізбе, 1741 жыл, 3-іс, 5-6-сырт пар.; Казахско-руssкие отношения в XVI-XVIII веках (Сборник документов и материалов). А. 1961 г. док. № 76. С. 176-184.

[1] контайшы 30 мың әскермен Орта жүзге басып кіріп... Ойрат әскерлерінің Қазакстан аумағына шабуылы 1739 жылдың күздінде басталды. Орта жүздің шығыстағы шегарасын бойлай шоғырланған Септен басқарған 30 мыңдай әскер әр жерден тиіспіл, қазақ ауылдарын шаба бастады. Бұл кезде Орта жүзде ғана емес, бүкіл Қазақстандағы ішкі саяси жағдай да шиеленіспіл тұр еді. Кіші жүзде алауыздық өршіп, Батыр сұлтанды жақтайтын феодалдар Әбілқайыр ханға қарсы жауыққан. 1739 жылы Ұлы жүздің ханы Жолбарыс Ташкентте кісі қолынан қаза тапты. 1737 жылы Орта жүздің ханы Сәмеке өліп, оның орнына хандыққа сайланған Әбілмәмбет ел ішінде айтартылғатай беделге не бола қоймаған. Осылайша, ынтымағына ірткі кірген қазақ феодалдары тиісті сақтық шараларын жасамай, сыртқы жаудан корғануға дайын болмады. 1739-1740 жылдың қысында Септен мен Сары Манжының әскерлері екіге бөлініп, Сырдарияның жогарғы ағысы арқылы онтүстіктен, Ертістен өтіп, солтүстіктен соққы жасады. Орта жүздің Тобыл мен Есіл өзендері бойын қыстаған қазактары жау шабуылъының астында калды. Осы кезде Қазан губерниялық кенсесінен Мәскеудегі сыртқы істер алқасының кенсесіне: «... қазақ жүздеріне 15 мыңдай Коңгайшы әскері басып кіргені және уак-керей руларына, Ертіс пен Есіл бойындағы Әбілмәмбет пен Барап сұлтанға қарайтын ауылдарға шабуыл жасаганы» жөнінде хабар жеткен. (Ресей мемлекеттік көне құжаттар мұрагаты. Сенаттың 1-департ. қоры. 136-тізбе, 1740-1746. 12/143-іс., 1006-парақ). 1740 жылдың күздінде ойрат жасақтары Орта жүзге қайта басып кірді. Бұл жолы олар қазақтардың едәуір ұйымдаскан қарсылығына тап болды. Қазақ батырлары әр түстен кірген жаудың бетін қайтарды. Сол жылы қараша айында ойрат тұтқынынан қашып щықкан Абыз Байболов деген қазақ Жәміш бекінісіне келіп: «Орта жүздің ханы Әбілмәмбет екі мың колмен Қалдың Сереннің қалмақтарына қарсы кетті» деп хабарлаған. (Ресей империясы сыртқы саясатының мұрагаты. Жонғар істері қоры, 113/1-тізбе, 1741. 1-іс, 6-сырт пар). Қыргын ұрыстар басталды. Соның алдында ғана Әбілмәмбетпен бірге Ресей бодандығын қабылданап келген Абылай да осы соғыстың жуан ортасынан көрінген еді. Әдеб.: Сулейменов Р.Б., Моисеев В.А. Из истории Казахстана XVIII века (о

жылдың күзінде жоңғар әскерлері қазақтарды шабуға қайта келмек деген үрелі хабар алған орыс үкіметі Орынбор комиссиясының бастығы В. Урусовка жоңғар қалмақтарынан сактану жөнінде арнайы бұйрық түсірді. Құжатта: «қазақтардың Барак сұлтан, Жәнібек батыр қатарлы көсемдері сұраса, оқ-дәрі сияқты заттар беру, ал, мылтық пен зенбірек бермеу» жөнінде нұсқау болды. (Орынбор облыстық мемлекеттік мұрағаты. Орынбор комиссиясы коры. 1-тізбе, 1739 жыл. 7-іс, 16, 18, 21-парапттар). Жоңғарлардың бұл шабуылы туралы осы кітапта ақпарат берілген. (Әдеб.: Моисеев В. А., Джунгарское ханство и казахи XVII-XVIII вв., Алма-Ата, 1991, 114-116-беттер).

№41 1741 жылғы мамыр айы

Әбілқайыр ханға барып қайтқан Д. Гладышевтің айтып келгендерінен

Орынбордан 1740 жылғы 5 қыркүйекте шығып, 33 күн дегендеге Әбілқайыр ханның жайлауына бардым...

Әбілқайыр хан Қарасақалды ұстап беруге ықыласты, бұл жөнінде Кіші жұз бен Орта жүздің ел ағаларына арнайы хат жазып тапсырып қойған. Қарасақал Орта жүзде, Барак сұлтанның елінде. Былтырғы 1740 жылы қыркүйек айында қазақ қолын бастап, жоңғар қоныстарын шауып қайтыпты. Қалдын Сереннің туған інісі Сына батырмын деп жар салып, қазактарды жоңғарларға қарсы бастап жүр. Мұны естіген қонтайшы 30 мың әскермен Орта жүзге басып кіріп [1], соңда қыстап шығыпты.

Әбілқайыр хан: «Сырдария бойында бекініс салу үшін әскер сұрадым, орыстар мені алдап, көмек бермей отыр. Міне, жоңғар қалмақтары қоршап, қол астындағы халықты қырып-жоюда, өздеріне қаратып алмак. Генералға айта бар, енді төзімім таусылды. Амал жоқ, жоңғарларға берілеміз», деді. Сол үшін жоңғар жағына елшілікке Құттымбет жасауылды жіберіп алғанын айтты.

Мен Құттымбетпен жасырын жүздестім. Ханның тапсырмасымен жоңғарларға барып келгені рас екен. Ташкент пен Түркістанға әскермен келген Сары Манжыға Қалдын Серен былай деп тапсырыпты: «Әбілқайыр ханмен соғыспа, өз еркімен бізге қарасын. Түркістанға хан болсын», депті.

Әбілқайыр хан осыдан дәмеленіп, ұлы Айшуақты Қалдын Серенге аманатқа бергелі отыр.

Ресей империясы сыртқы саясатының мұрағаты. Қазақ істері қоры, 122-тізбе, 1741 жыл, 3-іс, 5-6-сырт пар.; Казахско-руssкие отношения в XVI-XVIII веках (Сборник документов и материалов). А. 1961 г. док. № 76. С. 176-184.

[1] контайшы 30 мың әскермен Орта жүзге басып кіріп... Ойрат әскерлерінің Қазакстан аумағына шабуылы 1739 жылдың күзінде басталды. Орта жүздің шығыстағы шегарасын бойлай шоғырланған Септен басқарған 30 мыңдай әскер әр жерден тиіспіп, қазак ауылдарын шаба бастады. Бұл кезде Орта жүзде ғана емес, бүкіл Қазақстандағы ішкі саяси жағдай да шиеленіспіп тұр еді. Кіші жүзде алауызың өршіп, Батыр сұлтанды жақтайтын феодалдар Әбілқайыр ханға қарсы жауыккан. 1739 жылы Ұлы жүздің ханы Жолбарыс Ташкентте кісі қолынан қаза тапты. 1737 жылы Орта жүздің ханы Сәмеке өліп, оның орнына хандыққа сайланған Әбілмәмбет ел ішінде айтартылғатай беделге ие бола коймаган. Осылайша, ынтымағына ірткі кірген қазак феодалдары тиісті сақтық шараларын жасамай, сыртқы жаудан қорғануга дайын болмады. 1739-1740 жылдың қысында Септен мен Сары Манжының әскерлері екіге бөлініп, Сырдарияның жогарғы ағысы арқылы онтүстіктен, Ертістен өтіп, солтүстіктен соққы жасады. Орта жүздің Тобыл мен Есіл өзендері бойын қыстаған қазактары жау шабуылының астында калды. Осы кезде Қазан губерниялық кеңесінен Мәскеудегі сыртқы істер алқасының кеңесіне: «... қазак жүздеріне 15 мыңдай Конғайшы әскері басып кіргені және уак-керей руларына, Ертіс пен Есіл бойындағы Әбілмәмбет пен Барак сұлтанга қарайтын ауылдарға шабуыл жасағаны» жөнінде хабар жеткен. (Ресей мемлекеттік көне құжаттар мұрағаты. Сенаттың 1-департ. қоры. 136-тізбе, 1740-1746. 12/143-іс., 1006-парақ). 1740 жылдың күзінде ойрат жасақтары Орта жүзге қайта басып кірді. Бұл жолы олар қазактардың едәуір ұйымдастырылған тап болды. Қазақ батырлары әр тұстап кірген жаудың бетін қайтарды. Сол жылы қараша айында ойрат тұтқынынан қашып щықкан Абыз Байболов деген қазақ Жәміш бекінісіне келіп: «Орта жүздің ханы Әбілмәмбет екі мың колмен Қалдың Серенниң қалмақтарына қарсы кетті» деп хабарлаған. (Ресей империясы сыртқы саясатының мұрағаты. Жонғар істері қоры, 113/1-тізбе, 1741. 1-іс, 6-сырт пар). Қыргын ұрыстар басталды. Соның алдында ғана Әбілмәмбетпен бірге Ресей бодандығын қабылдап келген Абылай да осы соғыстың жуан ортасынан көрінген еді. Әдеб.: Сулейменов Р.Б., Моисеев В.А. Из истории Казахстана XVIII века (о

внешней и внутренней политике Аблая). – Алма-Ата: Наука, 1988. С.33-35.

№ 42 1742 жылғы сәүір айы

**Кіші жұзге барып келген
Д. Гладышевтің айтқандарынан**

1. 1742 жылы 9 қаңтарда Әбілқайыр хан Гладышевті тұскі асқа шақырып, дастархан үстінде оған Қалдын Сереннен хат келгенін, хатта: «Әбілқайыр хан жонғар жағына бағынатын болсын, аманатқа өзінің және құрметті ел агаларының балаларын берсін!» деп талап етіп отырганын айтқан.

9 қаңтар күні Гладышев жонғар елшісі Қасқа зaisanfa жолыбып, жағдайды сұрап біледі. Қасқа айтады: «Біз күштеп отырганымыз жоқ. Былтыр 1740 жылы Әбілқайыр хан бізге елшілікке Құттымбет батырды өзі жіберіп, Қалдын Сереннен Түркістан мен Ташкентті сұраған, бодан боламын деген. Аманатқа ұлын бермек болған, менім келуімнің мәнісі осы».

Гладышев: «Әбілқайыр ханның бүкіл елімен Ресейге бодан екенін білмейсіндер ме?» деп сұраған. Оған жонғар елшісі: «Біз зорлап отырганымыз жоқ қой, сұрап отырган Әбілқайыр ханның өзі», деген.

2. ...Былтыр, 1741 жылы жонғардың ханы өзінің Сары Манжы [1] деген қолбасына 30 мың әскерді бастатып, Орта жұзге жұмсап, шауып алды. Соңан соң Әбілмәмбет хан, Барак сұлтан, Жәнібек батыр және басқа да беделді ел агалары қол қойып, жонғар 182, ханына хат жолдаған. «Енді тиіспесін, аманатқа баламызды беруге дайынбыз», депті. Жонғар елшісінің екінші шаруасы осы екен.

4. Жонғар әскеріндегі қару-жарак туралы Гладышевтің Қасқа зaisannan естігени мұнау: «Түйеге артатын үш мың, арбамен алып жүретін 50 зенбірегіміз бар [2], 30 мортира [3] бар. Оларды ататын да өзіміздің қалмақтар. Мұнша артилерия қаруын бізге жасап берген Жәміш бекінісінде қолға түскен жатжұрттық капитан. Ол біздің адамдарды өз тіліне, зенбірек жасауга үйретті, артилерия ғылымы бойынша кітаптар тастап кетті», деген.

Мойнақ батыр деген қазақ Гладышевке былай депті: «Жонғарлар тыныштық бермейтін болса, қазактар Кубань өлкесіне көшеді, немесе сол жақтан көмек сұрайды. Қазақтар бұл жөнінде

Кубан хандығына елші де жіберген екен, Еділ қалмақтары жолда үстап қапты».

Поручик Гладышевтің қазақ арасынан тағы да естіп-білгеніне қараганда: «Жонғар тұтқынында отырган Абылай сұлтан сол жақтан бүйрық беріп, Қарасақалды Ресейге де, жоңғарға да бермеуді (құрбан болсандар да) тапсырған. Қарасақалды берсендер, қазақ халқы құриды», депті. Гладышевтің анықтап білгені, Қарасақал қарақалпактарды шапқалы дайын отыр, былтыр күзде 500-дей қарақалпақ отбасын айдал әкелген болатын.

Ресей империясы сыртқы саясатының мұрагаты. Қазақ істері коры, 122-ізбе, 1742 жыл, 2-іс, 7-12-сырт.пар.; Казахско-руssкие отношения в XVI-XVIII веках (Сборник документов и материалов). А. 1961 г. док. № 83. С. 193-197.

[1] Сары Манжы – Жонғар ханы Қалдын Сереннің жақын серігі. беделді колбасыларының бірі, хандықтың қазақтарға байланысты мәселелерін шешеді.

[2] Түйеге артатын үш мын, арбамен алып жүретін 50 зенбірегіміз бар, 30 мортира бар... – қазақ-жонғар қатынастарында жауабы табылмай келе жатқан жұмбактардың бірі – «жонғарларда зенбірек, тағы басқа қуатты от каруы болыпты» деген дерек. Біздің жан-жақты салыстыра отырып, мейлінше мұқият зерттеуіміздің нәтижесінде: «Қалдын Сереннің кезінде жонғар армиясында зенбірек те, мортира да болмаған» деген қорытынды шығаруға мәжбүр болдық. Ертеректе жонғар хандығына барып келген майор К. Миллерден бастап, И. Бичурин, Д. Гладышев деген барлаушылардың бірде-біреуі жонғар қаруының ішінен «Ренат жасаған зенбіректі» көрмеген, тек қана ондай қарудың бар екендігі туралы, әдетте, жонғар елшілерінің, әскербасыларының аузынан ғана естиді. Бірақ, бұл мағлұматтың, қарсыластарына үрей туғызу, қуатты қару туралы лақап таратып, қорқыту мақсатында таратылған қауесет екеніне көіл аудармаган. Орыс ғавторлары болса, сол жазбаларды бірінен-бірі көшіріп, оларға қазақ зерттеушілері де қалтқысыз сеніп, міне, үш ғасырға таяу «Жонғар зенбіректері» туралы осы бір аңыз шындық ретінде қабылданып келеді: Кейбір авторлар, тіпті, қазақтарды қайта-қайта жеңе беретін жонғар армиясының қуатын тікелей, сол «зенбіректермен» байланыстыра қарайды. Дағы соғыстарында, ат үстінде соғысып жүріп, кемі жұз пұттық зенбіректі қалай алып жүргүре

болатынына, тіпті, сақа тарихшылардың өзі, ой жүгіртпегені таңданарлық. Ал, соғыс қаруын, оның ішінде, отпен атылатын қару жасау үшін химия-металлургия, металл өндіреу технологиясының, өте дәл күрделі аспаптар жасау үшін физикалық-химия, физика-математика, баллистика ғылымдарының қандай деңгейге жетуі керектігі, мұлде басқа мәселе. Киіз туырлыкты жонғар хандығында мұның бірде-біреуі болмағанын тарихи деректер көрсетеді. Тіпті атылатын от қару туғілі, Қалдын Серенниң ақша монеталарының өзі дөрекі құйылғаны, техникалақ жағынан өте қарапайым жасалғаны, ақша түрінде толық зерленбегені туралы бұлжыгпас деректер баршылық. Рас, Қалдын Серен өз елінде кен тасын іздестіріп, шойын қорытып көрмек болған. Металл балқытатын пеш те салдырған, Ресейден металлург-инженерлер мен техниктер шақыртқан. Кенді қорытып, таза металл алуға таяп қалғанда, Қалдын Серен дүниеден өткен. Сондықтан, «түйеге артатын үш мың, арбамен алыш жүретін 50 зенбірегіміз бар, 30 мортира бар. Оларды өзіміздің жауынгерлер атады» дегенді, кезекті бір тактикалық аңыз деп қана түсінген жөн. Тиісінше, жонғарларда мұндай қарудың жоқ екенін жақсы білетін, орыстың шегара дағы әскери мамандары бұл аңызға мән бермеген.

Мәселенің мәнісін түсіну үшін, біраз тарихи анықтама берейік: Ренат Юхан Густав (1682-1744), швед әскерінің сержанты, кей құжаттарды штык-юнкер, яғни төмен шенді әскери қызметкер. Соған қарамастан, көне құжаттарда оны офицер деп жазады. Өуелі Полтава түбіндегі бір ұрыста орыстарға тұтқынға түсken, 1716 жылы Ертіс бойындағы Жәміш бекінісінің маңында жонғарларға тұтқын болған. Энциклопедиялық анықтамалықта Ренаттың: Цеван Раптан мен Қалдын Серениң оң колы болғаны, Жонғар хандығының әскери-техникалық қуатын қүшетуге зор үлес қосқан маман ретінде көрсетілген. Жонғар хандығының тұңғыш жағрапиялық картасын сыйған тұңғыш еуропалық, Жонғарияда металлургия өндірісін жолға қойған, зенбірек жасаған, оған ядро құйған, тіпті, еуропалық үлгідегі баспаҳана машинасы мен оның жабдықтарын жасап, әріптер құйған... деп дәріптеледі. Дәл осы ақпарат 1886 жылы Ресейдің «Вокруг света» журналының 32-санында жарық көрді. Ренат басқарған жонғар әскерлері 1717-1718 жылдары Арыс пен Аяғөз өзендерінің бойында қазак әскерлерін зенбіректің қүшімен женді, деп қазақстандық Расул Сагындықов деген автор жазады. Сонда, қарапайым ғана қисын жетіспейді. Ренат 1716 жылы тұтқынға түседі де бір-екі жылда-ак, көшпелі ойраттарға зенбірек жасап берген, дегенге сеніп көріңіз. Осы

аңызды бастан-аяқ қайталаған тағы бір жерлесіміз Асқар Абдуллин. (Қараңыз: «Казахстанская правда» 21. 10. 2006 жыл.) Тарихи деректерге қарасаңыз, Ренаттың шамалы ғана сауаты болғаны, өзінің жонғар тұтқынындағы «көреметтері» туралы бір ауыз сөз де жазып қалдырмағанына көзініз жетеді.

[3] мортира – қысқа ұнғылы, жақыннан тиетін, қамал бұзар зеңбірек, орыс әскерінде, мысалы, орыс-түрік соғысында қолданылғаны туралы дерек бар.

№ 43 1742 жылғы 20 мамыр

Ресейдің Үкімет сенаты арқылы жолданған патша жарлығы

Орынбор комиссиясының бастығы Неплюев қазактың Кіші жүзінің ханы Әбілқайырдың поручик Гладышев арқылы жіберген хаттарын сәуір айының 25 жүлдезінде қабылдап, 30-ы күні сенатқа жолдапты. Бұл поручик мемлекеттік кеңесші Кириловтан арнайы нұсқау алып, Кіші жұздегі жағдайды біліп келуге жіберілген болатын.

Бірінші және екінші хаттар ханның атынан Ұлығ мәртебелі капитанымыздың атына жолданған. Ұшінші хатты жонғар ханы жазыпты, төртінші және бесінші хаттар қарақалпақтың ел ағалары мен Ғұбайдолла сұлтаннан келген. Хаттар Үкімет сенатында орысшаға аударылып, онда жазылған ақпараттар зерттелді.

Бұл хаттарды жолдаған Әбілқайыр хан Орта жұздің ханы Әбілмәмбет пен Барак сұлтанның, Батыр сұлтанның Ресейге теріс пигылы байқалғанын, олардың жонғар ханы Қалдың Серенге бодан болуға пейілі бар екенін хабарлайды. Ресей патшасына бодан болып тұрған Әбілмәмбет хан сертінен тайып, жонғар жағымен жақындасқан. Тіпті өз тарапынан аманатқа адам өткізіп, алым-салық төлеп тұруға уағдаласқан.

Жонғар ханы Орта жұз қазактарына қару кезеп, қорқытып Әбілмәмбет ханның, Барак сұлтанның, Жәнібек батырдың ұлдарын аманатқа беруді талап еткен. Сондай-ақ, Қалдың Серен Әбілқайыр ханға да бұйрық беріп, ұлынды аманатқа өткіз және баланды білікті-білікті ел ағаларына ертіп маған жеткіз деп хат жазған көрінеді. Соғыс ашамын деп қоқан-лоққы жасапты-мыс. «Алым-салық төлейсің, мен көрсеткен аумақты ғана жайлап-қыстайтын боласың», деп үзілді-кесілді талап қойыпты.

Бұл жағдайлардың анық-қанығы әлі анықталған жоқ, дегенмен, сақтық керек деп ойлаймын. Егер, жонғар жағы қазактарды өзіне қаратып алмаққа ұмтылса, арты жақсы болмайды ғой. Қалайда, патша ағзамның мүддесіне нұқсан келтірмейтіндей әрекет жасап, тиісті шаралар колдану қажет деп санаймын.

Сондықтан, жогарыда айтылған аймақтардың амандығын камтамасыз ету үшін генерал-лейтенант Соймонов камсыз отырмауы керек. Мына хаттардың көшірмесін жібердім, тағы да тексертіп, нақты жағдайларды хабарлап отырамын. Ал, Әбілмәмбет хан мен аталған сұлтандар Ресей жағына қырын қарайды, дегенге келетін болсак, бәлкім, олар жонғар шапқыншылығынан қаймығып, еріксіз мойын ұсынып отырған шығар.

Егер, олай бола қалса, біз өз тарапымыздан қарсы шаралар ұйымдастыра бастауымыз қажет. Атап айтқанда, кол астымыздығы хандар мен сұлтандардан жі хабар алып, оларды қалай корғауға болатының ақылдасқан артық болмайды. Ал, бекіністер мен жонғар шекараларына ұрымтал аймақтарда сақтықты қүшайткен жөн. Саптағы әскерді сақтап, атты казактардың санын көбейту керек, деген Неплюевтің ұсынысы көңілге қонады.

Орынбор комиссиясы жонғар ханымен ешқашан, қандай да бір түрде қарым-қатынас жасаған емес. Ал, сыртқы істер алқасы мен Сібір губернаторының жонғарлармен байланысы қандай екені маған беймәлім. Демек, біліп отыру ете қажет шаруа, мұның өзі сайып келгенде, Ресейдің мүддесін қорғау ниетінен туатын қажеттілік. Мемлекеттік кеңесші Кириловқа берілген құпия нұсқауды басшылықта алып, шегара қауіпсіздігін қалт жібермей, қадағалап отыру керек. Сыртқы істер алқасы да бұл іске мүдделі болуға тиіс.

Ал, егер жогарыдағы айтылған жағдайлар расқа шығып, жонғар ханы қазактарға қарулы кол жіберіп, өткен 1741 жылғыдай, қырғынға ұшырататындей бола қалса, оған қалай қарсылық көрсетудің жолдарын да алдын-ала қарастырмай болмайды. Себебі, мұндай оқыс жағдайда не істеу керек екендігі жөнінде біздің қолымызда нақты нұсқау жоқ. Сондықтан, уақыттан ұтылып, немесе басқа бір кателік жіберіп алуымыз мүмкін.

Егер мұндай қауіп тене қалса, Орынбордың, шегарадағы басқа да бекіністердің амандығын ойлауымыз керек. Алда-жалда жақын мандағы қазактар бас сауғалап, Орынборға немесе жана бекіністерге кіреміз десе қайтеміз? Үкіметтен түсken бұрынғы жарлық бойынша (1741 жылғы 5-наурыз) бекіністерге хандар мен шамалы ғана ел ағаларын өткізуге болады, делінген. Ал енді, мынадай амалсыз жағдай

туа қалса, не істейміз? Келіп тығылған қазақтардың соңынан қуған жонғар жағы көп әскермен, от қаруымен бекіністерге шабуыл жасауы да мүмкін фой. Олай бола қалса, еріксізден сапты әскеріміз бен атты казактар соғысқа араласуға тиіс. Бірақ, бекіністерде ондай әлеуетті әскер тағы жоқ. Сергеев және Биляр атты әскер полктары бірінен-бірі жырақта тұр. Бекіністегі қарулы жасақты қозғауға болмайды.

Қазан және Уфа гарнизондары, ландмилиция және Есіл полкы әскери алқаның ерекше нұсқауы бойынша Астраханға қарай беттейді. Олар сақадай сай дайын тұр. Жонғарлардың қысымына төтеп бере алмаса, қазақтар біздің бекіністерге бас сауғалап басып кіреді. Сонда біз қазақтарды қоргамақ түгілі, бекіністерімізді аман сақтауымыздың өзі де кәдік. Әбілқайыр хан болса, оның өзі бізден күш сұрап отыр.

Татищев пен маркұм Урусовтың кезінде сапты әскер саны ықшамдалып қалған еді. Мына жағдайда Неплюевтің жоспарларын колдаған дұрыс. Қауіп-қатерге дайын болу үшін жоғарыда аталған Қазан, Уфа және Есіл атты әскер полктерін Орынбордан алыстатпай, дайын ұстауымыз керек. Тез арада казак билеушілерімен бетпе-бет кездесіп, ақылдасып алған жөн. Оларға арнайы хат жолданатын болсын.

Енді қарақалпақтың сұлтандары мен ел ағаларынан келген хаттар жөнінде жағдай мынадай: Олар патша ағзамға адалдық сертін берген болатын. Әздерінің талаптары мен мұқтаждары жөнінде Әбілқайыр ханға жолығатынын айтыпты. Қарақалпак жағы бұрын Орынборға келмеген еді. Келмесе, келмей-ақ қойысын, өзімізге қажет болғанда шақыру жіберерміз.

Жонғар ханына хат жазылсын. Егер жонғар өкілдері Орынборға келеміз деп ниет білдіре қалса, Неплюевке сыртқы істер алқасы тарапынан келіссөзге қажет мағлұмат жеткізіп қоюымыз керек. Өйткені Орынбор комиссиясы Сібір губернаторы сияқты емес, жонғар хандығының жағдайынан бейхабар.

Патша жарлығы сенаттың Орынбор комиссиясының бастығы Неплюевке, әскери алқасына жіберілді.

.1742 жылғы 20 маусым. Жауапты хатшы Павел Севергин, хатшы Гаврийл Замятин.

Ресей империясы сыртқы саястының мұрағаты. 122-кор, 122-1-тізбе, 1742 жыл, 1-4-пар.

Орта жүз қазақтарының
Қалдын Серенің бодандығына еткені туралы

Орта жүздің ханы Әбілмәмбет, Барақ батыр [1] және Абылай сұltан жонғардың Қалдын Серенің бодандығын қабылдап, оған аманат беруге, алым-салық төлеуге міндettенген. Мұның үстіне жонғар ханы Кіші жүздің Әбілқайыр ханын да міндettеп, аманат беруді, алым-салық төлеуді талап еткені мәлім болды. Осыған орай И.И. Неплюевке аталған екі ханды да жонғар билеушісінің бодандығына жібермеудің ілкемді жолын тауып, алыстатту қажет. Әбілқайыр мен Әбілмәмбет хандар бүкіл иелігімен Ресей жағына бұрыннаң қарайтындығын, сондықтан олардан қандай да бағыныштылық талап етудің жөні жоқ екенін жонғар жағына ескерту керек. Қазактар жағынан жонғарларға шабуыл жасалатын болса, мәміле жолымен орыс үкіметіне жүгіну қажеттігі түсіндірлісін.

Сборник указов и узаконений о киргизских степных областей. Издание неофициальное (Сост. ст. советник Тургайского обл. правл. И.И. Крафт) – Оренбург: Тип. П.Н. Жиринова. 1898. –II. 1742 жылғы 8 тамыздағы №504 жарлығынан. 57-61-беттер.

[1] Барақ батыр - Шүрекұлы (шамамен 1701-1770), «көкжарлы көкжал Барақ батыр» атанған. Найман руының ергенекті-көкжарлы аталағынан. «Көкжал Барақ» деген атпен үш жүзге мешіүр болған тарихи тұлға. Барақтың «көкжал» аталауына орай жорамалдар көп. Дегенмен, бұл атау батырдың қайсарлығы, ерлігі үшін берілгені рас. Қабанбай қолының бір қанатын – көкжарлы, сарыжомарт руладынан құралған сарбаздарды бастап, шығыстағы Ертістің оң жағалауынан Алтай тауларына қарай, кең алқапты қалмақтардан тазартуға қатысқан. Боранбай, Кешу, Ботагара, Шынқожа, т.б. батырлармен бірге Аяғөз жазығы, Алакөл жағалауы, Шынғыстау, Тарбағатай баурайында жонғарларға қарсы ұрыстарда ерлігімен көзге түсken. Жонғар хандығы талқандалғаннан кейін босап қалған қазақ жерлеріне иелік етпек болған Цянлуның саясатына қарсы шығып, қазактың ата конысын қайтарып алу жөнінде тынымсыз жорықтар жасаған. Бүкіл Тарбағатай өніріне қазактарды коныстандырып, қорғаған. Қазақ хандығы атынан Ресей мен Қытай патшалықтарымен жүргізілген келіссөздерді басқарған. Қазіргі Шар станциясының батыс жағындағы

«Бақ Қарауыл», Жарма ауданы орталығының теріскей бетіндегі «Орта Қарауыл» немесе «Барақ шыққан» тауы, Өскеменге таяу тұстағы «Ляқ Қарауыл» бүйігі көкжал Барақ өткен жорық жолының күесі ретінде тарихта қалған. Батырдың қазақ бәйбішесі Қойбикеден Бостан, Дос, Қадір деген ұлдары мен мұнан басқа бес қалмақ әйелінен тұган ұрпақтарынан екі мыңға тарта шашырақ өрбіген. Олар бұл күнде Шығыс Қазақстан облысының Күршім ауданында тұрады. Барақ ғалып Абылай ханның бастауымен болған қазақ-қырғыз шайқасында, Жайыл қырғынында 1770 жылдың қүзде 69 жасында қаза тапқан. Әдеб.: Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005. 286-289, 308, 312, 314, 359. Алтынбаев Қ. 145 бет. // «Қазақстан». Ұлттық Энциклопедия., 2-том, 1999 ж., 86 бет.; Қазақстан тарихы. Энциклопедиялық анықтамалық. «Аруна» баспасы, Алматы, 2006. 118-бет.; Қазақстан. Ішкішам энциклопедиялық сөздік. Алматы, 2005. 102-бет.

№ 45 1742 жылғы 2 қыркүйек

Орынбор комиссиясының бастығы И. Неплюевтің Қалдын Серенге жолдаған хаты

Күрметті жонғар ханы!

Сіздің жонғар әскерлері өткен 1741 жылы ұлы мәртебелі Ресей патшасының коластындағы Кіші жуз бен Орта жүздің қазактарын шауып, көп зиян келтірген еді. Жаңа салынып жатқан Ор бекінісіне келіп қайтқан адамдарыныздың айтуынша, сіздер қазактардың Ресейге қарайтынын білмейді екенсіздер. Бекініс командирі бұл жағдайды оларға түсіндіріп айтқан болатын. Қазақтар шын мәнінде Ресейдің бодандығында. Бұл жөнінде адамдарының сізге бұрын дұрыс ақпар бермеген болуы керек. Сондыктан сіз қазақтарға қайтадан елші жіберіп, хат жазып, аманатқа ханның балаларын сұрапсыз, менің айтқан жерімдеған көшіп жүресіндер, деп жарлық етіпсіз.

Әрине, қазақтар Ресей мемлекетіне қарайтынын бұрын білсеңіз, сіз мұндай талаптар қоймас едіңіз деп ойлаймын.

Міне, осы жағдайларға байланысты мыналарды хабарлаймын:

Кіші жүздің ханы Әбілқайыр, үрім-бұтағымен, бүкіл елімен көп жылдан бері Ресей патшалығының камқорлығында. Ол 1738 жылды өз балаларымен, карауындағы халқымен Ресейге тағы да қайталаң ант берді. 1740 жылды Әбілмәмбет хан, Орта жүздің Мәмет сұлтаны

(Абылайдың тұған інісі), Жәнібек тархан, басқа да білікті ел ағалары сіздің (жонғарлардың) жіберген елшілерінің көзінше Ресейге адал болдан екендігі жөнінде ант берді.

Қазақтың екі ханы да (Әбілқайыр мен Әбілмәмбет) жонғар жағынан, сіздің атыңыздан елші келгендейгін маған хабарлаған болатын. Өйткені, мұнда патша ағзамның атынан билік жүргізетін ең үлкен бастық мен Неплюев.

Мен сол хандарды сіздің елшілеріңізben қоса келсін деп, өзіме шақырдым. Сол бойынша Әбілқайыр хан жаңына қазақтың белгілі ел ағаларының ертіп, сіздің елшілеріңіз Қасқа [1] мен Баранды [2] маған алып келді.

Бәріміз ақылдасып, сіздің құзырыныңдағы жонғар хандығы мен Ресейге болдан қазақтарымыздың тату көрші болып тұруына келістік, хандар халық атынан мұны бекітіп, үйғарым жасады. Бұл рәсімге сіздің елшілеріңіз де күэ болды, өздері айтып баратын шығар.

Сондықтан, осындай-осындай жағдайлардан кейін сіз біздің қоластымыздың халықтарға тиіспей, олар жөнінде келіссөзді тек бізден ғана жасауға шақырамын. Сол үшін, біздің патша ағзамның жарлығы бойынша, сізге барып хабар алып келу үшін, сенімді өкілім майор Миллерді арнайы аттандырып отырмын.

Сіздің Ресей патшасын сыйлайтыныңызды білемін, біздің сіздерге тату көрші ретінде қарайтыныңызды сіз де білесіз. Сондықтан, сіздің ел мен бізге болдан елдің арасындағы дауды келіссөзben реттеуге шақырамын. Ресей қоластындағы қазақтар іргелес сіздің ауылдарыныңда шапқан болса немесе алдағы уақытта тиісетін болса, әскер жіберіп күш қолданбаңыз. Бұл жақтағы ең үлкен бастық ретінде маған хат жазып, хабар берсеңіз болғаны, сіздер қанағаттанатындаш шараларды өзіміз де жасай аламыз.

Бұдан басқа, қазір сіздерде тұтқында жатқан Абылай сұлтанды, онымен бірге ұсталған қазақтарды босатып, еліне қайтаруга бұйрық беруіңізді сұраймын. Осылайша, сіз біздің патша ағзамға құрмет көрсетіп, тату көршілік ниетіңізді білдіреді деп, кәміл сенемін.

Сіздерге менен хат апарған майорды, жаңындағы қосшыларын елшілік дәстүр бойынша дұрыс қарсы алып, күтіп, шаруаларын бітірген соң, шегарага дейін қауіпсіз етіп шығарып салыңыз [3]. Алдағы уақытта сіздерден келетін елшілерді де біз дәл осылай қарсы алып, шығарып салатын боламыз.

Патша ағзамның тайный советнигі және кавалер, Орынбор комиссиясының үлкен бастығы И.Неплюев.

Хатшы Иван Дронов.

Ресей империясы сыртқы саясатының мұрағаты. Қазақ істері коры, 122-тізбе, 1742 жыл, 4-іс, 225-227-пар.; Казахско-руssкие отношения в XYI-XVIII веках (Сборник документов и материалов). А. 1961 г. док. № 95. С. 228-229.

[1] Қасқа – Қашқа мерген, Мерген-Қасқа 1732 ж. Еділ қалмақтарының зайсаны Доржы Назаровтың елшісі, 1742 ж. Қалдын Серен елшісі Баран екеуі Абылай сұлтанды тұтқыннан босатудың шарттарын келісіп, пісіргүе Қазақ хандығына келген. 1757 ж. қытай басқыншыларының зорлығына шыдамай Еділ бойына қайта қашып келеді, тағыда Нұралы ханның сарайынан көрінеді, маңызды елшілік міндеттер атқарады, тіпті М. Тевкелев Нұралыға жазған бір хатында: «Сіздің қызметкеріңіз Мерген-Қасқа ...» деп жазады. Әдеб: Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005. 68, 108, 113, 114, 116, 117, 122, 131-беттер.

[2] Баран – Қалдын Сереннің елшісі. Қазақтың тұрмыс салтын, тілін жақсы біледі. Қазақ хандығы мен жонғар хандығы арасындағы көптеген шиеленісті мәселелерді шешуге қатысқан. Кейін, жонғар хандығы талқандалған соң, Еділ бойына, құба қалмақтарға барып паналяған. Одан беріде Баранды Нұралы ханның қасынан көреміз.

[3] шығарып салыңыз - майор Карл Миллер бастаған елшіліктің сапары, келіссөз нәтижелері туралы Миллердің қолымен жазылған жазбалар тұнғыш рет қазақшаланып, осы жинақта берілді.

№ 46 1742 жылғы 22 қыркүйек

И. Неплюевтің Әбілқайыр ханмен және басқа қазақ ел ағаларымен, жонғар және қарақалпақ елшілерімен келіссөзінің хаттамасынан

20 тамыз. Әбілқайыр хан, Жәнібек батырды ертіп Ор бекінісіне келді. Олар Ор өзеніндегі Тасөткел деген жерге еру болды.

21 тамыз. Осы жерге Әбілқайыр ханның ұлы Ералы сұлтан келді.

23 тамыз. И.Неплюев Әбілқайыр ханды және ханның ұлы Ералы сұлтанды, олармен бірге келген Жәнібек сұлтан мен ханның күйеу баласы Дербісәліні, басқа да қазақ елағаларын қабылдады. Ұлардың ішінде жонғардан келген екі елші Қасқа мен Баран және

қарақалпактың Мамыр батыры мен Құшак батыры болды. Хан және қазақтың елағалары патша ағзамға адалдық антын берді. Бұл рәсімге жонғар елшілері күе болды. Рәсім соңында жиналғандарға дастархан жайылды, келіссөз басталған жок.

Сол күні кешке қарай, Әбілмәмбеттің жанындағы князь Ураковтың атынан екі казак-орыс хабар айтып келді және екі қазақ Әбілқайыр ханнан хат әкелді. Хан сол күні Орга қарай қөшетінін жазыпты. Ал, тілмәш Оразлин Барап сұлтанға аттаныпты, оны Ор қаласына шақырып, осындағы жонғар елшілерінің келіссөзіне күе етпек ниеті бар.

24 тамыз. Князь Ураковтан келген казактардың айтуынша, Әбілмәмбеттің жанындағы жонғар елшілері Ор бекінісіне бармайды, сол үшін Әбілқайыр ханға майор Миллерді жіберген. Миллер ханмен, Ералы [1] сұлтанмен, Жәнібек батырмен және Ор бекінісіне келген жонғар елшілерімен ақылдасып, Әбілмәмбет ханның жанындағы жонғар елшілерін Ор қаласына шақырып хат жаздыруы керек.

Түстен кейін сағат 5 шамасында Ералы сұлтанды ертіп, хан және кіші сұлтан Шыңғыс, Жәнібек батыр, жонғар елшілерін ертіп Неплюевке келді. Неплюев жонғар елшілерін бөліп тастап, ханмен, сұлтанмен және Жәнібек батырмен оңаша сөйлесті. «Жонғар елшілері ханға қандай талаппен келген? Олардың бұл сапары Ресей патшалығының мұддесіне қайшы», деген тұрғыда әңгіме болды.

Хан өзі де Неплюевпен осы туралы ақылдаспақ екенін айтты да: «жонғарлар қандай сый-сияпта ұсынса да, олар қандай талап қойса да, патша ағзамның келісімінсіз жауап бермейміз», деді.

Неплюев: «Әбілмәмбет хан кеше хабарлапты, ол да осында келмек, оны сіз білесіз. Әбілмәмбеттің жанында да дәл осылардай жонғар елшілері бар, бірақ, олар мұнда келгісі келмейді. Соңықтан, сіз Әбілмәмбет ханға хат жазыңыз, ол өзі және қазақтың ел ағалары осында жетсін, мына жағдайды ақылдасып шешейік. Қажет болса, жонғар елшілеріне мен де хат жазып жіберейін», деді.

Әбілқайыр хан бұл сөздерге разылық білдіріп, өзінің Ресей патшасына әрқашан адаптацияның тағы да айтты.

Неплюев Останков пен Павлуцкий деген полковниктерді шақырып, ханмен бірге шай ішіп отыра тұрындар деді де, өзі жонғар елшілерімен оңаша сөйлесуге шығып кетті.

И. Неплюев сөз бастап, бұл елшілердің қазақ даласына келгенін естігенін; өзінің патша атынан билік жүргізетін бастық екенін; қазактардың мәселесін шешуге толық өкілдігі бар екенін мәлімдеп,

спиілдерден Қалдын Сереннің қандай мәселемен жібергенін білгісі көлестінін және бұлардың сұрақтарына толық жауап беретінін айтты.

Жоңғар елшісі Қасқа сөз алды: «Қалдын Серен бастаған жонғарлардың қытайлармен қанды қыргын соғысы кезінде, қазактар жонғар жерлеріне басып кіріп, көп шапқыншылық жасады. Қалмак ондаушісі қытайлармен татуласқаннан кейін, қазактардан кек алу үшін 30 мың әскерді үш бөліп, қазақ даласына аттандырыды. Әскердің он мыңдық бір бөлігі Ташкент жағынан кіріп, қазактарды Орга дейін қуды. Сол кезде қазактар, «сүйегіміз ағарғанша соғыстық, енді шашымыз ағарғанша тату көрші болайык», деп тілек айтқан, аманат беруге уағда болған. Қазактың үш жүзінің біреуі - Ұлы жұз бізге аманат беріп отыр, Қалдын Серен бізге қазактың қалған екі жүзінен де аманат алып келуге жарлық етті. Сөйтіп, қазактармен тату көрші болып тұрмақ, басқа тапсырмасы жоқ», деді.

Неплюев: «Әбілқайыр хан бүкіл халқымен он екі жылдан бері Ресей патшасының қол астында. Үш күннен бері өздерің көріп отырысқындар, қазактар Ресейге тағы да ант беріп жатыр. Сондай-ақ, Әбілмембет хан да өзінің ел ағаларымен, халқымен келіп үш жыл бұрын ант берген. Демек, Ресей патшасының жарлығынсыз қазактар сіздерге аманат бере алмайды. Ал, жонғар-қазақ қатынастарын тату көршілік сипатта реттеу мәселесін Неплюевтің өзі де шеше алады. Қазактар жонғар шегарасына бұдан былай шабуыл жасамайды, ол жөнінде Неплюев өз қолынан жонғар ханына кепілдік хат жазып беруге дайын».

Қасқа: «Сіздің ара ағайындық қызметіңізге раҳмет. Бірақ, Әбілқайыр ханның ауызша айтқанына сенуге болмайды, ол таңертен айтқан сөздерін кешке ұмытып қалады. Сондықтан, мұндай женіл мінезді адамдардан гөрі, сөзінде тұратын адамдармен сөйлескен дұрыс кой».

Неплюев: «Қазақтардың ондайы бар екені рас, Ресейдің қоластында мұндай басқа да халықтар да жоқ емес. Ұры-қары, тентектер сіздің жонғарлардың ішінде де болатын шығар. Сондықтан, екі ел арасындағы мұндай ұсақ кикілжіндерді ақылдасып шешуге болады ғой. Ал, әскер жұмсап, соғыс ашу дос-көршілікке жараптайды».

Қасқа: «Ресейге карайтын қазактар, бұрынғы бассыздығын былай қойғанда, Барақ сұлтан, тағы бір Шона деген беймәлім адам, үш жүздей қолды бастап келіп, жонғар жерін шауып кетті».

Неплюев: «Барак сұлтан мұнда әлі келген жоқ, ал Шона деген башқұрттан қашқан белгілі ұры, бәлкім, жанына біреулерді ертіп алып, қарақшылық жасап жүрген сол шығар. Патша ағзамға қарайтын қазактарды жазықсыз кінәлауга болмайды, қателік кетсе, мойындарып токтамыз. Айтыныңшы, Әбілмәмбетке келген жонғар елшілерінің шаруасы қандай, олар мұнда келуден неге қаймығады?»

Қасқа: «Біз Ресей командирлеріне емес, қазақ билеушілеріне жіберілгенбіз. Сондықтан, олардың талсырма шегінен шығып, сізге келмеуі де орынды. Әбілмәмбетке келген елші бастық емес, бұл елшілердің ішіндегі шені үлкені - менмін. Менімен қандай мәселені болса да шеше аласыз», деп біраз сипактап отырып, акыры Әбілмәмбеттің жанындағы жонғар елшілерін осында шақырып, өзі атынан хат жазуға келісті. «Тіпті, Неплюевтің өзі де хат жазса, жаксы болар еді», деді.

Бұдан кейін Неплюев елшілерді штаб офицерімен шатырда қалдырып, өзі Әбілқайыр хан, сұлтан және Жәнібек отырған жерге келді. Қонақтармен жайсыз әнгіме болғанын, олардың аманат алуға келгенин айтты.

Әбілқайыр хан: «Мен жонғарларға аманат беремін деп уағда еткен жоқпын, мүмкін Сырдария жақта жүргенімде басқа біреулерден шыққан сез шығар, балаларым да ондайға бармайды».

Жәнібек: «Жонғар әскерлері қазактарға қысым көрсетіп, көп қазакты тұтқынға алғанда, өздерінің амандығы үшін сол тұтқындардың кейбіреулері аманат береміз, деп қалған шығар. Басқа қазактар ондай уағда берген жоқ».

Неплюев, алдағы уақытта қазақтардың жонғарларға тиіспеуін ескертті...

25 тамыз күні таңертен, Әбілмәмбеттен хат әкелген жаушылар қайта аттанды. Олардың қолына Әбілмәмбет ханды жонғар елшілерімен бірге осында шақырған хат талсырылды. Оларға жонғардың бір елшісі еріп кетті.

Неплюев Әбілқайыр ханмен жеке сөйlestі. Әбілқайыр хан Әбілмәмбет туралы теріс пікірлер айтты. «Мысалы,- деді ол, Әбілмәмбет Барак және Батыр сұлтандармен және Қарасақалмен сез байласып, жонғар ханы Қалдын Серенге балаларын аманатқа беруді ойлады. Егер, мен қарсылық жасамасам, осылай болатын да еді. Ал, Әбілмәмбет мұнда келе жатқан болса, қаймықанының белгісі. Маған Ресей З мың әскерін беретін болса, мен Әбілмәмбетті ауыздықтар едім, ол жонғарлардан жоламас еді».

Неплюев Әбілқайырдың ақыл-кеңесіне разылық білдірді. Бірақ, оның сұраған әскерін беру мәселесі елі қаралмағанын айтты; «қыс ішінде Ресей әскерлерін қазақ арасына әкеліп жатқанымыз жөн болмас еді», деді...

26 тамыз күні Жәнібек батыр келіп, Неплюевпен сөйлесті. Неплюев Жәнібекке: «Қазактар жонғар жеріне барып тиіспесін, іргесіне көшіп бармасын, жайылым керек болса, Елек пен Берді өзендеріне, тіпті Жайыққа таяп келсін. Сөйтіп, казактар жонғарларға тыныштық беретін болсын», деді.

Сол күні Әбілқайыр ханының келісімі бойынша Ресей патшасының атынан Жәнібекке тархан атагы берілгені хабарланды.

27 тамыз күні Әбілқайырдан хабар келді. Әбілмәмбет хан Ор бекінісіне келе жатып, орта жолдан кері қайтып кетіпті. Неплюевпен кездескісі келмейді екен.

Ор қаласына жонғар ханы Қалдын Сереннің тұтқынында отырған ағасы Абылай сұлтанды босатып алу мәселесімен Сұлтанмұхаммет сұлтан [2] келді.

28 тамызда танертең Неплюевтің дастарханынан жонғардың екі елшісі және оларды ертіп келген Ұлы жүздің қазагы Жапалақ Тілеуkenов дәм татты. Жонғар елшілері казактармен арадағы мәселені реттеу үшін өкілетті елші жіберіп, жонғар ханымен келіссөз бастау керектігін айтты. Әбілмәмбеттің келуін 30 тамызға дейін күте тұруға келісті.

Бұдан кейін, олар соғыста жау қолына түсіп қалған Абылай сұлтан туралы сөз бастады. Жонғар елшілерінің айтуынша, Абылай Қалдын Сереннің ең жақын және атақты адамын өлтірген [3]. Сол үшін тұтқында. Бірақ, тұтқында да құрмет көріп отыр. Сондай-ак, казактардың қолында жонғардың бірқатар текті қыздары қалған. Қазактар оларды қайтарса, бәлкім, Абылай бостандыққа шыгар.

Жонғар елшісі тағы да айтты: қазақ-жонғар жанжалдарын болдырмау үшін бір пысық адам жіберіп, келіссөз бастау керек. Өйтпесе, жонғардың ханы «атының ері сынғанша» қазақты шаба береді.

Түстен кейін, бесін уақыты шамасында Әбілқайыр хан, Ералы сұлтан, Жәнібек тархан және Сұлтанмұхаммет сұлтан Неплюевке келді. Олар, бұрынғы келісім бойынша, жонғар елшілерін қайтару және Абылай сұлтанды босату туралы сөз қылды. Жонғар елшілерінің: «қазақ қолындағы тұтқындар босамайынша, мәселе шешілмейді», дегенін еске алды...

Әбілмәмбеттен оның хатшысы башқұрт Төкен Балташев [4] хабар әкелді: ханның Орга келгісі бар еді, жолда оны Барақ пен Батыр сұltандар үгіттеп, келтірмей қойды. Ол екеуі Әбілмәмбетке: баланды аманатқа бер де, жоңғар елшілерін еліне қайтар, депті. Әбілмәмбет ханның қазіргі мекені Ор бекінісінен алыс емес, кісі жіберіп қосымша хабар алуға болады.

30 тамызда Неплюевке Ералы, Сұltанмұхаммет, басқа да сұltандар, Жәнібек батыр мен ел ағалары келді. Олардың арасында уақ-керей және қыпшақ руларының адамдары да бар екен.

Әбілқайыр ханға майор Миллердің Қалдын Серенге баратыны айтылды. «Ол қазактардың Ресей қоластында екендігін жеткізді. Қалдын Серенге: осыданбылай қазактарға тиіспеуі керектігін, тұтқындағы Абылай сұltанды жанындағы серіктерімен босатуды Ресей патшасының атынан сұрайды».

Миллерді бастап апаратын кісілер іріктелді. Әбілқайыр ханның атынан Жәнібек тархан, басқа да басты рулардың көрнекті адамдары, әсіресе, Абылайдың інісі Сұltанмұхаммет сұltан сияқты адамдарды қосу қажет делінді. Бәрі ақылдасып, қазақ даласынан майор Миллерді қауіпсіз еткізу үшін Әбілқайыр хан өзінің ұлы Ералы сұltанды қости.

Әбілмәмбет өзі келмейді, қасындағы жоңғар елшілерін еліне қайтарады-мыс, деген хабарға байланысты, оған сол күні Сұltанмұхаммет сұltанды, ертеңіне Жәнібек тарханды аттандыру керек, деп шешілді. Бұл екеуінің міндеті - Әбілмәмбет ханның ордасындағы жоңғар елшілерін еліне қайтармай, бөгей тұрады.

31 тамыз күні таңертен Әбілмәмбет ханнан хат алып, үш ел ағасы келді. Хатта «Әбілмәмбет ханды тұтқындал қалу керек, деген Әбілқайырдың сөзін естіп, орта жолдан қайтуып кеттім», деп жазыпты.

Әбілмәмбет ханға: «Ел аузындағы қауесетке сенбенеңіз, патшаның сізге деген пейілі адал, ұлыңызды жоңғарға аманатқа берменеңіз, сейтіп патша ағзамның мүддесіне үйлеспейтін қылық жасамаңыз», деп жауап хат жазылды. Бұған қоса, қазактардың тыныштығы үшін әрі Абылай сұltанды, жанындағы серіктерімен босату үшін, майор Миллердің аттанатыны хабарланды. Қазақ арасында тұтқында жұрген жоңғар азаматтарын, мүмкін болғанша, жинап, Миллерге қосып жөнелту керектігі; жоңғар ханына Абылайдың інісі Сұltанмұхаммет сұltаның жіберілгені ең дұрыс шешім ретінде көрсетілді. Ол - ағасы Абылайды және басқа қазактарды босатып алып қайтуға жіберілген арнайы өкіл.

Неплюев осы хатында Әбілмәмбет ханды Озерный бекінісіне, кездесуге шақырды.

Сәске түс әлетінде Неплюевке келіп жолыққан жоңғар сұлтандарынан, олардың ертең майор Миллермен бірге еліне аттанып кетуге тиіс екені хабарланды...

2 қыркүйек күні Неплюевке Әбілқайыр хан мен ұлы Ералы сұлтандарынан келді. Қалдын Серенге аттанатын майор Миллердің қауіпсіздігін камтамасыз ету үшін, оны Ұлы жүзге дейін Ералы сұлтандарының сөз болды.

6 қыркүйек күні Неплюевке Әбілмәмбет ханнан хат келді. Ол генералмен жүздесе алмағанына кешірім сұрапты. Поручик князь Ураков пен тілмәш Оразлин мынаны айтты: «Әбілмәмбет хан өзінің ұлын жоңғар ханына жібермек, жоңғарға сыйлыққа жөнелтуге жылқы да жинап жатыр. Жоңғар ханы Әбілмәмбетке Түркістан қаласын және ханның ата-бабалары билеп, салық алғып тұрган басқа да қалашақтарды бермек болыпты. Әбілмәмбетті buquerque көндірген Түркістандағы беделді ел ағасы Нияз батыр [5]. Әбілмәмбет хан оны оте-мәте тындауды, ал, князь Ураков пен Оразлинді өз жанында ұстағысы келмейді. Әбілмәмбет жоңғар ханынан қаймығып, ұлымды аманатқа бермесем, шауып алады, орыстар мені корғап қала алмайды және жоңғарларға қарсы ештеңе іstemейді, деп қорқып отыр екен».

7 қыркүйек. Әбілмәмбет ханға тілмаш Оразлин, вахимистр Лихачев, бір тілмәш пен екі казак қосып, жөнелтілді.

Бұл тілмашты қайта жіберіп отырған себебім, алғашқы шақырғанда Ор бекінісіне келмеген Әбілмәмбет ханды, Барак сұлтанды, басқа да билеушілер мен ел ағаларын патша ағзамға адалдық антын беруге осы тілмәш көндіре алады деп ойлаймын. Хан мен сұлтанға қол қойдыру үшін тілмәштің қолына ант қағаздарын беріп жібердім. Тілмәш, ант қабылдан болған соң, хан мен сұлтанға табыстау үшін, күміспен күтпелген екі қылыш және екеуіне екі сауыт жібердім. Ол бұларды ұлы мәртебелі патшаның мейірімі екенін білдіріп, Ресей мүддесін қорғау туралы сәлем жеткізеді.

Тілмәшқа қатты тапсырдым. Аталған хан жоңғар билеушісіне өзінің ұлын немесе қандай да басқа аманат бермесін, аманат жіберетін болса, янатша ағзамның қаһарына ұшырайды. Осыны айтып, Оразлиннің қолына ордер ұстарттым, Лихачевті де ханмен тілдестіру керектігін тапсырдым. Хан антқа қол қоятын болса, ант мәтінін Лихачевтен беріп жібереді де, Оразлин өзі қалай болған күнде де ханның жанында қалып, сонда қыстап шығуға күш салады.

Кол қойған Неплюев. Жазған, хатшы Петр Рычков, түзеткен Иван Коптяжев. Үкімет сенатына Сорочин бекінісінен 1742 жылдың 22 қыркүйегінде жіберілді.

Ресей империясы сыртқы саясатының мұрағаты. Қазақ істері коры, 122-тізбе, 1742 жыл, 2-іс, 23-69-пар.; Казахско-руssкие отношения в XVI-XVIII веках (Сборник документов и материалов). А. 1961 г. док. № 96. С. 229-252.

[1] Ералы - Ерәлі, Ермұхамедәлі, Ералы сұлтан (т.ж.б. – 26.6.1794) – Кіші жүз ханы (1791-1794), Әбілқайыр ханының ұлы. Ералы жастайынан әкесімен бірге хан кенестеріне қатысып, әкімшілік істерге ерте араласады. 1733 ж. қаңтар айында Әбілқайыр ханының Ресей империясына жіберген елшілігін басқарған. Бұл елшіліктің құрамында ағасы Нияз сұлтан да болды. 10 акпанда Уфа арқылы Ресей астанасына жеткен елшілікті Ресей патшасы Анна Иоанқызы салтанатты түрде қабылдайды. Ералы әкесі Әбілқайыр ханының ерік-қалауын білдіре отырып, Ресей патшасынан Кіші жүз қазактарына «биік мәртебелі патша ағзамның қолдау көрсетуін» өтінеді. Ералы Әбілқайырдың аманаты ретінде Нияз сұлтанмен бірге Санкт-Петербургте қалады. Олар бірте-бірте Ресей империясының отарлау саясатының шын сырын таниды. Елге қайтуға асырып, Ералы әкесінен аманатқа басқа бір баласын жіберуді өтінеді. Әбілқайыр 1738 ж. Санкт-Петербургке үшінші ұлы Қожахметті жібереді. Ералы Нияз сұлтанмен бірге Орынборға жетіп, сол жерде біраз кідіріп, әкесіне хабарламай, жасырын жағдайда өзі басқаратын керей-уақ, тарақты руларынан қарулы құш жасактап, Сырдың арғы бетіне, Қызылкүм жағын жайлаган хиуалықтарға шабуыл жасайды. Оларды қарақалпақ қонысына дейін ығыстырады. Бұдан соң Ералыны 1740 ж. Орта жүздің түстігін алып жатқан Сырдың екі жақ өніріне хан көтереді. Ералы жездесі болса да, Абылай сұлтанды аға тұтып сыйлаған, Кіші жүз қолын бастап келіп, жонғарларға қарсы жорықтарда бірнеше мәрте Абылайға әскери қолдау көрсеткен. Ол 1787 ж. ағасы Нұралы ханыны Уфага жер аударылуына және туысы Айшуақ сұлтанды патша әкімшілігінің Орал қаласында ұстап, Кіші жүзге қайтармауына байланысты Ресей империясының саясатына қарсы наразы топтардың қозғалысына басшылық етеді. Алайда, Ералы елдің жағдайына қатысты мәселелерді дипломатиялық жолмен шешуге тырысты. Ол бастаған халық қозғалысын оңай баса алмайтындығын түсінген Орынбор ген.-губернаторы А.А.Пеутлинг 1790 ж. қайтыс болған Нұралының орнына Кіші жүз ханы етіп Ералыны сайлатуға үйіфарады. 1791 ж. 4 қыркүйекте Орск қаласы түбінде зенбіректерден салют беріліп, Ералы Кіші жүз ханы болып сайланады. Хан болып

сайланғаннан кейін де, ол өз ордасын Сыр бойындағы бұрынғы орнынан көшірген жоқ. Әдеб.: Левшин А.И., Описание киргиз-казацких или киргиз-кайсацких орд и степей, СПб., 1832; Касымбаев Ж., Государственные деятели казахских ханств (18 в.), А., 1999. Шамшатұлы И. «Қазақстан» ұлттық Энциклопедия.. А, 2001. 386 бет. Материалы по истории Казахской ССР Т.4. Л. 1940; Казахско-русские отношения в XVI-XVIII вв. Алматы, 1961; Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005. 69, 72, 80, 82, 83, 253, 258, 261, 266, 333, 340, 108, 114, 115, 120-122, 131, 134-136, 165, 168, 171, 172, 174, 175, 178, 183, 358, 384, 401, 407-беттер.

[2] Сұлтанбек сұлтан – Ресей әкімшілігінің құжаттарында Солтанмәмет сұлтан деп жазылған, сакталған құжаттарда Абылайдың немере інісі Сұлтанбет деп те аталады. Ертістің Жәміш бекінісі тұсындағы елді билеген. Ресейдің шегара бастықтарымен тікелей қарым-қатынаста болған. Мұрағат құжаттарына қарап, қазак есімдерін сол кездегі орыс хатшылары қалай хаттайтынын салыстыра зерттеу нәтижесінде, осыдан әрі Сұлтанмұхаммет сұлтан деп жазуға тоқталдық.

[3] Абылай Қалдын Сереннің жақын және атақты адамын өлтірген – Бұл дерек осы кітапқа қамтылған құжаттарда бірнеше рет кездеседі. Нақты кім екені жазба деректер бойынша анықталмады. Абылай туралы аңыз-әфсаналарда айтылатын, Қалдын Сереннің ұлы Шарыш туралы әнгіме осы оқиғаға байланысты тараған болса керек, деген жорамал бар.

[4] Төкен Балташев - (орыс жазбаларында Балтасев) Әбілмәмбеттің хатшысы қызметін біраз уақыт (1742 ж.) атқарған, башқұрт, қазақша жақсы біледі. Қазақ арасына, оның ішінде Орта жүзге Абылай сұлтанның іс-әрекетін білуге Ресей әкімшілігінің арнаіы тапсырмасымен, кәсіби тыңшы ретінде бірнеше рет келіп қайтты. 1743 ж. 22 қыркүйектегі құжатта «Балташев қазақ арасына барып, Әбілмәмбет хан мен Барак сұлтанның және ел ағаларының жонғар қалмактарымен арасындағы байланыстары жөнінде барлау жүргізіп қайтқаны» жөнінде жазылған. Сол жолы Балташев Абылай сұлтанның Жонғар тұтқынынан «сый-күрметпен» қайтуына байланысты құнды деректер әкелген. Мыс. «Жонғар ханы Абылай

сұлтанды босатпай тұрып, қазактарға өз атынан елші жіберген. Өзінде аманатта отырган Әбілмәмбет ханның ұлының орнына Барап сұлтанның ұлын жіберуді талап еткен. Бұл жөнінде қазактар Қазыбек бимен ақылдаскан, Бұдан бір ай өткен соң, Абылай, қасындағы басқа адамдармен бірге жонғар тұтқыннан босап келген», «...тұтқыннан босап келген Абылай сұлтан «Әбілқайыр ханға хат жазып, ханды Түркістанға көшіп келсін» деген Қалдын Сереннің сәлемін жеткізген» деген деректер осы Балташевтікі. Балташев Төкен Қаз дауысты Қазыбек бимен жақын танысып, бидің сеніміне кіргені құжаттардан көрінеді. Әдеб.: Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005. 120, 137, 140-143-беттер.

[5] Нияз батыр – Барқыұлы, сайдалы Нияз деп те аталады, 18-ғасырда өмір сүрген белгілі би, батыр. Тегі Орта жұз жұз аргын тайпасының қуандықтан тарайтын сайдалы-баркы атасынан. Аргын тайпасының белгілі биі болған. Орта жүздің билеушісі Сәмеке хан қайтыс болғаннан кейін хан сайланғанша, Түркістан мен оның төңірегіне билік жүргізген. Әбілмәмбетті хан көтерген иігі жақсылардың бірі. Алғыр шешен, байсалды ақылман, табанды қайраткер ретінде Ресей әкімшілігіне де айрықша пікір туғызған. 1740 ж. тамыз айында Ресей әкімшілігі атынан генерал В. Урусовпен Орынборда болған келіссөздерге Әбілмәмбет хан, Абылай сұлтандармен бірге, ханның бас уәзірі дәрежесінде Нияз батыр да қатысқан. Абылай жонғарларға тұтқынға түскенде, Әбілмәмбеттің ұлы Әбілпейізді және өзінің бір ұлын 1742 ж. қараша айында өзі апарып, аманатқа тапсырған. 1743 ж. ерте көктемде Жонғарияға аманаттар келген соң, Абылай тұтқыннан босатылды. Саяси көзқарасы жағынан Нияз батыр Жонғар хандығымен тату көршілікті жактаған. Ол, сондай-ақ, Абылайдың Бұхара, Хиуа хандарымен, қырғыздарды Қазак хандығына қарату жорықтарына қатысқан. Осы соғыстардан кейін, Абылай Ниязға Ташкент қаласының төңірегіндегі аймақты билеуге берді. Сонда билік жүргізіп, қартайған шағында Сарыарқаға, қазіргі Караганды облысының Жанаарқа ауданындағы Ортау, Ақтау өңіріне көшіп келеді. Сүйегі Түркістандағы Қожа Ахмет Иссаки кесенесінің іргесіне жерленген. Әдеб.: Шалатегі К., «Қазақстан». Ұлттық энциклопедия, А., 2007, 218-бет. Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005. 90-92, 94, 95, 124, 127-беттер.

№ 47 1742 жылғы 27 қыркүйек

**Орынбор комиссиясының бағыты
И. Неплюевтін мәлімхатыңан**

...Әбілқайыр ханға келген жоңғар елшілерімен сөйлемесіп, қазак-жоңгар мәселелерін реттеу үшін жоңғар ханына арнайы тапсырмамен сің қолайлы адам ретінде, Пенза жаяу әскер полкінің сұндар-майоры Миллерді жібердім [1]. Ол мұның алдында Ташкенте болғанда, жоңғар елшілерінің жетекшісі Қасқамен таңысып, іл табысқан болатын. Миллерге маман геодезист қосып, оған жүріп өткен жолды қағазға түсіріп отыруды тапсырдым. Алты адам капрал және 10 казак қосып бердім. Қазақ даласы арқылы олардың аман өткін Әбілқайыр хан өз мойнына алыш, ұлы Ералы сұltанға бастауып жіберді.

Ресей империясы сыртқы саясатының мұрагаты. Қазақ істері коры, 122-тізбе, 1742 жыл, 4-іс, 3-208-пар.; Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках (Сборник документов и материалов). А. 1961 г. док. № 97. С. 255-259.

[1] Миллерді жібердім... - К. Миллердің бұл сұлары турали толық мағлұмат алу үшін «Майор К. Миллердің... жазыларын», осы кітаптағы 76-құжатты оқыңыз.

№ 48 1742 жылғы 18 қараша

Неплюевтің сыртқы істер алқасына мәлімхаты

Бұрын хабарлағанымдай, Орта жүздің ханы Әбілмәбет жоңғар ханына өзінің ұлын жіберіп қойыпты. Өзіне барған тілмәш Оразлин мен вахмистр Лихачев арқылы патша ағзамға адалдық анықтын берсе де, мұнысы сырттай ғана алдарқату болды. Іс жүзінде ол жоңғар ханы Калдың Серенің қарауына кіруге анық бет бұрыпты. Сол арқылы Түркістандың және басқа да іргелес қалаларды иелігіне алмақ...

...Осылайша бүкіл қазақты жоңғар ханы өзіне қаратаип алса, жоңғарлар бізге қауіпті көрші болмак. Және де патша ағзамға бірнеше мәрте ант берген қазақтың екі жүзін Әбілмәбет хан айтты екен деп, жоңғарға бостан-босқа бере салмаймыз гой. Сондықтан, ыңғайын тауып Әбілмәбеттің ұлын қолға түсіріп алсақ (оның екі ұлы бар, біреуі жоңғарда, екіншісі үйінде), хан Ресейге шын настімен адал

болмаса да, мұлде аулақ кете алмай, жонғар жағына табына бермес еді.

Әрине, менің бұл ойым, ең ақырғы шара. Егер мемлекеттік алқа рұқсат берсе, келер жылы Әбілмәмбет хан маган жолыгуга келгенде, оны бекіністе ұстап қалар едім. Патша ағзамының жарлығын орындамай, өзін құдікті істерімен көрсеткенін, патша жарлығын мойындағанын, берілген қызметті адал орындағанын кінә ретінде мойынна қояр едім де, күнәсін жуып-шаю үшін үлкен ұлынды бізге аманатқа өткіз деп, мәжбүр етер едім. Ал, оған көнбесе, патша ағзамының боданы ретінде ұлын экелгенше, ханның өзін қамап қояр едім [1].

Ал, қазақ арасына келетін болсақ, одан қорқатыны жок, Әбілқайыр хан мен оның ұлдары бұған қуанбаса, ренжімейді. Ор бекінісінде маган келіп кеткенде, «Әбілмәмбетті ұстап қал», деп Әбілқайыр өзі айтқан.

Әбілмәмбеттің жақтастары біраз қарсылық көрсетер, бірақ оларды Әбілқайыр хан мен Жәнібек тархан арқылы тыныштандыруға болады. Тіпті бұдан сескенетін ештеңе жок. Олардың арынын басудың басқа да бірқатар амалы табылады.

Иван Неплюев. Самара,
18 қараша 1742 ж.

Ресей империясы сыртқы саясатының мұрафаты. Қазақ істері қоры, 122-тізбе, 1742 жыл, 4-іс, 223-224-пар.; Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках (Сборник документов и материалов). А. 1961 г. док. № 104. С. 268-269.

[1] ханның өзін қамап қояр едім – Абылай сұлтанның жонғар тұтқынында отырганын пайданалып және Абылайды Қалдын Серен босата коймас, деп үміттеніп, Әбілмәмбет ханды тұтқындау арқылы сез жүзінде ғана бодан болып отырган Орта жүзді бассыз қалдырмақ болған Неплюевтің жоспары осындей. Абылай түрганда Орынбор әкімшілігі мұндай зұлымдыққа бармас еді. Әкімшіліктің Әбілмәмбетті хандықтан тайдырудың басқа да амалдарын қолданып көргені келесі күжаттардан мәлім. Сондықтан, Әбілмәмбет те, Абылай да үнемі сактанып журуге мәжбүр болған.

И. Неплюевтің Сыртқы істер алқасына мәлімхатынан

Әбілмәмбет ханның жонғар ханы Қалдың Серенге бодан болу ииетіне және оған өзінің ұлын аманатқа бергісі келетініне байланысты хабарларды анықтауға тілмәш Оразлинді жанына вахмистр Лихачевті қосып Әбілмәмбет ханға жіберген едім. Оларға Әбілмәмбет ханнан және Орта жүздегі беделі күшті Барак сұлтаннан, басқа да ел ағаларынан патша ағзамға адалдық антын алып келуді тапсырған болатынын. Әлбетте, осынау бас асау әрі сенімсіз халықты бір ғана антпен ұстап тұру мүмкін [1] емес екендігін де білемін. Соңда да олардың патша ағзамға адалдық парызын тағы бір бекітіл алуды ойладым.

Осы қараша айының 13-күні тілмәш пен вахмистр сапардан оралыш, мына жағдайларды хабарлады:

Олар Әбілмәмбет ханға барып, жонғар ханына өзінің ұлын аманатқа бермеу туралы айтқан, егер оларды тыңдамай, бере қалса, патша ағзамның мұддесіне нұқсан келеді және оның кәріне ұшырайды деп түсіндірілті. Хан сырттай патша ағзамға адалдығын білдіріп отырады. Ол да, Барак сұлтан да, ел ағаларымен барлығы 62 қазақ және 4 қарақалпақ патша ағзамға бұрын ант берген болатын.

Алайда, Әбілмәмбет хан біздің тілмәш пен вахмистр нығарлап айтып түсіндіргеніне қарамастан, өзіне бұрын келіп кеткен жонғар елшілерімен, сондай-ак, әсіресе Нияз батыр, Дәүлетбай [2], Шаһмұрат сияқты қазақтың белгілі ел ағаларымен жасасқан құпия келісім бойынша, өзінің кіші ұлы Әбілпейізді [3] Нияз батырға ертіп, жонғар ханына жіберген көрінеді. Бұл Нияз батыр да, 1740 жылы Орынборға келіп, ханмен бірге ант берген болатын. Нияз батыр Әбілмәмбет ханды жақтайды.

Хан Оразлин мен Лихачевке: «Жонғарға баласын амалсыз жібергенін, жібермесе, жонғарлар соғыс ашамын деп коркытып отырғанын айтқан. Және де Әбілмәмбет хан өзінің ұлын жонғарға аманатқа емес, тұтқындағы інісі Абылайды көріп, оны босатып әкелуге, қазактар мен жонғарлар арасында тыныштық орнатуға, қоныс-жайылым мәсселелерін шешуғе жібердім», депті.

Алайда, басқа қазақтар арқылы біздің кісілер Әбілмәмбеттің өз ұлын жонғарларға жіберу себебі, олардан Түркістан қаласын сұрамақ (жонғар ханы сондай уағда беріпті де) екен. Түркістанды алғаннан кейін, Әбілмәмбет өзі сонда тұрмак, қырдағы қазакты билеуге өз

орнына өз жиендерінің бірі, Тәуке сұлтанның баласы Сәмеке ханның ұлын қоймақ көрінеді.

Ханның өзі де Оразлин мен Лихачевке әңгіме арасында айтып отырыпты: «Ресейден ешқандай пайда, қорғаныш көріп отырғанымыз жок. Ал, Қалдын Серен бұрынғы жерлерімізді - Түркістан қаласын, оған тағы 32 қаланы қосып өзімізге қайтарамын [4], деп отыр. Егер ұлымды жібермесем, жонғарлар бізді құртады. Ал, Ресейден көмек жоқ», дейді екен.

Ал, кейінде ғана ант берген Барак сұлтанға келетін болсақ, ол, Оразлин мен Лихачевтің айтуы бойынша, патшаға шын берілгенін жан-тәнімен көрсетуге бейім-ақ, патша атынан айтылған нұсқауды орындауға дайын. Бірақ, Әбілқайыр хан сияқты патша ағзамның мейірімінен тыс қалмауды сұраган.

Соның кепілі ретінде Барак сұлтан орта қарақалпақтың ханы Шайбаққа хат жазып, өзінің барлық ел ағалары, белгілі адамдарымен бізден баратын поручик Гладышев арқылы патша ағзамға ант беруді тапсырды: «Келесі көктемде Ор бекінісіне керуенмен келемін, 40 мың шаңырақ халқыммен патша ағзамның қарауына кіремін, сол үшін патша сарайына кісі жіберемін», деп отырған көрінеді. Алайда, тілмәш Оразлиннің айтуынша бүкіл Орта жүзде сонша ғана ел бар шығар, ал, Барак сұлтанның билігіндегі Найман руының халқы (Қараасакал сонда) он мың шаңырақтан аспайды.

Оразлин мен Лихачевтің байқауынша, Барак сұлтан, сөйте отыра, Әбілмәмбет ханның барлық іс-әрекетін жақтайды. Сырт әңгімелерге қараганда. Барак сұлтан жонғар ханына өз балаларын аманатқа беріп тұрмак. Демек, Барак сұлтан да жонғар жағына іш тартып отыр, деген сөз.

Осының бәрін салмақтай келе, мынаны ойлаймын: «Әбілмәмбет ханның бұл қылыштары оның Ресейге сырттай ғана адал болып көрінгісі келетінін байқатады. Оның айтқандары, өзінің ант бұзғандығын жасыру ниетінен туған, жай сөз ғана болуы мүмкін деп санаймын. Өйткені, жонғар жағы майор Миллер арқылы жіберген мениң хатыма қарап, Ресейді сыйлас, Әбілмәмбет ханның ұлын аманатқа қабылдамай қойса, оның өтірігі ашылып қаладығой. Бұл дегенініз - патшаның көріне ұшырау, патшаның қамқорлығы мен корғауынан айырылу деген сөз».

Майор Миллердің бұл сапары жөнінде қазақ арасында әртүрлі пікір тараған көрінеді. Біреулері: «майор шын мәнінде қазақтардың мұддесін қорғауға кетті» десе; енді біреулері: «Ресей мен жонғарлар

жыртын келісіп, қазактарды екі жақтан қыспаққа алмак екен», дейді. Өрине, майор Миллер жонғар ханына менің нұсқауымды жеткізеді, қазактардың, оның ішінде Әбілмәмбет хан мен Барак сұлтанның орыстарға жақындаған тағы да ант бергенін, жонғар жағы Ресеймен ғалу тұруы үшін Әбілмәмбет ханның ұлын қабылдамай, экесіне қайтарып жіберуі керектігін айтады. «Қазақтар ант бұзып, жонғарларға өз бетімен жағынып отыр, олай ететін жөні жок» деп, ант бұған адамдарға құрмет көрсетуге болмайтынын да жеткізеді.

Жонғар ханы Әбілмәмбеттің және оның ұлын алып кеткен Нияз батырдың бұл қылыштарын бетіне басуға тиіс.

Кажет болса, жонғар ханына қазактардың Ресей патшасына берген антиның көшірмесін жіберіп, көзіне көрсету туралы Сібір губернаторына да тапсырдым.

Әлбетте, мұндай маңызды құжатты қазақ даласы арқылы жіберуге болмайтынын да ескерттім.

Сондай-ақ губернаторға да, Миллерге де тапсырдым: Әбілмәмбет хан мен Барак сұлтанның маған жазған хаттарын, Әбілмәмбеттің, Барак сұлтанның, ел агаларының олардың ішінде Нияз батыр да бар, хаттамаларын, Барак сұлтанның патшага жолдаған хатын осы мәлімхатқа қосып, сіздерге жіберіп отырмын.

Майор Миллерге тапсырдым: «Егер жонғар ханы біздің айғандарымызды тыңдамай, Әбілмәмбет хан арқылы Орта жүзді озіне иемденіп алатын болса, ешқандай сөзбен, іспен араспай, бақылап қана отыр», дедім. Өйткені мұндай жағдай күтілмеген. Сыртқы істер алқасынан маған ешқандай нұсқау келген жоқ, демек, не істеу керек екендігін мен де білмеймін.

Сондықтан, егер жонғар ханы Миллердің айтқанына көнбей, Әбілмәмбетке «Түркістан мен оның айналасындағы жерлерді беремін» [5] деп уағда етсе, немесе іс жүзінде беріп отырса, қазактарға корған боламын десе, қазақ даласын меншіктеніп алса, біз не істеуіміз керек? осы жөнінде нақты нұсқау берініздер...

Ал, енді менің пікірлерім мен ұсыныстарым мынадай және осына шиеленіскең жағдайда, басқа амалдарды көре алмай отырмын:

Сонымен, Әбілмәмбет хан жоғарыдағы себептермен біздің қарауымыздан ашықтан-ашық мүлде сыйтылып шығып кететін болса, ханды және оны екі жүзде де қолдаушыларды сатқын деп әйгілеу керек; Әбілмәмбетті хандықтан тайдырып, лауазымынан айыру керек. Бұлай етуге әбден болады. Өйткені, кезінде Әбілқайыр хан да Әбілмәмбетті хан ретінде мойындағысы келмей, бізге жолдаған

хаттарында «сұлтан» деп қана жазатыны есіме түсіп отыр. Тек, бұрынғы патша ағзамның кезінде Әбілмәмбетке хан атағын беріп, грамота келгеннен кейін ғана, Әбілқайыр оны хан ретінде еріксіз мойындауга мәжбүр болған. Бәлкім, осы кезде Әбілмәмбеттің орнына Орта жүздің ханы етіп, Ресейге кейінде ант берген Барак сұлтанды жариялад [6] жіберуге де болады. Өйткені, тілмәш Оразлин мен вахимистр Лихачевтің айтып келгеніне қарағанда, бүкіл Орта жүзде Барак сұлтаннынан күшті ері алымды ешкім жоқ сияқты.

Ал, Барак сұлтан да Әбілмәмбетті қолдап, Ресей бодандығынан бас тартатын болса, Батыр сұлтанды хан жасауға болады. Ол да белгілі және ақылды адам деп саналатын көрінеді.

Тіпті, Батыр сұлтан да Әбілмәмбетке еріп, Ресейге қырын қарайтын болса, онда Әбілқайырдың ұлдарының бірін [7] Орта жүзге хандыққа қоюға болады. Орта жүзде де Әбілқайыр ханды және Жәнібек тарханды қолдайтын, көпке белгілі, ықпалды адамдар аз емес. Ондай адамдар Әбілқайыр мен Жәнібекке еріп, маған келіп те қайтқан.

Сондай-ақ, бәрінің арасын тыныштандырып, екі жақты тең ұстап отыру үшін Жәнібек тарханның беделін пайдаланып отырган жен. Мен, Ордада болған кезде Жәнібекті әдейі тархан етіп қойған болатынын. Ол ықпалы мен беделі жағынан халық арасында хандар мен сұлтандардан кем саналмайды. Өзі тархан атағын менен жалынып сұрап алған болатын.

Хан немесе сұлтан тұқымынан болмаса да, Жәнібек өте ақылды, өзін басқа ел ағаларынан артық санайды. Сондықтан, осындай құрделі жағдайда оның ықпалын пайдаланып, қазақ арасындағы алауызыдышты өздерінің күшімен басып отыруға мүмкін болар еді. Демек, кажет болған жағдайда, өзімізге адал-ау деген жақты қолдап, көмек беріп отыруға да қолайлы.

Ал енді, жонғар ханы Әбілмәмбет ханның аманат ретінде барған ұлын, тек қазақтарды тыныштандыру, оларды шегара дағы шапқыншылықтан тежеу үшін ғана, сырт козге айбар ретінде ғана қабылдайтын болса; майор Миллер оның басқадай теріс пигылын байқамаса және ондай мәлімет ала алмаса; сондай-ақ, Әбілмәмбет хан және оның жақтастары тарапынан ешқандай теріс пигыл сезілмесе; мәселені шиеленістірмей-ақ, Әбілқайыр ханнның жорасымен, Әбілмәмбет бізге екінші ұлын аманатқа беріп қоятында жол талсақта, әбден дүрүс болар еді, деп ойлаймын.

Аманатқа баласын алу дегеніміз, сол арқылы тек хандарды ғана емес, сұлтандарын да, бүкіл халқын да ауыздықтал, былқ еткізбей ұстап отырудың ен дұрыс жолы болып табылады. Әбілқайыр ханның ұлын аманатқа ұстап отырғанымызда, осыған көзіміз әбден жетті. Сонда Әбілқайырды ауыздықтағандай, Әбілмәмбет ханды да, қылп еткізбей, айтқанымызды істетіп отырар едік, мынадай қын жағдайға қалmas едік.

Жоғарыда аталған шараларды мен Сыртқы істер мемлекеттік алқасына сақтық үшін, алдағы уақытта керек болар, деп хабарлап отырмын. Ал, нақты жағдай қалай шешіледі, немен аяқталады, оны майор Миллер жүргізген шаралардың нәтижесі анық көрсетеді. Біз содан сабак ала отырып, тиісті шараларды содан кейін тағы да ойластыруға тиіспіз. Оның бәрін, әрине, уақыт көрсетеді.

Мемлекеттік алқадан менің осы мәлімхатымда қозғалған мәселелерді мұқият қарап, маған тиісті нұсқау беруін сұраймын [7]. Сонда уақыт өткізіп алмай, мен де тиісті жағдайға карай қандай қам жасау керектігін алдын-ала дайындалып отырар едім. Әлбетте, мұндайда уақыт өткізіп алмаған дұрыс кой.

Иван Неплюев, хатшы Петр Рычков.

Ресей империясы сыртқы саясатының мұрагаты. Казак істері коры, 122-тізбе, 1742 жыл, 4-іс, 3-208-пар.; Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках (Сборник документов и материалов). А. 1961 г. док. № 105. С. 269-273.

[1] антпен ұстап тұру мүмкін емес – Ресей әкімшілігі Орта жүздің билеушілерінен әуелде-ақ аманат алмағанына өкінеді. Шынында, Құлсары батыр ғана ұлы Құлыбекті аманатқа өткізген болатын. Алайда бұл жолы Әбілмәмбет ханнан екінші қайтара ант алудың жөні келген жоқ және Ресей императрицасының өзі И.И. Неплюевтің бұл қадамын қолдаған жоқ.

[2] **Дәүлетбай** батыр, Қабанбай батырдың інісі - Әбілмәмбет ханның жақын серіктерінің бірі, Абылайдың Қытайға жіберген бірнеше елшілігін бастаған, сауда байланыстары жөнінде келіссөздер жүргізген білікті мәмлекер. Дәүлетбай батырдың жеке басының биік адамгершілік қасиеттеріне Қытай императоры да тәнті болып, оны бірнеше мәрте өздерінің мемлекеттік марапатына лайық көрген. Император Цяньлунь жарлығымен 1765 ж. 25 ақпандың Дәүлетбай батырға «Төртінші дәрежелі ұлықтық жыға, тауыс айдарлы бөрік» берілген. Қытай мұрағаттарында сақталған құжаттарда Дәүлетбай

батыр есімі Абылай, Әбілпейіз, Ханбаба сұлтандардың, Қабанбай, Қожаберген батырлардың қатарында, ерекше бедел иесі ретінде жиі аталады. Әдеб.: Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005. 124, 244, 255, 372-беттер.

[3] Әбілпейіз - (т.ж.б. - 1783) сұлтан, Әбілмәмбет ханның үлкен ұлы. Шығыс Қазакстандағы найман тайпасына билік жүргізген. Барап сұлтанның жесіріне үйленіп, одан қалған Ханбаба сұлтанды өзіне мұрагер етті. Қытаймен дипломатиялық байланыстар орнатып, қазақ-қытай, қазақ-орыс қатынастарының дамуына зор үлес қосты. Әкесі Әбілмәмбет хан қайтыс болғанда, тікелей тақ мұрагері ретінде хан сайлану жөніндегі ұсынысты кабылдамай, Абылай сұлтанға жол берді. Абылай ханның сенімді серігі ретінде хандықтың өз ішінде татулық, бірлік болуына себепші болды. Ұлы жұз қазактарын көрші қырғыздармен татуластыруға, жайлау-қыстау мәселелеріндегі даушарларды асқындырмай шешіп отырды. Хандыққа бірікпеген қырғыздарды Абылайдың қарауына енуге шақырды, тіпті қарулы күшпен қаратуға әрекет жасады. Жонғар шапқыншылығына қарсы құреске белсене қатысты. Абылай хан өмірінің соңғы жылдарында Ресей әкімшілігі Абылайды хандықтан зансыз тайдырмаш болып, әртүрлі амалмен Әбілпейіз сұлтанды көтермелеп, ханға қарсы қоймақ болды, Орта жүздің ханы ретінде бекітеміз, деп ұсыныс жасады. Әбілпейіз сұлтан бұл ұсынысты қабылдамады. Абылай ханның қаза болуына байланысты, оның орнына тандалғандардың бірі болса да, Үәли сұлтанның хан болуын жақтады. Әдеб.: Е. Үәлиханов. «Қазақстан». Ұлттық энциклопедия. Алматы. 1998. 624-бет; Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005. 124, 227, 229, 240, 242, 256, 272, 287, 291-295, 301, 315, 317, 335, 352, 368, 371, 378, 379, 386, 394, 404-406, 447, 454-беттер.

[4] «Түркістан мен оның айналасындағы жерлерді беремін» – жонғар ханы Қалдың Серен Абылай сұлтанды тұтқыннан босатыш, құрметтеп қайтарғанда, бұдан былай, Қазақ хандығымен тату көрші болуға ниеттенген. Ресей мен Қытай катарлы екі империя қазактар мен жонғарларды тубінде құртпай қоймайтынына көзі жеткен Қалдың Серен өмірінің соңына дейін осы пигылда болғанын көреміз. Қазақ-жонғар қатынастары Қалдың Серен өлгеннен кейін бірнеше жылдан соң, қайта шиеленіsti.

[5] Барап сұлтанды жариялад - Әбілмәмбетті тақтан тайдырыш, орнына Барап сұлтанды жариялад жіберу ниеті болғанын көрсетеді.

[6] Эбілқайырдың ұлдарының бірін – бұл да Әбілмәмбеттің орына Ералы сұltанды, кейін 1760 жылы Абылай сұltанды қойғысы көпенінің мысалы. Ресей билік орындарының ойға алған жоспарлары жүзеге аспады. Құқықтық тұрғыда тауелсіз, көрші мемлекеттің ішкі ісіне Абылай тірі тұрғанда араласа алмаған Орынбор мен Сібір генера шарының шарасыз жағдайы күжаттардан айқын көрінеді.

[7] ...тиісті нұсқаулар беруін сұраймын.- И. И. Неплюевтің бұл хатына жауап ретінде берілген нұсқауда «Орынборға таяу маңнан бір, шілті, бірнеше бекініс салуға қолайлы орындар іздестіру жөнінде тапсырма берілді. Осылайша бұл хандарды бодандық шартын өтілжытпай, патша ағзамға қалтқысыз берілгендік рухында ұстау, қазак хандарының өз елдері ішіндегі беделін күшейту көзделді. Алда жалда жонғар әскері Кіші жұз бен Орта жұзге шабуыл жасайтындей болса, қазақтарды жаудан қорғау жөнінде жергілікті орыс билігі тарапынан пәрменді шаралар алу тапсырылды. (Ресей империясы сыртқы саясатының мұрагаты. Жонғар істері қоры 122-қор, 1742 жыл, 4-іс 203-208-пар.). Осы нұсқау қолына тиісімен, Неплюев Жайық және Орынбор шебі әскерлерінің қолбасыларына: «Ойраттар шабуыл бастай қалса, қазак ауылдарын орыс бекіністерін қанатының астына алып, қорғау, ал билеушілерін бекіністе паналату туралы бұйрық берілді. «Қажет жағдайда, салтағы әскерден, салтағы болып есептелмейтін жауынгерлерден тиісінше адам бөлу, бірнеше зеңбірек беру арқылы қазақтарда қорғау» тапсырылды. Қазақтарға Жайықтың оң жағасына өтүге рұқсат етілді. (Ресей империясы сыртқы саясатының мұрагаты. Киргиз-кайсацкие дела, 122/1-тізбе, 1742 жыл, 2-іс, 7-8-пар.); Осылайша жонғарға қарап кетеді-ау, деп қауіптенген Ресей үкіметінің Кіші жұз бен Орта жұз жөніндегі саясаты бірте-бірте озгере бастады. Әдеб.: Моисеев В. А Джунгарское ханство и казахи. ХҮП-ХҮШ вв. Алма-Ата, 1991. С. 145,146.

50 1742 жылғы 12 желтоқсан

Ресей императрицасы Елизаветаның сыртқы істер алқасына жолдаған жарлығы

1742 жылғы 27 қыркүйектегі мәлімхатында И. Неплюев Үкімет сенатына мына жағдайларды хабарлады:

Кіші жүздің Әбілқайыр ханы мен екі жүздің белгілі ел агалары, оған келген қарақалпақ елшілері жонғар елшілерінің көзінше патша ағзамға адалдық туралы ант берді.

Он мың шанырак, тәменгі қарақалпактарға поручик Гладышев арнайы жіберілді. Орта жүздің Әбілмәмбет ханы мен Әбілқайырдың арасында салқындық бар [1]. Оның себебі: Әбілмәмбет жонғар ханына іш тартады, өзінің ұлын жонғар ханына аманатқа бермек. Әбілмәмбет Неплюевке келіп жолығамын деп уәде берген екен, Әбілқайыр хан жалған сез таратып, «Ресей жағы Әбілмәмбетті Ор бекінісіне қамайды екен» дегенді естіп, Әбілмәмбет Орга жетпей, орта жолдан қайтып кетіпті, өзіне елшілікке келген жонғар адамдарын бірге ала кетіпті. Артынан Неплюевтің хатын апарғандарға хатпен жауап беріп, неге қайтып кеткенін баяндапты. «Әбілқайыр ханның сезіне бола қайтып кеттім, патша ағзамға бұрынғысынша адалмын», депті. Мұның бәрін Әбілмәмбет ханға барып келген князь Ураков пен тілмәш Оразлин растап отыр.

Сонда да Әбілмәмбетті теріс пиғылдан тежеп, оның жонғар ханына деген бетін қайтып, баласын жонғарға аманатқа беруден тоқтатып, патша ағзамға адалдыққа ант беру үшін шақырып келуге Неплюев тілмәш Оразлинді арнайы қайта жіберіпті: оған қоса патша ағзамның ракымы бойынша сыйлық ретінде Әбілмәмбетке қыпыш пен сауыт жіберіпті...

...Жонғар елшілерін қайтарып, олармен бірге бір дұрыс адам жіберуді ойластырып, бұл іске Пенза гарнizonының секунд-майоры Миллерді таңдадық. Ол сонын алдында Ташкентке барып, жонғардың бас елшісі Қасқамен танысып, дос болған. Оларды қазак даласы арқылы аман өткізуді Әбілқайыр хан мойнына алып, ұлы Ералы сұлтанды қосып берді. Миллерге жауапты тапсырма әбден түсіндірілді:

(Тайный советник қазақтардың жағдайы туралы мынаны хабарлаган болатын).

...Бір жағынан парсы шахы Бұхараны, Хиуаны төңірегімен қосып жауап алды. Естүімізше, онымен токтамаган, қазақтардың іргесіне жақындал келеді. Екінші жағынан, жонғар ханы да күшейіп, бүкіл Кіші Бұхарияны, Ташкентті, Туркістанды, қазақ еліндегі басқа да қалаларды басып алды, қазақтың Ұлы жүзін өзіне қаратып, аманат алып отыр. Қарауындағы қазақтармен іргелес екендігі былай тұрсын, жонғарлар қазақтарды үнемі шауып, тонап, үлкен залал келтіруде.

Міне, осы жағдайда қазақтың Кіші жүзі мен Орта жүзін, жанадан қараған тәменгі қарақалпактарды патша ағзамның қарауында берік ұстап тұру үшін, Орынборды, шекара бойындағы бүкіл бекіністерді жоғарғы Жайық айлагына дейін, одан әрі Тобылға дейін бүкіл ел-жүрт, мекендерді бекіту қажет.

...Сондыктан, тайный советник барлық жағдайды жасап, Қалдын Серенді қазактарға тигізбеуі керек, олардың арасында ұрыс-жанжалға жол берілмесін, мұның бәрі - Ресей шекарасының қауіпсіздігін қамтамасыз етудің шарасы.

Ресей империясы сыртқы саясатының мұрафаты. Қазак істері қоры, 122-тізбе, 1742 жыл, 2-іс, 21-пар.; Казахско-руссские отношения в XVI-XVIII веках (Сборник документов и материалов). А. 1961 г. док. № 106. С. 273-275.

[1] ...арасында салқындық бар – Ресей әкімшілігінің Әбілқайыр хан мен Әбілмәмбет ханның арасына сына қағып, ақыры, шын мәнінде, екеуі біріне-бірі сенбей өмірден отті. Үкіметтің Әбілмәмбетті тірі күнінде шеттетіп, Әбілқайыр ханның екінші ұлы Ералы сұлтанды хандыққа бекіту жоспары да осы сенімсіздікті асқындыра түсу ниетінен туғаны көрінеді. Атап өтерлік бір мәселе, орыс тарихшылары ақиқатты білмегендіктен, қағазға түсіріп, кейбір қазак тарихшылары орынсыз қайталап келе жатқан: «Екі ханның арасындағы араздық, Әбілқайыр ханның баққұмарлығынан, ол Орта жүзді де өзіне қаратып, билік шеңберін кеңектүге ұмтылды», деген пайым мүлде қате. Әбілқайыр пенде ретінде солай ойлады, деген күннің өзінде, қазақтың екі жүзін бір қолда ұстауға Ресейдің жол бермесі мәлім болатын. Кезінде кеңестік «Қазақ ССР тарихында» да: Әбілқайырдың Ресей бодандығын қабылдау ниетінің мансапқорлықтан, бүкіл Қазақ хандығына аға хан болмаққа ұмтылғандықтан, деп жазылғаны белгілі. Сақталған жазба құжаттар мұндай тұжырымдарды жоққа шығарады.

№ 51 1742 жылғы 3 қыркүйек – 1743 жылғы 2 мамыр

**Майор К. Миллердің жонғар ханы
Қалдын Серенге барып қайтқандағы жазбаларынан***

1. Қыркүйектің 3-жүлдізында түнге қарай сағат ондар шамасында Ор бекінісінен шығып, Ор өзенінен өтіп, Әбілқайыр мен оның ұлы Ералы сұлтан және қалмақ елшісі Қасқа серіктерімен күтіп тұрган жерге бардым. Сол жерге тайный советник және кавалер Неплюев те ханмен қоштасуға келді.

Неплюев аттанып кеткеннен кейін, мен Әбілқайыр ханға қоштасуға бардым. Ол Қалдын Серенге хат жазып, елші Қасқаның

қолына бермек болды. Мен оған: «Қалдын Серенге Сіздің тарапыңыздан хат жазу қажет бола қоймас, патшаның жарлығы бойынша бара жатырмын ғой және тайный советник, кавалер жазған хатты аларамын. Сол хат арқылы сіздің патша ағзамға қарайтыныңызды Қалдын Серен өзі де біледі», дедім.

Мұны естіген Әбілқайыр хан өзі дайындаған хатты жыртып таставды да, ез атынан Қалдын Серенге дүғай сәлем айтуды тапсырды. Мен солай етемін, деп, уағда бердім. Ханмен қоштасып, Ералы сұltан мен қалмақ елшісіне еріп, Ор өзенінен 20 шақырым жердегі Мендібай өзеніне қарай жүрдік.

Қыркүйектін 4 жүлдізында Мендібай өзенінен таңғы сағат алты жарымда да көтеріліп, 20 шақырым жердегі Ор өзеніне жетіп тоқтадық. Менін астымдағы түйем болдырып қалғандай көрінген соң, көлік айырбастауга Ор бекінісіне казак жібердім.

Бесінші қыркүйекте түйе әкелуге кеткен казак Ор бекінісінен қайтып оралды, түнгі он бір жарымда да Қарасу өзеніне келдім. 5 сағат 40 минут жүріп отырып, 30 шақырым өткен соң конатын болдық.

Алтысы күні таңғы жетіде Қарасудан аттанып, тұс әлетінде Ұлы жүздің Өтеміс [1] батырының ауылына келдік, отыз шақырымдай жүріп етіппіз. Өтеміс және басқалары Қалдын Серенге не шаруамен бара жатқанымды сұрады.

«Патша жарлығымен, Орынбордан генерал және кавалер Неплюевтің атынан қалмақ ханы Қалдын Серенге барамын. Қалмақ ханы патша ағзамға қарайтын қазактарға бұдан былай қысым жасамасын, талап-тонамасын, тыштық берсін, әскерін жаугершіліктен тыйып ұстасын», деп сәлем апара жатырмын, дедім.

Бұл сөздеріме разы болған Өтеміс: «Патшаныңденіне саулық, ұзақ өмір тілеймін, бізге жаны ашығанына рахмет...» дегенді білдірді. «Әлбетте, мәртебелі патшамыз өз қарауындағыларды әрқашан корғайды, ешқандай жауга бермейді», дедім.

Қыркүйектің жетінші жүлдізында, Өтеміс батырдың ауылына прaporщик Пазухинді жабдығымен қалдырып, аттандым да, Орта жұз Бекей батыр елі уақ-керей руындағы Сары батырдың [2] ауылына жеттік. Мұндагы ел ағаларына да патша ағзамның жарлығы бойынша қазак халқының мұддесімен қалмақтың ханы Қалдын Серенге, қалмақтар бұдан былай қазактарды талап-тонамасын дегенді жеткізуге бара жатқанымды айттым. Олар разылық білдіріп, патшамызға батасын беріп жатыр.

Қыркүйектің 8 жүлдізында Сары батырдан шығып, Орта жұз наиман Бекей (Бұқай) батырға бет алдым. Мұнда барлық ел ағалары, қалмақ елшісі Базар, бас қосып ақылдастып, әрі қарай бәріміз бірге жүрмек болатынбыз. Бірақ, Бекей батырдың айтуынша, қалмақ елшісі Базар бізден бұрын келіп, Жарылғап батырға [3] жүріп кетілті. Бекейдің естуінше, Әбілмәмбет хан мен Барақ сұltтан Қалдын Серенге аманатқа ұлдарын өткізбек, бұл хабардың анық-қанығын білмейді. Мен оларға патша ағзамның жарлығымен Қалдын Серенге бара жатқанымды, генерал Неплюевтің атынан қазақтың мұдесін жақтап, қалмақтар бұдан былай қазактарға тиіспесін, әскерін тыбып ұстасын деген шаруамен бара жатқанымды білдірдім.

«Егер олар Қалдын Серенге ұлдарын өткізетін болса, патшамыздың саясатына қайшы келеді. Әбілмәмбет ақ патшага алалдыққа серт берген, Барақ сұltтан да хат жазып, патшамыздың қарауына өтуге ниет білдірген», дедім. Бекей батыр: «Егер Қалдын Серенге жас сұltандарды апарып бермесек, Қалдын Серен соғыс алып, бізді шауып алады ғой», деді.

Мен оларға: «Сендер қорқатын ештеңе жоқ. Мен Қалдын Серенге жетсем, Орта жұз бен Кіші жүздің Ресей қарамағында екені мәлім болады. Тіпті қалмақ ханы әскер жіберген күннің өзінде, Ресей патшасы қазақтарды қорғайды, сендерді шапқыншылыққа бермейді», дедім. Олар разылық білдірді. Бекей батыр ертең ел ағаларын жинап, ақыл қосатынын айтты. Сейтті де, прaporщик Пазухинді шақыруға кісі жіберді.

11 қыркүйек күні қалмақ елшісі Қасқа да келді.

Қыркүйектің 9-10-11 күндері бірқатар ел ағалары бас қосты, арасында наиманның белгілі ел ағасы Қара би бар. Мен оларға сапарымның мәнісін айттым: «Қалдын Серенге аманат беруші болмандар, Әбілқайырға қарандар, ол жонғарға аманат берген жоқ, патша ағзам сендерді сөзсіз қорғайды, жауға бермейді», дедім. Бірақ, айтқаным оларды кәміл сендіре алмадым ғой, деймін. Қазақтар Қалдын Сереннен қорқулы екенін байқадым. «Біз аманатқа сұltандарды жібермесек, қалмақтар шабуыл жасайды», дей берді. Ералы сұltтан да мені қолдап, айтудай-ақ айттып көрді, алайда, қазақтардың накты қандай ойы бар екеніне көзім жете қоймады.

Мен ез тарапымнан, қалмақ елшісі Қасқа өз атынан кісі аттандырып, көрші ауылда жатқан қалмақтың тағы бір елшісі Базарға: «Меніц патша ағзамның жарлығымен бара жатқанымды жеткізіп, бізге қосылып бірге сапарлас болайық», деп сәлем жолдадық.

Базардан мынадай жауап алдық: «Мен Орта жүздің Әбілмәмбет ханы мен Барак сұлтанына жіберілген елшімін, олар әлі анық жауабын берген жоқ, алты күнге мұрсат сұраған. Сондықтан, өз шаруамды бітірмей Қашқамен бірге жүре алмаймын, менің шаруам да, жолым да сендерден бөлек», деп жазып жіберіпті.

Қыркүйектің 13 жүлдізы. Ералы сұлтан, Бекей батыр, тағы басқа ел ағалары маган келіп: «Мұнда текке жата бергеніміздің жөні бола қоймас. Барак сұлтан мен Әбілмәмбет ханның мұнда келмейтінін көріп отырысындар. Басқа ел ағалары Жарылғаш батырға жиналып, сол жерде кеңес құрмак. Ал, сен қалмақ елшісі Қасқаға еріп, алға жылжи беріндөр», дегенді айтты.

Мен ез тарапымнан Ералы сұлтанға: «Әбілмәмбет хан мен Барак сұлтанға өзің барып тілдес, балаларын аманатқа жібере ме, жоқ па? Сонан соң маган хабарын бер», деп қасына Орынбор казагы Смайл молланы тың тыңдал келуге қосып жібердім. Ералы сұлтан Баракпен сөйлесіп, маган хабарын жеткізетін болып келісті.

Сол 13-і күні қалмак елшісі Қасқамен бірге аттанып, Орта жүз уақ-кереи руындағы Алтайбай ауылына жеттім.

Алтайбай бізге еріп, Ералы сұлтанның елшісі ретінде Қалдын Серенге бармақ болды, бірақ Ералы сұлтанға хат жаздырып алмағанын айтты. Мен оған: «Ералы сұлтаннан хат апарудың қажеті жоқ екенін, Қалдын Серенге генерал Неплюевтің атынан хат апаратынымды, сонда бәрі жазылғанын айттым. Егер бізге бастауыш ретінде еріп барғысы келсе, еркі білсін», дедім. Ол біздің соңымыздан еретін болды.

Қыркүйектің 14-жүлдізында Ұлы жүз үйсін Бектемір байдың ауылына келіп қондық, онда бәлендей бір манызды әнгіме бола қойған жоқ.

15-күні үйсін Келдібай мырзаның ауылына келіп еру болдық.

16 қыркүйекте үйсін Наурыз батырдың ауылына келдік. *Наурыз* [4] батыр менің қайда баратьынымды, кім жібергенін сұрады. «Патша ағзамның жарлығымен генерал Неплюевтің атынан қазактардың мұддесіне байланысты шаруамен барамын. Қалмақтар қазактарға соғыс ашпасын, Әбілқайыр хан мен Орта жүз Ресей патшалығына қарайды дегенді жеткізбекпін», дедім. Наурыз батыр: «Хатты әкел, танысамын», деді: «Хат ашылмайды, мөрленіп бекітілген. Менің ауызша айтканыма сеніңіз, Ресейге қарайтын қазактарды қорғау үшін барамын», дедім. Наурыз батыр: «Сенің айтканыңа қалай ғана сенуте болады. Хатта басқаша жазылуы мүмкін», деді. Мен оған:

«Айтқаныма сене берініз. Қазақтарға пайдалы іс болмаса, бұл ауылдарды басып жүремін бе», дегенді айттым.

12. 17-і күні көшімізді қалдырып, Қасқа екеуміз бізді дәмге шақырған Жарылғап батырдың ауылына салт келдік. Көптеген ел ағалары жиналған еken. Мен оларға өз сапарымның мәнісін әдеттегідей түсіндіріп, жеткіздім. Менің айтқаныма сенгендер де, сенбегендер де болды. Тіпті кейбіреулер мені тонап алу керек, дегенді де айтысты. Наурыз батырдан аттанып барып, Мәмбетбай ауылына келіп қондық.

13. 18-і күні маған Ұлы жұз үйсіннен Хонгор деген қазақ келіп жолықты, өзі қалмакша да біледі еken. Тілмеш арқылы сөйлесіп, «үйсіндер Қалдың Серенге қарай ма?» дедім. Ол: «Бұрын соған қараганымыз рас, үш жыл бұрын одан кеттік, алым-салық төлегіміз келмеді, қазір Орта жүздің төңірегін жайлаймыз», деді. Мен: «Егер Ресей патшасына қарайтын ниеттеріңіз болса, басқа қазақтар сиякты, патша ағзам сендерді де қолтығының астына алар еді», дедім. Ол: «Біздің халқымыз бас асаса әрі түйсігі жоқ. Сені бұл сапарынды қалмақтармен ауыз жаласып, қалмақтар бір жақтан, орыстар екінші жақтан қазактың түбіне жетуге бара жатыр деп түсінеді», деді. Мен: «Егер ондай теріс пигыльымыз болса, қазақ жерімен жібере ме мені, Сібір арқылы да қалмаққа баруға болады гой», дедім. Ол: «Біздің акымақтар соны түсіне қоя ма, ақиқатын мен айтып барайын», деді.

14. Сол күні Мәмбетбай ауылына кешегі Наурызбай (Наурызай) батыр мен Келдібай мырза келіп, менің бұл сапарымның мәнісін тағы да сұрады. Мен бұрынғы айтқандарымды қайталап бердім. Олар маған әзірге бұл ауылдардан шықпай тұра тұруым керектігін, қарақалпақтар мен қырғыздардың колына түсіп қалуымыз мүмкін екенін ескертіп, басқа елшілерді құтуге кенес берді. Мен: «Ол елшілерді құтуім міндепті емес, аттарым нашар, дедім. – Егер жақсы ат беріп, жол азығымды толық қамдасандар, оларды тоса тұруым болады. Қарақалпақ деп, қырғыз деп мені қорқытудың қажеті жоқ. Мен олардан қауіптенбеймін. Қарақалпақтар патша ағзамға қарайтын ел, ал қырғыздар тиісетін болса, патшамыздың кәріне ұшырайды. Патшаның құрығы ұзын, қырғыздар түгілі, қайда көшсөндер де, сендерді де таптай қоймайды» дедім. Олар: «Біздің ойлағанымыз сенің амандығың. Құшпен ұстамаймыз. Еркің білсін», - деді.

15. Содан кейін осы үйсіннің Алакүшік байының ауылына кеттім. Кешке қарай Барак сұltан мен Ералы сұltан жіберген найманнның төрт жігіті келді. Олар - Қожаберді батыр мен Боранбай

батыр, Ералы сұлтанның жаңына өзім қалдырып кеткен Ор казагы Смайыл молла. Олар маған: «Бұл ауылдардан ешқайда ұзамасын, бізді тоссын», деген Барак пен Ералы сұлтандардың сәлемін әкеleпті. Егер мен тыңдамай, өз бетіммен кетіп қалмақ болсам, мені күшпен ұстал қалуды үйсін қазактарына тапсырып қойған көрінеді. Мен оларды құтетінімді, Барак сұлтанмен жүздесуге құштар еkenіmdі айттым.

16. 19-ы күні кешегі келген қазактардың екеуін Барак сұлтан мен Ералы сұлтанға қайта жұмсады: «Сендердің айтуыңмен бөгеліп отырмын, кешікпей келіндер. Әйтпесе, менің аттарым нашар, азық-тұлігім де мол емес, жылжып жүре бергенім жақсы. Ал, сендерді көп құтетін болсам, маған тәуір ат-көлік пен қосымша жолазық керек болады», деп айттып жібердім.

20-ы күні үйсін Тоқтабай батырдың аулына келдім.

21-і күні Тоқтабай батырдан шығып, үйсіннің Жарылғап батырына келдім.

22-і күні Жарылғаптан шығып Жанжігіт батырдың ауылына келдім.

17. 23-і күні Жанжігіттен шығып, сол үйсіннің Батыrbай деген ел ағасының ауылына келдім. Олар менің кім еkenіmdі, қайда, неге бара жатқанымды сұрады. Мен бұрынғысынша жауап бердім. Олар әр жерде бас қосып жиналып ақылдасты, өзара талқыға салды, мені өткізбейтін де болды. Қара халық, тіпті бізді тонап алғысы да келіп еді, ел ағалары оларға жол берmedі.

18. 24-і күні маған Ералы сұлтан келіп жолықты Барак сұлтан найманнның ел ағаларымен ақылдаса келіп, Әбілмәмбеттің ұлын қалмақ елшілерінің колына беруге келісіпті. Ералы сұлтан ғана өз тарапынан: «Біздің шаруамызды тыңдыруға патша жарлығымен орыс командири Қалдын Серенге арнайы бара жатыр. Демек, қалмақтарға аманатқа ұл берудің жөні жок», деген уәж айттыпты. Барак бұл пікірге келіскендей болса керек, тіпті өзі менімен тілдеспек еken, Ералы сұлтанды өзінен бұрын жіберіпті. Артымыздан келеді-ау, деген Барак сұлтанды 28-не дейін тостық, бірақ ол келе қоймады.

Басқа қазактардың айтуына қарағанда, Әбілмәмбет хан мен Барак сұлтан өз ұлдарын қамдап-жарақтап Қалдын Серенге жібергелі отырса керек.

Ералы сұлтан маған Қасқаға еріп жүре беруім керектігін айтты. «Ұлы жүздің ел ағаларымен, Наурызбай батырмен келістім, олар сені аман-есен өткізіп жіберуге уағдаласты», деді.

Осылайша, Ералы сұлтанды ертіп, қалмақ елшісі Қасқаға өмірдым да: «Барақ сұлтанды тосып едік, келетін түрі көрінбейді, енді бөгелмейік, қалған жол ұзақ емес, жүріп кетейік», дедім. Қасқа менің мұныма келісті.

19. Мен Барақ сұлтанға татарша хат жаздым: «Сенің айтуың бойынша он күннен аса құттім. Келмедің. Енді бөгелетін жайым жоқ. Іш мандағы елдерді түгел аралап шықтым. Азық-түлігім түгесіліп өнрады, аттарым да күйлі емес. Екеуміз кездескен күнде де, патша жиек жарлығы бойынша Қалдың Серенге қазак мұддесімен бара жатқанымнан басқа айтарым жоқ. Ұлынды Қалдың Серенге аманатқа берме, дер едім. Қалдың Сереннен Абылай сұлтанды да, басқа ел жағаларын да босатып қайтуға күш саламын». Осы мазмұнда хат жаздым да, Қожагелді батыр мен Боранбайға табысталп, сол күні Қасқаға еріп, жолға шықтым. Ералы сұлтан менімен бірге жүріп отырып, қазак ауылдарынан 20 шакырымдай ұзатып, Қарашатау деген жерге дейін шығарып салды. Қасымда Жәнібек батыр қосып берген Байғұлактан басқа ешкім қалған жоқ.

Өз қолыммен жаздым [5]: майор Карл Миллер

Хатшы Петр Рычков, түпнұсқасын оқыған хатшы Иван Коптяев.

Ресей империясы сыртқы саясатының мұрағаты. Қазақ істері қоры, 122/1-тізбе, 1742 жыл, 4-іс, 178-183-пар.; Казахско-руssкие отношения в XYI-XVIII веках (Сборник документов и материалов). А. 1961 г. С. 258-262; Рычков П.И. «История Оренбургская, С.101-107.

[1] Өтеміс батыр – Ұлы жүздің батыры.

[2] Сары батыр – Орта жуз уақ руының батыры, халық аузында Баян батырмен қатар аталады. Халық аузында, батырлық дастандар мен қиссаларда Абылай ханның батырлары қатарында: Баян батыр, Сары Баян, Сары батыр деген есімдер кездеседі. Осы уақытқа дейін екіждай пікір үстем болды. Біреулер Сары Баян деген бір адам десе, екіншілер, жоқ, Сары деген Баяннан бөлек басқа батыр...дегендей. Біздің зерттеулеріміз бойынша: уақ Баян батырдың лақап аты – Сары Баян, яғни аксары өнді болғандықтан. Екінші, уақ Сары батыр - басқа адам. Екеуі де елге белгілі, ігі жақсылар қатарында. Мұның тағы бір дәлелі ретінде, қытай мұрағатында сақталған «Қазақ ру тайпаларының отбасы саны туралы тізім дәптердегі» мына мәліметтерді келтіреміз: Орта жүздің Уақ тайпасы бес руға, яғни бес бөлікке бөлінген.

Олардың ел агалары, билеушілері, тиісінше: Сарыбаян, Тілеу, Бармақ, Есенғұл және Сары батырлар. Бұларға қоса 1745 жылдың тамыз айының сонында «Абылай өзінің сенімді адамы Сары батырды Әбілмәмбет ханың ордасына жұмсады» (Омбы облыстық мемлекеттік мұрағаты. Әскери-жорық кеңесесінің қоры. 1-тізбе, 7-іс, 1969, сырт. пар.) деген дерек те Сары батырдың Абылай Ордасында алған орнын көрсетуге сеп болады деп санаймыз. Әдеб.: Қазақ хандығы мен Цин патшалығының саяси-дипломатиялық қатынастары туралы Қытай мұрағат құжаттары. Алматы, 2009. 50-бет; Моисеев В. А. Джунгарское ханство и казахи ХVII-ХVIII вв. Алма-Ата, 1991. С.138.

[3] Жарылғап батыр – үйсіннің батыры.

[4] Наурыз, Наурызбай батыр – шапырашты Наурызбай батыр болуға тиіс деген жорамал бар.

[5] Өз қолыммен жаздым - бұл мәтін келесі құжатта жалғаса түседі.

1743 жылғы 8 шілде

Орынбор комиссиясының бастығы И. Неплюевтің
сенатқа мәлімхатынан

...Откен мамыр айының 23-де Үкімет сенатына қазактар мен шегара сыртындағы басқа халықтардың жайы туралы хабарлаған болатынын. Жонғар билеушісіне менің атынан барған майор Миллер 14 маусымда Ор бекінісіне қайтып келді.

1. Кіші жүздің ханы Әбілқайырдың бекіністе аманат ретінде ұсталып отырған Қожағмет сұлтан деген ұлын басқа баласымен айырбастау туралы өтінішіне байланысты әңгімелер туралы баяндаған. Айырбастың немен аяқталғаны жөнінде Үкімет сенатына кейін қосымша хабарлайтыны жазылған (З. Т.).

2. Орынборға бара жатқан жолда, 7-маусым күні Орта жүздің ханы Әбілмәмбеттен қысқаша хат алдым. Оның хабарлауынша: «Ел ағасы Жәпек батыр, жонғар хандығында тұтқында болған Абылай сұлтан екеуі қайтып келіпті. Қалмактар енді татуласатын болыпты, менің тезірек келуімді, колдау көрсетуімді сұрапты. Мен ханға жауап

хат жазып жібердім, онда: «Майор Миллер жонғар жағына барып, кайтып келді, Әбілқайыр да Әбілмәмбет хан да маған келіп жолықсын [1], дегенмін. Бұл хатқа әлі жауап алғаным жок.

Ел ішіндегі сөздерге қарағанда, Әбілмәмбет жонғар билеушісіне озінің ұлын беріп, етene жақындастып кеткенге ұқсайды. Жонғарлардың уәдесінен басы айналып қалғаны соншалық, алған бетінен қайта алмайтындей. Әбілмәмбет хан мен Әбілқайыр екеуінің арасы жақсы емес. Жонғарлардың uaғдастына мәз болып, Әбілмәмбет өз ұлыстарымен Сібір жаққа қарай көшпек деген сыйбыс та бар. Бірақ, бүкіл Орта жұз Әбілмәмбеттің соңынан ере қояды деуге негіз жок, бұл жөнінде сенатқа бұрын да хабарлаганмын. Орта жүзден біздін жаққа көшіп келетіндер, сауда жасайтындар бұрын да аз емес-ті.

Әбілмәмбет хан жонғарға беріліп кетіпті деп мазасыздандаймыз, бізден көріп отырған пайданы ол жонғардан көре алмайды, әлі-ақ жонғарлардың алдағанына көзі жетеді.

Әбілқайырдың жанындағы прапорщик айтып келді: «Рас болса, жонғар билеушісі қайтыс болыпты», демек, Әбілмәмбет ханның үміті үзілді деген сөз. Бұдан әрі қалай боларын уақыт өзі көрсетеді...

3. Барак сұлтан жөнінде күдігіміз аз емес. Сыртқы істер алқасы Баракқа император жіберген грамота мен аты жазылған қылышты өз қолына тапсыруды, немесе беріп жіберуді менің құзырыма қалдырды. Генерал-майор фон Штокманнның Баракқа жіберген кісісі Орынборда қалды да, грамота мен қылыш генералдың қолында сактаулы, менің ұқсатымды күтіп отыр.

Мен Барак сұлтанға капитан Тарбеевті жұмсал, грамотаны алуға келсін деп, шақырту жібердім. Барактың іс-әрекеттеріне күдігіміз бар фой, ол келетін болса, көзбе-көз ұғындырып айтпак едім. Жіберген адамым, Тарбеев қайтып келіп, маған мына хабарды жеткізді: «Әуелде Барак сұлтан капитан Тарбеевті құрметтеп қабылдауды тапсырыпты, арнаіы үй де тіктіріпті. Артынан, Тарбеевтің грамота мен қылышты әкелмегенін білген соң, қатты ашуланып, Тарбеевті жолатпай қойыпты, менің хатымды да алмапты. Қайда кетсең, онда кет, деп куып жіберіпті». Сонда да, оған ертіп өзінің елшісін хат жазып, жіберіп. Хатында менің атынан барған Тарбеев жөнінде бір ауыз сөз жок. Султанның мұндаи қылыштарын әдепті сөзben жеткізе алмаспын. Жіберген кісісі арқылы ол туралы өз пікірімді жазып жібердім. Демек, сондай мейлінше өркөкірек, кесірлі адам маған өзі келіп жолығады, дей алмаймын.

Естуімше, Барақ сұлтан мен Әбілмәмбет хан екеуі бір жақ сияқты. Әбілмәмбеттің жоңғарға аманатқа қалдырыран баласына айырбастап, Барақ өз баласын аманатқа бермек болса керек. Сұлтаннан хабар келсе, әйтпесе, ол туралы Әбілқайыр ханнан хабар келсе, олар жөнінде кейін хабарлаймын. Әзірше, Әбілқайыр ханға жолыққанша, Әбілмәмбет ханға тілмәш жіберіп, жағдайды білмекпін.

4. Менің осы Ор бекінісіне қызметке кіріскеңімнен бері Ресей патшалығына адалдыққа ант беруге мыналар келді:

1) үкімет Сенатына танымал, бүкіл қазаққа беделі биік Жәнібек тархан былтыр жоңғар еліне барып қайтқан майор Миллерге еріп келді, жанында ел ағалары мен халқы бар, ұзын саны 431 адам халқы бар;

2) Кіші жұз жетірудың бірден-бір басшысы, былтыр келмеген Есет батыр, жанында 153 адамы бар.

3) тағы сол Кіші жузден, Әбілқайырдың қүйеу баласы Жәнібек сұлтан, жанында 147 адамы бар. Бұлардың бәрі де салтанатты түрде ант берді, оларға тиісінше сый-сияпат жасадық...

P.S. Осы хатты жазып болып, желімдеп жатқанымда, Ералы сұлтаннан хат әкеп берді, онда ол Әбілмәмбет хан мен Барақ сұлтанның Ресейге теріс пигылда екенін, бізге жамандық жасауы мүмкін екенін хабарлап, шегара бекіністерінің сақ отыруын ескертіпті.

Ресей империясы сыртқы саясатының мұрағаты. 248-кор, кн. 18/149. 233-238-пар.; Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках (Сборник документов и материалов). А. 1961 г. док. № 111. С. 283-286.

[1]...Әбілқайыр да Әбілмәмбет хан да маған келіп жолықсын... Бұл шақыртуға Абылай сұлтан да, Әбілмәмбет хан да барған жоқ. Бұл келмеуінің себебін Әбілмәмбет хан И. И. Неплюевкіе хат арқылы хабарлап, былай түсіндірген «...інім Абылай сұлтан жоңғар тұтқынынан шығып келді. Қырда үлкен өрт болып, жайылым қүйіп кеткендіктен, еліміз алысқа көшіп жатыр. Осындай жағдайлармен, өзіміз де бас қосып, кенесе алмадық». (Ресей империясы сыртқы саясатының мұрағаты. 122-кор, 1743 ж.кн. 3-іс, 96-106-пар.;) Әбілқайыр хан генералға барып жолықкан. И. И. Неплюев ханға Қалдың Сереннің хатын көрсетіп, ешқандай аландамау керектігін және қайыра хабарласып қалса, Қалдың Серенге қандай жауап беру қажеттігін түсіндірген. Әбілқайыр хан Орта жүздің қазірдің өзінде

Түркістан төңірегіне қарай көшіп жатқанын, оларға Кіші жұздің бірката ауылдары қосылғанын айтқан. «Менің қарауымдағы ел міншілдері айтады: Ресейден ешқандай пайда көріп отырған жоқпыз. Қожахмет сұлтан орыстың тұтқыны емес, оны неге босатпайды? Әне, жоңғар ханы тұтқындағы Абылай сұлтанды да босатты», деген. Неплюев бұл сөздерді Әбілқайыр сұлтан ойынан шығарып, ез ренішін өзіндірмекке айтты, деп есептеген. (сонда).

№ 52 1743 жылғы қыркүйек

Орынбор комиссиясының бастығы И. Неплюевтің сыртқы істер алқасына хатынан

1. Орта жұздің ханы Әбілмәмбет біздің жіберген кісілеріміз арқылы хат жолдап, патша ағзамға адалдығын билдіріпті... Маган өзі келіп жолықпаған себебі ретінде: «Інің Абылай сұлтанның жоңғар тұтқынынан босап [1] келгенін, қырда үлкен өрт болып, көп жайылым жанып кетіп, халықтың көшіп жатқанына байланысты», екенін айттыпты.

Ол жаққа мен жіберген казактардың айтуына қарағанда, олар хан тараپынан ешқандай теріс пифыл байқамапты, хан біздің кісілерді оте жақсы қарсы алыпты. Хан айттыпты: «Барақ сұлтан өзіне тарту ретінде тиесілі қылыш қолына тимеген соң, (тіпті біреулер ол қылышты генерал Жәнібек тарханға сыйлапты деп те сөз таратыпты), көп қол жиып, орыс жағына ұрлыққа аттанбақ болған екен, Әбілмәмбет хан Баракқа арнағы кісі жіберіп, егер райынан қайтпаса, он мыңға дейін қолмен барып талқандаймын», деп Баракты тоқтатыпты.

...Әбілмәмбет хан Әбілқайыр ханының іс-әрекеттеріне наразы болса керек. Қазақтардың қазіргі орыстарға жасап отырған ұрлық-карлығына сол Әбілқайыр кінелі деп отырған көрінеді...

(Бұл құжаттагы мағлұматтар 1743 жылғы 30 тамызда Иван Лапин мен Мансұр Аксаковтың хабарлағандарын, 1743 жылғы 22 қыркүйектегі Төкен Балташевтің айтқандарын жинақтап, қорытқан деуге болады. –З.Т.)

...Сол жаққа барып келген башқұрт Балташев Төкеннің айтуына қарағанда, Әбілмәмбеттің Ресейге деген оң пейілі өзгермеген, ол Әбілқайырдың қылықтарын макұлдамайды, қажет болса, бір ұлын Ресейге аманатқа беруге де дайын. Мен онысына жылы шырай білдіріп, хат жазып жібердім. Қалғанын уақыт көрсетер.

Ал, Барак сұлтан жөнінде айтар болсам, ол туралы: «Баракты бір ыңғайын келтіріп, бізден кешірім сұрайтында етіңіз», деп Әбілмәмбет ханға жазып жібердім. Егер, Барак сұлтан теріс пиғылынан қайтып, бізге адалдық танытатын болса, өзіне тиісті қылышты алады. Эрине, мұнымен біз осынау тұрпай халықты құш жұмсамай-ақ, оңай тыныштандыруды және олардың өз ішінің ынтымағын ірітіп, ағайын арасында татулық болдырмау жағын көздел отырымыз. Әбілмәмбет ханға хат әкеткен казак қандай хабар әкеледі, ол жөнінде келесі жолы хабарлаймын. Сонымен, бірге қазақ арасында қандай жағдай болып жатқанына қарамастан, Сібір жағындағы Орта жүзben іргелес шегараны бекітіп, сақ отырымыз.

Жонғарлардан Әбілқайыр ханға келген кісі жоқ. Әбілқайырға барып келген офицер мынаны жеткізді: хан сөз арасында Абылай сұлтанның жонғарлардан мол сый-құрметпен келгенін айтыпты. Жонғарлар Абылайдың бұрынғы тұрған жерлерін - Ташкентті, Түркістанды, басқа да жерлерді иелігіне қайтарып беріпти.

Абылай Әбілқайырға хат жазып, кісі жіберіп сол қалаларды өзіне беруді сұрапты, ейткені, оларды иеленіп отырған жонғар билеушісінің бүйрығы бар. Жонғар билеушісі Әбілқайырға шарт қойыпты:

біріншіден, Әбілқайыр аталған қалаларға көшіп келсін де, тату көрші болып тұратын болсын;

екіншіден, шын берілген дігінің белгісі ретінде бір мың кісі қосып ұлын жіберсін, оған жауап ретінде жонғар ханы да өз ұлын сонша адаммен жібереді. Осылайша қыз алысып, қыз берісіп күда болайык депті;

үшіншіден, Әбілқайыр Ресейге бодандыққа бекер өткен, Ресей жағының мақсаты біреу ғана қазақ жерінде қала салу, төменгі қалмақтар мен башқұрттар сияқты қазактардың тоз-тозын шығару, депті;

төртіншіден, жонғардың ханы Ресейден ешқандай да қорықпайды, тіпті өзіне келген Ресей елшісін, ештеңеден де қаймықпай, өзіне жақыннатпай қойған (Майор Миллер туралы сөз болып отыр. – З.Т.).

Бұдан кейін Әбілқайыр Орта жүздің елі Ташкент пен Түркістанға қарай көшкенін, Кіші жүздің бір бөлігі Орта жүзге қосылғанын жеткізіпті. Ханның еліндегі ел ағалары айтады-мыс: «Ресейге қосылғанымыздан қандай пайда бар, Қожахмет сұлтан Ресейге тұтқынға түскен жоқ, өз еркімен барған, орыстар оны босатпайды, Әбілқайыр ханның ешбір тілегін орында майды, ал

Абылай сұлтан жоңғарларға тұтқын болып түссе де, сый-құрметпен босап келді ғой», деп...

Барған офицердің айтуынша, Абылай сұлтан қайтып келгеннен кейін, қазақтар Түркістанға, басқа да алыс аймақтарға көшуін тоқтатыпты, неге тоқтағанын офицер білмейді... Қалдың Серен өліпті деген хабар жалған болып шықты.

Халқы Әбілқайыр ханның көзінше: «Сен Ресеймен араздасып, бізді барлық пайдамыздан, саудамыздан айырдың», деп айтатын көрінеді. Ал, мұнын бәрін Әбілқайыр маған (Неплюевке.-З.Т.) жауып, өзі ақталғысы келеді екен.

8. Мына қазақ халқына күш қолданбай-ақ, анда-санда жылы ниет білдіріп қойып, тыныштықтың өздеріне пайдалы екенине көз жеткізіп ұстau керек деп ойлаймын. Біз қазір осылай істеп те жатырмыз. Жоғарыда айтылғандай, қазақ билеушілері Ресейге адалмыз деп айта береді, ал істері сөздерімен қабыспай жатады. Сондықтан, қазақтарға теріс істері үшін Ресей тарапынан кандай жаза тартатынын, сөйтіп елін күйзелтетінін түсіндіріп отыру керек.

Халық арасындағы кейбір қас ниетті адамдарын ел агалары өздері-ақ жазалап, тыйым салатын болуға тиіс. Сондықтан, қазақтардан қолға түскен тұтқындарды босатып, қайтарғанымыз жөн. Сыртқы істер алқасының қазақ билеушілеріне: «өз тентектерінді өздерің тыйындар», деп жазған хатынан нәтиже шығып келеді, өйткені бұзақылық жасаған салт атты қазақтар даланың түкпір-түкпірінен жасырынып, біздің қолымызға оңайлықпен түспейді. Және де оның үстіне қазақтардың ішкі ісіне араласа берсек, халықты мазалап, карсы қойып алуымыз мүмкін... Қазақтарды қоркытып, тәртіпке салып отыру үшін, қажет болса Астрахан, Қазан және Сібір губернияларынан, Уфа және Есет провинциясынан аттандыра қоюға сапты әскер жіберілмейтін болғандықтан, басқа бір оңтайлы, жenіл күштер жасақтаған жөн болар еді. Мысалы, Тавропольдің шоқынған қалмактарынан жасақталған 300 адам қазақтарға карсы айдан салуымызға өз еркімен көнді. Олардың екі зайсанына: біреуіне 12, екіншісіне 10 рубль жалақы беріп қойдык...

Иван Неплюев, фон Штокман, ассесор П. Рычков.

Ресей империясы сыртқы саясатының мұрағаты. Қазак істері қоры, 122-тізбе, 1743 жыл., 99-106-сырт. пар.; Казахско-русские отношения в XYI-XVIII веках (Сборник документов и материалов). А. 1961 г. док. № 119. С. 301-307.

[1] Абылай сұлтанның жоңғар тұтқыннан босап...- Орыс тарихшылары, кеңес тарихшылары Абылай сұлтанның жоңғар тұтқыннан босануына бірден-бір себепкөр Карл Миллердің елшілік сапарының және Орынбор губернаторы И. И. Неплюевтің хат жазып сұрауы деп есептейді және бұл тұжырымды кейбір қазақстандық тарихшылар да (мыс. Т. Шойынбаев, В. Басин) құптайды. Бұл сол кездегі Орта жүзде, тіпті бүкіл Қазақ хандығында беделге ие болу үшін орыс әкімшілігі әдейі таратқан сөз. Нақты жағдайды терең білмегендіктен туған жаңсақтық. И. И. Неплюевтің хатында Абылайды тұтқыннан босату жөнінде тілек бар екені рас. Бірақ, ол мәселе бойынша Қалдын Сереннің ұстанымы «Әбілқайыр ханға Қалдын Серен атынан» жазылған хаттан (78-құжатты қараңыз) айқын көрінеді.

Оған қосатын біздің дәлеліміз мынадай: Қалдын Сереннің Абылайды мұнша тез босата коярынан үміттенбеген генерал И. И. Неплюев, мына хабарды естігенде үрейленіп қалған. Ол сыртқы істер алқасына 1743 жылғы 9 маусымда жазған хатында: «Қалдын Серен бір зымияндықпен Абылай сұлтанды, Әбілмәмбеттің ұлын босатып қайтарыпты. Соған қарап, қазак билеушілері, әсіресе, Әбілқайыр хан, бізге адап берілгендей қиетінен айнып қала ма, деп қорқып отырмын. Сондықтан, Әбілмәмбет ханды, Барак пен Абылай сұлтандарды Ор бекінісіне шақырттым», деп жазған. (Бұл шақыртуға үшеуі де бармаған). Бұған сөз қосудың өзі артық болар.

Уақыт жағынан К. Миллер елшілігі жоңғар жерінен аттанып кеткеннен соң, Абылайдың тұтқыннан босанып шыгуы – кездейсоқтық қана екенін байқау қын емес. Қалдын Серен Абылайды құрметтеп қайтару мәселесін оған дейін шешіп қойған. Абылайдың ұзататын қызды таңдал, оның жасауын түгендеп, отауын дайындал, Топыш қалыңдық пен Абылай күйеудің некесін қызып қойған. Тек қана қазак жағынан келетін аманат пен хабарды күтіп отырған. Наурызыдың басында «ак үйлі» аманат ретінде Әбілмәмбет ханың ұлы Әбілпейіз келгенде, қазақ-жоңғар арасындағы дау осымен тәмәм деген ниетпен, Қалдын Серен тиісті рәсім-жорасын жасап, отыз түйеге дүние-мұлік артып, 30 кісі қосшы беріп, кешегі тұтқын Абылай сұлтанды аттандырып салады. Осының бәрін көзімен көрген орыс тыңшысының жазуына қарағанда, Қалдын Серен мұның бәрінің ұстіне «Абылай сұлтан мен Малайсары батырға сарттың текті тұқымынан шыққан төрт жігітін қосып сыйлаған. Әбілмәмбет хан мен Барак сұлтанға бір-бір оқалы шапан және бұлғын бөрікті» тарту ретінде жіберген. (Ресей

империясы сыртқы саясатының мұрағаты. 112-кор, 1743 жыл, 3-іс, 124-125-сырт. пар). Абылай сұлтан қайтып келгеннен кейін, қазактың ші жақсылары Түркістанда, Әбілмәмбет ханның ордасында бас қосып, қазак-жонғар қатынастарының келешегі жайында кеңес күлған. Сол жерде ақыл қосып, «Қалдын Серенге сый-сияпат ретінде яқ қаршыға мен құмай тазы... жіберуге бәтуласқан. (Ресей империясы сыртқы саясатының мұрағаты. 112-кор, 1743 жыл, 3-іс, 124-125-сырт. параптар). Енді осының бәрінен кейін «Қалдын Серен Орынбор генералының хатын алғанидан кейін гана, Ресейден қаймығып, Абылай сұлтанды тұтқыннан босатыпты-мыс» деудің жөні бола қояр ма екен?

№53 1743 жылғы 7 қазан

Қазактардың Еділ бойына таяп келуіне тыйым салу туралы

Көптеген ескертулерге қарамастан, Орта жүз қазактары бас асаулық жасап, Еділ бойындағы жүртты шабуылдауын тоқтатар емес. Сондықтан Еділ қалмақтарына көмектесіп, олардың қазактарға қарулы тойтарыс беруіне рұқсат етілсін. Бірақ, бұл мақсатқа сапты әскер жұмсауға болмайды. Қазақтар топтанып келіп қалған жағдайда, олардың бетін қайтарып, ыдыратып жіберу қажет.

Сборник указов и узаконений о киргизских степных областей. Издание неофициальное (Сост. ст. советник Тургайского обл. правл. И.И. Крафт) – Оренбург: Тип. П.Н. Жиринова. 1898. – II. 1743 г. С. 302-306.

№ 54 1744 жылғы 14 қазан

Үкімет сенатының жарлығы

Кіші жүздің және Орта жүздің Әбілқайыр және Әбілмәмбет хандарынан, Барак пен Нұралы сұлтандардан, оларға қарайтын ел агаларын қосып, патша ағзамға адалдығы жөнінен ант алу қажет. Қазақтар тарапынан мұндай ант беру берік те сенімді сипатта болмаса, жонғар билеушісі оларды өз жағына баурап әкетуі мүмкін. Сондықтан, аталған ел билеушілерінің есіне Ресей патшасынаң қарауында екендігін тағы бір салып, тиянақтап қойса, артық болмайды.

Сонымен бірге, Орта жүздегі халқы көп ұлысты басқарып отырған Тілеуберді батыр Наурызаковқа тархан атағы берілді.

Сборник указов и узаконений о киргизских степных областей. Издание неофициальное (Сост. ст. советник Тургайского обл. правл. И.И. Крафт) – Оренбург: Тип. П.Н. Жиринова. 1898. –II. 1744 жылғы жарлыктар жинағы, 1744 жылғы 17 қазан, 242-243-беттер.

№55 1745 жылғы 21 мамыр

**Орынбор губернаторы И. Неплюевтің
Сыртқы істер алқасына мәлімхаты**

Сыртқы істер алқасына қазақ ордасына тілмәш Оразлинді неге, қандай нұсқаумен жібергенімді, оның қандай мағлұмат әкелгенін 23 сәуірде хабарлаған болатынмын.

Одан кейін, 6-мамырда Әбілқайыр хан бізге өзінің сенімді елшісі Қотыр батырды [1] хат жазып жіберіпті. Хатта ешқандай артық сөз жоқ, патша ағзамға адалдығын, халқының аман-есендігін жазыпты. Қотыр батыр да бөгде сөз айтқан жоқ, сауда жағдайына разы екендіктерін білдірді...

Қотыр батыр әңгіме арасында жонғар ханы Кіші жүздің белгілі, беделді Батыр сұлтанына кісі жіберіп, одан аманат ретінде ұлын беруді талап етіпті. Осыған байланысты Батыр сұлтан Ташкентте болғанда жонғар елшілерін қазақ даласын көруге шақырыпты. Сол жолы жонғар елшілері Орта жүзге барып, Жәнібек тарханға жолығып, одан да ұлын жонғар ханына аманатқа беруін талап етіпті.

Жәнібек тархан оларға ұлын бермек түгілі: «Мен ұлымды бергенше мылтықтың оғынан, садақтың жебесінен ажал тапқаным жаксы», депті...

И. Неплюев

P.S. Осы хатты жазып бітіргенімде, Жәнібек тарханнан екі кісі келіп, маған хат тапсырды. Амандық-саулығын хабарлағанинан кейін, Жәнібек тархан: майор Миллерге қосыбы болып барған Байғұлақ [2] деген қазакты жонғарлар өлтірген (бұл жөнінде Миллердің журналында жазылған), сондықтан жонғарларға соғысуға аттанғалы отырмыз, деп жазыпты да, жіберген кісісіне ауызша: соғыспайық па, әлде сізбен ақылдасып алу үшін жолығайық па? деп сұрапты. Қалай

болғанда да менің келісімінді алмақ екен. Сондықтан Жәнібек тарханды өзіме шақырдым. Бұл мәселені сонда ақылда-сып шешпекпіз.

Ресей империясы сыртқы саясатының мұрагаты. Қазақ істері коры, 122-тізбе, 1745 жыл, 3-іс, 55-сырт. пар.; Казахско-руссские отношения в XVI-XVIII веках (Сборник документов и материалов). А. 1961 г. док. № 122. С. 313-315

[1] Қотыр батыр - Кіші жүздің ханы Әбілқайырдың елшісі. Ханның маңызды тапсырмаларын орындаپ, казак-ресей қатынастарын реттеуде едәуір қызмет еткен қайраткер.

[2] Байғұлак – Жәнібек тарханның немере інісі деп аталады. Намысқой батыр ретінде жоңғарлыктардың қолынан жазықсыз қаза болған.

№ 55 1747 жылғы 10 сәуір

Ресей Сыртқы істер алқасының құпия жарлығынан

Әбілқайыр хан бастаған Кіші жұз қазақтары 1731 жылы, Әбілмәмбет ханның Орта жүзі 1740 жылы Ресей қарауына өткен болатын. Соған қарамастан, қазақтар екі рет сауда керуенін тонады. Атап айтқанда, 1732 жылы Хиуага Гарбер бастап бара жатқан керуенді және 1738 жылы Ташкентке бара жатқан керуенді тонады. 1743 жылы Орынбор бекінісіне шабуыл жасап, көптеген орыс адамдарын ұрып-соғып, бірталайын тұтқын қылып алғып кетті. Қазақтар Еділ қалмактарын жыл сайын шауып [1] тыныштық бермейді, қалмактарды да, орыстарды да тұтқынға алады.

Мемлекетке бұл қазақтардың бағыныштылығынан ешқандай пайда жоқ, олардың саудасынан орыс көпестеріне пайда түсे ме, түспей ме, ол жағы да белгісіз. Сондықтан, біздің мұддеміз үшін қалмактарға, Жайық қазақтарына, башқұрттарға, мещерлерге және Сібір губерниясы жағындағы дінсіздер мен орыстарға еріп беріп, олардың қазақтармен соғысуына рұқсат етсек, сөйтіп, сапты әскер қолданбай-ақ, қазақтарды Ресей шегарасынан куып тастап отырган жөн болады деген пікір айтылды.

Сборник указов и узаконений о киргизских степных областей.
Издание неофициальное (Сост. ст. советник Тургайского обл. правл.
И.И. Крафт) – Оренбург: Тип. П.Н. Жиринова. 1898. –II. 1747 г.
С. 11-12.

[1] Қазактар Еділ қалмактарын жыл сайын шауып... Ресей әкімшілігі Кіші жүз қазактарының бұл қылыштарын Әбілқайыр хан жасатып отыр, ол губернатор Неплюевпен өш, сол үшін Ресейге қастық жасауға әрқашан дайын, деп түсінді. Жағдай асқынып бара жатқан соң, «Сенат сыртқы істер алқасымен қоса отырып, Әбілқайыр ханды Орынбор губернаторымен татуластыру үшін Тевкелев арқылы Әбілқайыр ханға арнайы жарлық жіберуге» шешім кабылдады. Тевкелевке берілген нұсқауда, егер Әбілқайыр хан «...бұл бетінен қайтпай, бізге қастығын тоқтатпайтын болса, оны хандықтан тайдырып, орнына Ресейге шын берілген қазақ ел ағаларының біреуін сайлауға құш салу» қажеттігі жазылды. Алайды, сыртқы істер алқасы сенаттың шешімін негізінен қолдай отырып, «қазактарда ханды халық атынан сайлайтын үрдіс бар, сондықтан, олардың бұл ісіне Ресей жағының араласуы қолайлы бола коймайды», деген пікір білдірді. Граф Алексей Бестужев-Рюмин мен граф Михаил Воронцов қол койған 1747 ж. 10 сәуірдегі құжатта: «Әбілқайыр казак арасында хандықлаузымымен ғана беделді болып отырган жоқ, оған қоса ол айлакер және текті жерден шыққан. Әбілқайырдың орнына жаңа хан тапқанының өзінде, ханды сұлтандардың осы тұқымынан халық өзі сайлап алтуы керек. Демек, Әбілқайырды хандықтан кетіру мүмкін емес. Қайта оны одан әрі өшіктіріп аламыз, бұл мәселені патша ағзамының өзі шешпесе, біздің қолымыздан келмейді», деп жазылған. Әдеб.: Витевский В.Н. И.И.Неплюев и Оренбургский край в прежнем его составе до 1758 года. 3-том. Спб. 1897. С.710-711.

**№ 56 1747 жылғы 26 маусым
Барак сұлтанның елшілеріне жолсерік болып Орта жүзге барып
қайтқан М. Араповтың айтқандарынан**

Санкт-Петербургке, патша сарайына 1746 жылғы 21 қазанда барып-қайтқан Барак сұлтанның немере інісі Ескендір сұлтанға еріп, Орта жүзге, Барак сұлтанның ауылына Неплюевтің атынан барған, башқұрттың Бузулук бекінісінің казагы...Матвей Арапов осы жылғы 21 наурызда Орынбор губерниялық қеңесіне келіп мыналарды айтты:

1. Олар Ор бекінісінен шыққан күні Кіші жұздің Жагалбайлы руның ел ағасы Серке батырдың ауылына келіп қонады. Сол жерде күшің қар жауып кетіп, олар сегіз күн жатып қалады.

Серке батыр Ескендір сұltтанмен және Араповпен әнгіме арасында Әбілқайыр ханды сөз қылып, оның тиышсыз екенін, Ресей қалына жайсыздық көрсетіп отырғанын айтады. Мысалы, Әбілқайыр хан Арслан деген тілмәшті ұстап қалған, 1746 жылы Астрахан түбінде күнша түскен тұтқындарды босатпай отыр, тіпті оларды қайтарудың орына, қазақтың ел ағаларына таратып, үlestіріп жіберіпти.

Серке батыр Әбілқайыр ханды балағаттады, оның істеп отырған штерін құттамайды, соның салдарынан еліміздің тыныштығы кетті жеді.

Кар кетіп, күн жылыған оныншы күні олар аттанып, қазақ шапасымен жүріп отырып, Қорғалжың көліне құятын Керей өзенінде отырған Барак сұltтанның ауылына келеді.

2. Олар кештетіп жеткен соң, Араповты ағалық Рысмұхаммет шеген ел ағасының үйіне орналастырды. Ал, Ескендір сұltтан өз ағасы Барак сұltтана кетті. Екеуінің қонысы бір жерде екен. Ескендір патша ағзамның жазған хатын Баракқа тапсырады.

Барак түн ішінде Араповты шақырып алады, Арапов оған патша ағзамның берген жалақы акшасын тапсырады. Сонымен бірге, Арапов Неплюевтің хатын да ұсынған екен, Барак: «Ертең ел ағалары келгенде көзінше тапсырасын», деп алмай қояды. Ал, «марапат сыйлықты бергенінді ешкімге айтпа, қазактар білмесін» дейді. Барак бұл сыйлыққа қатты куанып, патша ағзамға разылығын білдірді, оған адал қызмет ететініне сендірді. Әнгіме арасында Араповтан Ресейдегі, Орынбордағы жағдайлар туралы сұрастырды.

3. Келесі күні Арапов қазақ ел ағаларының көзінше Баракқа хатты тапсырды. Барак хатты ашып, хат танитын кісіге беріп, ауелі патша ағзамның грамотасын, одан кейін Неплюевтің хатын оқытты. Хат оқылған кезде Барак та, ел ағалары мен жай қазақтар да патша ағзамның рахымы мен қамқорлығына разылық білдірді. Бұкіл қазақ халқына қорған болып отырғаны үшін, патшамызға адал қызмет етпек екендерін білдірді. Ал, Әбілқайыр ханның теріс қылыштарын сөгіп, оқініш білдірді, оны балағаттады. Бір ғана Әбілқайырдың кесірінен, қазақ еліне қанша зиян келетінін, патша ағзамның ашуы түссе, рахымы түспеуі мүмкін екенін айттысты. Тіпті, «Барак сұltтан тікелей Әбілқайыр ханның өзіне барып, Ресейге карсы теріс қылыштардан тыйылуы керектігін бетіне айтсын», деген сөздер шықты. «Ресейдің қамқорлығының қазақтардың жағдайы қыын болады, шегараға таяп

көшіп барып жүрміз, саудамыз бар, бізге мұндай жақсылықты кім жасайды», десті.

...Арапов Барак сұлтанның ауылында 20 күн жақсы-жайлы қонақтап жатты. Барак сұлтан оны бек күткен. Қазақтар жағында ешқандай бүліншілік жок, Ресейге бөтен көзқарас білінбейді.

6. Өткен көктемде жонғар билеушісі Пшан Цаган [1] Барак сұлтанға қашқарлық екі адамды елшілікке жіберіп, мынаңдай талап қойыпты: «Барак сұлтан өзінің ұлы Шығай сұлтанды қайтарып, аманатқа берсін. Және сыйлыққа алпыс жорға жіберсін. Егер мұны орындаамайтын болса, Барактың елін шауып аламын» депті. Осыған байланысты Барак жонғардан қорқып, ұлы мен алпыс жорға ат жібермек болған екен, Арапов оны тоқтатыпты: «Ресей патшасының қоластында тұрганда жонғар билеушісінің мұндай талабын орындауға болмайды. Патша ағзамға колхат беріп қойғаннан кейін, жонғар билеушісін емес, Ресей патшасын тыңдауын қажет», депті. Мұны естіген қазактың ел ағалары да, Араповтың сезін қолдаған. Олар жонғар билеушісінің талабын орындауды күзге дейін қалдырып, бірақ жонғар жағын өшіктіріп алмау үшін, сылтауратып, «қазір күн ысып кетті, күзде жіберемін», деп соза тұсу керек дегенді айткан. Алайда, Араповтың барлау жасап, білгеніне қарағанда, Барак жонғар билеушінде сыйлық жіберуге дайындалып жатқан көрінеді. Өзіне Ресей жағынан әкелген сыйлықтардан шұға, тұлкі терілерін, басқа да тарту әзірлеп, күзге қарай жібермек.

8. Барак сұлтан Араповқа Ескендір сұлтанды қосып, оның жаңына бұл жақтағы белгілі және құрметті адамдардың бірі Тогалак батырды қосып, жаңына Бοқаш, Сұлтанғұл, Есдәулет, Бердіғұл, Құлымбет және Саржан қатарлы адамдарды, қосшыларымен Орынборға қайта аттандырды. Неплюевке хат жазып, түйеге теңдеп ақ киіз үй [2] жіберді. Бұл киіз үй С.-Петербургке жіберуге жарамайтын болды да, оны Неплюев өзі алып қалды. Күйі оян екен, деп түйені де алып қалды.

Бұл аталған адамдарға қоса Барак сұлтан, С.-Петербургке елшілікке белгілі адамдары Рысмұхаммет, Тілеуберді мен Жаулыбайды [3] Жиенбай деген атқосшысымен аттандырды. Олардың арасынан Тілеуберді мен Жаулыбай ғана атқосшысымен Орынборға жетті.

9. Барак сұлтанның елінен қайтып келе жатып, олар қарakesек руының ауылдарына соғады. Кешкे қонып жатқан жерінде Қазыбек бидің ұлы Бекболат [4], жаңында 40 кісісі бар, бұларға қатты өшігіп,

шашып алмақ болып, Ескендір сұлтан мен Арапов жатқан киіз үйді коршап алады. Бекболат бірнеше адаммен киіз үйге баса көктеп кіріп келіп, Ескендір сұлтанды танып тұrsa да, өңін сұзытып: «Кімсіндер, неге келдіңдер, кім жіберді, қайда барасындар!» деп ақырып, өрескел қылыштар көрсетti.

Ескендір сұлтан: «Барақ сұлтаннын келеміз, тайный советник Неплюевке бара жатырмыз, «ак үй» апарамыз», дедi.

Бекболат: «Ескендір, сен де, Барақ сұлтан екеуің де ұрықарсысындар, «ак үйін» берген адам, басын да береді, ырымға жаман», деп тілдедi.

Одан соң, Бекболат Араповқа қарап сөйлеп, тайный советникті ле тілдең, сөкті. Араповқа: «Сен менің әкем Қазыбек биге жіберген хаттар мен сый-сияпatty бергізбей, Барақ сұлтанға тапсырып келдің. Жүр, Қазыбек биге апарамын», деп алып кетпек болды, қол көтере үмтүлды. Арапов өзін ұрғызған жоқ, сүйрегеніне барған жоқ, күшпен жетпек болып едi, жалынып-жалпайып әрен құтылды.

Бекболат Баракты балағаттап: «Ол өзіне емес, менің әкеме жіберілген хат пен сыйлықтарды жолдан алып қойды», дедi.

Содан кейін Бекболат тағы да дауыс көтеріп, ұрысты да, Барақ сұлтанның атынан С.-Петербургке бара жатқан қазак Рысмұхамметті, «кайтатын сөзім бар» деп, далага онаша шақырып шығып, тұлдырдай шешіндіріп алып, жалаңаш тастап, өздері кетіп қалды.

Осы оқиғадан кейін Рысмұхаммет қасындағы серігі Тілеуберді батыр екеуі және Арапов, бара жатқан жолынан тыйылып, еріксіз Баракқа қайтып кетуге мәжбүр болды. Ал, Ескендір сұлтан Орынборға жүріп кетті. Бұл жағдайларды естіген Барақ сұлтан, Қазыбек бидің баласы Бекболаттың мұндаидар өрескел қылышы мен Рысмұхамметті ғонап алғаны үшін, кек алып, қазақтарды жинап, соғыспаққа аттанбақ болды.

Ал, Рысмұхамметті Ресейге жібермей, алып қалды. Оның орнына Тілеубердіні елшілік басшысы етіп тағайындалды. Сол арқылы С.-Петербургке арнайы хат дайындалды, яғни Рысмұхамметке берген хатты-қайта көшіріп жазды.

Арапов, сөйтіп Барақ сұлтаннын Тілеуберді батырға еріп қайтты, ал Ескендір сұлтан 15 күннен кейін Орынборда болды...

Ресей империясы сыртқы саясатының мұрағаты. Қазақ істері қоры, 122-тізбе, 747 жыл, 3-сі, 201-205 пар.; Казахско-руssские отношения в XVI-XVIII веках (Сборник документов и материалов). А. 1961 г. док. № 141. С. 357-361

[1] Пшан Цаган – қазақша «Алмастай өткір хан» дегенді білдіретін лақап есім иеленген, Қалдың Сереннің бәйбішеден туған ұлы, әкесі қайтыс болғаннан кейін мұрагер ретінде жонғар тағына отырған. Әдеб.: Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005. 161, 176-беттер.

[2] Ақ киіз үй – қазақтың салтында «Ақ үйлі» деп аталатын рәсімнің айғағы, шын көңілмен, қалтқысыз берілгендейтің заттай белгісі ретінде орындалатын әдет салты.

[3] Жаулыбай батыр (шамамен 1697-1760), найман, бағаналы руының Сары-Сарғалдақ, Тәнірберлі бұтағынан. Жаулыбайдың әкесі Өтеген де елге сыйлы, батыр кісі болған. Қазақ елінің шығысы мен онтүстік өлкесі жаулап алған жонғар басқыншылары 1728 ж. Ұлытауға шабуыл жасауға әзірленеді. Осы мақсатпен әскер басы Септен 20 мың қолмен Телікөлге келіп, соғысқа дайындалады. Қалмақ әскерінің қатары үсті-үстіне толықтырыла береді. Үш жүздің біріккен жасағын басқару Кіші жүздің ханы Әбілқайыр мен қанжығалы Бөгенбайға тапсырылды. Бұланттының жоғарғы ағысы (Қарасиыр, Білеуті) теріскейінде болатын шайқасты Жаулыбайға тапсырды. Бұл шайқақса бағаналының батырлары: Барлыбай, Төлек, Сарғалдақ, Шәлтекеден Мыңжылқы мен Мыңбай, Сагындық батырлар және арғын атадан Бостан, Жаугашты, Бигаш батырлар, қыпшақтан Тілеулі батыр катынасады. Жәнібек пен Жайлаубай бұл ұрыста жаудың бір шетінен шабуыл жасап, қаша жүріп соғыс сала отырып, қарсылыстың шоғырланған күшін бөлшектеп, майдан алаңынан ұзатып әкетіп, әлсіретіп, әр жерде қоршауға алып, женіске жетеді. Жаулыбай батыр 1747 ж. жазында Барақ сұлтанның ұлы Ескендірді Орынборға, губернатор И. Неплюевке, одан әрі Петербургке апарған елшіліктің құрамында болған. Әдеб.: Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005. 162-бет; «Қарағанды. Қарағанды облысы». Энциклопедия. Алматы 2006 жыл. 250-бет.

[4] Бекболат – Қаз дауысты Қазыбек билің тұнғышы әрі орнын басып, Орта жүзге тәбе би болған ұлы Халық жадында сакталған әңгімелерде 1775-1779 жылдары Абылай хан мен Бекболат билің арасында кикілжің болған, тіпті Абылайдың Түркістанга қарай жылжуының бір себебі осы... деген сөздер бар. Бұл оқиғаларға

11. Байланысты жазба дерек кездескен жоқ. Әдеб.: Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005. 62, 166-беттер.

№ 57 1748 жылғы 24 тамыз

Әбілқайыр ханның қазасы туралы

А.Тевкелевтің И. И. Неплюевке жолдаған хаты

Мәртебелі Иван Иванович тақсыр, сізге мына жағдайларды хабарлайды:

Бүгін маган Әбілқайыр ханның кісісі Итжемес келіп, екі хат тапсырды. Біреуі – сіздің атыңызға жазылған, екіншісі маган әрнапты. Маган жазылған хатта Әбілқайыр ханның Барап сұлтан колынан қаза тапқаны хабарланған.

Сізге осының алдында жазғанымдай, Әбілқайыр хан маган жолыбып, қарақалпақтарға бармақ болып, Ор бекінісінен аттанып кеткен. Қарақалпаққа жеткенде, Орта жүздің Барап сұлтанына кездесіп, екеуінің арасында ұрыс-керіс туып қалып, аяғы жанжалға үласқан; Әбілқайыр ханың жанындағылар аз болып, Барап сұлтанның адамдары көп болғандықтан, Әбілқайыр хан Барап сұлтанға едәүір қарсылық көрсеткенімен, өзі мерт болыпты.

Маган келген хатта жазылған сөздерді жаралы Әбілқайыр хан олерінің алдында айтып кетіпті. Хатты жеткізуші Итжеместің айтуынша, Әбілқайыр ханың өлімін Бопай ханша мен Қожахмет сұлтанға әлі естіртпеген көрінеді. Тек, Әбілқайыр ханың үлкен үлдары Нұралы, Ералы және Әділ сұлтандарға хабаршы шаптырып, олар Бопай ханшаның қасына шақырылса керек.

Білуімше, шекті руынан көп қол жиналып, Батыр сұлтанды олтірмекке аттаныпты. Өйткені, қазақ ел ағалары, Барап сұлтан мен ханың арасындағы жанжалға сол Батыр сұлтан себепкер, дейді. Батыр сұлтанның Қайып деген ұлын парсының [Нәдір] шахы Хиуага хан тағына отыргызын. Сол, Қайып сұлтан өзіне қалындыққа Барап сұлтанның қызын айттырган. Тағы сол Қайып сұлтан Әбілқайыр ханың жиені Досалы сұлтанмен қаны қас, өш екен. Осының бәрінің салдарынан Барап сұлтан Әбілқайыр ханмен өштесіп, ақыры түбіне жетіпти.

Итжеместің айтуына қараганда, Әбілқайыр ханың үлдары жиналып жатыр, аяғы қанды қырғынға апарып соғуы мүмкін. Ел

ағалары әсіресе, Айшуак сұлтан жөнінде мазалануда. Ол әлі естіген жок. Білуімше, Әбілқайыр ханның ұлдарының ішінде жүректісі де, шалт мінездісі де осы Айшуак деседі.

Әйтеуір, бұл оңай шаруа емес. Әбілқайыр ханның қазасы туралы ғана айтып отырган жоқпын, жалпы мына жағдайда біз өте-мөте сақ болуға тиіспіз. Әлбетте, патша ағзамның мүддесіне орай, қазақ арасында тыныштық болғанын тілейміз. Қазақтың ел ағаларының да пікірі осындай, әйтеуір тыныштық керек, олар да қарап жатпаған сияқты. Орта жұз өз ортасынан хан сайладап алыш, Кіші жұз өз арасынан аға хан сайламақшы.

Ал, менің ойымша, олардың сайладап алған хандарының қайсысын жақтасақ, сонысы бұл жақсылығымызды ұмытпас. Соған қараганда, осынау халықтың салт-санасына лайық бір ғана аға хан сайлау қажет-ау, деп ойлаймын.

Яғни, осылайша осы жолы жарлық жүзінде бір ғана аға хан тағайындалап алсақ, әрі қарай осы тәртібіміз салтқа айналып кетер еді. Осылайша өзімізге пайдалы басқа да тәртіп жосығын енгізуге мүмкіндік жолы ашылмақ. Осы ұсынысыммен қазір-ақ сізге өзім-ақ шауып барап едім, Айшуак сұлтанды жалғыз қалдыра алмай отырмын. Ол әкесінің қазасынан әлі бейхабар. Итжемеске де солай тапсырылған: Айшуаққа ханның өлімі туралы хабарды әзір білдірмеген жөн. Өйткені, біздің білуімізше, Айшуак сұлтан от жүректі, тым ұшқыр жан, әкесінің осылай өлгенін білсе, өзіне қол салудан, тіпті одан да жаман әрекеттеп тайынбайды. Сондыктан, оны қасымнан тастамай, ертіп жүргуте мәжбүрмін. Бірақ, ертең жанымдагы жасақты қалдырып, бар жұмысты майор Филатовтың мойнына артып, сізге 28 тамызға дейін жетпекпін. Қасыма саптағы әскер емес, ерікті жасақ алыш, сіздің дидарыңызды көруге шұғыл аттанып кетпекпін.

Мына бір ойымды білдірсем деп едім: Аталған шаруамыз аса маңызды болғандықтан, сыртқы істер алқасына арнағы жасауыл шаптырып, осы жағдайларды жедел хабарлап жеткізбес пе екенсіз. Өйткені, мұндағы жағдайды жете біліп, таныспаса, олар тиісті нұсқау да бере алмайды ғой, әрине, дүние-мұлік жағын шешіп берері анық. Ал, қандай дүние керектігін, оларды қайдан табамыз, біз білеміз ғой.

Бұларды, әрине, сіздің есінізге салып отырмын, басқа жайлардың анық-қанығын, мен Орынборға келгенде, күнделікті жазбаларымнан көріп, танысадыз. Содан кейін ақылласып-кенесіп алыш, оңтайлы ортақ шешімге келерміз. Орынборға келісімен, арнағы адам жіберу де қажет шығар. Ал, Әбілқайыр туралы қолымдағы хатты

сізге орысшаға аудармай жолдап отырмын, мұндағы тілмәш пен кошірмеші де аса сенімді жандар емес, сондықтан сыртқа жайып жіберер деп, аудартпадым.

Тұпнұсқасына қол қойған брегадир Тевкелев.

Журналы и служебные записки дипломата А.И.Тевкелева. // История Казахстана в русских источниках XVI-XX вв. III-том. Алматы. 2005. С.280-282.

№ 58 1748 жылғы 26 тамыз

Әбілқайыр ханның қазасы туралы
губернатор И. Неплюевтің сыртқы істер алқасына мәлімхатынан

...Әбілқайыр хан тараپынан қазактың Кіші жүзінде қандай бүлдіру әрекеттері жасалғаны, оның, тіпті Кіші жүзден тысқары жерде де, әсіресе, Орта жүздің билеушілері Әбілмәмбет хан мен Барак сұлтанға да қысымды күннен-күнге күшейтіп келе жатқаны сыртқы істер алқасына бұрыннан мәлім.

Әбілқайыр Әбілмәмбет ханға қысым жасап, ақыры Әбілмәмбетті Орта жүзді тастап, Түркістанға көшіп кетуге мәжбүр етті. Ал, Баракқа істегені асқынып кеткені сонша, Барактың бізге жіберген сауда керуені Әбілқайыр ұлысының аймағынан аман өткен емес. Әбілқайыр хан патша жарлығына мойынсұнъып келсе де, көбінесе уағдағана беріп, артынан орындармай, сиырқүйымшактатып кетуші еді. Кейінде, Орынбор бекінісінде бригадир Тевкелевпен кездескенде аманаттағы өз ұлы Қожахметті Айшуақпен айырбастап алды.

Тұтқындағы орыстарды жинап, бар мүлкімен маған алып келуге, бұдан былай Ресей жағына қастық жасамауға уағда берді; өзінің үлкен ұлы Нұралыны маған жіберемін деген еді. Ораза өткеннен кейін өзі де маған келмек болған. Міне, осының бәрін орындармай, өз ұлын айырбастап алғаннан кейін хабарласпай, жатып алған.

Ол ол ма, Әбілқайырдың иелігіндегі Кіші жүздің қазактарынан Ресей жағына одан да сорақы қастықтар болды. Атап айтқанда: Осы тамыз айының басында қазақ ұрыларының бір тобы жоғарғы Жайық дистанциясы тұсынан өзеннен өтіп келіп, башқұрттардың он алты жылқысын айдал әкетті. 15 тамыз күні Жайық өзенінің төменгі ағысындағы Елек бекінісі тұсында тағы да қазактар күзеттегі әскерге шабуыл жасап, төрт жылқыны өлтірген. Бұдан кейін, 17-күні жиырма

қазақ сондагы тұрғындардың біреуін тартып алып кеткен, бір атты өлтірген де, далаға қашып кеткен. Сонына түскен құғыншылар жете алмағаны туралы хабар алып отырмын.

Осының берінен кейін, сол аймақта көшіп жүрген қазақ ауылдарына хат жазып, әкеткен адамды тауып, тез қайтарындар, шығын болған маддың құнын төлеңдер, кінәлі адамдарды жазалаңдар және өздерін маган келіндер, деп ел ағаларына арнайы кісі жібергем.

Сол жіберген адамдарым әлі маган қайтып келген жоқ. Ал, Әбілқайыр хан не істеді десеңіз, оның ұлы Нұралы бізден қашып барған Кундрау татарларын 20-сына дейін қайтарып, әкеліп беремін дегенін мен мемлекеттік алқаға бұрын хабарлаган болатынын.

Әбілқайыр ханның өлімі туралы бригадир Тевкелев арқылы мынадай хабар алып отырмын:

Әбілқайыр ораза өткеннен кейін маган келемін деген уағдасын бұзып, маган келмей, қарақалпактарға аттанып кеткен көрінеді. Сол сапарда ол Барак сұлтанға кездесіп қалады. Азиядан шыққан саудагерлер келер жолда да, қайтар жолда да Әбілқайырдың ұлыстарын басып өтетіні мәлім. Міне, сол керуендерге байланысты Әбілқайыр мен Барак жанжалдасып қалған екен, арты ұрысқа ұласқан. Хан Баракқа қатты қарсылық көрсетіп, кеп соғысқан. Барактың жанына ергендер көп болып, Әбілқайыр ханды ұрып өлтірген.

Бірақ, оның өлімі туралы ханның бәйбішесі Бопай ханым мен ұлы Қожахметке әлі хабар берілмеген. Ел ағалары Нұралы, Ералы және Әділ сұлтандарға, ханның балаларына кісі шаптырып, ханымға естіртпек болған.

Шекті руынан көп кісі жиналып, Батыр сұлтанды өлтірмекке аттанады. Өйткені, жанжалдың бір ұшығы сол Батыр сұлтанда жатса керек. Батырдың ұлы Қайып парсы шахының қамқорлығында, сол парсы шахының құшімен Хиуаға хан болып отыр. Қайып - Барак сұлтанның қызын алған күйеу баласы.

Бұл хабарды әкелген Әбілқайырдың адамы Итжеместің айтуынша: «Әгәрекім, Әбілқайырдың ұлдары бас қоса қалса, қырғын қантөгіс болмақ».

Ханның атынан келген кісі әкелген хатты орысшага аударғанымызда (мәтінін мемлекеттік алқаға жіберіп отырмыз), хат ханның атынан жазылса да хан өлгеннен 9 күн өткен соң ғана хатқа түскенін көреміз. Және де хаттың мазмұны – ханның өлімі үшін Барактан кек алуға бастайды. «Баракты тұқымымен құрту керек және де қашқарлық саудагерлерді алып келген Барактың төрт адамы

өлтірілсін немесе Айшуақ сұлтанның қолына тапсырылсын, осылайша кегі қайтса, ханның әруагы жай табады», деп аманат турінде жазылған.

Казақ арасында бұрыннан, зор арандатушы болып келген Эбілқайырдың өліміне байланысты оның елінде үлкен талас-тартыс туып кетуі ғажап емес.

Оның ұлдары хандыққа таласып, Кіші жұздегі билікті заңсыз басып алуға ұмтылуы да әбден мүмкін. Мұбәдә, олар өзара қыркысып, қаншасы өлсе де, патша ағзамның мүддесіне келіп-кетер ештеңе жоқ, тек осындай аласапыран жағдайды біз өзіміз пайдаланып қалуымыз керек деп есептеймін.

Сондықтан, сіздерге мыналарды хабарлаймын: Мемлекеттік алқаға қазақ арасында хандардың билік әлуеті қаншалықты осал скендігі мәлім. Олар өздері қалай күпінгенімен, басқа сұлтандардың алдына дәрменсіз, халықтың ауанына қарай, хандардың билігі қүшеюі мүмкін де емес. Үнемі арандату, алауыз тартыс арқасында әскер күші жағынан біреуінен біреуі асып кетсе ғана, хандық мәнсапты иеленеді.

Мысалы, Эбілқайыр хан да бір кезде күшті жауынгер-батыр болып, әскер бастап, хандықты өз колына алған болатын. Әдетте, оларды хандыққа ежелгі хандық және сұлтандық тегі бойынша халық сайлайды, мұрагерлік жолымен хан болмайды. Ел ағалары мен халық қай сұлтанды сайлап алса, сол хандыққа лайық. Ал, олардың билік күші хандығына байланысты емес, халық шаруасын шешудегі ақылына және пысық іс-қимылына, жеке басының жігеріне байланысты екенін білеміз.

Алада, қазір қазақ халқы патша ағзамның қол астында болып есептеледі және патша ағзамға адалдық туралы ант берген, демек, жаңа хандарды бұрынғысынша, тек қана өз қалауымен сайлап алуына жол бермеу керек. Хан болатын адамды алдымен, патша ағзамның тексеріп білуі және келісімі керек болады. Сондықтан, хан сайлауды бетімен жібермей, қазақтар міндетті түрде патша ағзамның қалауына жүгініп, бүйрекшіна бойсұнуға тиіс.

Ал, әзірше қазақтар жас шамасына қарай немесе өз қалауымен Эбілқайырдың орнына хан сайлау үшін, алдымен патша ағзамның келісімін алып, өкіметтің сынағынан етуге тиіс қой деп ойлаймын. Бұл тәсілді алдағы уақытта да үзбей колданып отыру керек, Ресей патшасының мүддесіне қайшы келетін амалдар мен әдістерге жол бермейік.

Ал, енді тап мына жағдайда, Эбілқайырдың өліміне байланысты патша ағзамның мүддесіне қайшы келетін іс-әрекеттердің жолын кесу

үшін, мен өз тарапымнан Әбілқайырдың балаларына қасымдағы татар тілмәші Гуляев пен сақмар ел ағасы Қебікті, сенімді әрі қазақтың жағдайын жақсы білетін адамдар ретінде, жұмсауға үйғардым.

Олар ханның балаларына мениң атымнан көніл айтады, патша ағзамның пейілі бұрынғысынша оң екенін жеткізеді. Өрнекті сөзбен хат та жазып жібердім. Балалары ханның көзі тірісінде экесімен бірге ел басқаруға қатысқан еді, ал енді мына жағдайда патша ағзамның олардың экесіне жүктеген міндеттерін өз мойындарына алуы керек, тіпті олардың экесі марқұмның өзі патша жарлығын екі қылмаушы еді, деп жаздым.

Хан балалары өзара ақылдастып, қандай мәмлеке тоқттайтынын мениң жіберген кіслерім айтып келеді. Хатпен коса тілмәш пен Қебікке ауызша тәтпіштеп құлағына құйып, казак арасында жүргенде онда болып жатқан жағдайларды мұқият бақылап алындар, дедім. Ал, қазақтар хан сайлауды бастап жіберген болса, сырттай байқастап қана отыру керектігін тапсырдым.

Сондай-ақ Ордан кайтып келе жатқан бригадир Тевкелевке де жазып жібердім: ол да ханның балалары мен ханымға сыпайылал хат жазып берсін, деп...

Айтпакшы, өткен 1742 жылдың 27 қыркүйегінде мен Үкімет Сенатына жазған болатынмын: Менімен бір әнгіме үстінде Әбілқайыр хан көзі тірісінде өз орнына хандыққа ұлдарының біреуін мұрагер еткісі келетінін айтқан еді. Бұл жәнінде үлкен ұлы Нұралымен ақылдастып, патша ағзамға өтініш жазбақ нисеті болған. Бірак, ол ондай өтінішті ақыры маган жіберген жоқ, мен де қайтып сұраған емеспін.

Сол кезде Үкімет Сенатына хабарлағанмын: қазақтардың ханы хандықты өз еркімен алса да, халық сайласа да патша ағзамның келісімі мен бекітуімен ғана заңдастырылса, бодандықтың айрықша белгісі сол болар еді, деп...

Міне, сондықтан, Мемлекеттік алқа өткен 1743 жылдың 5 қыркүйегінде маган жарлық жіберген еді. Онда қазақтардың мұрагерлік жолымен сайланған ханын бекіту қажеттігі айттылған. Ал, енді байқап отырсам, хандар мұрагерлік жолымен емес, халықтың таңдауымен болады екен. Патша ағзамның қалауы бойынша хандардың мұрагерлік жолымен болғаны дұрыс, дегенмен, егер қазақтардың ел ағалары мен халқы оны құп көрмессе, қабылдамай қойса, оларды құштеп көндіру ыңғайсыз ғой. Сондықтан, бұл мәселені Үкімет сенатында айрықша қарап, бір шешімге келген дұрыс болар.

Ал енді, қазақтар Әбілқайыр ханның орнына жаңа хан сайлаған кезде, менің міндеттерім қандай, не істеуім керек, осының бәрі туралы сіздерден тиісті түсінік, нұсқау күтемін.

...Әз тарапымнан кеткен адамдарға: хан сайлауы басталып қойса, қай жағы басым болса, соның ығына жығыла беріндер, деп тапсырыдым. Сондай-ақ, Әбілқайыр ханды өлтірген Барак сұлтанға келетін болсам, ол жөнінде де мемлекеттік алқаға бұрын хабарлағанмын. Барак сұлтан Орта жүздегі ең қуатты, халқы көп найман руының билеушісі, бүкіл Орта жұз сияқты Сібірге қарай өрлей жайлап-қытайтады. Оған қоса, ол өзін бүкіл казак билеушілерінің арасында артық жаратылғандай санайды, соның ішінде Әбілқайыр хан мен оның балалары алдында да тәқаппар. Сондықтан, Әбілқайыр ханниң балалары әкесінің өлімі үшін одан ашықтан-ашық кек алуға белсене қоюы негайбыл, қандай да бір жасырын жолмен болмаса.

Мен, өз тарапымнан Үй әскер шебі арқылы Барак сұлтанға арнағы хатпен кісі жібермекпін. Хатта Әбілқайыр ханмен екеуінің арасында не болғаны жөнінде бір сөз де жазбаймын, ештеңе білмеген адамша, оның жақсы-жайлы тыныш журіп жатқанын сұрап, қолтығына дым бүркіп, қолпаштап қана қоямын, шынында оның бізге жақ екені рас та. Содан кейін біздің жаққа Азия саудагерлерін бастап әкелуі жөнінде ұсыныс білдіремін...

Иван Неплюев, секретарь Иван Коптяев

Ресей империясы сыртқы саясатының мұрагаты. Қазақ істері қоры, 122-тізбе 1748 жыл, 3-ic212-219-сырт. пар.; Казахско-руssкие отношения в XVI-XVIII веках (Сборник документов и материалов). А. 1961 г. док. № 152. С. 392-395

№59 1748 жылғы тамыз

Әбілқайыр ханниң «соңғы хаты» [1]

«Ұлығ мархабатты һәм мәртебелі патшамыздан сұраймын, мені қорғаңыз. Ізгі ниетті һәм құрметті, адал, шын жүректен берілген ежелгі досым бригадир мырза Құтты-Мұхамет мырза Тевкелевке мынадай өситет арнаимын: Бұл өмірде маган қамсыз-мұңсыз қамқорлық жасаймын деген уағдаңыз бар еді, бірақ мен бүгін қамығып отырмын. Құдай тағала бізді енді о дүниеде табыстырысын.

Менің ақырғы сөзім: Бір Алла мен касиетті пайғамбарымызға жалбарынып, сізді жалғыз-ак жаратқанға тапсырамын. Бұрынғы уағданызға қарай менің тілегімді орындастын болсаңыз, қазамды ескерусіз қалдыра көрменіз, сізге берген сертім жүрегімде кетеді. Сіздердің қолыңыздығы Айшуақ сұлтан мен алшынның ігі жақсы билерінің балаларын қеңіліне қаяу түсірмей, жақсы қутіп ұстаңыздар, менің әuletім қараусыз қалмасын. Алшынның Қытай, Әлкожа, Қожанай билерін жаңыңызға алып, менің ұлдарыммен бірге Орта жүздің Барак сұлтаны мен басқа да жауларымның көзін жойып, жақын-жықтарымды жұбататын болындар. Егер осы аманатымды орындаім, аманаттағы балаларымды қайтармасандар, бұларды басқа ешкім орындаі алмайды, о дүниеде бір құдайға тапсырамын.

Менің қазам үшін кек алмай, әруағымды елеусіз қалдырмаңыздар.

Менің соңғы айтарым. Орта жүздің Барак сұлтаны, сіздермен жақындақсаным үшін һәм қалмақ жағына жағындың деп қызғанып, Ресейдің маған тигізген шарапатына іштарлық етіп, көре алмағандықтан, бір мың адаммен келіп мені мерт етті. Сөйтіп қазақ елін тоз-тоз қылуды бастады.

Менің бауырларымды өлтірген (қашқарлықтарды бастап келген) төрт адамның көзін жойындар, ейтпесендер, Айшуақ сұлтанның қолына тапсырындар. Мен өлемін, бірақ, әруағым разы болар.

Менің Бопай ханымым мен балаларымды, халқымды сыйланыздар, жетімдік көрсетпеніздер.

Тайный советник әрі кавалер, биік мэртебелі Иван Иванович Неплюевк ұзак өмір тілеймін.

Егер, менің халқымды бұдан былай да алаңсыз, бодандықта ұстаймыз десендер, саудаға келген белгілі-белгілі үш-төрт адамды ұстап, Айшуақтың қолына беріндер, сонда барлық іс орнына келеді. Осыдан төрт күн бұрын Барактың адамдары, ішінде керей руының жігіттері бар, жылқы саудалауға кеткен. Соларды ұстап генералға тапсырындар. Егер ұстап қалмасандар, ақыры не боларын бір құдайғана біледі.

Үш мың адамнан қарулы қол жасақтаңдар: оның бір мыңы орыс, бір мыңы қалмақ, бір мыңы башқұрт болсын. Оларға он зенбірек беріліп, алшынның маған қараган жасақтарымен менің ұлысыма барсын. Менің ордамды шапқыншылықтан сақтап, менің өлімім үшін Орта жүзден кек алындар. Осы айтылғандарды бір құдайдың құдіретіне, патша ағзамның еркіне тапсырамын. Бәріне өздерің күәсіндер, ал қалған тілегімді о дүниеде айтартмын.

Қандай күнәм болса, Алла тағала кешірсін; кімге, қандай жынысы болса – кешу өтінемін. Бұл хат сейсенбі күні Қытай бидің үйінде, хан салтанатының тоғызыншы күні жазылды.

Хаттың соңында: «Қазаға түсірген әл-Мұхаммет, басымды иіп, күшдік ұрамын», деп қосып жазылған. Әбілқайырдың хандық қара морі басылған. (әл-Мұхамет деген есім Тевкелевтікі болуға тиіс. – З.Т.)

В. Витевский. И. И. Неплюев и Оренбургский край... деген кітабының III-томы, 716-717- беттері.

[1] Әбілқайыр ханның соңғы хаты - Торғай облыстық басқармасының мұрагатына 1748 жылы өткізіліп, №16/20 санмен іркелген «Әбілқайыр ханның қазасы туралы» деген істе сақталған осы хаты және «Әбілқайырдың ақырғы хаты» деген мәтінді салыстыра отырып, зерттеушілер әртүрлі пікір білдіреді.

1748 жылғы 3 қыркүйекте Ресей сыртқы істер алқасына жолдаған мәлімхатында И. И. Неплюев бұл хатты «... не оның бәйбішесі, әйтпесе, басқа бір серігі жазған болуы әбден мүмкін», деп күмәнін жасырмады.

Осыған қарағанда, хатқа Әбілқайыр ханның авторлығы туралы дұдемал сол кезде-ақ, ханның аяғы жасырынбай тұрғанда пайда болған. (Кейінгілер, бәлкім, осы тұжырымды қайталап келе жатуы мүмкін, сондықтан, А. И. Добросмыслов та, біздін замандасымыз И. В. Ерофеева да бұл мәтіннің де авторы Бопай ханым болуы мүмкін, дегенді айтады. (Добросмылов А.И. Тургайская область... 80-бет; Ерофеева И. В. Хан Абулхайр... 298, 315-беттер). Бұған дәлел ретінде Бопай ханымның ақыл-парасатының молдығын және алғырлығын көлтіреді. Кезінде Әбілқайырды орыс билігіне қарсы оғаш қылыштардан тежеп ұстая үшін, шегара бастықтары Бопай ханымды пайдаланбақ болған. Оған түрлі бағалы сыйлықтар ұсынып, еріне ықпал етуге үгіттеп те көрген.

Ал, «Әбілқайырдың ақырғы хатын» жазған ханның бірден-бір жақын досы, ақылшысы әрі, қолғанаты Жәнібек батыр болуы мүмкін, деген А. И. Добросмысловтың жорамалы да кисынсыздау. Қаза боларының алдында хан әлде бір жағдаймен Жәнібекпен қатты сөзге келіп қалған, деген де дерек бар. Бұл жәнінде А. И. Добросмыслов: «Жәнібек батыр ханның өліміне байланысты ханымға көніл айтуға бармапты. Себебі, ханның ұлдары әкесінің қазасы үшін кек алмағанына түнілген» деген мағлұмат естігенін жазады. Ал, біздің

көзіміз жетіп отырғаны – шынында да Жәнібек батыр Әбілқайыр ханың шаңырағына 1748 жылғы 27 қыркүйекте, яғни, хан қазасынан бір ай өткен соң ғана келіп, көніл айтқан.

Деректі қайдан алса да: «Хатты жаздырған Бопай ханым, ол ханың қазасынан тоғыз күн бұрын жаздырып қойған. Себебі, Әбілқайыр, әйтеуір бір күні өзінің қаза болуы мүмкін екенін сезіп, «Мен олай-пұлай болып кетсем, осы мазмұнда хат жазып, Тевкелевтің қолына жеткіз», депті-міс. Бұл да Добросмысловтың жазбасынан. Солай болған күннің өзінде, хаттағы өсiet сөздер Әбілқайырдікі және өз аузынан аманат ретінде айтып кеткен, дегенге сенгіміз келеді. Және, Бопай жаздырған десек те, Әбілқайырдың қаза тапқанын естімей тұрып жазғанын байқау қыын емес.

Өйткені, «Әбілқайыр ханың ақырғы хаты» Тевкелевтің қолына бұрын тиғен және сол сәтте Тевкелев ханың өлімінен әлі бейхабар болған. Ал, Бопай ханым мен Қожахметтің хаты Тевкелевке бұдан бірнеше күн кейін жеткен. Осы хаттағы «Барақ сұltан Әбілқайырға өштігін әлденеше рет хатпен білдіріп еді», деген сөздердің де Әбілқайырдың күні бұрын сезіктенгенін білдіреді гой. Соңдықтан, өзі жазбаса да, айтып жаздырмаса да, Бопай ханымға алдын-ала өсiet етіп кеткен, өсietі содан кейін қағазға түскен, демек, хаттың авторы Әбілқайыр демеске шара жок.

«Әбілқайыр ханың соңғы хаты» деген құжатты тұңғыш рет баспа бетіне шығарып, өзінің іргелі еңбегіне енгізген В. Н. Витевский бұл хаттың Әбілқайырдікі екеніне шек келтірмейді. «Өзі қаза болардан бірнеше күн бұрын Әбілқайыр хан осы хаты Тевкелевке айтып отырып жаздырған, 1748 жылғы 26 тамызда Неплюев ханың қазасы туралы Тевкелевтен естіді және оның қолынан осы хаты алды», деп анық жазады. (Витевский В. Н. И И. Неплюев и Оренбургский край... 716-бет). Сейте отырып, Витевский екінші хатты – Бопай ханым мен Қожахмет сұltаның хатын факт ретінде атайды да, мәтінін бермейді, мазмұнын да жазбайды. Демек, екі хатты салыстыра қарауды мақсат етпеген. Бұл жағдай да В. Н. Витевский сияқты ықтиятты зерттеушінің «Әбілқайырдың ақырғы хатына» ешқандай сенімсіздік тудырмағанының дәлелі дейміз.

1748 жылғы 3 қыркүйекте Ресей сыртқы істер алқасына жолдаған мәлімхатында И. И. Неплюев Бопай ханым мен Қожахмет сұltаннан хат алып отырғанын хабарлап, осы хаттың мазмұнын беріпті. Тіпті, кейбір жерлерін сөзбе-сөз қайталаған. Сонымен, бірге, «Әбілқайыр ханың ақырғы хатын» еске алып, «...ханың атынан

жазылған хаты не оның бәйбішесі, әйтпесе, басқа бір серігі жазған болуы әбден мүмкін», деп күмән келтірген.. Ал, зерттеуші А. И. Добросмыслов: «Хатты жаздырған Бопай ханым, ол ханның қазасынан тогыз күн бұрын жаздырып қойған. Себебі, Әблқайыр, әйтеуір бір күні өзінің қаза болуы мүмкін екенін сезіп, «мен олай-пұлай болып кетсем, осы мазмұнда хат жазып, Тевкелевтің қолына жеткіз», деп жазады, деректі қайдан алғанын, кімнен естігенін көрсетпеген. З. Тайшыбай.

№ 60 1748 жылғы 28 тамыз

Бопай ханым мен Қожахмет сұлтаниң

И. И. Неплюевке жазған хаты

Ұлы мәртебелі императрицаның қызыметшісі, тайный советник, кавалер Орынбор губернаторы И. И. Неплюевке біз, Бопай ханым мен Қожахмет сұлтан ұзақ ғұмыр тілейміз. Алдыңызға бас ұрып, тағымы етіп, хат жолдап отырмыз. Оның мәнісі мынау: Асқар таудай ардақты ханымызды сіздерге жақындығы үшін әрі қалмақ жағынан қызғанып, Барак сұлтан мерт қылды. Сол Барак сұлтан бұрын да ханға бірнеше рет хат жіберіп, ханды қалмақтардан қызғанатынын білдірген, сол үшін де Барак өз ұлын қалмақтарға өткізіп те қойды. Ол біздің ордамызды талқандамақ болып, қаһарын төккен, міне, айтқанын істеп, ханымыздың қанын текті, ажалына жетті. Барактың мұндай жауыз қылышы сіздің де абырайыңызға қара дақ салды.

Сондықтан, осы бір кара жамылған, қайғылы күндерде сізден қорғаныш іздейміз. Жауымыз жырақта емес, аяқ астынан қастық қылудан тайынбайды. Орта жұз бізге түгелдей жат емес, Жәнібек тархан жақтайды, он екі ата алышын, байұлы мен жетіру бізді қолдайды. Олардың бәрі ханның жоғын жоқтайтынын да білеміз. Бірақ, сонда да сіздің жалғыз ауыз жұбату сезініз, біз үшін мың ділдәдан да қымбат. Біздің кадірімізді сіз білесіз, біз де сізді бағалаймыз.

Басымызға түскен мына бақытсыздық жағдайында қайғымызға ортақтасып, хан үшін кек алуға демеу болыңыз, біздің осы жалғызғана тілегімізді аяқсыз қалдыра көрменіз: саудагер қашқарлықтарды ертіп келіп, сіздер жаққа өткен төрт казакты Айшуақ ұстады дегізіп, қолымызға беріңіз. Олар: Елқондының інісі Намаз, Есенәлі Дүйсенбаев, Қожаназардың ұлы мен Нұрғалидің інісі Бигелді. Бұларға

коса таяуда саудага салуға жылқы әкелген Сырымбет батыр, жолдастарымен тағы бар. Міне, ханның өліміне жазықты тап осылар.

Ханның қаза болуының мән-жайын сол ханды оқиғаның басықасында болған Қытай бидің ұлы Қосқұлақ айтып берер.

Біздің ойымызша, Орта жүзге әскер жіберіп, саудага келгендердің бәрін ұстасаныз, қатысы бар болса, алшындықтарды да ұстап, Айшуақтың қолына берсеңіздер, деп едік. Мына жағдайда біздің қолымыздан ештеңе келмейді.

Әкесі марқұм Нұралы сұлтан өзінің орнына хан болады деуші еді, оған жауши шаптырып, шақырта жібердік, келіп те қалар деп күтіп отырмыз. Қара жамылған бізге ақыл кенесінді айтыныз. Біз не істеуіміз керек? Қалай болғанда да, әкеміздің қанын жоқтаусыз қалдыра алмаймыз. Барақ қалмақ арасына кіріп кетсе де, сіздің құрығыңыз ұзын, билігіңіз күшті, ол жақтан да сурып алғын жағдайыңыз бар ғой, біздің үмітіміз Сізде ғана.

Торғай облыстық басқармасының мұрағатынан алып, «Тургайская обл...» деген кітабына қосқан А.И.Добросмыслов.

№ 61 1748 жылғы З қыркүйек

Орынбор губернаторы И. Неплюевтің Сыртқы істер алқасына мәлімхатынан

Өткен тамыз айының 26 күні... қарақалпақтарға бара жатқан жолда, қазактың Әбліқайыр ханы, Орта жүздің Барак сұлтанының қолынан қаза тапқанын, осыған байланысты артында қалған балаларына көңіл айту үшін тілмәш Гуляев пен сақмар ел ағасы Қебікті хат жазып жібергенімді хабарлаған болатынмын.

Және де ол екеуіне ауызша тапсырғанмын: «Қазақтарға түсіндіріп айтыңдар, егер олар хан сайлайтын болса, жана ханды патша ағзам бекітеді, сондықтан, патша ағзамға тиісті өтініш беріңдер», деп. Сондай-ақ, бригадир Тевкелевке де осы мазмұнда хат жазғанмын.

Алайда, 27 тамызда Тевкелевтен хат алдым. Ол маған быладай деп жазыпты: «Марқұм Әбліқайыр ханның отбасы жағынан кімге хат жазайын? Нұралы мен Ералы сұлтандар шешесіне әлі келмепті. Ел ағалары Ералы сұлтанға баратын жолдың қауіпті екенін, тек Жайық бойындағы қалашықтар арқылы ғана баруға болатындығын ескертіпті. Менің жіберген адамдарымды да ханымға және оның балаларына жолықтырмаяуы, тіпті өлтіріп тастауы мүмкін, ең болмаганда

тұлдырдай тонап қоя береді дегенді естіп, кісілерімді әрі қарай жібермей отырмын. Сондықтан, патша ағзамның мүддесіне нұқсан келмес үшін, қандай әрекет жасасақ та, ақылдастып алайық», депті. «Қазақ ортасында хатты тапсыруға лайық кісі жоқ, адам жібер десең, жіберейін», депті.

Әрине, мен: «Гуляев тілмәш пен ел ағасы Көбікті жібер, олар Барактың ауылдарын баспай, тікелей Кіші жұз арқылы баратын болсын», дедім.

Ханым да, оның балалары да, олардың ел ағалары да брегадир Тевкелевтің Әбілқайырмен ертеден тамыр екенін біледі. Сондықтан, Тевкелевтен көніл айту хаты бармай қалса, көнілдеріне құдік ұлауы мүмкін деп ойладым да, оның келуін күттім. Ақыры, 28 тамыз күні тұс әлетінде Тевкелев Әбілқайырдың ұлы Айшуақ сұltанды ертіп маган келді. Сондай-ақ, мен жіберген тілмәш пен Көбікті әрі қарай жөнелтудің орнына, өздерімен бірге орта жолдан қайта алып келіпті. Сол күні кешке қарай, Кіші жүзден жаушылар да жетті. Әуелі Нұралы сұltан жіберген екеу, сонынан Бопай ханымнан және оның бұрын осы жерде аманатта болған ұлы Қожахмет сұltannan екі кісі маган хат ақеліпті.

Нұралы сұltанның хатын оқысам, ол әкесінің өлімін әлі естімепті. Қазір Нұралының ауылы хан ордасынан алты күндік жерде көшіп жүргенін, өзі інісі Дос сұltannan шақыру хат алып, Арал жағына барып қайтқанын, қалмақтар олардың елін шауып, жылқысын әкеткенін жазыпты.

Ал, Бопай ханым мен Қожахмет сұltан Әбілқайырды Барак сұltан өлтіргенін жазыпты. Хатта: «Әкесі марқұм өзінің орнына Нұралы сұltан хан болады деуши еді, қазір оны шақырттық, әне-мине келіп те қалар деп күтіп отырмыз», деп жазыпты. Оған қоса, осынау қайғы үстінде не істеу керек? деп ақыл-кеңес сұрапты. Хан үшін кек аллатынын, Барактың саудасын жүргізетін қашқарлық төрт саудагерді ұстап отырғанын, әкесінің қаны үшін кек алмай қоймайтынын, бүкіл Орта жұз, Жәнібек тархан Әбілқайырды жақтайдынын, он екі ата алшын байұлы, жетіру, ханды жоқтал отырғанын жазыпты.

Бұл хаттарды мемлекеттік алқаға жіберіп отырмын. Хат ақелгендердің біреуі – Қытай би. Бұның айтуына қарағанда: «Әбілқайыр хан төменгі қарақалпақтарға бұрын да тиісіп, талай береді екен. Бұл қарақалпақтар 1742-1743 жылдары патша ағзамның қарауына кірген, ант берген. Сондықтан, екі мың шаңырақ қарақалпақ бұл қысымға шыдай алмай, қазақ даласына жырыла көшпек екен. Мұны білген Әбілқайыр хан да, Барак сұltан да қарақалпақ көшіне

карсы аттанған. Бірак, Барак бұрының рак жетіп, қарақалпактардың бір белігін өзіне қаратып алған. Ал, басқалары Барак бізді шауып алды деп ханға шағыныпты. Сонан соң, Әбілқайыр хан Баракты тілдеп, қарақалпактарды өзіне тартып алыпты және Барак сұltаннан ат-шапки айып талап етіпти.

Әрине, Барак бұған қатты кейіп, кектенеді (олардың арасы бұрыннан да жайлыш емес екені туралы мемлекеттік алқаға мени алдында жазғанмын). Сондай жанжал үстінде Барак ештеңе айтпастаи, атқа мінеді, қасындағы қазақтары да атқа мініп алады да, ханға қарсы тұра ұмтылады. Екі жақ едәүір қақтығысып, бір уақытта Барактың бір кісісі ханды найзамен түйреп, аттан түсіреді. Сол-ақ екен, Барак сұltан аттан қарғып түсіп, үш рет пышақ сілтеп, ханды жарыш тастайды. Әбілқайыр хан сол жерде өледі. Барак жанындаш кіслерімен аттанып кетеді.

Ал, Барактың да, ханның да жанындағы қазақтар бұдан кейін соғыспаган. Соған қарағанда, Әбілқайыр ханның атынан жазылған хатты не оның бәйбішесі, әйтпесе, басқа бір жақын серігі жазған болуы әбден мүмкін. Мен Әбілқайырдың бұл хатын сіздерге 26 тамыздағы хатыма қосып жолдаған болатынмын. Сондықтан, ханым мен оның балаларына арнайы кісі жібергенім дұрыс болған деп отырмын, мұндай қаза үстінде оларды ескерусіз қалдыруға болмайдығой.

Бұл жөнінде Тевкелевпен ақылласқанымда, ол әуелде жарытын ештеңе айтпаса да, кейін менің әрекеттерімді мақұл көрді. Тек, оның қосып айтқаны мынау болды: Гуляев пен Көбікке Айшуақ сұltаннан қызметшісі Байбекті қосып жіберу керек еді, өйткені, Байбек коп тірісінде ханға да, оның артында қалған ханымы мен балаларына да жақын, жұғымды адам, есті кісі. Сондықтан, біздің жақтың мән жағдайын қазақтарға, олардың ел ағаларына дұрыстап түсіндірер ели. деген пікір білдірді.

Сондай-ақ, Гуляев пен Көбікке Ор бекінісіндегі татар, казақтардың атаманы Смайыл молланы да қосып жіберуді ұсынышы Смайыл молла салауатты адам, соның алдында Тевкелев оны Нұралы сұltанға жіберіп алыпты, қазір Нұралыға барып келгеннен кейін маған жолықкан.

Тевкелевтің бұл ұсыныстарын мен, әрине, жөн көрдім. Әсіресе Байбекті жібергенім дұрыс болған. Кейін, ханымнан сәлем әкелисін Жолымбеттің айтудынша, Байбекті ханымның өзі де шакыртыны отырған көрінеді.

Сөйтіп, мен Гуляев пен Көбіктің қасына Ор бекінісінің атаманы Смайыл молланы және Байбекті ертіп, ханым мен Нұралы сұлтанға аттандырыдым. Және де өз атымнан көңіл айтып жазған хатымды беріп жібердім.

Оларға аузыша айтып түсіндірдім: «Ханның орны толmas қазасына біздің де қайғырып отырғанымызды, патша ағзамның хан әuletіне деген мейірімі шексіз екенін жандарына тигізетіндей етіп жеткізіндер, ақыл-кенес айтыңдар, деп. Қалай қын болса да, отбасы шаруасын, халық жағдайына байланысты мәселелерді ел ағаларымен ақылдасып, асықпай, байыпташ шешсін. Патша ағзамның келісімінсіз үшқары жұмыс жасамасын, олардың барлық мұддесіне, хал-жағдайына патша ағзам үнемі қамкор болып отырады деп, сендіріндер», деп тапсырдым.

Ал енді, Нұралыға Кундров татарлары туралы, немесе олардағы тұтқындар туралы ештеңе жазған жоқпын. Бұл мәселелерді қазактар билікті орнына келтіріп, тыншықкан соң да шешуге болады ғой, деп ойлап отырмын. Оған қоса бригадир Тевкелев те өз тарапынан көніл айтып, хат жазып жіберді. Олар Тевкелевті жақсы біледі, демек одан да хат барғаннан кейін көнілдері орнына түседі, біздің жакка құдік ойламайтын болады.

Тілмәш Гуляевті, ел ағасы Көбікті және оларға қоса Ор атаманы Смайыл молланы жөнелтіп тұрып, оларға мына шаруаларды тапсырдым:

1.Ханымға және сұлтандарға барғанда менің атымнан Әбілқайыр ханның қазасына байланысты көңіл айту үшін арнайы келгенін, мұндай қаралы жағдайда патша ағзамның мейірімін ел ағалары мен қазақ халқына білдірмек екенін айтады.

2.Қазак арасында болғанда, ондағы әңгімелерге құлақ түріп, хал-жайды мұқият бақылайды, ниеттері қандай екенін байқайды. Әбілқайыр ханның өліміне байланысты Барактан кек алу ойларында бар ма, болса қандай қам қылып жатыр, Баракқа және оның еліне қалай шабуыл жасамақ екенін біліп жүргулері керек.

3.Ханымға: сұлтандар мен ел ағаларына басу айтып, олар өз ішінде тәртіпті қолға алып, тыныштық орнатуы керектігін, әйтпесе алауыздықтан пайда жоқ, өз ішінде келісім-түсіністік болмаса, елге қын болады, іс-әрекеттері патша ағзамның заң-тәртіпперіне сәйкес келсе ғана халыққа жайлы болмағын, бұл жөнінде менің хатымда да, Тевкелевтің хатында да анық жазылғанын айтып түсіндіреді.

4.Қазактар тыныштанып, хан сайлау туралы сөз қозғалатын болса, олар өздері сайлаған хан жөнінде ру таңбаларын басып, патша ағзамға хат жолдауы тиіс немесе хандыққа кімді сайлағысы келетіні жөнінде қолдарын қойып, өтініш береді, патша ағзамнан келісім тілейді. Және айту керек, сайланған ханның өзі өтініш жазса, патша ағзамның бекіткен бұйрығын алғаннан кейін, билікке ешбір бөгетсіз кірісе бере алады. Осылайша сайланған ханға патша ағзам тиісті дәреже береді және мұндай хандар басқа билеушілерден гөрі мәнсабы жоғары, мәртебесі биік болмақ, деген жағдайларды айтып түсіндіреді.

5.Ал енді, Әбілқайыр ханның жоқшылары: Барактан кек алуға үкімет тараپынан көмек, қолдау бола ма? деп сұрай қалса, бұл жөнінде бізде әлі хабар жок, сондай-ақ, Барактың өз елімен қай жақта көшіп жүргені беймәлім, әуелі соны біліп алып барып, хабарлау керектігін, содан кейін патша ағзамның нұсқауын құту керектігін түсіндіреді. Және де үшінші тармақта айтылғанындей, әуелі ел ішінде тыныштық орнатып алу керектігін тағы да естеріне салу қажет. Және де айту керек, менін тараපымнан Баракқа кісі кетті, олар Сібір жағының кейбір мәселелерін шешіп қайтады, менің де Барактан хабар күтіл отырғанымды жеткізеді.

6.Егер ханымның хаты бойынша: «қашқар саудагерлерін бастап әкелген Барактың кісілері ұсталды ма?» деп сұрап қалса, оған былай жауап беру керек: «Ол қазактар ханымның хаты келгенше саудасын бітіріп кетіп қалған және де Барактан кек алу үшін мұндай сұмдықтың үстінде төрт адамды, тіпті он адам болса да, өлтірген дұрыс болмас, онымен Сіздердің кектеріңіз қайтпайды», деп жауап беру керек.

7.Нұралы сұлтан, немесе басқа біреу хан сайлаудан кейін осында маған келемін десе, бетін қайтармау керек. Қайта патша ағзамның ықыласы мол, пейілі кең екенін, жақсы қарсы алатынын айтып қою керек. Қауіпсіз болу үшін, ханым Ресей бекіністеріне таяп келіп конғысы келсе, оған қарсы болмаймыз, біз оларды далада қалдырмаймыз, бекіністе де қабылдайтын боламыз. Әсіресе, ел ағалары мен халыққа: тыныш болуды, ханның әuletіне бұрынғысынша сый-құрмет көрсетіп отыру керектігін ұғындырган жөн.

8.Қазактардың жиынында не болғанын бізге хабарлау үшін Кебік пен Ор атаманы [Смайыл молла] шүғыл қайтып келеді де, тілмәш Гуляев, қазактар толық тарағанша, сонда қала тұрады. Егер хан сайланатын болса, онда сол жаңа ханды да осында келтіруге күш салу керек. Ал, ханымға: қысқа дейін сол бұрынғы мекенінде болсын,

кандай да мұқтажы жайында, бізге хабарласып тұрсын, деп айту көрек.

Сонымен бірге, тілмәшқа да, оның жанындағы серіктеріне де күпия түрде ерекше тапсырып жібердім: Егер қазактар хан сайлауды бастап жіберетін болса, олардың ісіне өздерің араласпаңдар, бірақ хандыққа таласуышылардың қай жағы басым болса және қай жағы сайлануы мүмкін екеніне көздерін жетсе, сол жағына қолдау көрсетіп, жақындаса, жағына беріңдер, дедім.

Және осы хаттың төртінші тармағындағы жағдайды колданындар. Ал енді, екі жақ та хандыққа таласып, мәмілеге келмейтін байқасаңдар, екі жаққа да жоламай, бәлендей қабақ бөрмей, бейтарап жүріндер, дедім.

Мен жіберген Байбек [1] деген қазактың ел ішіндегі беделі артық. Сондықтан, тілмәш пен басқа серіктердің арасынан ханыммен бірінші тілдесіп, сөз бастайтын сол болады: «не айтылса да, ханым мен хан тұқымының мұддесінен басқа сөз қоспа», деп Байбекке тапсырдым.

Біздің үкіметтің Әблікайыр ханның әuletіне деген қадір-күрметтің дәлелдеу үшін Жайық бекінісінен Ор бекінісіне дейін, тіпті жоғарғы Жайық бекінісіне дейінгі аралықтағы қүзеттерге нұскай бердім: «Егер хан тұқымынан біреулер келіп, бері қарай өтемін десе, оларды бекініске бөгетсіз өткізіндер, бекіністе қабылдап, одан әрі шығарып салындар, қазақ даласына еркін кете берсін», деп. Және де мұның бері туралы күзет адамдары рапортпен бізге хабарлап отырады.

Ал, Байбек пен тілмәшқа көзбе-көз тапсырдым: «Егер, ханымға өз елінен қандай да қауіп төнетін болса, біз оларды қанатымыздың астына алып, бекіністе пана болуға әзірміз».

Байбекке тағы мынаны айттым: «Мынадай аласапыран жағдайда жонғарлар қазактардың керуендерін тонаитындағы қауіп төнсө, қазактар бекіністерге таяп келсін, біз оларды далаға тастанамаймыз. Ол қазактардың өздері де сауда керуендерін тонаудан тыйылсын, бұл жөнінде олар бүрін аз бүлдіріп жүрген жоқ».

Хаң қазасының себептерін, уақиғаның мән-жайын тезірек және толық білуге, Кіші жұз бен Орта жұздің белгілі адамдары мен халқы қандай ойда екенідігін барлап білуге кірістім.

Орта жұздің атақты ел ағасы, таяуда маған келіп кеткен Жәнібек тарханға хат жазып, арнайы кісі жібердім. Одан жағдайдың мән-жайын хабарлауды сұрадым: «Барақ ұлтан қазір қайда, оның жағдайы қандай; хан тұқымының Барак жөніндегі ойына қалай қарайды?

Төрелерді жақтайтын қазақтар жөнінде пікірі қандай? Барак туралы Жәнібектің өз пікірі қандай? Бұл жағдайды патша ағзамның (Ресейдің) мүддесіне бейімдеп, қалай реттеуге болады? Осының бәрін сұрап. Жәнібекке жазған хаттың көшірмесін сіздерге жіберіп отырмын.

Осы жағдайларды сыртқы істер алқасына хабарлап отырмын.

Кіші жүз беріп Орта жүздегі басқа да жағдайлар туралы 26 тамыздагы хатымда сіздерге жазған болатынын.

Тевкелевтің ойынша, берік тәртіп және тыныштық болуы үшін барша қазаққа ортақ бір аға хан сайлау керек, дейді.

Ал, менің пайымдауымша, қазақ халқына ерекше жеке хан сайлау қажеттігі былай тұрсын, мұның өзі бізге зиянды болады, деп санаймын. Қазақтың жағдайында жеке бір аға хан сайлау мүмкін де емес. Басқалардан артық танылатын ханды таңдау үшін оларға көп күш керек.

Менің ойынша, мұндай жабайылау халықтың екі жүзінің басын біріктіріп ұстадың өзі – патша ағзамның мүддесіне сай келмес еді. Алда-жалда халық толқып кеткен жағдайда, бір ғана күшті хан ие бола алмай қалуы мүмкін, екі жақтың бабын бірдей табу онай емес. Сондықтан, екі жағын да күшетпей, дәл осы жағдайында, биліктің осы формасын сақтап отырған дұрыс сияқты.

Менің ойынша, Әбліқайыр мен Барактың тұқымдарының бәсекелес болуы осынау халықты ауыздыктап, таразының екі басын тең ұстап отырудың бірден-бір шарты. Қазақтарға хан сайлау жөніндегі менің ұсыныстарым қазақтар үшін хандық дәстүрдің манызын көтеру емес, хан дегенге жай ғана атақ-мәнсап ретінде ғана қаруға бағытталған. Сондықтан да жоғарыда аталған әрекеттерді жасап, мына құрделі жағдайда ешқандай күдігі қалмасын деп, ханды өздері сайладап алғыны жөнінде патша ағзамның тарапынан дәмелендіріп қана қойғанмын.

Хан сайлау, оны патша құзыретімен бекіту тәртібі осы жолы-ақ іске асып кететін болса, келер уақыттарда да қазақтар бұл дәстүрге еріксіз көндігер еді. Сондықтан, мен оларға жазған хаттарымда, ауызща нұсқауларымда: «кімді сайладап алса да еркі» дегенде, белгілі бір сұлтанды жақтап отырған жоқпын. Сайланған ханды бекіту жөнінде етініш түсіріндер, дегеніме қазақтар да қарсы емес. Сондықтан, Әбліқайырдың ұлдарының ұлкені Нұралыны сайладап алса да, бізге бәрі бір ғой. Халық кімді қалап отырса, соны қолдаймыз, араласпайық, деп отырғаным, сондықтан.

Оның үстіне, бір рет сайланып кетіп, билікті қолына алғынан қойған ханды басқа бір себеппен, патша жарлығын шығартып, лауазымынан айырып жатсак, ол да дұрыс бола қоймас еді.

Әлбетте, Әбілқайыр, бір кезде, қанша бас асау болса да, бодандыққа басқалардан бұрын кірді, өзінің бүкіл тұқымымен Ресейді жактады, ұлын бізге аманатка беріп қойды. Осы уақытқа дейін қолымында аманат қалдырып келді; сондықтан оның жесірі мен бала-шагасына жылы қарамасақ, ренжітіп алармыз, тіпті бізге кектеніп кетуі мүмкін. Сейтіп, қазақ халқы Әбілқайыр тұқымынан теріс айналып, оның ұлдарының біреуін емес, басқа сұлтандардың арасынан әлде біреуді хан сайлап алуы да мүмкін ғой.

Сондай-ақ, қазірден бастап сайланғаннан кейін, жаңа ханның міндетті түрде бекітілетіні жөнінде ескертіп отырмасақ, бодандықтың алғашқы жылдарындағыдай, хандар бекітілмей қалса, бізге одан ешқандай пайда жоқ кой. Сайланып қойған ханды еріксіз мойындауға мәжбүр болармыз. Мысалы, Әбілмәмбет хан осыны көрсетті емес пе?

Екінші жағынан, Барак сұлтанды да есептен шығаруға болмайды. Өйткені, Әбілқайырдың сол оқиғаның алдына ғана Ор бекінісінде болып қайтқанын, бригадир Тевкелевке жолыққанын, аманаттағы ұлын айырбастап алғанын біле тұра, Барак сұлтан Әбілқайырды өлтірді ғой. Демек, орыстардың Әбілқайыр әuletін жақтایтынын Барак сұлтан жақсы біледі, сондықтан, әрине, бізден қаймығады, қауіптенеді.

Хан тұқымының және Әбілқайырга жақтас қазактардың кек алатынын естіп, қатты сескеніп, Барак өзінің ұлысын алысқа көшіріп әкетіпти. Жонғардың Әбілқайырдан көрген қоқайын пайдаланып, сол жонғарлармен ауыз жаласуға ұмтылуда. Қазактардан қазір жонғарға іргелес барып көшіп жүрген сол - Барак сұлтан. Оның осы қылышының салдарынан Орта жұз ішіндегі тепе-теңдік бұзылып, Әбілмәмбет мүлде әлсіреп қалды.

Осы жағдайларды ескеріп және Барак сұлтанның беті мүлде әрі қарал жетпесін деп, патша ағзамының оған деген ықыласы өзгермегеніне құдік келтірмесін деп, мен оған жылы лебізді хат жазып жібердім. Әбілқайыр екеуінің арасындағы жағдайды білмегенсіп, бөгде сөзге барғаным жоқ.

Жіберген адамыма: «Орынбордан 1 тамызда шығып едім, шегараны бойлап Жәміш бекінісіне дейін келдім, қазак даласымен тұра жүрген жоқпын, жолда бөгеліп, кешігіп қалдым» деп айт, деп тапсырдым.

Ал, енді Әбілқайыр туралы сөз бола қалса: «Елден шыкқанда ештеңе білгенім жоқ, бізге ондай хабар келмеген, Әбілқайыр ханның өлімі туралы жолда естідім», дейді. Барактың Ресейге деген ниетті тұзу әрі берік болса, ісінен, сөзінен ешқандай күдік сезілмессе, мениң кісім оған құпия түрде мыналарды айтады: «Неплюев Әбілқайырдың өлтірілгенін біледі, Барактың ханды өлтіргеніне ырза болып отыр, ханның бұрынғы қызықтарын Ресей әкімшілігі теріс бағалайды», дейді. Байыпта, түсіндіріп отырып, Ресей үкіметі де, Неплюев те Баракты толық жақтайдынын, сондықтан, қолдайтынын жеткізеді.

Міне, осында жауапты тапсырмамен Бузулук казактарының ішінен әдей таңдал, Баракқа бұрын да құпия тапсырмалармен барып-келіп жүрген адамды жіберіп отырмын. Және де оның бұл сапарын марқұм ханның әuletі біліп қалып, күдіктенбес үшін, мен кісімді башқұрт арқылы, бірінғай шекара бойымен Жәміш бекінісіне дейін баратындағы етіп жөнелттім.

Және полковник Павлуцкийге де: «Өз тарапынан Абылай сұлтан арқылы Баракқа кісі жіберсін», деп жазып жібердім. Бұл жөнінде генерал-майорға да хабарладым.

Ал, Баракқа менен кісі кеткенін біліп қалмасын деп, тілмәш Гуляевқа және оның серіктеріне тапсырма бердім, ол ханымнан және Нұралы сұлтаннан келген қазактарға: «Баракқа кісі бұдан бұрын кеткен, ол Сібір жақтағы бір жұмыстарды реттеп қайтады», деп айтатын болады.

Сондай-ақ, осы хаттың бесінші тармағында жазылғандай, тілмәшқа тапсырма бердім: «Барак пен Әбілқайыр хан ұлдарының арасындағы жағдайлар Ресей үкіметіне ешқандай зиян әкелмейді және бұл істі біз тексеріп, қарамаймыз», деп. Бізге екі жақты да тең ұстаған пайдалы болады.

Осы мәселелер жөнінде Киндерманға хат жібердім. Әбілқайырдың өлімі туралы жақын жердегі Барактан немесе Абылай сұлтаннан хабар келіп қалса, Киндерман: «Мен бұл хабарды естіген емеспін және мұндай мәселе біздің комиссияның қарауына жатпайды, мұндай жағдайды Неплюев қана қарайды», деп айтуга тиіс...

...Енді біздің қолымыздағы Айшуақ сұлтан туралы. Ол әкесі Әбілқайыр ханның өлімінен әлі бейхабар. Тевкелевтің маған айтуы бойынша, Айшуақ өте ұшқыр, кекшіл және жанжал десе жанып түсетін жігіт. Сондықтан, оған әкесінің өлімі туралы әзірше айтпай коя тұруды жөн көрдік, өйткені ол Барак сұлтанға кектеніп, біз босатпаған соң, өзіне өзі кол салуы мүмкін, басқа да оғаш қызықтардан тайынбайды.

Тевкелевтің айтуынша, әкесі Айшуақты аманатқа көктемге дейін қалдырыған. Көктемде інісі Әділ сұltанға айырбасталып қайтады... Мұндай айырбас керек бола ма, жоқ па, оны, әрине, уақыт көрсетеді...

Иван Неплюев, хатшы Иван Коптяев.

Ресей империясы сыртқы саясатының мұрағаты. Қазақ істері қоры, 22-тізбе, 1748 жыл, 3-ic, 225-237-сырт. пар.; Казахско-руssкие отношения в XVI-XVIII веках (Сборник документов и материалов). А. 1961 г. Док. № 153. С. 395-403.

[1] **Байбек (atalық)** – Кіші жұз, шөмекей-балқының биі, аманат ретінде орыстың қолында болған Айшуак сұltанның аталығы, Әблқайыр ханның, ол қайтыс болған соң, Нұралы ханның уәзірі. 1748 ж. күзде Әблқайыр хан қаза болғанда Орынбор губернаторы И. Неплюев Байбекті ханның қаралы жесірі Бопай ханымға Ресей үкіметі атынан қөніл айтуда жібереді. Сақталған құжаттарда «Байбек аталық көзі тірісінде ханға да, оның артында қалған ханымы мен балаларына да жақын жүрген, жұғымды адам, есті кісі... ел ішіндегі беделі қүшті» деген сипаттамалар кездестіреміз. Әдеб.: Казахско-руssкие отношения в XVI-XVIII веках: Сборник документов и материалов. А.-А., 1961; Апполова Н.Г. Қөрсетілген еңбек, 141-бет; Левшин А.И. Қөрсетілгген еңбек. 188-бет; Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005. 65, 68, 76, 174, 185, 186, 188-беттер.; Қазақстан тарихы. Энциклопедиялық анықтамалық. «Аруна» баспасы, Алматы, 2006. 106-бет.

№ 62 1748 жылғы 13 қыркүйек

Әбліқайыр ханның жесірі Бопай ханым мен ұлдары Ералы мен Қожахметтің А. Тевкелевке хаты

Мәртебелі тақсыр, біздің адал ниетті досымыз, тілеуқорымыз брегадир•мырзаға құдай тағала ұзак өмір берсін. Қара жамылып, қайғырып отырған анамызға, менің ағам Ералы мен маған арнаған ізгі ниетті хатыңызды жіберген кісініз әкеліп тапсырды. Ералы сұltан екеуміз сіздің шын жүректен шыққан лебізінізді оқып тәубә қылдық. Тілмаш Яков Гуляев мән-жайды толық түсіндіріп жеткізді.

Өзінізге барып сәлемдеспек едік, жер мойыны қашық болғандықтан, кісі жіберіп отырмыз, жан-тәнімізben сізбен біргеміз. Ханымыздың қазасынан байланысты қөніл айтушылар әлі келіп жатыр.

отырмын. Менің ақыл-кеңестерімді дұрыс түсініп, разы болған екенсіздер.

Мәртебелі ханым, перзенттеріндің, бүкіл халқыңыздың патша ағзамның мейірім шапағатына боленгеніне өз басыммен куәлік етемін және бұдан былай да Ресейге адад боларыңызға кәміл сенемін.

Және де құрметті Нұралы сұлтан! Сізге және қадірлі анаңызға жазған хатымды оқып, арнайы адам жіберіп, тілмаштар арқылы көңіл айтып, сәлем жолдағанымды естіген боларсыз. Мен сіздердің әр қайсысыңыздың қадір-қасиетінді жақсы білемін, мынадай қыын жағдайда сабыр сактап, патша ағзамның еркіне лайық болатыныңызға сенемін. Сіздердің атыңыздан келіп қайтқан адамдарыңыз, тілмаш Байбек ауызша да айтып жеткізер. Қазіргі және кейінгі бақ-талайыңыз патша ағзамның мейірімі мен ықыласына гана байланысты. Мына жағдайда сіздердің қандай мәмлеке келгеніңізден хабар алар болсам, өз тарапымнан сіздерге және халқыңызға өте-мөте тімді боларлық шаруаларға жан сала кірісемін. Досыңыз және ниеттесіңіз ретінде оған сеніңіз.

Құрметті Ералы сұлтан! Сіздің мінез-құлқыңыз бен іс-әрекетіңізге әрқашан разылық сезімде екенімді білесіз. Сабыр сактап, анаңыздың ақылын тыңдал, Нұралы сұлтан екеуіңізде бұдан былайғы уақытта да менің пікірімді ұстанып, патша ағзамның ак ниетіне лайық болыңыздар.

Бұған қоса Қожахмет және Әділ сұлтандарға да ізгі көнілімді білдіремін. Бастьрыңыз қаралы, беттеріңіз жаралы осынау шақта мен сіздермен әрқашан біргемін.

М. Тевкелев.

P.S. Сіздің Байбек арқылы сұратқан шаруаңыз (ұн болуға тиіс. – ауд.) биік мәртебелі Неплюев мырзаның хатында шешімін тапқан. Оған қоса Қожахмет сұлтанға күміспен құптеліп, балық терісімен қапталған садақ жіберіп отырмын.

Ресей империясы сыртқы саясатының мұрағаты. Қазак істері коры, 22/1-тізбе, 1748 ж. 4-ic. 54-319 пар.; История Казахстана в русских источниках XVI-XX вв. III-том. Алматы. 2005. С.296-297.

№ 66 1748 жылғы 17 қазан

Әбілқайырдың қазасына байланысты

**Кіші жұздегі жағдайлар және Барак сұлтанның жонғарлармен
катаинасы туралы**
Байбек батырдың айтқандары

Осы 17 қазан күні бізге сенімді әрі шын берілген Байбек батыр қазақ жеріне барып, Орынборға қатып келді.

Қазақ елі Ресей жөнінде адалдық және татулық ниетінде. Әбілқайыр ханның орнына оның үлкен ұлы Нұралы сұлтанды хандыққа сайлау жөнінде Орта жұз бен Кіші жұзден, Бопай ханым мен Нұралы сұлтан атынан, бұкіл қазақ халқы атынан патша ағзамға ұсыныс кетті. Қазактар Әбілқайыр әuletіне бас иеді және Әбілқайыр ханның қазасына қатты қайғырады, Барак сұлтанды өлтіріп, көзін жоюға бұкіл халық болып келісіп отыр.

Барак сұлтан қасына Әбілқайырды өлтіруде өзіне көмектескен бірнеше адамды алып, Сарысу деген жерге, жонғар қалмақтарына іргелес аймаққа көшіп барды. Барак сұлтан өз тарапынан жонғар ханына арнайы кісі жіберіп, өзінің жауы Әбілқайырды өлтіргенін, соған байланысты қазак даласында енді тұра алмайтынын хабарлап, өз қарауына алушы сұрап, қай жерге көшіп баруы керек екенін көрсетуді өтінсе керек. Бірақ, Барак сұлтанның кісісі жонғарлардан әлі қайтпаған көрінеді. Жонғар ханының Баракқа не деп жауап беретінін біліп келу үшін Әбілқайыр ханның балаларынан жасырып, жансыздар жіберіліпті.

Нұралы сұлтан басқа қазақ ел ағаларымен ақылдасып, жонғар ханына елші жіберіпті (Әбілқайыр ханға елші болып келген қалмаққа ертіп жөнелткен). Ол елші: «Әбілқайыр ханды Барак өлтірді, Нұралы басты хан болып сайланды, оны хандыққа бекіту үшін патша ағзамға өтініш кетті, патша ағзам бекіткенше Нұралы хан болып саналмайды, жонғар ханы тату көрші боламын десе, қазактар да тату тұрғысы келеді», дегенді жеткізбек.

Ал, Нұралы мен Ералы сұлтандардың және барлық ел ағаларының елшігө атап тапсырғаны - Барак сұлтан жонғар ханына не тілекпен кісі жіберген екен, оның жауабы қандай болмақ, соны біліп келу, ыңғайы келсе, жонғар ханына Барактың тілегін қабылдатпау болса керек.

Ресей империясы сыртқы саясатының мұрагаты. Қазақ істері коры, 22/1-тізбе, 1748 жыл, 4-іс, 339-340-пар.; Казахско-руssкие отношения в XYI-XVIII веках (Сборник документов и материалов). А. 1961 г. док. № 162. С. 413-414.

№ 67 1748 жылғы қазан айы

**Әбілқайыр ханның қазасы туралы
тыңшы Ю. Гуляевтің айтқандары**

Әбілқайыр қазасының алдында Ұлы жүздің жалайыр руының жиырма шақты адамы қарақалпак ішіндегі жалайырларға барды. Ол жақта мың жарым шаңырақ жалайыр бар. Қазактар қарақалпакқа шабуыл жасай қалса, қарақалпактағы жалайырлар жапа шекпеуі үшін, қазақтар оларды қарақалпактан ертерек бөлініп, қазақтарға қосылуға шақырды. Екі жақ келісіп, ант берісті. Қарақалпактар қазақтарға сеніп, қазақ даласына еріп барады. Қазақ даласына келген соң Өлікік деген, Торғай өзенінен бір күндік, Ор бекінісіне 9 күндік жерде қазақтың бірнеше рулары қарақалпактарға тап беріп, тонап, талай бастайды. Бастап келе жатқан қазақтар оларға көмек бере алмай қалады. Көмек бермек түгілі, өздері де жапа шегеді. Орта жүздің Құшік ханы [1] қалың қолмен қарақалпактарды ғана емес, олармен келе жатқан жалайырларды да қоса талайды.

Мұны естіген Орта жүздің Барап сұлтаны қол жиып келіп, тонаушыларды талқандайды. Қарақалпактарды түгел өзіне қаратады, олармен бірге көшіп келген қазақтарды да соңынан ертіп алады.

Сонда да мал-дәүлеті бар жұз шақты түндік қарақалпак Баракқа берілмей қалады да, жұз елудей адаммен келген Кіші жүздің Әбілқайыр бастаған қазақтарына бас ұрып, соларға багынғысы келеді. Әбілқайырға үш үй тігіп, құрметпен қарсы алады. «Құтқара көр,- деп ханға жалынып, -мал-жанымызben қарауына ал, тек Баракқа бізді бере көрме», - дейді.

Мұны білген Барап жалайырларға айтады: «Әбілқайыр хан қарақалпактар мен сендерді, тіпті бізді де талан-таражыға сала бастады, ешкімді бетіне қарсы келтірмейді. Сондықтан, тізе қосып, ханға қарсы шығайық, өзіміздің кім екенімізді танытайық», дейді де, бәрі қосылып ханға қарсы ұмтылып шабуыл жасайды.

Мұны көрген ханның жанындағы қазақтар: «Барап жағы көбейіп кетті, жалайырды да, қарақалпакты да қосып алды, жанжалды тоқтатайық», дейді.

Бірак, Әбілқайыр хан көнбей қояды: «Барактан қатынғана қорқады, Барактың өзі де қатыннан артық емес», деп ұмтылып, соғысқа кіреді. Бұл кезде ханның жанындағы алшындар да, қарақалпақтарды шауып, талай бастайды. Ханның қасында 5-6 кісі ғана қалды.

Әбілқайыр адамдарының Баракқа қараған қарақалпақтарды талап жатқанын көріп, Барак өз кісілері мен жалайырларға: «Қарақалпақтарға қарсы шабуыл жасауды бүйірады. Әбілқайырды шауып алып, көзін құрту керек», деп әмір етеді.

Сол екі арада Барактың адамдары Әбілқайыр ханды қоршал алады. Біреуі найза сілтеп, Әбілқайыр ханды жаралайды. Әбілқайыр хан да садақ тартып, Барактың бір кісісінің қолын жаралайды, екінші біреуінің атын жаралайды. Бір қазақ Әбілқайыр ханның басына айбалта сілтеп, шауып жібереді, Әбілқайыр хан қарсыласа алмай қалады.

Барактың Сырымбет деген кісісі (Барак сұлтанның атынан айт беруге патша ағзамға барған осы Сырымбет) ат үстіндегі Әбілқайыр ханды жағадан алып: «Танисың ба, мен Сырымбеттің, жалғандікі ақыретке кетпейді, басыңа келді», дейді де, ханды аттан жұлдып алып, өзі де үстіне, баса құлайды. Дәл осы кезде Барак сұлтан шауып келіп, аттан түсे сала, ханға пышақ салады.

Ал, Әбілқайыр хан мен Барак сұлтан арасындағы араздық 1747 жылдан басталған. 1747 жылы күзде Батыр сұлтанның баласы Қайып сұлтанның Хиуадан үш түйеге теңдеп экесіне жіберген мүлкін орта жолда Әбілқайыр хан тонатқызып алған болатын. Сонда Батыр сұлтан Әбілқайыр ханға өз атынан және Барак сұлтан атынан хат жазып: «Тоналған мүлік Батыр сұлтанның ұлы Қайып сұлтанға айттырылған Барактың қызына жіберілген қалың малы болатын», деп хабарлаған.

Енді мына жолы, қарақалпақтар Барак сұлтанмен бірге келе жатқанда, оларға қарсы Әбілқайыр хан да шығыпты, дегенді естіген Батыр сұлтан Баракқа кісі шаптырып: «Бұрынғы қылыштары үшін Әбілқайыр ханнан кек алатын кез келді, оны өлтіру керек», деп хабарлаш қойған екен.

Бұл күнде Батыр сұлтан Кіші жүзге хан болғысы келеді, сол үшін бірқатар билерді өзіне қаратып, жан-жақтағы руларға хабар айтып: «Бұдан былай Әбілқайыр ханның ұлдарына хандық жоқ, мен хан боламын», деп әрекеттеніп жатса керек.

Бірак, Батыр сұлтанның жақтастары көп емес, олардың өзі де сырт кез үшін ғана қолдайтын болуы керек, шын мәнінде халқы Батыр сұлтанды іштей ұнатпайды, деседі...

Біз қыркүйектің 12-күні Әбілқайырдың ханымына келгенімізде, Жәнібек тарханның ұлы Жауғайтар [2] мен туысы Жанәлі де келіп: «Тархан өзі де осында келмек, онымен бірге Орта жүздің тілекtes билері мен батырлары да келеді. Бәрі ақылдасып, Баракты ұстап, Әбілқайырдың ұлдарының қолына бермек. Хан балаларынан басқаны хандыққа сайлатпаймыз деп отыр», дегенді айтты.

Сондай-ақ ханның хатшысы Әлмұхамметов маган құпия түрде былай деді: «Әбілқайыр хан мен Ералы сұлтанға Жәнібек тархан өзінің ұлы арқылы сәлем айттып: «Қазірше Батыр сұлтанды корқытып-үркітуге болмайды, ол әуелі Хиуада хан болып отырған өзінің ұлын хандықтан шақырып алсын, содан кейін оларды құрту оңай болады», дегіті-міс. «Ол үшін, егер ұлынды Хиуадан шақырып алсаң, сені хан сайлаймыз деп, Батыр сұлтанды үміттендіріп қою керек. Сөйтіп, Қайып сұлтан Хиуадан кетсе, оның орнына Қожахмет сұлтанды хан сайлап, Барактың көзін оңай құртуға болады. Нұралы сұлтанды Кіші жүзге, Ералы сұлтанды Орта жүзге хан сайлап, патша ағзамның қол астында, адал қызмет етіп жүре береміз», дегіті.

21 қыркүйекте Нұралы сұлтан қасына 400-дей адам, алшынның билерін ертіп келді. Олардың арасында: ақкісі-алшын Алтай, алаша-алшын Байсау би, жаппас Баймұрат, шекті Бақтыбай [3], байұлы-алшын шеҳлар Бәйтерек атalyқ, Қебік мырза, керейт руынан Көшімқожа [4], машкар руынан Жәдік би бар.

23 қыркүйекте Әбілқайырдың ханымы Бопайға күйеу баласы Жәнібек сұлтан келіп, мынадай хабар жеткізіпті: «Барак сұлтан жақтан хабар бар. Қаракесек руының Қазыбек биі мен басқа да ел агалары Барак сұлтанды Ұлы жүзге де, жонғар қалмақтарына да жібермей ұстап қалған көрінеді: «Сен бүкіл Орта жүз бүлінетіндей іс жасадың, қазаққа қанша жер алып берген ханды өлтірдің. Енді Кіші жүзге өзің хан болып, Айшуақ сұлтанның орнына өз ұлынды аманатқа бер. Патша ағзамға қызмет етемін, деп тілек жаз. Сонда ғана біз еш қауіпсіз, бұрынғы жерлерімізде көшіп-қонып жүре аламыз. Егер ол қолыңнан келмейтін болса, біз сені және жолдастарынды Әбілқайыр ханның ұлдарына байлад береміз, олар қалай үйғарса, солай казаланасын», - десіпті.

Бұл сөздерге Барактың берген жауабы мынау: «Мен, оны алаяқтығы үшін өлтірдім. Әбілқайыр маган көп арамдық жасады. Оның үстінен Хиуадан үш түйеге күйеу балам маган артып жіберген мұліктерімді тонатты. Ал, қара халықтың мұндай іске араласуы жөн емес. Мен де, ол да, билік иесіміз, біздің арамыздагы қандай шаруа

болса, солай болуы керек. Менің тегім Тогым-шыгай, ол Бөлекей-қоян. Оның тегі бізге қарсы тұра алмайды. Біздің тегіміз таза әрі адал».

Сейтіпті де, мына төрт биғе: Кіші жұз алшын төртқара руының биі Қаратока, қаракесектен Қожанай мен Мәмбет-аталық, Орта жұз бағаналы-найман Өтебай билерге сәлем айттыпты: «Билікті өздеріңе бердім. Эбілқайыр ханды жазықсыз өлтірдің деп кінәмді мойныма койсандар, биліктеріңе құлмын. Бүкіл байлығымды таразының бір басына, шыбын-жанымды екінші басына қойындар. Мал-мұлкімді аласындар ма, басымды аласындар ма, ерік сендерде», депті...

24 қыркүйек күні хан ауылымен бірге көшіп жүрген Мырзагұл батырдың баласы Зааш палуан бізге келіп мына жағдайды жеткізді: Кіші жұз Алшының барлық билері мен батырлары Нұралы сұлтанның алдында кенес құрып, оған былай депті: «Батыр сұлтанды да осында шақыру керек еді. Барақтан кек алуға аттанғанда, Батыр сұлтанды жаңына алатын бол».

Сонда Нұралы тұрып, былай депті: «Бізге сұлтандардың көмегінің керегі жоқ, адап екендіктерінді қөрсетемін десендер, біздің кегімізді қайтарындар, оған келіспесендер, оны айтындар, біз өзімізге көмекші табамыз. Егер Батыр сұлтанды хандыққа сайлайтын болсандар, көшетін жерлерінді өздерің іздей беріндер. Біздің тұқымды құрып тастаса да, жас Айшуақ аман қалады, патша ағзамның көмегімен ол біз үшін кек алады, бәріннің көзінді жояды, кең жайлауынды тар қылады».

Оған билер мен батырлар жауап беріп: «Өзіңе жаққанын істе, бізге бәрібір, патша ағзамға адап қызмет етеміз, патша не бұйырса да, орындаимыз», деген көрінеді.

Нұралы сұлтан былай депті: «Өздерің де көріп отырсындар, генерал мен мырзадан үш адам келді, жай кісілер емес. Олар Эбілқайыр әuletіне кім жау, кім дос екенін білуге келіпті. Патша ағзамның атынан халыққа, билерге ақыл айтпак». Мұны естіген билер шулап: «Патша ағзам не айтса, сол болады, орындаимыз!» десіпті. Осылайша, олар Жәнібек тархан келгенше, ол Орта жұздің билерінің не айтқанын жеткізгенше, күтетін болыпты.

26 қыркүйек. Кіші жұзден Малыбай хат әкелді. Онда: Алшының билері мен батырлары кенес құрыпты да, Нұралы сұлтанды хан сайлауга келіседі, бірақ Жәнібек тархан келмегендіктен, бәлендей шешім алмапты да, Жәнібек келгенде мына сөздерді айтпак болып келіседі:

«Сіздің Орта жүзініздің қабагы келіспей тұр. Бұрын Қайып ханның батырын өлтірді, міне Әбілқайыр ханды өлтірді. Жонғар қалмақтары Орта жүзде керуеніміз тоналды деп, хат жазып отыр. Сондықтан сіздің келуінізді күтпей-ақ хан сайладық. Егер бізben бірге екендігіңіз рас болса, барып Барак сұлтанды өлтірейік. Бұған көнбесеңіз, сізден іргемізді аулак саламыз. Ресей жағына қарай, Елек өзені бойына көшеміз. Сізді жау санап, шауыш, талайтын боламыз», деп Жәнібек тарханға хат жазып жіберіпті. Әбілқайыр ханның әудеті бұл хатта жазылғандарды естіп, разы болысып, қуанды.

27 қыркүйекте ханымға Жәнібек тархан келді, қасында үш би мен үш батыр, тағы да өңшең ел басылары, барлығы 16 адам.

«Егер менің ақыл-кеңесімді ханым мен балалары тыңдайтын болсандар, Орта жүздің батырлары мен билері барлық билікті менің қолыма берді, мен не айтсам сол болады. Барак сұлтандын жақындастып жүргендерден басқалар мені қолданап отыр», деді Жәнібек тархан.

Сол күні Кіші жүздің билері мен батырлары бас қосып, мына төрт биді: шөмекейден – Жалған, шектіден Сырлыбай, Бәби мен Мөңке, шехлар руынан Кебік мырзаны және Батыр сұлтанды шақырып келуге кісі жөнелтті.

Ігі жақсылар ханымға және Нұралы, Ералы сұлтандарға: «Батыр сұлтан бай адам емес және сіздерге туыстық жағынан алыс та емес. Сондықтан, кінесі үшін оны аяғына жығып береміз, айыбын мойыннатамыз. Сейтіп, Баракқа бірге алып барып, жауымыздың көзін құртамыз», депті.

28 қыркүйек. Жәнібек тархан Нұралыға және басқаларына: «Мені генерал мен брегадир Орта жүздің атынан сендерге жіберді. Кіші жүз алшындармен қосылып, Нұралы сұлтанды хан сайлайық. Осындағы Ресей, қалмақ, қарақалпақ елшілерін қайтараіық. Патша ағзамының еркімен Нұралы сұлтанды Әбілқайыр ханның орнына бас хан сайладық, деп жан-жаққа – Бұхарияға, Хиуага, түркімендерге, аралдықтарға хабар берейік. Ежелгі дәстүр бойынша, қыс өтіп, көктемге қарай жоғары қарақалпақты шабуга бара жатқан болып, білдірмей барып, Баракты тұтқылдан басып қалайық та, көзін жояйық. Оған дейін Барак сезіктенбей тұра тұрысын», десіпті.

Ханым да, оның ұлдары Нұралы мен Ералы да бұған келісті.

29 қыркүйек... Жәнібек тархан айтты: «Барак сұлтан жонғарға кісі жіберіп, Кіші жүз сендермен соғыскалы отыр, сол үшін кашқар керуенін тонаған. Мен Әбілқайыр ханды осындаі қылышы үшін,

жоңғар үшін өлтірдім. Мені қорғамасандар, Кіші жұз алшындар менің көзімді жояды», депті.

Және Жәнібек айтты: «Мен өз тарапымнан Баракқа кісі жібердім. Мынадай атақты адамды, Әбілқайыр хан сияқты басты ханды өлтіріп, қашқаны жарамайды. Әкесіз қалған Айшуақ сұлтанды Ресейден қайтарып алдып, орнына өз балаң Шығай сұлтанды аманатқа бер. Өзің кейін хан бол... Патша ағзам берген жеріміз жетеді, біз бәріміз сені жақтаймыз», деп хат жаздым.

Мұны естіген Барак сұлтан одан да әрі көшіп кетіпти. Қазір Сарысудың бойында болса керек, ол біздің қолымызға түседі. Тіпті, қалмақ арасына сініп кетсе де, патша ағзамның көмек күшімен оны таппай қойтаймыз...

2 қазан күні ханымның қатысуымен өткен қазак кеңесі аяқталды, тиісті рәсім бойынша Нұралы сұлтан хан болып сайланды, жолжоралғы жасалды. Бірақ, бұл сайлау бұрынғыдай қалың халықтың алдында өткен жоқ, ханның киіз үйінде, барлық рудан он шақты бидін қатысуымен өтті. Патша ағзамның атына хат жазылатын болды.

...Сол 2 қазан күні Әбілқайыр хан опат болғанда қасында болған Сары Абыз деген татар үш атпен Барак тұтқынынан қашып келді. Оның айтқаны мынау: «Ол Барактан 19 күн бұрын қашып шыққан екен. Әбілқайыр ханды өлтіргенде Барактың жанында болған қарасек-арғын мен матай-найман руларының үш мың тұндігі Барактың қол астында. Барак солардан бірнеше кісі ертіп, әрі қарай көшіп кеткен».

6 қазан. Әбілқайыр ханның еліне жапсарлас жерден Абылай сұлтан келіп айтты: «Батыр сұлтанды маңайындағы елі хан сайламақ болған екен. Ол: «Нұралыны хан сайлап алды, енді мен хан болғым келмейді», депті, сонда да қазактар оны бүгін, 6 қазан күні хан сайламақ болса керек».

Тілмәш Ю. Гуляев

Ресей империясы сыртқы саясатының мұрагаты. Қазақ істері қоры, 22-тізбе, 1748 жыл, 8-іс, 27-39 пар.; Казахско-руссские отношения в XVI-XVIII веках (Сборник документов и материалов). А. 1961 г. Док. № 166. С. 425-432.

[1] Күшік хан –Тұрсын ханның ұлы, Барак сұлтанның туған інісі. Қазақстанның онтүстігінде, Сайрам қаласында тұрып, Орта жұз найманың Садыр руын билеген. Жоңғар шебіне таяу, Талас және

Арыс өзендерінің арасындағы аймақты жайлаш-қыстаған. Біраз жыл жонғар билігін мойындағы, Орта жүзде айта қаларлықтай беделі болмаған. Нұралы ханның бәйбішесі осы Күшік ханның қызы.

[2] Жауғайтар - Жәнібек тарханның ұлы, әкесі қайтыс болған соң, орнына елшілік, мәмілегерлік қызмет атқарып, көзге түскен. Әдеб.: Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005. 168-бет.

[3] Бақтыбай батыр - (1720, кейбір деректерде 1698-1780) – аға батыр, қолбасшы. Қазақ-қалмақ соғысында Әбілқайыр ханның сенімді серігі болған. Руы –шекті. Әкесі – Төлес би. Бақтыбай батыр 15 жасында Әбілқайыр жасағының құрамында шайқасқа қатысып, ерлігімен көзге түскен. Есет батырдың қолдауымен шекті жасақтарына қолбасшы болып тағайындалады. Есімі сарбаздардың жауынгерлік ұранына айналады. М.Тевкелевтің Ресей сыртқы істер министріне жазған құпия хатында (1732 ж. 20 маусым) полк. Гарбердің басшылығымен Ресейден Бұхара мен Хиуага бет алған 500 түйелі керуенін Бақтыбай батыр басып алғып, дүние мұлкін жергілікті елге таратып бергені баяндалады. Бақтыбай батырды жергілікті халық «Әлім Қарасақал әулие» деп те атайды. 1748 ж. 21 қыркүйекте «Нұралы сұлтан қасына 400-дей адам, ертіп келді. Олардың арасында алшын-алтай Ақкісі би, алаша-алтай Байсау би, Жаппас Баймұрат, шекті Бақтыбай, байұлы-алшын, шехлар, Бәйттерек аталақ, Көбек мырза, Керейт руынан Қошімқожа, Машқар руынан Жәдік би бар» деген дерек сақталған. Бақтыбай батыр майданда қаза тапты. Жем өз. бойындағы «Қарасақал әулие» зиратына (қазіргі Ақтөбе обл. Байганин ауд. Ақжар ауылы) жерленген. Әдеб.: Григорьев В.В., Отзыв о статье «О введеном в 1732 году дневнике путешествия Гарбера из Астрахани через киргизскую степь по пути к Хиву», // «Известия Русского географического общества», 1870, т. 6 вып. 1; Аджигалиев С.И., Генезис традиционной погребально –культурной архитектуры Западного Казахстана, А., 1994; Бердіғалиева Р., Әжіғалиев С. // «Қазақстан». Ұлттық энциклопедия., 1999 ж., 92-бет; Қазақстан тарихы. Энциклопедиялық анықтамалық. «Аруна» баспасы, Алматы, 2006. 114-бет; Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005. 168-бет.

[4] Көшімқожа - Кіші жұз, керейт руының би, Нұралы ханның арқа сүйер билерінің бірі. 1748 ж. 21 қыркүйекте «Нұралы сұлтан касына 400-дей адам, ертіп келді. Олардың арасында алшын-алтай Ақкісі би, алаша-алтай Байсау би, Жаппас Баймұрат, шекті Бақтыбай, байұлы-алшын, шехлар, Бәйтерек аталақ, Кебек мырза, Көшімқожа, Машқар руынан Жәдік би бар» деген дерек сақталған. Әдеб.: Абылай хан. Өмірі мен қызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005. 168-бет.

[5] ... алшын төртқара руының биі Қаратоқа, қаракесектен Қожанай мен Мәмбет-аталақ, Орта жұз бағаналы-найман Өтебай билерге сәлем айтыпты - 1748 жылдың тамыз айында Барак сұлтан Кіші жүздің ханы Эбілқайырды өлтіріп, қолына қарайтын елмен Орта жүзге карай ауа көшкенде, орта жолдан Қаз дауысты Қазыбек көлденең тұрып, «... ханыңды қалай өлтірсөн, халқыңды қынадай қырарсың... сұлтауратып сыйтыла алмайсың, бұлталақтап құтыла алмайсын...» дей келіп, билер сотына мойынсұнуға мәжбур еткен, деген сөз бар. (Сматай С. Қаз дауысты Қазыбек // Үш пайғамбар. Алматы 1992, 81-82 беттер). Барак сұлтан Қазыбектің айтқанына көніп қана қоймай, өзінің ісін қарайтын билерді де, өзі таңдал алыпты: олар алшын – төртқара Қаратоқа би, қаракесек - Қожанай Мәмбет би, найман-бағаналы Өтебай би. Ел аудында сақталған бұл мағлұмматтар жазба деректермен де тиянакталады. Орынбор облыстық мемлекеттік мұрағатындағы (3-кор, 1-тізбе, 18-іс, 196-бет) құжатта нақты былай айттылған (орысшадан аударған.- 3.Т.) «... аталған билер Эбілқайыр ханды өлтіргенім үшін мені жазықты деп санаса, олардың еркіне бағынамын. Таразы басына салып, бүкіл байлық-мұқәммәлімді бір басына, шыбын жанымды бір басына тартып малым мен жерімді аламыз десе де, басымды аламын десе де кесім солардықі болсын». Нәтижесінде билер соты Бақты ақтаған. Ал, зерттеуші В. А. Моисеевтің көрсетуі бойынша «Барак сұлтанның ісін талқыға салған билер сотының қатарында Төле, Әйтке, Жалған, Баба, Сырлыбай билер де бар болған» деген дерек дәйегін тапқан жоқ. Қаратоқа би Абылай ханың елшісі болғандығы туралы проф. Артықбаев Ж. деректер келтіреді. Әдеб.: Сматай С. Қаз дауысты Қазыбек // Үш пайғамбар. Алматы, 1992. 81-82 беттер; Артықбаев Ж. Қазак этнографиясы: этнос және қоғам. XYIII ғ. Қарағанды, 1995. 263-266-беттер; Казахско-русские отношения в XYI-XVIII веках: Сборник документов и материалов. А.-А., 1961; Абылай хан. Өмірі мен

кызметіне байланысты құжаттар мен материалдар. Астана, 2005. 169, 174-беттер; История Казахстана в русских источниках XYI-XX веков. Ш-том, А. 2005, С.409; то же 1Y- том, 2007, С.140.

№68 1749 жылғы 24 қыркүйек

Барак сұлтанға барып келген

М. Араповтың айтқандарынан

Былтыр, 1748 жылғы Орта жүзге, Барак сұлтанға арнағы тапсырмамен жіберілген Бұзылық бекінісінің казагы Матвей Арапов 1749 жылғы 24 қыркүйекте Орынбор губерниялық қенесесіне келіп мынаны айтты.

Орынбордан аттанған Арапов, өзіне берілген бұйрық бойынша шегара бойымен жүріп отырып, 26 күнде Жәміш бекініске жетті. Бекіністе 14 күн бөгеліп, әрі қарай Барак сұлтанның еліне бет алды. Бекініс бастығы полковник Павлуцкий Араповтың қасына казак капралы Василий Сальников пен казак Семен Бардугинді қосып берді.

Орта жүздің ауылдарын басып өтіп, 3 ай 15 күн дегенде Барак сұлтанның қатын-баласы тұрып жатқан Орта жүздің қарәкесек руына келдік. Бұл мекен жонғарлардан салт атпен он құндік, Түркістаннан да он құндік жерде екен. Біз барғанда Барак сұлтанның өзі де, бәйбішесі де үйінде болмай шықты. Барак сұлтан жоғарғы қарақалпақтарды шауып келуге, соғысқа кетіпті, ал, бәйбішесі Түркістанға төркіндел кетіпті, сол жақтың қызы екен.

Арапов Барактың балаларына тайный советник Неплюев өзін сұлтанға арнағы хатпен жібергенін, егер Барак сұлтан таяуда қайта оралмаса, тікелей өзі іздел баратынын айтты. Сөйтіп, сол ауылда бес күн еру болған Арапов, Бардугинді ертіп, Барак сұлтанды іздел жүріп кетті. Аты нашар болған соң, Сальниковты Барактың ауылында қалдырыды. Жүргіншілер Түркістанға соқпай, төтелей он бес күн жүріп, Жиделі өзенінің Сырдарияға құттын түсінда, қарақалпақтарға таяу жерде Барак сұлтанды тапты.

Мән-жайды айтып, Неплюевтің хатын тапсырған соң, Барак сұлтан көнілденіп қалды. «Императрица Әбліқайыр сұлтанның қазасы үшін маған кейісті емес пе?» деген сұраққа Арапов, өзі кеткенде ханның тірі екенін, мұндай жаманатты ести қоймағанын айтты. Барак, сауда керуендерін тонағаны, қарақышылығы үшін Әбліқайыр ханды өлтіргенін, әсіресе, ханның өзіне көрсеткен зорлық, зомбылығына төзе алмағанын айтты. Бұрынғы мекенінен қоныс аудару себебін Кіші жүз

кек алады деп қорыққандықтан емес, бір кезде әкесі Тұрсын хан иеленген қалаларға қайта барғанын, қаракалпактарды өзіне қаратқысы келгенімен түсіндірді. «Ол қалаларды тәртіпке келтіремін, мен Кіші жүзден қорықпаймын, патша ағзам мен Неплюевтің маған деген қамқорлығы мен қолдауына сенемін, - деді. - Алыс жатсам д, Ресейге деген ықыласым тұзу, бұл жолдан мені ешкім де тайдыра алмайды», деді.

Арапов келгеннен бері он бес күн ішінде, Барак сұлтан қарақалпақтың жақсы-жақсы он кісісін аманатқа алып, төрт жарым мың найман, қаракесек және коңырат жігіттерін, Төле бидің Ұлы жүзінің бес жұз жігітін, барлығы бес мың адамдық әскерін таратып, өзі шағын ғана қолмен, жолай Түркістанға соғып, Әбілмәмбет ханға жолықты. Әбілмәмбет ханмен Арапов та тілдесті, хан көп ештеңе айтқан жоқ, «...Барактан қайтқанда маған жолыға кетерсің», деді. Алайда, қайтарда Түркістан арқылы жолы түспеген Арапов Әбілмәмбет ханға қайта кезіге алмады.

Түркістанда екі күн аялдаған Барак сұлтан, одан әрі 30 шақырым, жонғар жеріне 10 күндік жердегі, сарттар тұратын қалаға бет алды. Ұлы Шығай сұлтанды жұмсап, бәйбішесі мен балаларының келуін сол қалада күтетін болды. Бір айдан кейін әйелі мен балалары малын айдаған келді, Сальников та солармен бірге келді.

Барак сұлтан ол жерден де әрі қарай, жонғар шегарасына көшіп, Майбалық, Арыстанды, Бабата деген жерлерді жайлады. Екі жарым айдан соң, Иқан қалашығына таяп көшіп келді. Мұнда да көп бөгелген жоқ, Чүнбур өзеніне қарай кешті. Арапов осы жерде Барак сұлтанның бөлінді. Араповты кері қайтарар алдында Барак сұлтан оны 30 шақырым жердегі Төле биге жұмсап, Неплюевке сыйға тарту үшін тірі құндыз беруін сұратты, қасына өзінің ұлы Дайырды қосып аттандырды.

Төле би ауылында жоқ екен, Ташкентке кетіпти, демек, Арапов пен Дайыр Төле биді іздеп Ташкентке барды. Төле би Барак сұлтанның сұрауы бойынша тірі құндыз ұстасып берді. Арапов тірі аңды алып жүрудің амалын таба алмай, екі аптарадай Дайыр екеуі Төле бидін ауылында қонақ болды. Төле би Ресей жағына жылы ілтипат танытып, Кіші жұз бен Орта жүздің билеушілері сияқты патша ағзамның қарауында болғысы келетінін айтты. Сол мақсатпен Неплюевке хат жазып, туған жиені Айтбайды, жанына Жолдас деген атшы-қосшы ертіп берді. Арапов қасында осы екі кісі бар, Дайыр сұлтан бар, төртеуі Барак сұлтанға қайтып келді.

Барак сұлтанның ауылында Арапов екі күн болды. Барак Неплюевке хат жазды, Араповтың қасына өз атынан Олжабай аталақты Бекмамбет деген қосшы қосып аттандырды. Арапов Олжабайға қауіп төндірмес үшін Кіші жүзге соқпайтын жолмен қайтты.

Араповтар қайтатын шакта Барак сұлтан жонғар ханына өзінен үш кісі жасақтап, жонғар жағына бет алған Бұхара елшілеріне қосып жөнелтті. Жонғар ханы: «Барак ұлын аманатқа неге жібермеген дейтін болса, қазір онда Әбілмәмбет ханның ұлы аманат ретінде жатқандықтан, Барактың ұлы алдағы жазда келеді», деп сәлем айтты.

Жонғар ханына Барактың не туралы хат жазғанын Арапов білмейді. Естуінше, бұхаралық елшілер жонғар ханына тату-көршілік бітімгершілік жолымен бара жатыр.

Араповқа мәлім болғандай, былтыр Әбілқайыр ханды өлтірген соң, Барак жонғар ханына хат жазып жіберген және өзі солай беттеп көшкен. Хатында: «Әбілқайырды Орынборға бара жатқан жонғар саудагерлерінің керуенін бірнеше мәрте тонағаны үшін өлтірдім», деп хабарлап, жонғар ханы алдында жақсы көрінбек болғанын Арапов естіген. Алайда, жонғар ханы Әбілқайырды өлтірген Баракты жақтамаған, хатына жауап бермеген көрінеді.

Араповтың білуінше және өз құлағымен естігені – Барак сұлтан Ресей жағынан қаймықпайтыны былай тұрсын, қайта етene жақындастырып келеді. Оңтүстікке көшіп келуінің мәнісі - Кіші жүзден қорыккандықтан емес, сол жақтағы Иқан, Ташкент, Оттар, Өгізтау және Созак сияқты дикан-сарттар тұратын қалаларды иемденбек. Барактың бұл қалаларға билік жүргізетінін, тіпті, алым-салық алатынын Арапов естіген, өз көзімен көрген. Барак Иқан тұрғындарын жұмысқа жегіп, өзіне үй-там соқтырып алыпты.

Арапов Орта жүздің қараласек ұлысын аралап жүргенде, Әбілқайырды өлтірмesten бұрын да, Барактың оңтүстікке қоныс аудармақ ниеті болғанын естіген. Барак өзі Шу өзені бойын мекен еткісі келетінін Араповқа айтқан. Орта жүздің бұл жақтағы қоныраттары Барак сұлтанды жақсы көріп, сыйлайды. Егер Кіші жүз Барактың сонына түсіп, шабуыл жасайтын болса, қоныраттың иғі жақсылары Барак сұлтанды ұстап бермек түгілі, жан сала қорғауға дайын екендігін Арапов естіген. Былтыр осы жерлер арқылы Орынборға барып қайтқан Ташкент саудагерлерінің айтуына қараганда, Орта жүздің Жәнібек тарханы, басқа да ел ағалары Барак сұлтанға келмек. Олар Кіші жүз таралынан Барак сұлтанға қастық жасалуына жол бермейді. Барак сұлтанның атынан мал-мұлік жинап

беріп, ханның қазасы үшін құн төлемек көрінеді. Барактың өзі бұған қалай қарайтынын, Арапов біле қоймайды.

10. Башқұрт жерінен қашып жүрген ұры-қарақшы Қарасақалдың өлгеннегі рәс, Арапов оның мәйіті көмілген жерді де көрген...

Ресей империясы сыртқы саясатының мұрагаты. Қазақ істері коры, 22-тізбе, 1749 жыл, 4-іс, 287-299 пар.; Казахско-руssкие отношения в XVI-XVIII веках (Сборник документов и материалов). А. 1961 г. Док. № 185. С. 485-499.

№ 69 1749 жылғы 24 қыркүйек

**Барак сұлтанның Орынбор губернаторы
И. Неплюевке хатынан**

...Ежелгі ата-мекенім Түркістанға келдім. Ұлы жүздің билері маған келіп... ортамызда бол деп шақырды. Ресей патшасына адалмын. Мән-жайды менің сенімді өкілім Олжабай аталық ауызша айтты жеткізеді.

Бір сан, яғни, он мың адам қоңырат жұрты патша ағзамға бодандыққа кірді, мені хан сайлап алды...

Аударған Яков Гуляев.

Ресей империясы сыртқы саясатының мұрагаты. 122-кор, 1749 жыл, 4-сі, 283-пар.; Казахско-руssкие отношения в XVI-XVIII веках (Сборник документов и материалов). А. 1961 г. Док. № 186. С. 489.

№70 1749 жылғы 2 қараша

Әбілқайыр ханның қазасына байланысты Ресейц Сыртқы істер алқасының жарлығы

Әбілқайыр ханның жесірі Бопай ханымға барып қайтқан шабарманның айтуына қарағанда, ханым Әбілқайыр ханның қалмақ әйелінен туған қызын жонғар ханына ұзатып, қалыңмал ретінде жонғардан Түркістан қаласын қайтарып алуға келіскең.

Сыртқы істер алқасы: ханымның бұл қадамы орынсыз, ең алдымен, Орынбор губерниясы үшін аса қолайсыз деп тапты. Мұның мәнісі мынада: мысалы, Еділ қалмақтарының ханы Аюке кезінде

өзінің қызы Сетержабты жонғар билеушісіне әйелдікке беріп, ал өзі оның туысқаны Дармабалага үйленген болатын. Осы құдалықтың нәтижесінде Аюке ханның ұлы Санжип 1701 жылы жонғарияға 15 мың тутін Еділ қалмақтарын ертіп әкетті. Сөйтіп, жонғар жағы күшіне түсті. Ал, қалмақтар саны азайып, күші кеміп қалды. Оның үстіне, Аюке алған Дармабала ханша қалың қалмақты Жонғарияға ауа көшуге азғыра бастады.

Тағы осы қалмақ халқы Дондук Омбының ханымы, кабарда жүртінен қызы Жаннаның кесірінен тағы да көп киыншылық көргені белгілі.

Осы жағдайларды ескере келіп, ұлы Петр патшамыз 1722 жылы қалмақтың ханы Серен Дондуктың құмықтардың билеушісі Чепановтың қызына үйленуіне рұқсат етпеген болатын.

Ал, жонғар билеушісі күш-куаты мол, қауіпті көршіміз болғандықтан, Әбілқайырдың қызына үйленіп алса қазактарды колға түсіруді амалдан, дайындал жүрген шыжым жібін ақырындал өзіне тарта бастауы хак. Демек, Кіші жұз ханының жонғар билеушісімен құда болуына жол бермейік. Бізге тілектес қазак ел ағаларын қарбыта асатып, мейлінше сыйлас, солардың көмегімен Нұралы ханды жонғарларға жуытпаған жөн.

Ал, егер Нұралы хан 1747 жылы өз қарындасы Бұхар ханына атастырылған кезде ешқандай тыйым болмағандығын есіне алып, ал, мына жолы неге рұқсат берілмегеніне күмән туғызып, реніш білдіре калса, оған: сендер Бұхарамен бір діндесіндер, яғни, Ресейге ешқандай зияны болмайды, деп түсіндіру керек.

Нұралы ханның өз әкесінің басына (Ор калашығынан бес күндік жерде) көрнекті белгі салу үшін екі немесе бір мың адам жіберу жөніндегі өтінішіне орай, әуел болашақ мазардың жобасын жасау, келешекте бұл мазар қазак хандары мен сұлтандары жерленетін белгілі қорымға айналып, сол төңіректен ұзамауын ойластыруға тапсырыс берілді [1] .

Сборник указов и узаконений о киргизских степных областей. Издание неофициальное (Сост. ст. советник Тургайского обл. правл. И. И. Крафт) – Оренбург: Тип. П. Н. Жиринова. 1898. –II. 1749 г. № 412. С. 113-116.

[1] ойластыруға тапсырыс берілді. - Әбілқайыр ханның басына ескерткіш орнату мәселесінің қалай басталып, немен аяқталғанын

орыстың әскери зерттеушісі Витевский кейін мұрагат деректеріне сүйене отырып, тәттіштеп жазды. Сол мағлұматтарға сілтеме жасай отырып, осына тарихи оқига жөнінде беретін мағлұмат мынадай: Нұралы, Бопай ханым және марқұмның басқа балалары «Әбілқайыр ханның моласының басына күмбез тұрғызу үшін бір-екі мың адам жіберуді сұрап, И. Неплюевке хат жазды. «Сол күшпен күмбезді көрікті етіп, 15 күнде тұрғызуға болар еді», деп көрсетті. «Ал егер бұл жұмысқа көмек бермейтін болсаңыз, ханның мүрдесін қазып алып, Түркістанға кетеміз», дөлінген хатта. Ұған үкімет «50 құрылыштың бір жазда салып бітіретіндегі, ескерткіш жасауға келісті. (III-том, 786-бет). Шын мәнісінде И. Неплюев бұл істі қолдамаган. Тек, сыртқы істер алқасының жоғарыдағы жарлығына еріксіз бағынған. Сейтіп, Ақарыс тау деген жерде отырған хан ордасына тілмәш Гуляевке ертіп, болашақ ғимараттың сызба-жобасын жасауға кондуктор (архитектор. –З. Т.) Кротковты жіберген. Және И. Неплюев Гуляевке жасырын тапсырма беріп: «Ханның мүрдесін қазып алып, басқа жерге, айталық, Елек өзені бойына Красногор бекінісінің карсыына қарай, әкеліп, қайта жерлесе, күмбезді сол жерде тұрғызыса, кейін хан әuletіне қорым болар еді. Сол жерге мешіт салып берер едік, сейтіп, көрнекті елді мекен жасау жөнінде ханның отбасына кеңес беріп, көндіріп көр», деп міндет жүктеген. Гуляев пен Кротков хан ордасына 1749 жылы 25 желтоқсанда келген. Неплюевтің бұл жоспары бойынша ханның моласын Сібір шегара шебіне жақын салдырып, Әбілқайыр хан әuletін бір жерден бақылап отыру көзделген болатын.

Нұралы хан бұл ұсынысты әуелде қолдағандай сыңай танытқанымен, артынан үзілді-кесілді қарсы шықты. Кротков жұмынығана ескерткіштің сызбасын жасап, көрсетті. Нұралы хан, жобаға разы болмаса да, ақыры, келісті. Кротков қайтып кетті. Бірнеше күннен кейін И. Неплюев Нұралы ханға Жолымбет батырды жұмсал, мынадай сәлем айтты: «Ескерткіш-күмбезді Жем өзенінің құйылсызына салайық. Ол жерде Әбілқайыр хан әруағын сыйлап еткен бір әулиенің бейіті бар». Бұл орын да Ресей шегарасына ұрымтал болатын. Нұралы хан генералдың ұсынысын бірден қабылдамай, шешесімен ақылдасып барып, жауап беретінін айтты. Ақыры, Неплюевке өзі барып жолықпақ болды. «Әкем марқұм, мені бір жатқан жерімнен қозғамандар», деп аманат етіп еді деп, жорта айта салды. «Генералға айта бар, қазіргі жатқан жерін көріп, жоба жасайтын маман жіберсін», деді. И. Неплюев 1750 жылғы 9 мамыр күні Ригельман деген маманды жіберді. Ол, хан моласын анықтап көріп, ескерткіштің сызбасын

дайындауға тиіс болған. Алайда, Нұралы хан инженерге әкесі жатқан жерді дәл нұсқап көрсетпеді.

Ригельман канша тырысса да, Әбілқайыр хан жатқан жерді кере алмай, қайтты да, «Орынбордан Темір өзеніне барып қайтқан жолының сыйбасын, сол мандағы көне ғимараттардың қиранды-үйінділерін (орысша «астаны» деп қосып жазған.- З. Т.) қағазға түсіріп, сыртқы істер алқасына тапсырыды» (III-том, 789-бет). Бұл көне ғимараттардың саны жетеу, үлкен Қобда, Темір өзендерінің алабы, Қарасу өзеншесіне таяу екені көрсетілген. Ғимараттардың біреуі пирамида кейіптес, енді бір моланың жанында мешіт тәріздес гибадатхана болса керек. Қазактар Байтан деген әулиенің бейтідейтін көрінеді. Ертедегі қаланың орнына ұқсайды. (см. Топография Оренбургской губернии. Ч.1. стр. 186. Оренбург. 1887 г.)

Витевский бұдан әрі, Нұралы хан Әділ сұлтанды Шыңғыспен айырбастау жөнінде И. Неплюевке ренжіп: «Орынборға да бармаймын, ескерткіштің де керегі жоқ», деп налығанын жазған. «Орыстардан іргемді аулақ саламын. Генерал [И. Неплюев] мен мырза [А. Тевкелев] мені хан емес, малшы ретінде пайдаланғысы келеді. Құдай жазасын берсін, олардың. Орыстар бізді қалмақтар мен башқұрттар сияқты құлданғысы келеді. Өйтіп құл болғанша, өлгенім жақсы депті-міс», (Гуляевтің 1750 жылғы 2 шілдедегі рапортынан) деген дерек келтіреді. Бұдан әрі мәселенің қалай шешілгені жөнінде осы кітаптағы 140-құжатты (1751 жылғы 7 шілде) қараңыз. Әдеб.: Витевский В.Н. И.И.Неплюев и Оренбургский край в прежнем его составе до 1758 года. III-т Спб. 1897. С.785-789.

№ 71 1749 жылғы 2 желтоқсан

Нұралы ханның талаптары жөнінде сыртқы істер алқасының жарлығынан

...Нұралы Әбілқайыр ханды өлтірген Барактан кек алу үшін орыс әскерін сұрады... Барак сұлтанды ұстау үшін әскер жіберуге рұқсат етілмеді. Өйткені кең далада Барактың жалғыз өзін іздеу - құба түзде құйын құғанмен бірдей, деп саналды.

Бірақ, Нұралы хан жасақ жұмсап, Баракты қайтсем табамын десе, оған араласпау керектігі губернаторға талсырылды. Тек анысын бағып, «сасақ арасынан» сыйалап кана отырган жөн, эйтеуір ханды шамдандырып алмайық...

Сборник указов узаконений о киргизских степных областей.
Издание неофициальное (Сост. ст. советник Тургайского обл. правл.
И.И. Крафт) – Оренбург: Тип. П.Н. Жиринова. 1898. –II. 1749 г. С.
109-112.

№ 72 1750 жылғы 14 қантар

**Тұлмәш Ю. Гуляевтің Орынбор губернаторы И. Неплюевке
рапортынан**

1749 жылғы 14 желтоқсан күні Ембіден бір күндік... төнізден төрт күндік жерде отырған Нұралы ханның ауылына бардым.

1750 жылғы кантардың 9-күні атқа мініп, хан екеуіміз далага серуенде шықтық. Екеуара әңгімеде арасында мен одан: «Сіз жоңғар ханына қарындастырылған үзатады екен деген сөз бар, осының мәнісін түсіндіріп беріңізші» деп сұрадым.

Нұралының жауабы мынау:

«Менің барлық тілектерімді орындастын болса, жоңғар ханына қарындастымы беремін дегенім рас. Бірақ, Ресей императоры ағзамының рұқсатынсыз, И. Неплюевпен ақылдаспай, ешқашан ондай қадам жасамаймын. Дегенмен, жоңғар ханына мұндай үағда беруіме, оған інілерімді жіберуіме еріксіз мәжбүр еткен мынадай жағдай тағы бар:

Орынборда болғанымда И. Неплюевке әкемнің өлімі үшін Барак сұлтаннан кек алуға көмектесініз, деп ашық айттым. Одан нақты жауап ала алмадым. Оның да жөні бар. Әкем үшін кек аламын деп, қазақ халқымды да бүліншілікке салғым келмеді.

Ал, жоңғар ханы менімен адап келісімге келіп, менің қас дүшпаным Барак жауызды ұстап тірідей қолыма берсе, немесе басын кесіп әкеліп алдыма тастаса, қарындастымы жоңғар ханына әйелдікке беремін. Сейтіл, орыс әскерін, қазақ әскерін жіберіп, әуре-сарсаңға салмай-ак, әкем үшін кек алмақтын. Өйтпесем, біздің тұқым үшін мақсара тәнба болып отырған мәселе шешілмес еді. Патша ағзамнан өтініп сұрайтыным: маған осы жолы рұқсат берсе екен. Таяуда жоңғар ханына Қарабас деген туысымды жібердім. Ол бәрін біліп келуге тиіс. Жоңғар ханы сөзінде тұра ма, әлде мені алдаусыратып отыр ма? Сол Қарабас қандай хабар әкеледі, соган байланысты Неплюевке барып ақылдасу ойымда бар...», - деген екен Нұралы хан.

...Ханның өз қарындасын жоңғар ханына бермек болғанына қатысты тағы бір мәлімет бар:

Былтыр Бопай ханымын алдында өткен бір үлкен кеңесте Орта жұз бер Кіші жұздің барлық көрнекті адамдары жиналып, арасында Жәнібек тархан да бар, осы мәселе қозғалған екен. Ханның анасы, інілері ақылдасып, биыл қайда көшеміз, қай жерлерді жайлаймыз деген кезде Бопай ханым былай депті: «Біз ханның карындасын қазактардың мұддесі үшін жонғар ханына бергелі отыргамыз жок. Патша ағзам Әбілқайыр ханның өлімі үшін басқа бір женіл жолмен кек алып беретін болса, мынадай жақсы жайлалауды тастап, жонғарларға таяу, Түркістан жағына көшіп бармай-ақ қоюға болар еді»...

...Соган қарағанда, ханымың бетін бері қаратуға ұмтылу керек сияқты. Оған хат жазып, болмашы сыйлық жіберсе жөн болар еді. Нұралы хан мен оның інілері шешесін тыңдайды, айтканынан шыға қоймайды...

Ресей империясы сыртқы саясатының мұрағаты Қазақ істері қоры, 22-тізбе, 1750 жыл, 3-іс, 10-14 пар.; Казахско-руссские отношения в XVI-XVIII веках (Сборник документов и материалов). А. 1961 г. док. № 190. С. 493-497.

*Гүлнэр Балтабекқызы Ахметжанова
Сәулө Зейноллақызы Мәлікова
Зарқын Сыздықұлы Тайшыбай*

**ӘБІЛҚАЙЫР ХАН
және
ОРЫС ӘКІМШІЛІГІ
1730-1752 жылдар**

оку-әдістемелік құралы

Подписано в печать 15.05.2019 г. Формат 60×90 1/16.
Гарнитура Times. Ризография. Объем 12,5 усл.печ.л.
Тираж 20 экз. Заказ №154-11. Бумага книжно-журнальная.
Отпечатано в ИПО СКГУ им.М.Козыбаева.